

Международный научно-популярный журнал

ISSN 2073-333X

Наука и жизнь Казахстана Қазақстанның ғылымы мен өмірі

№1 (43) 2017



КОЗАЧЕНКО ИВАН ЯКОВЛЕВИЧ

*д.ю.н., профессор, Заслуженный деятель науки РФ,
Заведующий кафедрой уголовного права УрГЮУ*

Құрылтайшы:
«ҚҰҚЫҚТЫҚ МИССИЯ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

Учредитель:
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД «ПРАВОВАЯ МИССИЯ»
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ
КЛУБ

Founder:
PUBLIC FOUNDATION «LEGAL MISSION»
INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN

Халықаралық ғылыми - көпшілік журнал
Международный научно - популярный журнал
International popular-science journal

№1 (43) 2017

ӨНЕРТАНУ - ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ - ART

ФИЛОЛОГИЯ - PHILOLOGY

ТЕХНИКА И ИНЖЕНЕРНЫЕ НАУКИ
TECHNOLOGY AND ENGINEERING SCIENCE
ТЕХНИКА ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРЛІК ҒЫЛЫМ

ЭКОНОМИКА. ПОЛИТИКА - ECONOMICS. POLITICS

Астана 2017

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Абдукаримов О.А. — ҚР қоғам қайраткері
Асанов Ж.К. — з.ғ.д., ҚР Бас прокуроры
Абдрасилов Б.С. — б.ғ.д., профессор
Абдурасулова К.Р. — з.ғ.д., проф. (Ташкент)
Байделдинов Д.Л. — з.ғ.д., профессор
Байдаулет И.О. — мед.ғ.д., профессор
Баулин Ю.В. — з.ғ.д., профессор (Киев)
Бисенов К.А. — тех.ғ.д., профессор
Бішімбаев У.Қ. — тех.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Бородин С.В. — з.ғ.к., вице-президент, адвокат (Воронеж)
Бурханов К.Н. — с.ғ.д., профессор
Букалерева Л.А. -з.ғ.д., проф. (РУДН, Мәскеу)
Ведерникова О.Н. — з.ғ.д., проф. (Мәскеу)
Гаипов З.С. — с.ғ.д., профессор
Голик Ю.В. — з.ғ.д., профессор (Мәскеу)
Грунтов О.И.— з.ғ.д., профессор БГУ (Минск)
Дулатбеков Н.О. — з.ғ.д., профессор
Елешов Р. — а-ш.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Есім Ғ. — ф.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Елубаев Ж.С.- з.ғ.д., профессор
Жұрынов М.Ж.— ҚР ҰҒА академигі,
ҰҒА Президенті
Зарипов З.С. — з.ғ.д., профессор (Рязань)
Ыдырысов Д.А. — т.ғ.д., профессор
Қасымбеков М.Б. — с.ғ.д., профессор
Коробеев А.И. —з.ғ.д., профессор, «РФ еңбек
сіңірген қайраткері» (Владивосток)
Құл-Мұхаммед М.А.— з.ғ.д., профессор
Комиссаров В.С.— з.ғ.д., профессор МГУ (Мәскеу)
Коняхин В.П. — з.ғ.д., профессор, «РФ еңбек
сіңірген заңгері» (Краснодар)
Лебедев С.Я. — з.ғ.д., профессор (Мәскеу)
Лиховая С.Я.— з.ғ.д., профессор (Киев)
Майлыбаев Б.А. — з.ғ.д., профессор
Мацкевич И.М.— з.ғ.д., профессор (Мәскеу)
Минезова Т.Ф. — з.ғ.д., профессор
(РУДН, Мәскеу)
Мухамедиұлы А. – ф.ғ.д., профессор
Мұсақожаева А.К. – профессор, ҚазҰӨУ ректоры
Мұтанов Ғ.М. — т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі
Оразалин Н.М. – ҚР Парламенті Сенатының
депутаты
Орлов В.Н. — з.ғ.к., доцент, «Российский кримино-
логический взгляд» журналының бас редакторы
Саргаев С.С. — з.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Сагадиев К.А.— з.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Сәрсембаев М.А. — з.ғ.д., профессор
Сұлтанов Қ.С. — с.ғ.д., профессор
Саломов Б. — з.ғ.д., профессор, адвокат
Сыдыков Е.Б.— т.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Рустемов Б.Т. — жазушы, публицист
Турецкий Н.Н. — з.ғ.д., профессор
Тұрсынов С.Т.- з.ғ.д., профессор
Усманов А.— п.ғ.д., профессор
Шестаков Д.А. – з.ғ.д., профессор,
Санкт-Петербург халықаралық криминологиялық
клубының президенті
Харченко В.Б. – з.ғ.д., профессор (Харьков)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Абдиров Н.М. — з.ғ.д., профессор
Ағыбаев А.Н. — з.ғ.д., профессор
Айтжанов Б.Д. — вет.ғ.д., профессор
Әбішев Т.Д. — з.ғ.к.
Әбішев Х.А. — з.ғ.д., профессор
Байменов А.М. — тех.ғ.к., профессор
Бишманов Б.М.— з.ғ.д., профессор
Бектұрғанов Е.Ө. — ҚР Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Борбат А.В. – «РФ еңбек сіңірген заңгері», з.ғ.к.
(Мәскеу)
Джансараева Р.Е. — з.ғ.д., профессор
Данилов А.П., — з.ғ.к., доцент
Санкт-Петербург)
Жақып Б.Ө. — филол.ғ.д., профессор
Жолдыбай К. — жазушы, публицист
Иванчин А.В. — з.ғ.д., адвокат (Ярославль)
Ивона Масаки — профессор (Польша)
Кәрібаев Б.Б.— т.ғ.д., профессор
Кленова Т.В. — з.ғ.д., профессор (Самара)
Корконосенко С.Г. — с.ғ.д., профессор
(Санкт-Петербург)
Қанжігітов Е.Қ. — вет.ғ.д.
Құрманалиев К.А.— ф.ғ.д., профессор
Қуаналиева Г.А. - з.ғ.д., профессор
Лопашенко Н.А. — з.ғ.д., проф. (Саратов)
Мажейка Кипрас И. — МЕАТР акад. (Мәскеу)
Маткаримова Г.С. — з.ғ.д., профессор
Мельник Г.С.— с.ғ.д., профессор
(Санкт-Петербург)
Миндагулов Ә.Х. — з.ғ.д., профессор
Омаров Б.Ж.— фил.ғ.д., профессор
Саданов А.Қ. — б.ғ.д., профессор
Сәпиев О.С. — ҚР қоғам қайраткері
Старостин С.А.— з.ғ.д., проф. (Мәскеу)
Сұлтанмұрат Е. — академик
Саломов Б. – з.ғ.д., РАА академигі адвокат
Тогжанов Е.Л. — з.ғ.к.
Тойлыбаев Б.А. — п.ғ.д., профессор
Тұрғараев Б.Т. — з.ғ.д., профессор
Рүстемова Г.Р. — з.ғ.д., профессор
Фадеев В.Н. — з.ғ.д., проф. (Мәскеу)
Шаукенова З.К.— з.ғ.д., профессор
Усманов С.У. — т.ғ.д., профессор
Челадзе Г. — құқық докторы, әкімшілік бизнес
докторы, профессор (Грузия)
Нгу Thin – Вьетнам Жазушылар Қауымдас-
тығының Төрағасы (Вьетнам)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Абдукаримов О.А. — общественный деятель РК
Асанов Ж.К. — д.ю.н., Генеральный Прокурор РК
Абдрасилов Б.С. — д.б.н., профессор
Абдурашулова К.Р. — д.ю.н., профессор (Ташкент)
Байдельдинов Д.Л. — д.ю.н., профессор
Байдаулет И.О. — д.мед.н., профессор
Бисенов К.А. — д.т.н., профессор
Бишимбаев В.К. — д.т.н., академик НАН
Баулин Ю.В. — д.ю.н., профессор (Киев)
Бородин С.В. — к.ю.н., вице-президент, адвокат (Воронеж)
Бурханов К.Н. — д.п.н., профессор
Букалерева Л.А. — д.ю.н., проф. (РУДН, Москва)
Ведерникова О.Н. — д.ю.н., проф. (Москва)
Гаипов З.С. — д.п.н., профессор
Голик Ю.В. — д.ю.н., профессор (Москва)
Грунтов О.И. — д.ю.н., профессор БГУ (Минск)
Дулатбеков Н.О. — д.ю.н., профессор
Елешов Р. — д. с-х.н., академик НАН РК
Есим Г. — д.ф.н., академик НАН РК
Елюбаев Ж.С. — д.ю.н., профессор
Журынов М.Ж. — академик, Президент НАН РК
Зарипов З.С. — д.ю.н., профессор (Рязань)
Идрисов Д.А. — д.т.н., профессор
Касымбеков М.Б. — д.полит.н., профессор
Коробеев А.И. — д.ю.н., профессор, «Заслуженный деятель науки РФ» (Владивосток)
Кул-Мухаммед М.А. — д.ю.н., профессор
Комиссаров В.С. — д.ю.н., проф. МГУ (Москва)
Коняхин В.П. — д.ю.н., профессор, «Заслуженный юрист РФ» (Краснодар)
Лебедев С.Я. — д.ю.н., профессор (Москва)
Лиховая С.Я. — д.ю.н., профессор (Киев)
Майлыбаев Б.А. — д.ю.н., профессор
Мацкевич И.М. — д.ю.н., профессор (Москва)
Минезова Т.Ф. — д.ю.н., профессор (РУДН)
Мухамедиулы А. — д.ф.н., профессор
Мусаходжаева А.К. — профессор, ректор КазНУИ
Мутанов Г.М. — д.т.н., профессор, академик НАН РК
Оразалин Н.М. — поэт, депутат Сената Парламента РК
Орлов В.Н. — к.ю.н., доцент, гл. ред. журнала «Российский криминологический взгляд»
Сартаев С.С. — д.ю.н., академик НАН РК
Сагадиев К.А. — д.э.н., академик НАН РК
Сарсембаев М.А. — д.ю.н., профессор
Султанов К.С. — д.пол.н., профессор
Саломов Б. — д.ю.н., профессор, адвокат (Ташкент)
Сыдыков Е.Б. — д.и.н., академик НАН РК
Сматлаев Б. М. — д.ю.н., профессор
Рустемов Б.Т. — писатель, публицист
Турецкий Н.Н. — д.ю.н. профессор
Турсынов С.Т. — д.э.н., профессор
Усманов А. — д.п.н., профессор
Шестаков Д.А. — д.ю.н., профессор, президент Санкт-Петербургского международного криминологического клуба
Харченко В.Б. — д.ю.н., профессор (Харьков)

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ:


Абдиров Н.М. — д.ю.н., профессор
Агыбаев А.Н. — д.ю.н., профессор
Айтжанов Б.Д. — д. вет.н., профессор
Абишев Т.Д. — к.ю.н.
Абишев Х.А. — к.ю.н., профессор
Байменов А.М. — к.тех.н., профессор
Бишманов Б.М. — д.ю.н., профессор
Бектурганов Е.У. — депутат Мажилиса Парламента РК
Борбат А.В. — Заслуженный юрист РФ, к.ю.н. (Москва)
Джансараева Р.Е. — д.ю.н., профессор
Данилов А.П., — к.ю.н., доцент (Санкт-Петербург)
Жакып Б.О. — д.фил.н., профессор
Жолдыбай К. — писатель, публицист
Иванчин А.В. — д.ю.н., адвокат (Ярославль)
Ивона Масаки — профессор (Польша)
Карибаев Б.Б. — д.и.н., профессор
Кленова Т.В. — д.ю.н., профессор (Самара)
Корконосенко С.Г. — д.пол.н., профессор (Санкт-Петербург)
Канжигитов Е.К. — д.вет.н.
Қурманалиев К.А. — д.ф.н., профессор
Куаналиева Г.А. — д.ю.н., профессор
Лопашенко Н.А. — д.ю.н., проф. (Саратов)
Мажейка Кипрас И. — академик МЕАТР (Москва)
Маткаримова Г.С. — д.ю.н., профессор
Мельник Г.С. — д.пол.н., профессор (Санкт-Петербург)
Миндагулов А.Х. — д.ю.н., профессор
Омаров Б.Ж. — д. фил.н., профессор
Саданов А.К. — д.б.н., профессор
Сапиев О.С. — общественный деятель РК
Кенжеболат Жолдыбай — писатель, публицист
Старостин С.А. — д.ю.н., профессор (Москва)
Султанмурат Е. — академик
Саломов Б. — д.ю.н., Академик РАА, адвокат
Тоғжанов Е.Л. — к.ю.н.
Тойлыбаев Б.А. — д.п.н., профессор
Тургараев Б.Т. — д.ю.н., профессор
Рустемова Г.Р. — д.ю.н., профессор
Фадеев В.Н. — д.ю.н., профессор (Москва)
Шаукенова З.К. — д.соц.н., профессор
Усманов С.У. — д.т.н., профессор
Челадзе Г. — доктор права, доктор бизнес ад-мин., профессор (Грузия)
Нгу Thinh — Председатель Ассоциации писателей во Вьетнаме (Вьетнам)

EDITORIAL BOARD:

Abdukarimov O.A. — public figure of the Republic of Kazakhstan
Abdrasylov B.S. — Dr. of biology, professor
Abdurasulova K.R. — Dr. of Law, prof. (Tashkent)
Asanov Zh. K. — Dr. of Law
Baideldinov D.L. — Dr. of Law, professor
Baidautlet I.O.— Dr. of medical science, prof.
Bekturganov N.S. — academician of NAN RK
Bisenov K.A. — Dr. of technology, professor
Bishimbaev B.K.- Dr. of history, acad. NAS.RK
Burhanov K.N. — Dr. of polit., professor
Bukalerova L.A. – Dr. of Law, prof. (Moscow)
Baulin U.V. – Dr. of Law, prof. (Kiev)
Borodin S.V. — Dr. of Law, vice president, lawyer (Voronezh)
Vedernikova O.N. — Dr. of Law, prof (Moscow)
Gayipov Z.S. — Dr. of political sciences, prof.
Gollik Y.V. — Dr. of Law., Professor (Moscow)
Gruntov O.I. —Dr. of Law., Professor (Minsk)
Dulatbekov N.O. — Dr. of Law, professor
Eleshov R. — Dr. of agricultural sciences, acad. NAS RK
Esim G.— Dr. of Philology, acad. NAS RK
Elubaev G.S.- Dr. of Law, professor
Zhurinov M.Zh.— acad. NAS RK, President of NAS RK.
Zaripov Z.S. — Dr. of Law, professor (Ryazan)
Udyrysov D.A. — Dr. of history, professor
Kasimbekov M.B. – Dr. of political sciences, prof.
Kul-Muhammed M.A.— Dr.of Law, professor
Komissarov V.S. — Dr. of Law, prof. (Moscow)
Lebedov S.Y.— Dr. of Law, professor (Moscow)
Lihovaya S.Y.— Dr. of Law, professor (Kiev)
Mailybaev B.A.— Dr. of Law, professor
Matskevich I.M.— Dr. of Law, prof. (Moscow)
Minezov T.F. — Dr. of Law, prof. (RUDN, Moscow)
Mukhamediuly A. — Dr. of philosophy., prof.
Musakhodzhaeva A.K – professor
Orazalin N.M – Member of the Senate Parliament of the Republic of Kazakhstan
Sartayev S.S.— Dr. of Law, acad. NAS. RK
Sagadiev K.A. — Dr. of Economics, acad. NAS. RK
Sarsembaev M.A. — Dr.of Law, professor
Salomov B. — Dr.of Law, professor
Sultanov K.S.— Dr.of political sciences, prof.
Sydykov E.B. — Dr. of history, professor
Rustemov B.T. — writer, publicist
Turetski N.N. — Dr. of Law
Tursunov C.T.- Doctor of Economics, professor
Usmanov A.— Dr. of political sciences, professor
Shestakov D.A.— Dr. of Law, professor, writer
Harchenko B.V.— Dr. of Law, prof. (Harkov)

EDITORIAL COUNCIL:

Abdirov B.D.— Dr. of Law, professor
Agibaev A.N. — Dr. of Law, professor
Aitganov B.D. — a doctor of betener sciences is a professor
Abishev T.D. — candidate of Law
Abishev H.A. — Dr. of Law, professor
Baimenov A.M.— candidate of tech, professor
Bishmanov B.M.— Dr. of Law, professor
Bekturganov E.U.— Member of the Parliament of Kazakhstan Majilis
Borbat A.V. – Deserved Lawyer of the Russian Federation, candidate of Law (Moscow)
Jansaraeva R.E.— Dr. of Law, professor
Zhakyp B.U. — Dr.of philology, professor
Zholdybay K. — writer, journalist
Ivona Massaki — professor (Poland)
Karibaev B.B.— Dr. of hisroy, professor
Klenova T.V. — Dr.of Law, professor (Samara)
Korkonosenko S.G. — Dr. of polit, professor (St.-Peterburg)
Kangigitov E.K. — a doctor of betener sciences
Kurmanaliev K.A. — Dr. of philology, prof.
Kuanalyeva G.A. — Dr. of Law, professor
Loopachenko N.A. — Dr. of Law, prof. (Saratov)
Mazheika Kipras I.— acad.PANS (Moscow)
Matkarimova G.S.— Dr. of Law, professor
Melnik G.S.— Dr. of polit, professor
Mindagulov A.N.— Dr. of Law, professor
Omarov B.Zh.— Dr. of philology, professor
Sadanov A.K.— Dr. of biology, professor
Sapiev O.S.— The public figure of RK
Starostin S.A.— Dr. of Law, prof. (Moscow)
Sultanmurat E.— academic
Smatlaev B.M. – Dr. of Law, professor
Toqshanov E.L. — Dr. of Law, professor
Toilybaev B.A. – Dr. of pedagog., professor
Turgaraev B.T.— Dr. of Law, professor
Rustemova G.R. — Dr. of Law, professor
Shaukenova Z.K.— Dr. of soc., professor
Fadeev V.N. — Dr. of Law, prof. (Moscow)
Usmanov S.U.— Dr. of history, professor
Cheladze G.— Dr. of Law, professor (Gruzia)



**ОНЕРТАНУ
ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ
ART**



Нүрпейіс Бақыт Кәкиқызы

өнертану докторы, Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры.
Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Өнертану» факультетінің деканы,
Алматы, e-mail: bakyt@mail.ru

Исламбаева Зухра Усманбекқызы

өнертану кандидаты, Қазақ ұлттық хореография академиясының доценті
Қазақ ұлттық хореография академиясы КАҚ «Хореография өнерінің тарихы мен теориясы»
кафедрасының меңгерушісі, Астана, e-mail: zetta1975@mail.ru

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҮНІ

(Әбділдә Тәжібаевтың драматургиясы негізінде)

Түйін. Мақалада авторлар өткен ғасырда өмір сүрген ақын, драматург Әбділдә Тәжібаевтың драмалық шығармаларына талдау жасаған. Жазушы пьесаларының ішінен адамзаттың бас бостандығы мен еркіндігі, әрбір ұлттың азаттығы мен тәуелсіздігі жырланған құнды туындыларды таңдап алған. Зерттеушілер кейіпкерлер өмір сүрген дәуірдің әлеуметтік қайшылығына, басты қаһармандарға мінездеме бере отырып, шығармалардағы тартыстың туындау себебіне нақты деректер келтіреді. Мақаладағы талдауға алынған пьесалар идеясының барлық ұлттар мен ұлыстар үшін өзектілігін ашып көрсету де авторлардың назарынан тыс қалмаған.

Резюме. В статье проанализированы драматические произведения поэта прошлого века Абдильды Тажубаева. Для театроведческого анализа избраны пьесы писателя выражающие как личную свободу отдельного гражданина, так и независимость каждой отдельной нации. Исследователи дают характеристики главным героям живших в эпоху социальных конфликтов, опираясь на фактологический материал приводят реальные причины возникновения конфликта в произведениях драматурга. Авторами статьи сделаны упор на раскрытие идеи избранных пьес, актуальных как для отдельных этносов так и целых народов.

Summary. In this article drama works of the poet from the last century are analyzed Abdilda Tazhibayev. For analysis of theatre science selected plays of the writer which show the personal freedom and independence of every nation. Researchers give characteristics to the main heroes who lived in social conflicts era, relying on factual information which gives real reasons of the conflict in the works of the playwright. The authors of article tried to reveal the idea of selected plays which are relevant for specific ethnic groups and the whole nation.

Қазақ поэзиясы мен драматургиясында орны ерекше, қолтаңбасы айқын, көтерген идеясы мен ой-мақсаты нақты авторлардың бірегейі, 1930-40 жылдар аралығында нағыз ақындық тұлғасы қалыптасып, қазақ поэзиясында нық орнын анықтаған – Әбділдә Тәжібаев. Өлеңдері мен по-

эмаларында ұлттық сарын, қазақы әуен есіп тұратын оның стиліне тән еркіндік кенестік цензура заманының өзінде қазақ мүддесін үндеуге бағытталған «Оркестр», «Біз де қазақпыз», «Жомарттың кілемі», «Көтерілген күмбез», т.б. [1] поэма-пьесаларды жазуды назардан тыс қалдырған жоқ.

Туған топырағындағы дүрбелең кезеңде, ой мен идея қыспаққа түскен уақытта қазақ хандары мен байларының көркем бейнесін жасауда тайсалмаған автор сол үшін психологиялық, моральдық тұрғыда қысым көрді де. «Біз де қазақпыз» деп анық та ашық айтқан драматургтің түсінік-түйсігі қазақтың ұлт ретінде жойылу қаупін сезінген-ді. Одақтас елдер арасында үлкен дауға айналып, «жарамсыз» деп танылған бұл пьеса арада жарты ғасырдан астам уақыттан кейін ғана, яғни қазіргі кезеңде өзекті тақырыпқа айналды.

Жан-жақтан айтылған пікірлердің сыни бағасының басымдығынан Ә.Тәжібаев «Біз де қазақпыздың» екінші нұсқасын «Жүректілер» (халқым туралы аңыз) деген атпен жазып шықты. Мұнда Бура ханның қыспағынан жәбір көрген халықтың азаттығы, келер күнге деген үміті поэтикалық сарында кестеленген. Сондай-ақ, пьесада ұлттық биік рух, халықтың арман-тілегі, дербес ел болуды көздеген мақсаты бар. Күнсiздер елiндегiлердiң күн елiндегiлердей бақытты, еркін, бейбіт ел болуды аңсауын драмалық желіде поэзиялық өткір тілмен суреттейді автор.

Шығармада Азбан ұстаның дүкенінен басталатын алғашқы көріністегі шаңқылдаған найза мен қылыштың даусынан-ақ алдағы оқиғаның сарыны белгілі болады. Шебер жарық, бостандық іздеуші Азаттың қолына семсер беріп, қалың елдің қамына жұмсайды. Азат – жарық өмірді іздеуші жас жігіт, батыр, адал, жаны мен жүрегі таза, елді соңына ерткен өр тұлға. Бұл жігіттің арманы – сексенге келгенше күннің көзін көрмеген Аналықтың айтуындағы бұлт басып тұрған күннің сәулесін аңсаған, қараңғы қапаста ауру меңдеп, жарық іздеген жұртты сол ашық күнге жеткізу, сол жерде бақытты ғұмыр кешу.

Сол жолда Бура тәрізді қасқөйдің, Дүбір секілді екіжүзді, қорқау, жағымпаздың кедергісін ақылмен, қайсарлығымен жеңіп шығады. Ақыры қараңғы қа-

пас пен Күн елі арасындағы қиыншылықты басып өткен ол өзінің берген антын орындап, халықты жарқын өмірге жеткізеді. Ә.Тәжібаевтың бұл кейіпкерінің көркемдік болмысы антик драматург Эсхилдің «Бұғаудағы Прометейіндегі» аспаннан жердегі адамзатқа от пен жылу жеткізген Прометейге [2] өте ұқсас деп айта аламыз.

Ал, жер иесі Бура – тек билікті көздейтін, халықты тар қапаста ұстап, өзіне тәуелді етуді аңсайтын билікқұмар хан. Оның «мақсаты аян – айнала-сына үрей туғызу. Сол арқылы халықты албастыдай басып отырып мәңгі жапада, құлдық езгіде ұстау. Бураның жүгенсіз биліктің тәтті шырынын сіміруден өзгеге көңілі көншімейді. «Жазықтыны» басынан айыру арқылы ғана жаны семіреді. Бар арманы жүз жасау» [3, 332 б.].

Ол Зұлпіге:

Махаббат пен жастығыңды маған бер.

Сенің жаның – менің жаным болса,

Сенің қаның – менің қаным болса

Саркылмайды, сақталады құдіретім.

Тағы жүз жыл жасаймын [4, 570 б.], – дейді. Осылайша тек жеке басының ғана мүддесін көздейтін, биліктің шексіздігін, шетсіздігін аңсаған хан үшін жазықсыз жігіттің өзіне сенімсіздік танытқаны, әйелдің тәңірден баласын жылытатын, ауруынан жазатын күн сұрауы бұл – кешірілмес күнә. Әйтсе де кемпір мен Зұлпінің өліміне себепші болған қанды қол Бураның әділетсіз билігі өзінің арманына қарсы келіп, ұзаққа созылмайды.

Дүбір жарық күнді іздеген халық керуенін орта жолда кері қайтуға, сөйтіп Бурамен қайта табысуға үгіттейді. Өйткені оның болашаққа деген үміті мен сенімі аз, келер күнге күдікпен қарайды. Дүбірдің ой таяздығы, керітартпа, пасықтығы оның нақты бір шешімге келе алмай үнемі екі ойда болуынан, реті келсе зор билік иесіне жақсы көріну әрекеттерінен байқалып тұрады. Оның ой-мақсаты – қай жақтың жолы биік, билігі үстем болса өз орнын сол жерден табу.

Пьесада махаббат, қызғаныш, екіжүзділік, мейірім, қатыгездік тәрізді адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттер осылайша әр кейіпкер бойынан түрлі оқиға-ситуацияларда байқалып отырады. Мұнда адам баласымен бірге жасасып келе жатқан жақсылық пен жамандықтың, ақ пен қараның тартысы мәңгілік деген философиялық ұғым бар. Қаһармандық шығармада сондай қайшылықтар тіресі халықты жарқын өмірге, күннің нұрына шомылған бейбіт тірлікке алып келеді. Демек, мұндағы Азбан, Азат, Зұлпі, Балғашы, Дәме, Аналықтар мен Бура, Жаршы, Аққұба, Балталылар арасындағы айқасты бодандық пен бостандықтың тартысы дейміз.

Ә.Тәжібаев, Ғ.Мұстафин, Ғ.Мүсірепов, Х.Жұмалиев тәрізді қазақтың алпауыт жазушыларының оқиғасы ұлттық нақышта өрілген осындай шығармаларын қатты сынған алған Павел Кузнецовтың «Правда» (20 сентябрь 1946) және «Соци-

алистік Қазақстан» (3 октябрь 1946) газеттеріндегі орыс-қазақ тілдерінде жарияланған мақаласында: «...Әбділдә Тәжібаевтың ескі әдебиет батпағынан символисттердің іріп-шіріген қару-жарағын жыйып-теріп, оларды ұлтшылдық жібімен жампа-жасқап, кісі күлерлік осы ұсқында қазақ әдебиетін аралап шығуға ұйғарғандығын Сатыбалдин ұға алмаған еді. Тәжібаевтың әлгі саяхатының нәтижесінде біздің заманымызға зиянды, жат «Біз де қазақпыз» деген пьесасы жарыққа шықты.

Бұл – өнеге боларлық шығарма, мұны дереу Москваға апару керек, барлық тілде аудару керек деп Тәжібаевты иландырмақшы болған жазушылар болды, ал әдебиеттегі Сатыбалдин сыяқты кейбір шалабайлар Әбділдә Тәжібаевты қазақ әдебиетінде «жаңа ағымды» бастаған жаңашыл деп жариялауға дейін барды» [5], – десе ҚК(б)П Орталық Комитетінің хатшысы Ж.Шаяхметов 1949 жылдың 25 ақпанындағы Қазақстан К(б)П ІУ съезінде: «...БК(б)П Орталық Комитеті өзінің қаулысында саяси қате пьеса ретінде біздің жазушымыз А.Тәжібаевтың «Біз қазақтармыз» деген шығармасын атап көрсетті.

Бұл шығармасында Тәжібаев қазіргі замандағы өмірдің тақырыбынан қол үзіп қана қойған жоқ, сонымен қатар қазақ еңбекшілерін қатты қанаған хандар мен феодалдардың өмірін әсірелеп, қазақ халқының өткендегі тарихын бұрмалады» [6], – деп сыни баяндама жасаған. Ә.Тәжібаевтың осы шығармасына жасалған сындар мен кедергілер, әртүрлі пікірлердің болғандығы жөнінде басқа да көптеген деректер бар. Солардың басым бөлігі авторды қаралауды, пьесаны жарамсыз, қате деп тануды көздеген. Мұндай қолдан жасалған бұрмалаудан соң бұл шығарма оқудан да, сахналанудан да тыс қалған.

Көп тартысқа түсіп, одақ театрларының репертуарына жолдама алып тұрып, сахналануға кедергі келтірілген тағдыры қиын туынды мұнымен қоймай мәскеулік мәдениет қайраткерлерінің талқысына да түскен екен. Бұл туралы драматург Мәскеу қаласына осы пьесасының мәселесімен Орталық Жазушылар одағындағы «Ұлт әдебиеттерінің комиссиясы» деп аталатын топтың бастығы П.Г.Скопировтың өзін арнайы шақыртқанын айтады. Сол Орталық Жазушылар одағында 1946 жылдың 5 апрель күні болған жиналыста белгілі қайраткерлер мен өнер тарландары арасындағы пікірталасының стенограммасын да келтірген.

Мұнда режиссер Григорий Рошаль: «...Пьеса соғыс жылдары жазылған, автор сол қиындықтар үстінде халықтың еркіндік алуға, дүниені өз көзімен көруге, өз сеніміне өзі ие болуға күрескенін жырлаған. Ерлік шешім тапқан ел бірлікке жетеді. Мен осылай түсіндім», – десе Леонид Соболев: «...Мен бұл шығармада үлкен адамдық идеямен беттестім, адам образдары арқылы жарық мұратқа ұмтылғандарды көрдім. ...Қазақ па, Зи-

гфрид пе, жоқ әлде Иван Царевич пе, білмеймін, маған бәрібір, халықты жарыққа бастаған адамдық рухты көремін», – деп сөйлеген.

Ал, бұған қарама-қарсы пікірлерді ақын Михаил Светловтың: «Қандай аңыз жазсақ та, біз өз ғасырымыздың шеңберінен шықпасақ, оның бейнесін ұмытпасақ тиіспіз. «Біз де қазақпыздың» авторы көне дәстүрдің тұтқындығынан босана алмаған» және драматург Николай Погодиннің: «... Үлкен, күні жарық кең дүние бар. Ал қазақтар бұлт басқан сәулесіз дүниеде қамаулы, оны қылышы қанды Бура билейді; геройларды отқа да тастайды, мұны мен қате деп санаймын» [7, 363; 366; 367; 368 б.б.], – деген сөздерінен байқаймыз.

Қалай дегенмен «Жүректілер» («Біз де қазақпыз») өз уақытында сынға алынғанымен бұл тек сталиндік кезеңді насихаттамаса керек. Өйткені Ә.Тәжібаев көтеріп отырған идея – бар ұлтқа, бар халыққа тән күрделі мәселе. Жер бетінде азаттық пен теңдік, бостандық пен тәуелсіздік аңсаған халықтар мен ұлыстардың, Бура тәрізді алпауыт елдердің қол астында жылдар, ғасырлар бойы езгіде, қапаста күн кешкен дара ұлттардың болғандығы дүниежүзі тарихынан белгілі. Сондықтан шығарма қай дәуірде де, қандай ұлттың болмасын қоғамдық-саяси мақсатына, әлеуметтік мүддесіне жауап бере алады. Жалпы Ә.Тәжібаев – кеңестік цензураның одақтас елдер тағдырына тигізген зауалын, қыспағын, оларды ұлт ретінде жою жолындағы өткір саясатының астарын жан жүрегімен сезінген жан. Сондай ішкі дүниесіндегі асау сезімді ол өлеңдерінде де, поэмаларында да, драмаларында да байқатып отырады. Оның шығармалары «ленинизм мен сталинизмді символизмнің метафоралық сипатымен бейнелеген» деген пікірлер тудырғандығы да сондықтан. Аса сезімтал, ерекше көрегендік қасиеті мол ақынның қаламындағы өзгешелік өзінің тоқсан жыл ғұмырында ешқандай тоқтаусыз, өзгеріссіз бір арнада дамып, керісінше өз идеясын бүкпесіз ашып беріп отырды. «Оркестр» поэмасындағы, «Монологтар» драмасындағы әртүрлі символдық әуендер, образдар оның негізгі ойы мен идеясын бедерлейді. Бұл шығармалардың әр жолында әрбір адам баласы түйсігінің төрінен саналы түрде орын алған еркіндік, азаттық, тәуелсіздік ұғымының, елге, туған жерге деген құрметтің, сағыныштың сипаттары бар.

«Монологтар» атты сахналық поэмасында Ә.Тәжібаев тарихи-хронологиялық жүйемен XX ғасырдың алғашқы жартысындағы зор зұлматтың, яғни сталиндік репрессияның құрбаны болған, алаш азаматы Сәкен Сейфуллиннен бастап, Ұлы Отан соғысының батырлары Панфилов, Төлеген Тоқтаров, Мәншүк Мәметова, күрішші Ыбырай Жақаев, әнші-актриса Күләш Байсейітова, геолог-ғалым Қаныш Сәтбаевтардың өмірінен монолог құрастырып, олардың қоғамдағы орнына сәйкес тарихи-құжаттық драма тудырған.

Бұған автордың өзі де араласып отырады және Уақытты да тарихпен параллельдікте алған. Драматург ұғымы – Уақыттың алдында ешкім жалған сөйлеуге тиіс емес, оның алдында қоғамдық-саяси жалтақтыққа, психологиялық-моральдық қорқыншыққа жол жоқ. Өйткені ол – қоғамдағы, әр дәуірдегі шындықтың да, өтіріктің де басты әрі шыншыл куәгері.

Шығармада ең алғаш сахнаға шыққан Сәкен:

Мен қуандым – жалшы қазақ жаңарып,

Өз жерінен өзі бақыт тапқанға [4, 640 б.], – деп қуанышты көңілін жасыра алмайды. Ал, енді бірде:

...Кімге обалым айтсаңдаршы,

Қаным қайда төгілген?

Ат! Деген кім? Атқан қайсың?

Қабырым қайда көмілген? [4, 642 б.], – дейді ашынып. Бұл сұрақтың жауабы кімде? Адам ба, Қоғам ба? Уақыт па?.. Ә.Тәжібаев қаламы осы тұста өте көрегендік танытқан, яғни Ақын мен Уақыт диалогы көп сырды аңғартып өтеді.

Уақыт:

...Тойлаңдар, тек тойлап қоймаңдар,

Көз тіккен жауды да ойландар.

Әнеки, шығыстан басталды

Тағы да қырғындар, ойрандар [4, 667 б.], –

дейді ақынға шығарма соңында. Бұл жолдар әрбір адамзатқа, әр дәуірге қай кезеңде де келер қауіптің барын сездіреді.

Драматургтың шеберлігі өз поэмасының желісіндегі тарихи оқиғалар мен бейнелер арқылы олар өмір сүрген заманды «үнсіз» сынауынан байқалады. Кейіпкерлердің көрерменмен, халықпен диалогына құрылған бұл сахналық поэмада суреткер түрлі тағдырлар тоғысын, уақыт ағымын драмалық күйде дамыта отырып, тарих беттерінің сыры мен шындығын ашып көрсете алған.

Ал, «Аққу» драмалық поэмасы Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» толғауының сарынымен айтылатын Бөгде ақынның жырымен басталады. Хордың жорыққа аттанатын батырларға мадақ айту, хан жарлығымен алтын сарай тұрғызатын хас шеберді іздеу әрекеттері одан әрі шебер Талап пен Темір ханның сұлу әрі жас тоқалы Аққу арасындағы ғашықтық сезімге ұласып, олардың қаһарлы ханның құрбаны болғандығы әдемі баяндалады. Жер әлемді жаулаған Темірдің қатыгездігі, қаталдығы, өзімшілдігі басым. Зәулім алтын сарайды да ол тек өз атағы мен даңқы үшін салғызады. Өзінің торында еш сезімсіз өмір сүріп жатқан арудың теңіне, бақытына қол жеткізуіне мүмкіндік бермеген мейірімсіз хан Аққуды кешіре алмайды. Шығармадағы аңыз түрінде баяндалған оқиға адамзат баласының бас еркіндігін, махаббат сезімін жырлайды. Сонымен қатар сарайды салудың қиындығы мен азабы мойнына жүктелген еріксіздердің де мұңы бар мұнда.

Жалпы Әбділдә Тәжібаев өзінің қандай өлеңдерінде, поэмаларында, драмаларында болмасын еркіндікті, адамзаттың бас бостандығын, халықтың бірлігі мен жарқын өмірге ұмтылу процесін басты назарда ұстап отырады. Оның шығармашылығына тән басты қасиеті – өз ұлтының мүддесін көздеу, халық бірлігін насихаттау, махаббат пен ғашықтық сезімінің жоғары пафоста өрілу үрдісінің тым биіктігі. Ақын-драматургтің артында қалдырған мол рухани мұрасы, ешкімге ұқсамайтын өзгеше қолтаңбасы бүгінгі ұрпақ үшін сонысымен де құнды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тәжібаев Ә. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Ана тілі, 2009. – 267 б.

2. Древнегреческая трагедия / Пер. с др.-греч. И. Анненского, Вяч. Иванова, Адр. Пиотровского и др.; Пер. с фр. Н. Лихаревой. – СПб.: Азбука-классика, 2005. – С. 640.

3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 8-том. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2004. – 517 б.

4. Тәжібаев Ә. Шығармалар жинағы. Бес томдық. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1979. – 679 б.

5. Кузнецов П. Идеясыздық және жайбарақаттық жағдайында // Социалистік Қазақстан. – 4 октябрь 1946.

6. Қызыл Ту. 6 март 1949.

7. Тәжібаев Ә. Есімдегілер: Естеліктер, эсселер. – Алматы: Жазушы, 1993. – 400 б.

Нұрланова Улмира Нурланқызы

ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі, аға-оқытушы, ulmira_1980@mail.ru
Түркістан қ., Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Өнер факультетінің «Бейнелеу өнері» кафедрасы

ЭТНОДИЗАЙННЫҢ ШЫҒАРМАДАҒЫ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. *Этнодизайн композициялық шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін анықтау қазіргі кездегі өнер саласындағы сұраныс пен қоғам дамуы барысындағы қажеттіліктен туындайды. Көптеген дизайнерлер мен суретшілер көркем шығармашылық үшін сурет салудың орнын ерекше бағалайды.*

Кілтті сөздер: *Этно, этнодизайн, эргономика, образ, форма, пропорция, модель пластина, дизайн, конструктор, силуэт, фольклорлық үрдістері.*

Резюме. *Этнодизайн составных произведений искусства в области современного искусства, чтобы определить характеристики спроса и существует необходимость в процессе развития общества.*

Ключевые слова: *Этно, этнодизайн, эргономика, образ, форма, пропорция, модель пластина, дизайн, конструктор, силуэт, фольклорные тенденции.*

Summary: *Etnodizayn composite works of art in the field of contemporary art, to determine the characteristics of demand and a need for the development of society. For many artists, designers and art appreciates the importance of the drawing.*

Keywords: *Ethno ethno design, ergonomics, image, shape, proportion, pattern plate, the design, the designer, silhouette, folk tendencies.*

Этнодизайн композициялық шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін анықтау қазіргі кездегі өнер саласындағы сұраныс пен қоғам дамуы барысындағы қажеттіліктен туындайды. Этнодизайн бұйымдарын бағалау үшін, бұлардың көркемдік ерекшеліктерін бағалайтын критерийлерін анықтауды қажет етеді. Бұл көрсеткіштерді анықтауда біз бейнелеу өнерінің түрлі салаларында еңбек еткен даңқты суретшілердің, өнер зерттеушілерінің пікірлерімен санасу, оларды негізге алу қажеттігі туындауда. Сонымен қатар этнодизайн бұйымдарының көркемдік ерекшеліктерін анықтау мақсатындағы зерттеу нәтижесі дизайнды жасау ережелері мен заңдылықтарын жүйелеуге мүмкіндік береді.

Көптеген дизайнерлер мен суретшілер көркем шығармашылық үшін сурет салудың орнын ерекше бағалайды. К.П.Брюллов «Суретші болудың алдында, сурет сала білу қажет, себебі, сурет өнердің негізін құрамайды», -деп есептеген.

Орыс кескіндемешісі және педагогі П.П.Чистяков «Жоғары, нақты кескіндеме өнері ғылым сыз

өмір сүре алмайды. Ғалым жоғары көтеріле келе өнерге айналады», -деп көрсеткен.

Суретші-педагог А.А.Дейнека «...бейнелеу өнерінің кез келген түрінің шығармалары сияқты, кескіндеме де күні бұрын ойластырылады», -деп есептейді. Бұл жерде суретші болашақ картинаның құрылымы мен түсі, орындалу техникасы жайында жоспарлауды, оны ой елегінен өткізу қажеттігін көрсетеді. Бұл сынды шығармашылық ой дизайн өнеріне де тән екендігін тануға болады. Этнодизайнерлік жобалау үшін алдынала жобалау қажеттігін көрсетеді. Жобалаудың нәтижелі болуы жоспарлы түрдегі жұмыстың сапалық көрсеткіші екенін білдіреді.

Кеңестік көркемдік білім берудің негізін қалаған суретші-педагог Д.Н.Кардовский «Кескіндеме мен суреттің жаттығуларының негізгі форма болып табылады. Бейнелеу өнерінің барлық түріне қатысты нәрсе, ол пластикалық форма. Осыдан келіп, кескіндеме мен сурет мектебінің негізгі форманы бейнелеу заңдылықтарын оқып үйреніп болуға тиіс», деп айтқан.

Сондықтан этнодизайн моделін жасауға жаттығудың негізгі форма ретінде алынады. Форма дизайн өнеріндегі негізгі көрсеткіш болып табылады. Этнодизайн бұйымдарының негізгі құрамдаушы элементі формаға сүйенеді. Форма сипаты, бұйымға деген сұраныс пен қажеттілікке байланысты анықталады.

Өзінің композиция туралы пікірлерінде картина кеңістігін ұйымдастыру үшін ғылыми негізделген ұстанымдар қажеттігіне Г.С.Савицкий (1887-1949) ерекше көңіл бөлген. Г.К.Савицкий «Картина туралы» атты еңбегінде композициялық орталық ұғымына ерекше мән берумен қатар «тепе теңдік», «холстың толуы», бейнелердің байлығы ұғымдарын композиция заңдылықтары деп есептейді. Ол «ең бағалы композиция, одан еш нәрсені алып тастауға немесе бірдеңені қосуға болмайтын композиция» деп көрсеткен. Сонымен қатар ол «форма мен мазмұнды композициядағы маңызды белгісі ретінде таниды.

Швейцария суретшісі фердинанд Ходлер (1853-1913) «Түс затты сипаттайды және дифференциялайды, ол тіпті безендіру ұтымдылығымен көрінеді. Бояудың ғажаптығы бәрінен бұрын оның аккордтарында, бірғана түстің нюанстарының қайталануында», -деп анықтаған. Бұл анықтама бізге этнодизайн бұйымдарының мәнін ашудағы түстің рөлін айқындай түседі. Этнодизайн бұйымдары-

ның түсі тұтыну қажеттігі мен сұранысынан бастау алады. Түс бұйымның образын ашуға қызмет етеді. Түстің байлығы оның аккордтары мен нюанстары байлығымен сипатталады.

Италиялық ғалым, сәулеткер суретші Альберти Леон Батиста (1404-1472) «Кескіндеме туралы үш кітап» атты еңбегінде «... жазықтық бетінің композициясынан денедегі әсемдік деп аталатын туындайды. Дене бетінің үлкен немесе кіші, шығыңқы немесе ойыс болуы мүмкін», - деп көрсеткен.

Сонымен қатар ол дене мүшелеріне ерекше мән берген. Ол кейбір дене мүшелері бір біріне жақсы сәйкес келеді. Бұл сәйкес келу өлшемдері, орналуы, түрі, түсінің барлығының бірғана сұлулыққа сәйкес келуі тиіс екендігін көрсетеді. Әр дене мүшесінің атқаратын қызметі болады, әр мүше іс-әрекетсіз қалмауы керек деген ойды айтады. Ол дене мүшелерін, композиция элементі ретінде қарастырады. Л.Альберти дененің қозғалысына ерекше мән беріп қарайды. Денелердің сызықтардың қозғалысының бір бірін қайталамауының қажеттігіне мән беріп қарайды. (Мастера искусств об искусстве-М.,1966.-Т.2.-С.34-55). Бұл, бізге этнодизайнда формалардың, түстердің сызықтардың орынсыз қайталанбауын ескертеді. Орынсыз қайталану көркемдік сапаға кері әсері бар.

Даңқты суретші-педагог Александр Михайлович Соловьев (1886-1966) «пропорция әр түрлі өлшемдердің бір біріне және тұтасқа қатынасын білдіреді», -деп анықтаған. Пропорциялық өлшемдердің сұлулықты беру мүмкіндігін анықтайтынын айтады. Суретші педагог жарық пен көлеңкенің градациясы мынандай түрде болады: көлеңке, рефлекс, жартылай көлеңке, жарық, жылтыр дақ, - екендігін ескерткен. Жарық көлеңке құбылысы зат сұлулығының белгісі ретінде таниды.

Италия кескіндемешісі, мүсінші, сәулетші ғалым және инженер Леонадо да Винчи (1452-1519) «әрбір дененің бетіндегіге түске, оның қарсы бетіндегі заттың түсінің қатысы бар. Әрбір дененің бетінің бөлшегі, түсі оған қарсы тұрғандардың әр түрлі түстерімен қатысты», -деп таныған. Бұл этнодизайн бұйымы бөлшектерінің түстерінің бір-біріне әсері, жалпы бұйым көрінісіндегі түстердің сипатын байыта түсетін әсемдік көрсеткіш ретінде бағаланатынын аңғартады.

Даңқты суретші Б.В.Иогансон (1893-1973) «жарық және қараңғының контрасты – композиция тәсілі», - деп көрсетеді. Жарық пен көлеңкенің деңгейлерінің бір-біріне қатынасы, зат формасын анықтап, оның образын ашуға қажетті көркемдік ерекшеліктің бірі ретінде тануға болатынын бағдарлайды. Ол «өнердің шығармаларының қайсысы болмасын, ол тұтас болу шарт», - екендігіне назар аударған. Бұл нұсқау этнодизайн бұйымының формасының тұтастай болуы қажеттігін көрсететін талап ретінде тануға бағыт бағдар береді. (171 бет)

Көрнекті суретші және педагог Александр Александрович Дейнека (1899-1969) «Сурет сала біл» атты суретті өз бетінше меңгерушілерге, мұғалімдерге және үйірме жетекшілеріне арналған еңбегінде бейнелеудің жарық пен көлеңке заңдылығы қатарына бірқатар түсініктерді қосады. ...Мұндай ережелердің қатарына біз пропорция туралы ілімді... симметрия, ритм, статика және динамика, сондай-ақ перспектива заңдылықтарын қосамыз деген.

А.Дейнека екі және үш өлшемді бейненің құрылымын беру үшін қажетті негізгі ережелер немесе заңдылықтар ретінде мыналарды ұсынады:

1. Қандайда табиғи форма немесе адам денесі, пропорция, организм тұтастығы мен оның бөліктерінің гармониясынан құралуы ережесі.

2. Бейненің қарама-қарсы бетінің тепе-теңдік бірлікте болуы, тең бөлшектермен бөлінуі ережесі.

3. Композицияның пластикалығын шешуде статика мен динамика (тыныштық пен қозғалыс) ережесі.

4. Үлкен және кіші формалардың, тыныштық пен қозғалыстың, контраст пен өшірілудің, жарық пен көлеңкенің кезектесу заңдылығы ережесі.

5. Перспектива заңдылығы.

6. Алтын қима-денені бөлшектеу заңдылығы.

7. Нұсқа өлшемін кішірейту немесе үлкейту масштабы.

Көрнекті иллюстратор, станоктың графика шебері Александр Михайлович Лаптев(1905-1965) композицияның конструктивтік-пластикалық шешімінің шынайы заңдылықтары ретінде мыналарды көрсетеді:

1.Композиция рамкасымен шектелетін жазықтықтың шектеулі шеттері.

2. Кеңістік пен сюжеттік әрекеттің шектері.

3. Тұтастық.

4. Компоненттер өлшемдерінің үйлесімділігі немесе ритм мен пластина

5. Көру орталығын табу.

Белгілі суретшісі, кітап иллюстрациясының шебері Евгений Адольфович Кибрик «Композиция – барлық бөліктері бөлінбейтін байланыста өзара байланыста болатын заңды құрылымдалған организм. Осы байланыс пен өзара бағыныштылық суретшінің идеялық ойымен анықталады. Ой табиғатына тән құрылымдық идея композицияның пластикалық негізін береді», -деген.

Е.А.Кибрик композиция заңдылықтары туралы былай дейді «...олар объективті, олар қандай мектеп, қандай бағытқа, ағым мен суретшілердің шығармашылық даралығына да бағынышты емес, олар тек қана өнер табиғатының бөлінбес бір бөлігі. Мұны мен композиция заңдылығы деп ойлаймын», -деп тұжырымдаған.

Өнер шығармасындағы көркемдік ерекшеліктердің бірі – идеялық. Өнердегі идеяның тақырыпта емес, ол бірінші кезекте суретшінің өмірге

деген қатынасында, бұл суретші қолға алған, оның өнерінің мазмұнын құрамдайтын барлық тақырыпта көрініс табады,-деген. Суретші шығармашылық ойдың алғашқы сатысы интуиция және талдау деп бағалаған.

Ол, көркемдік шығармашылықтың бірінші кезеңі – интуитивтік, келесі кезең орындалғанды талдау. Тек қана интуиция мен талдау гармониялық біріккенде ғана үйлестірілген, аяқталған шығарманы жасауға болады. ...шығармашылық интуицияға деген қабілет суретшінің дарындық белгісі. ...шығармашылық үдерістің схемасы мынандай: интуиция-талдау-интуиция.

Суретші Е.А.Кибрик «Тұтастық композицияның барлық элементі, өзара бағынышты және байланысты бола отырып, суретші ойының жүзеге асуына жұмыс істейді. Сонымен, тұтастық композицияның бөлінбеуі, қосалқылардың орталыққа бағынуын, композицияның басты заңдылығы деп ойлаймын»,-деген.

«Көркемдік образ – өмір көрінісіндегі бірғана тамшы. Композициялық дәлдік образдық біріктіру күшін береді, оның көркемдік әсерін ұлғайтады. Композициядағы «сан» сияқты кеңістікті образдық трактовка жасаудың ерекше маңызы бар», екендігін айтқан.

Өмірдегідей картина жазықтығында көп адамдарды көбейткенмен, мұның нәтижесінде картина, ойсыз сипаттау болып шығатындығына көз жеткізген.

Суретші Е.А.Кибрик жаңашылдық туралы: өмірдің өзі шексіз қозғалыстан тұратыны сияқты, жаңаларды тудырып отырады. Реалистік өнер – өмірдің эстетикалық ашылымы. Өнердің стимулі-қоршаған бірігулер таңқаларлық жаңа нәрселердің ойда жоқтан пайда болуы. Өнердегі шын мәніндегі таңқаларлық – бірінші жасалынғанның күтпеген жерден пайда болуымен ерекшеленеді.

Жаңашылдық – композицияның өте қымбат сапасы. Бірақ өнердегі жаңашылдықтың әдейі жасалуынан жаман нәрсе жоқ. Композиция тек қана мазмұнды және ұтымды болуымен қатар жаңа болуы тиіс. Композицияда ештеңе де, қайталанбауы тиіс. Бірінші кезекте – силуэттер екендігіне ерекше көңіл бөлген.

Композицияның бейнелілігі негізге алынған контрастарға байланысты болады. Композицияда тек қана әртүрлілік, контраст қана емес онымен қатар қарамақарсы мынандай элементтер біріктіріледі: көлем мен жазықтық, жарық пен көлеңке, үлкен мен кіші, жақын мен алыс, жылы және суық түстер сонымен қатар сюжетті құрайтын контраст жағдайлар болып табылады, деп анықтаған.

К.Ф.Юон тембр мен нюанс туралы қажетті пікірлер айтқан. Тембр – кескіндемедегі бөліктің немесе тұтастықтың өзіндік ерекшелігі бар түстердің құрылымын анықтайтын түсінік. Тембр –кескіндеменің нәзік ерекше қасиеті. Нюанс –бей-

неленген түстің өте нәзік дақтары,-деп анықтаған.

Валер – француздың дәстүрлі термині кескіндеме шығармасының жетістіктерін талдау барысында қолданатын термин. Ол түстің қандайда бір қасиетін білдірумен қатар, түстердің сапасы, жарықтық және техникалық-фактуралық жағын сондай-ақ кескіндеменің өзін де сапасын көрсетеді. (Юон К.Ф. Өнер туралы. – М.,1959. – 1т. – С.111-113).

(Каменова Е. Какова цвета радуга. М.; Детская литература, 1975, - 167 с.с ил.)

«Кемпіркосақтың түсі қандай» деп аталатын бейнелеу өнерінің әр түрлі ұғымдарымен терминдерінің мәнін түсіндіретін анықтамалықта «Контур сызық дегеніміз адамның, жануарлардың немесе заттың сыртқы көрініс сұлбасын беретін сызық» деп анықтаған.(79 бет). Кейбір суретте контур қосымша сызық емес қосалқылары алып тасталған, тек қана негізгілері қалдырылған, нысанның формасын, көлемін және қозғалысын беретін мүмкіндігі ретінде көрінеді. «Картинаның бейнелілігі, суретшінің картина жазықтығына адамдарды және оны қоршаған заттарды, шығармадағы басты ойды көрерменге түсінікті етіп шеберлікпен орналастыру болыптабылады» (76 бет) КСРадуга. Бұл композиция өнері. Композиция латынның «композиционно», шығарма немесе «құрастыру» деген ұғымды білдіреді.

Картинадағы әр түрлі түстердің үйлесімділігі – колорит деп аталады. (74 бет).

Суретші – колорист үшін маңыздысы түс, оның басқа түстермен үйлесімділігі.

Пропорция латынның «пропорто» «өлшемдес» және зат бөліктерінің ұзындығы бойынша өзара сәйкестігімен анықталады. (134 б). Адам дене мүшелерінің ара қатынасы бойынша өте күрделі. Оның барлық бөліктері гармониялық қатынастары бар.барлық адамдардың өлшемдер қатынастары бірдей емес. Мысалы, бойы кіші адамның басы үлкен болып көрінсе, биік адамның басы кішкентай болып қабылданады.

Грецияның даңқты мүсіншісі Поликлит «Канон» атты кітабында Дорифор мүсінінің пропорциясы дұрыс деп есетеген. Ол адам басы денесінің 1/7 бөлігін, бет пен қол саусақтары 1/10, ал аяқ 1/6 өлшемдер, негізгі дұрыс пропорциялық өлшем ретінде алған. Мұндай пропорциялық сұлулық қатынастарға байланысты әр халықта, әр дәуірде әр түрлі пікірлер мен көзқарастар болды.

Жанрлық және тарихи композициялардың, пейзаждар мен портреттер авторы, композиция теориясын зерттеумен айналысқан, орыс, кеңес суретшісі – Константин Федорович Юон (1875-1958) кескіндеме мен оның техникасы туралы бағалы пікірлер айтқан. Бұл пікірлер этнодизайн бұйымдарын жобалау мен безендіруге қажетті материал ретінде қабылданады.

Өнер шеберлерінің пікірлерін жинақтай келе формаға байланысты мына ұғымдарды алға

шығару қажеттігі туындайды: форманың үлкен бөліктері, кіші бөліктері, форманың өлшемдері, форманың жазықтық бетінің сипаты (шығыңқы, ойыс) форма материалы, форма бетінің фактурасы, форманың тұтастығы, форманың түсі, форманың кеңістік ортамен қатынасы.

Модельге байланысты мына ұғымдар ерекше бағаланады: модельдің сыртқы формасы, модельдің жеке бөлшектерінің формасы, модельдің қызметі, модельдің түсі, модельдің безендірілуі, модельдің жаңашылдығы, тұтастығы т.б.

Этнодизайн бұйымдарының композициясын жобалау барысында сақтауды талап ететін көрсеткіштер: жазықтық, пропорция, форма мен мазмұн, уақыт, симметрия, ритм, статика мен динамика, перспектива, алтын қима, жоба идеясы, композициялық орталық, композицияның негізгі элементтері, композицияның қосалқы элементтері, интуиция мен талдау, контраст, қозғалыс, жаңашылдық, бейнелілік, тепе теңдік, тұтастық, композицияның пластикалығы т.б. болып анықталады.

Көркемдікті қабылдаудағы суреттің орны.

Көрерменге түстің физиологиялық әсеріне көңіл аудару.

Композицияның түстік құрылымын ұйымдастыру ерекшеліктері.

Этнодизайнның бұйымдарының көркемдік ерекшеліктерін тануда көрсеткіштерін анықтаудың орны ерекше. Этнодизайн бейнелеу өнерінің бір саласы ретінде оның көркемдік ерекшеліктерін тану бағыттарын анықтауда бейнелеу ережелері мен заңдылықтарын анықтау бағытында ұлы суретшілер, дизайнерлер мен өнертанушылардың пікірлерінің маңызы арта түседі. Зерттеушілер дизайнерлер дизайның жаңа моделін (жобасын), моделін жасаушылар мен өндірісшілер деп екі бағытта қарастырылады. Дизайн ұғымы 1990 жылдарға дейін біздің елімізде көркемдік құрастыру ұғымымен байланысты қарастырылса, мұнан кейінгі жылдары ауқымы кеңейіп, жаңа модель жасау, оны өндіру іс-әрекеттерімен байланысты таныла бастады. Дизайн түрлері сәулет, киім, көлік, жиһаз, транспорт, этнодизайн түрлері жайлы ақпараттармен көбейе түсуде. Этнодизайннан көркем бұйымдарды талдау дизайнмен бейнелеу өнеріне қатысты ұғымдар мен түсініктер, заңдылықтар мен ережелердің мәні түсінумен байланысты анықталады.

Жарық пен көлеңкезандылықтары мен ережелері: жарық, көлеңке, жартылай көлеңке, түсіп тұрған көлеңке, рефлекс, жылтыр дақ өлшемдеріне бөлінеді. Бұлардың этнодизайн бұйымдарын жобалау барысында басшылыққа алынатын түсініктер.

Көрнекті кеңес өнертанушысы Михайл Владимирович Алпанов (1902-1986) «Кескіндеме композициясы» атты еңбегінде, кескіндеме мен композиция шығармаларына өнертанымдық сипаттама береді. Кескіндеме тарихына, кескіндеме теори-

ясына, кескіндеме сынына қатысты бағалы пікірлер айтқан. Ол «Симметрия белгілі құрылымдық бөліктерінің айналық сәйкестілігі. Ритм – белгілі мотивтің бірнеше интервал арқылы үкен немесе кіші өлшемге қайталануы», - деп көрсеткен.

XIX ғасырдағы екінші жартысындағы даңқты көркемдік сыншысы, суретші Иван Николаевич Крамской (1837-1887) колорит жайлы бағалы пікірлер айтқан. Ол «... Колорит тар мағынада алғанда, біз айтатын қар жамылған үйдің шатыры. Колорит кең мағынада алғанда қосалқы түстердің үйлесімділік заңдылығына құрылған, тұтас полотноның жалпы гармониясы», - деп анықтаған. Бұл тұжырымды этнодизайн жобаларының түстер қатынасын тану мен бағалау үшін қажетті көрсеткіш ретінде тануға болады.

Суретші – педагог Д.Н.Кардовский «форма деген кубке, шарға, цилиндрге т.б. ұқсас геометриялық денелердің біріне немесе бірнешеуіне сәйкестік сипаты бар масса», - деп тұжырымдаған.

Этнодизайн бұйымдарының формасының көркемдік ерекшелігін тануға оның жеке бөліктерінің бір біріне сәйкес келуін, олардың үйлесімді сәйкес келуі басты көркемдік сапа ретінде қабылданады.

Этнодизайнерлік жобалау

Дизайн – бұл өндіріс бұйымдарын көркемдік-техникалық жобалау үдерісі мен нәтижесі, олардың кешені мен жүйесі, тұтастай алғанда жасалатын нысандардың, ортаның адамның тұтыну, эстетикалық қасиетсінуі мен неғұрлым толық сәйкес келуіне бағдарланатын шығармашылық әдіс.

(Володаева Н.А. Творческий процесс в дизайне одежды: теория и практика. //Преимственность традиций культуры и искусства в мировом пространстве. Сборник докладов. МНПК. Нац.акад. искусс. им Т.Жургенова. Алматы. – 2008. – С.274.)

Қазіргі көрнекті дизайнерлер мұны имидждік коллекцияларды жасау барысындақолданумен қатар өндірістік және коммерциялық ұтымды бұйымдарды жасау үдерісінде қолданылады.

Қазіргі дизайнның эталоны болып жобалаудың синтетикалық әдісі деп аталатын келесі кезеңдерден тұратын әдістер есептеледі:

1. Дизайндық шешім қабылдауды талап ететін жағдай, кәзіргі бар үлгілердің, киім эталонының – оның формасы, пішімі, материалы, тұтастай мода образының технологияны нығайту немесе күрделендіру бойынша өзгертуге деген қажеттіліктің пайда болуы. Киім дизайнының кейбір облысында бұл проблема жұмысшылар, космонавттар, спорттық форма және т.б. киімдерінің талдаулары болып қалыптасады. Мысалы, 2012 жылы Олимпиада ойындарына арнап, костюм жобалау Қазақстанның дизайнерлер алдында жаңа костюм жобалау жаңа талаптарын қойды.

2. Қоғам санасында жаңа конструктивтік, көркемдік ұстанымдық шешім қажеттігі туралы ой қалыптастыру. Бұл жағдайда дизайнердің қаты-

суынсыз, проблеманы шешудің ұтымдылығы аз алғашқы қадамы қабылданады. Бұл кезеңдегі маңызды уақыт дизайнердің әлеуметтік тапсырысты «қабылдау» болып табылады. Фэши дизайның бұл жағдайында да кейбір жеке моменттерді қарап шығумен қатар, бұл кезең де конструкцияға және бұйым технологиясына қатысты модаға прогноз жасаумен, мода талабын зерттеумен тікелей байланысты.

3. Әлеуметтік тапсырыстың жүзеге асуы үдерістің ең жауапты кезеңі.

Көркемдік жобалаудың өзі біріншіден мәселені талдау мен ой елегінен өткізу, бұйымның формасымен, материалымен, түсімен, тұтынушылар психологиясының ерекшелігімен, дайындау үдерісінің технологиясымен, мода талаптарымен, қолданыс аясымен арасындағы байланысымен қосып бірнеше кезеңдерге бөлуге болады.

Бірінші кезең – жобалау нысаны жайлы жағдайды қорыту, ой елегінен өткізу үдерісі.

Екінші кезең – мәселе бойынша визуалдық әсерді теориялық материалды, тәжірибені жинақтау немесе - дайындық кезеңі.

Үшінші кезең – жинақталған материалды талдау мен ой елегінен өткізу, алғашқы эскиздеу, образ, форма, идея іздеу. Бұл үдеріске логикалық ойға, ассоциациялық іс-әрекетке жауапты болып табылатын мидың жарты шарында идея қайта өңделіп жатады. Бұл әлі танылып бітпеген инкубация кезеңіне сәйкес келеді. Инкубациялық қызметтің нәтижесі инсайт – таңжарықтық пайда болуы, жауаптың интуитивтік жауабының табылуы болып табылады.

Төртінші кезең – идеяны жасап шығару және нақтылау кезеңі, бөлшектерді жаса және оны түсініктеу.

Бесінші кезең – конструктивтік, техникалық шешімін табу және бұйымды материалда жүзеге асырудың қорытынды ізденісі. Бұл кезеңде дизайнер өндіріс ерекшелігіне байланысты әдепкі шығармашылық ойдан едәуір қайтуы мүмкін.

4. Алынған «өнімнің» әлеуметтік талаптарының көрсеткіштері ретінде танылатын оның функционалдық, тұтынушылық, эргономикалық және эстетикалық қатынасы жағынан жеткен жетістікті бағалау.

своего отца. Младший из братьев при необычном стечении обстоятельств знакомится с серым волком, который за то, что съел коня царевича и лишил его возможности добраться до жар-птицы, решает помочь. Волк привозит Ивана-царевича до места назначения и советует, как добыть птицу, при этом наказывая, чтобы тот ни в коем случае не обольщался красивой золотой клеткой и не трогал ее. Конечно же, царевич не смог устоять и хотел прихватить ее с собой. Но только он сделал это, как по тревоге поднялась стража и схватила его.

Местный царь обещает простить царевича в обмен на услугу добыть златогривого коня. В очередной раз волк помогает ему, советует, как лучше обставить дело, и в очередной раз тот не слушается его. И история повторяется. В третий раз уже волк сам берется за выполнение миссии украсть Елену-прекрасную и блестяще справляется.

Из выше изложенного напрашивается вывод: персонажи из сказок «Ер-тостик» и «Иван царевич» схожи. То есть, если сказочный конь по имени Шалкуйрык — помощник, друг героя Ер-тостика, он говорит человеческим языком, дает советы, выводит его из трудных ситуаций, то у Иван-царевича другом, помощником, говорящий человеческим языком считается волк. В сказке герой Ер-тостик отправляется искать своих девять пропавших братьев и возвращается домой с победой, то в сказке Иван-царевич с двумя братьями отправившись на поиски жар-птицы для своего отца, так же возвращается домой с победой. Добро всегда побеждает зло.

В волшебных сказках, как и в казахских, так и в русских сказках сложились свои отрицательные образы, олицетворяющие злую силу, злое начало. Один из таких образов «Жалмауыз» сродни русской «Баба-яге» — демоническое, прожорливое существо. Казахи метко и точно определяли в названиях суть тех или иных явлений. Так и здесь семантика слова «Жалмауыз» означает ненасытный прожорливый рот. В казахских сказках «Жалмауыз» выступает в образе старухи, нередко с несколькими головами, часто употребляется выражение Жалмауыз-кемпир (старуха). По виду это отвратительная, уродливая старуха, она обитает в безлюдных горах и степи или в колодце, пожирает скот и людей, похищает детей. В русских сказках «Баба-яга» выступает в образе уродливой старухе, владеющей волшебными предметами и наделенная магической силой. В ряде сказок уподобляется ведьме, колдунье, чаще всего — отрицательный персонаж. Помимо русских сказок, встречается в словацких и чешских сказках.

В сказочном представлении образ «Баба-яга» — хозяйка леса, повелительница зверей и птиц, всемогущая вещая старуха, охранительница границ «иног царства», царства Смерти. - Баба-яга узнавала о прибытии человека по запаху — «русским

духом пахнет» (запах живых неприятен мёртвым) — это проводник (душ умерших) в потусторонний мир и одна нога у неё костяная для того, чтобы стоять в мире мёртвых. Избушка «на курьих ножках» изображается стоящей то в чаще леса (центр иного мира), то на опушке, но тогда вход в нее — со стороны леса, т.е. из мира смерти. Название «курьи ножки» скорее всего произошло от «курных», т.е. окуранных дымом, столбов, на которых славяне ставили «избу смерти» - небольшой сруб с прахом покойника внутри (такой погребальный обряд существовал у древних славян еще в VI – IX вв.)[4].

«Жезтырнак» и «Баба-Яга» - персонажи народных сказок, они постоянно чинят зло, и герои ведут борьбу в основном с ними.

В художественном отношении волшебная сказка — один из совершенных жанров народного творчества. В них свои традиционные приемы композиции — зачин, повествование и концовка. Сказочное повествование характеризуется насыщенностью действий и отличается приемами повторения, замедления, какого-либо действия и лиц. Например, в сказке «Красавица Кункей» рассказывается, как хан ставит три условия, заставляет героя принести золотую подставку для золоторогой лани, золотое дерево из далекой страны и девушку-красавицу, живущую в солнечном царстве.

Развязка казахской волшебной сказки обычно типовая: благополучный исход борьбы героя — он побеждает чудовищ, превосходит всех умом, находчивостью, получает трон, женится на ханской дочери-красавице или благополучно возвращается на родину из странствий.

Идеализация сказочного героя достигается художественными приемами и средствами, из которых наиболее устойчивыми и распространенными являются гипербола, контраст. В именах героев часто определение «ер», что означает: мужчина, муж, мужественный, храбрый, смелый. «Мерген» — меткий стрелок, острый глаз. Характеры героев раскрываются в необыкновенных обстоятельствах, действиях — в борьбе с чудовищами, драконами, жезтырнаками-людоедами и т. д. Они также гиперболизированы, например, пасть айдахара-дракона как расстояние между землей и небом, с дальнего расстояния его дыхание притягивает все живое. Описание скачки коня: мчится как вихрь или идет, упираясь верхней губой в небо, нижней в землю; от скачки коня Шалкуйрыка, друга Ер-Тостика, «горы рассыпаются, как куча песка». Герои поднимаются на крыльях птицы-великана Каракус в небо, откуда земля кажется величиной с потник, с наперсток, с игольное ушко. Присутствует и чудесное зеркало, взглянув в которое, можно увидеть все, что на свете делается.

Во многих казахских сказках можно обнаружить стихотворные части и песни. Герои сказок в песнях и в стихах выражают горе и радость, песни

выявляют их характеры. Особенными песнями как в сказках так и в быту казахи провожают в последний путь своих близких – «жылау», «жоқтау». Другими по характеру песнями встречают весну – «Наурыз», «Самалық». С песней провожают в семью жениха невесту, с песней открывают покрывало на лице невесты – «Беташар». То есть казахского народа стихотворные части песни как в сказках так и в быту имеют особое значение. И этим отличаются от сказок других народностей.

Для казахских сказок характерен зачин и концовка: «Бұрынғы өткен заманда...», «Ерте ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде, ел ханға қарағанда, хан елді алдағанда...», «Ілгергі өткен ерте заманда...», «Бар екен де жоқ екен, аш екен де тоқ екен...», «Өткен заманда...», «Балғыда...», «Әңгіменің басы бағыда...», «Күндерде бір күні», «Отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп...», «ұзақ жылдар өмір жасап, мақсаттарына жетеді...», «бақытты өмір кешті». Такой зачин характеризует образцом устного поэтического творчества казахского народа, страницы его истории, отражающие быт, обычаи, нравы и традиции степного кочевника. Концовка вполне закономерна, в ней характеризуются вековечная мечта народа о счастливой богатой жизни.

Безусловно, язык в казахской сказке особенный. Когда мы слышим зачин: «Ерте - ерте ертеде, ешкі жөні бөртеде...» - то переносимся в сказочный мир и ждем невероятных, чудесных, сказочных событий. Речь сказочника отличается от обыкновенной речи. Здесь и интонация особенная, лиричная, завораживающая. Она уносит слушателей в далекий мир чудес, где солнце, ветер, степь, реки, деревья, птицы, говорят на необыкновенно красивом языке. Когда происходит концовка в сказке: «ұзақ жылдар өмір жасап, мақсаттарына жетеді...» - то слушатель снова возвращается в реальный мир. Таким образом, в сказке должны быть зачин и концовка.

Нередко сказки (особенно волшебные) начинаются с так называемых присказок. Так в русских народных сказках назначение присказки — подготовить слушателя к восприятию сказки, настроить его на соответствующий лад, дать ему понять, что далее будет рассказываться сказка. «Было это на море, на океане, — начинает сказочник. — На острове Кидане стоит древо — золотые маковки, по этому древу ходит кот Баюн: вверх идет — песню поет, а вниз идет - сказки сказывает. Вот бы было любопытно и занятно посмотреть! Это не сказка, а еще присказка идет, а сказка вся впереди. Будет эта сказка сказываться с утра до после обеда, поевши мягкого хлеба. Тут и сказку поведем...» [5].

«В них, — писал в статье «О народных сказках» В. Г. Белинский, — виден быт народа, его домашняя жизнь, его нравственные понятия и этот лукавый русский ум, столь склонный к иронии, столь простодушный в своем лукавстве» [5].

Итак, волшебные сказки содержат в себе много

интересного, необыкновенного. Это поэтическая выдумка. Их чтение требует глубокой культуры с тем, чтобы правильно осмыслить содержание и проникнуться совершенством формы.

При анализе бытовых сатирических сказок, помимо раскрытия их особенностей, содержания, характеристики героев, художественных форм, особое внимание следует уделить их общественно-социальному значению. Бытовые сказки разнообразны по сюжету и тематике: «Аяз-би», «Три полезных совета», «Старик и находчивый джигит», «Старик перекасти поле», «Совета спроси у шестидесятилетнего», «Завещание старика», «Сорок небывлиц Плешивого», «Хан и мальчик Тазша (плешивый)», «Алдаре-Косе» и т.д. Говоря о цикле сказок о Тазше-плешивце, М. Ауэзов писал: «В чем своеобразие и ценность этих повествований? Своеобразие в том, что они обнаруживают любовь народа к находчивости, одаренности, в том, что народ ценит остроумие воображения и сообразительности: это свидетельство глубины народной фантазии, находчивости, речь идет о том, что все мечты сбудутся. Невероятные вещи преподносятся как реальные. Большинство этих небывлиц — это результат свободной фантазии, полета мысли. Причем небывлицы несбыточны. Здесь и поиск ума и его живость. Это стремление подчинять себе живую и неживую природу. В этом отношении «Сорок небывлиц Плешивого» как по содержанию, так и по своей форме являются шедевром казахской комической сказки. В ней все от начала до конца построено на комических положениях. Обещание хана выдать свою дочь за того, кто расскажет удивительные небывлицы, само по себе из ряда вон выходящее явление. И потому-то Плешивый сразу необычайно начинает: «В то время я был в утробе матери и кормился тем, что пас лошадей своего внука...». Потому-то все строится на невозможных, невероятных положениях. Кроме того, рассказ не должен быть обычным враньем, он — плод неудержимой фантазии, исключительной находчивости» [6].

Каждый народ и каждая эпоха создавали свои сказки, в которую вкладывали душу народа. Еще одним шедевром бытовых сказок казахского народа является «Қанбақ шал» - (Старик перекасти поле) – на котором выросли и получили эстетическое воспитание не одно поколение людей.

В давние времена жил старик по прозвищу Қанбақ. Не было у этого старика никого и ничего, кроме единственной старухи и юрты. Занимался он охотой и рыболовством. Старик был настолько легок, что любой ветерок поднимал и уносил его. Қанбақ летал по степям, по горам, а когда ветер успокаивался, он снова возвращался к себе в юрту.

«Қанбақ» в переводе с казахского языка означает «Перекасти-поле» - это травянистые растения, произрастающие в степных или пустынных районах, которые катаются по ветру в виде иногда

довольно больших шаров, рассеивая семена. Высохший и легкий стебель отрывается от корня или прямо с корнем выдёргивается ветром из земли, а затем переносится им по полям и степям. Поэтому-то и дал народ старику такое прозвище — «Қанбақ шал».

Образ «Қанбақ шал» - обычный человек, который трудится на земле, добывая свой хлеб насущный. Его враги великаны «Қара дәу», «Қызыл дәу», лукавая лиса, это те трудности, которые встречаются на пути у простого народа. Это могут быть, природные явления: бураны, снежные метели, вихри. Или же завистливые, хитрые, жадные, глупые люди. Қанбақ, благодаря своей находчивости, народной мудростью, ловкостью, побеждает врагов не силой физической, не ростом, а именно умом. Простому народу хотелось что бы человек справлялся с трудностями так же как герой сказки. По этому и появилась казахская сказка «Қанбақ шал».

В Алматинском государственном театре кукол спектакль «Қанбақ шал» впервые был поставлен в 1966 году Заслуженным артистом Каз.ССР Абдрахман Асимжановым, а в 1980 году он был заново поставлен Заслуженной артисткой РК Ешмуратовой К.Х., и по сей день этот спектакль не сходит с репертуара театра. Спектакль полон народными поговорками, пословицами, загадками, тем самым воспитывая и посвящая зрителя в мудрость народа и поэтичность казахского языка.

Народные сказки на сцене преобретают иной характер. Человеческую мудрость, мудрость Қанбақ шала, его находчивость, ум, режиссер в театре кукол показывает и учит детей через казахские пословицы.

Почему режиссер решил опереться в этой сказке на казахские пословицы? Что бы получилась не просто сказка про старичка, который не имел сил, был очень легкий и летал с помощью ветра над горами и степями. Потому-что пословица - проявление народного творчества. В ней, именно в пословице, как в зерне заложены все деятельные силы демакротической культуры. Следует отметить, что пословица вездесущна, она касается всех предметов, вторгается во все области человеческого бытия. По этому этот ход режиссеру в постановке спектакля «Қанбақ шал» показался правильным и верным. Такие пословицы как о трудолюбии, о скромности, о правдивости, о щедрости, о родине, о порядочности познают дети из этой сказки.

«Отансыз адам, ормансыз бұл-бұл» (Человек без родины своей, что без леса одинокий соловей), «Адам адамға жау болып тұмайды» (Человек не рождается врагом человека), «Адамның күні адаммен» (Любим друг без друга жизни нет), «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» (Человек с сильными руками поборет одного, человек с большими знаниями - тысячу) и т.д. Дети через игру, сказку, кукол, легче и быстрее запоминают казах-

ские пословицы. А так же учатся гостеприимству, вежливости, отличают добро от зла.

В спектакле Қанбақ шал решает все проблемы мирным путем, используя ум, доброжелательность, находчивость и хитрость.

В спектакле наряду с выразительными планшетными куклами героями одетые в национальные казахские костюмы – Қанбақ шал, бабка, лиса, два великана – играют и традиционные атрибуты: настоящая миниатюрная войлочная юрта с маленькими вязаными коврами, с круглым столом, с подушками, одеялами, выполненными в национальном стиле, с казахскими яркими узорами. Даже деревья и листья напоминают казахские национальные узоры. Все вместе взятое в спектакле приобщает детей к истокам национальных культурных ценностей.

«Қанбақ шал» радовал зрителей не только Казахстана, но и других стран. За эти долгие годы с «Қанбақ шалом» познакомились зрители Ирана, Тегерана, России, Китая, Японии где спектакль принимали с неизменным успехом. Начиная с 1966 года спектакль «Қанбақ шал» несет эстетическое, нравственное и патриотическое воспитание подросткового поколения и правомерно входит в число спектаклей Золотого фонда Алматинского театра кукол.

К казахским сказкам о животных относятся такие народные сказки как: «Түлкі менен қасқыр» (Волк и лисица), «Аққу» (Лебедь), «Батыл есек» (Храбрый ишак), «Екі иттің достығы» (Дружба двух псов), «Мақта қыз бен мысық» (Девочка Макта и кошка), «Кім неден күшті?» (Кто от чего сильнее?) и др. [7, с.269].

Народная поэзия обнимала целый мир, ее объектом стал не только человек, но также и все живое на планете. Изображая животных, сказка придает им человеческие черты, но в то же время фиксирует и характеризует повадки, "образ жизни" и т.д.

Средневековые авторы (Рузбехан, Сейфи, чью рукопись привлек В.В. Бартольд) свидетельствуют, что в XVI столетии у казахов было «много баранов и верблюдов; их жилища помещаются на арбах. Их кафтаны сделаны из овечьей шерсти... в арбы... впрягают верблюдов и лошадей»[8, с.97].

Широко и многообразно отражен мир животных в фольклоре. Как идеал красоты и нравственности образы животных вошли в устную поэзию, в легенды и в сказки казахского народа.

Казахская сказка о животных, с одной стороны, тяготеет к бытовой сатирической сказке и анекдоту, где продолжают свое развитие представления о ловких обманщиках, а с другой – к басне [7. с.25].

Человек издавна чувствовал родство с природой, он действительно был ее частицей, борясь с нею, искал у нее защиты, сочувствуя и понимая. Очевиден и позднее привнесенный притчевый смысл многих сказок о животных.

Какие же сходства и отличия существуют меж-

ду казахскими сказками о животных от русских сказок?

Во многих сказочных сюжетах казахского народа есть такие повороты сюжета как рождение человека от животного, превращение человека в животное, а животного в человека. Например, в сказках «Волк-жених», «Удав-женщина», «Куиршик — козий хвостик». То же самое мы можем наблюдать и в русских сказках: «Иван — коровий сын», «Царевна-лягушка».

В казахских сказках много образов зверей, птиц в качестве добрых помощников человека. Помощниками выступают белая змея, птица Самрук, орел, верблюд, собака, баран. Но самым надежным умным другом в казахских и русских сказках-преданиях является конь: «Золотой конь», «Сивка-бурка», «конек-горбунок», «Конь, скатерть и рожок» — русские сказки; «Ақсақ Қулан», «Шалқуйрық», «Тепен-көк», «Предание о тулпаре», «Пегий конь», «Длинногривый вороной» — казахские сказки.

Многие сказки заканчиваются назиданием. Например, в казахской сказке «Лиса и обезьяна», лиса в конце повествования говорит «Есть два вида счастья — одно из них сядет на голову, а другое пристает к ногам, к тебе пристало железное счастье, от которого как не брыкайся, — не избавишься» [9, с. 123]. А в русской сказке «Лиса и журавль» финал сказки становится крылатым выражением. «Взяла лису досада. Думала, что наестся на целую неделю, а домой пошла — не солоно хлебала. Как аукнулось, так и откликнулось» [10, с. 302].

Следует отметить, что в русских сказках о животных вводятся песни: лиса песенкой выманивает петуха, волк песенкой обманывает козлят, колобок бежит и напевает песенку: «Я по коробу скребен, по сусеку метен...». Данный прием характерен и для казахской сказки о животных.

У казахов, как и у многих восточных народов, образами животных и зверей назван 12-летний цикл времен: год мыши, коровы, тигра, зайца, улитки, год змеи, лошади, барана, обезьяны, курицы, собаки, кабана.

О каждом годе имеются повествования или в виде сказок, или в виде притч, или в виде коротких рассказов с занимательными сюжетами: «Спор из-за года», «Спор животных».

Наиболее архаический пласт казахской прозы о животных составляют легенды. Среди них этиологические легенды, объясняющие происхождение различных животных и птиц, особенности их внешнего вида и повадок, происхождение тех или иных обычаев, примет, связанных с животными или возникших при участии их, положение тех или иных животных, среди их собратьев и т.п. В живом бытовании такие легенды рассказываются в ответ на вопросы типа: «Почему произошло?», «Как воз-

никло?», «От чего?», «По какой причине называется так?». Логика семантическая структура таких легенд строится по формуле причина – следствие – причина: охотник Джаик безжалостно истреблял зверей – по этому был обращен в сурка; по этой причине, в отличии от других народов, казахи не едят сурков («Легенда о происхождении сурка»); скупые родители плохо угощают сватов – девушка от стыда обращается в кукушку, не успев выйти замуж; по этой причине кукушка не имеет своего гнезда. («Кукушка») [7, с.206].

Таким образом, сказки народов - это похожие сюжеты, герои, испытания, которые выпадают на их долю, и обязательная победа добра над злом в конце. Отличия, имеющиеся в сказках с похожим сюжетом, связаны, с разными особенностями культуры, нравов и обычаев разных народов, и географическими, климатическими особенностями места жительства народов. Многого можно узнать из сказок. В них отражается дух народа, его проблемы и чаяния, быт, образ жизни, национальный характер и социальный уклад жизни.

Список использованной литературы:

1. Сперанский М. Русская устная словесность. Москва, 1917, стр. 400.
2. Пропп В. Я. Морфология сказки. Л.: Academia, 1928.
3. Пропп В. Я. Исторические корни волшебной сказки / Научная редакция, текстологический комментарий И. В. Пешкова. — Издательство "Лабиринт", 2000. — 336 с.
4. Баркова А.Л. Структура архаического поединка в русских былинах и западноевропейском эпосе // Древняя Русь и Запад. М., 1995.
5. http://www.testsoch.info/osobennosti-russkix-skazok-priskazka-xudozhestvennyj-analiz-detskie-narodnye-skazki/Osobennosti_russkix-skazok. Присказка. – художественный анализ. Детские народные сказки
6. <http://bibliotekar.kz/shamshijabanukanyshevna-satpaeva-vejani/ustnaja-poyezija-kazahskogo-naroda.html>
7. Казахские сказки о животных. (Легенды, придания, бытовые рассказы, сказки и басни) Алма-ата, «Наука» КазССР, 1979. – 271 с.
8. Бартольд В.В. Сочинения. М., 1963, т. 2, ч. 1, с. 97; История Казахской ССР, т. 1, Алма-ата, 1957, с. 101 – 102.
9. Казахские народные сказки. — Алматы: Алматы китап, 2001, — 680 с.
10. Русские народные сказки. — Алматы: Алматы китап, 2001 — 700 с.
11. Казахские народные сказки: Алма-ата, Жазушы 1982 г. – 256 с.

Нұрсұлтан Елік

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторанты,
yeliknursultan@gmail.com

Н.В.ГОГОЛЬ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ САХНАСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Н.В.Гогольдің «Үйлену» мен «Ревизор» пьесаларының интерпретациясымен байланысты қазақ театрындағы жаңа үдерістер айқындалған. М.Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театры мен С.Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық қазақ драма театрының қойылымдары қарастырылған. Режиссерлік интерпретация, актерлік ойын мен сценографияға талдау жасалған. Гогольдің пьесалары қазақ театрының дәстүрлері мен театр өнеріндегі әлемдік тенденциялардың арасындағы ерекше байланыс орнатуда деген қорытынды жасалды.

Кілт сөздер: қазақ театры, классика, гоголь, қойылым, орыс драматургиясы, режиссер, актер.

Резюме. Отмечаются новые процессы в казахском театре, связанные с интерпретацией двух пьес Н.В.Гоголя «Женитьба» и «Ревизор». Рассматриваются спектакли Казахского академического театра драмы им.М.Ауэзова и Северо-Казахстанского областного казахского театра драмы им.С.Муканова. Дан анализ режиссерской интерпретации, актерской игре и сценографии. Сделан вывод о том, что пьесы Гоголя оказались своеобразным связующим звеном между традициями казахского театра и мировыми тенденциями в театральном искусстве.

Ключевые слова: казахский театр, классика, Гоголь, постановка, русская драматургия, режиссер, актер.

Summary. The author points out new processes of Kazakh Theater associated with the interpretation of Nikolai Gogol's two plays "Marriage" and "Inspector". The article deals with the performances of Kazakh Academic Drama Theater named M.Auezov and North Kazakhstan regional Kazakh Music and Drama Theatre named after S.Mukanov. The article analyzes the director's interpretation, acting and scenography. The author concludes that Gogol's plays were a kind of link between the traditions of Kazakh Theater and global trends of theater.

Keywords: Kazakh theater, classic, Gogol, direction, Russian drama, experiment, director, actor.

Қазақ сахнасы аударма пьесаларды қоюды репертуар қорын молайтудың, актерлердің шеберлігі мен білімін, ұжымның көркемдік деңгейін әлемдік өнер биігіне көтерудің сара жолы деп түсінді. Жалпы қай кезде болмасын, шетел, соның ішінде орыс драматургиясының сахналануы театр ұжымы үшін жаңа деңгейді бағындыру болып табылатыны

анық. Осы арқылы театр жаңа мәдениетпен ғана емес, жаңа әлеммен, актерлік өнерге серпіліс алып келетін тың дүниелермен танысады. Сол себепті де аударма пьесалардың сахналануы ешқашан да өз маңыздылығын жоғалтпайды.

Кезінде Н.В.Гоголь театрды трибунаға балап кетті. Ал, Т.Жаманқұлов «Театр мектеп емес, мешіт емес. Театр үйретпейді, үгіттемейді, уағыз айтпайды. Театр – эстетикалық орын, саясаттың да құралы емес. Грамматика тілімен айтқанда, театр өткен шақ, осы шақ, келер шақты қамшының өріміндей қосып ширатқан өнер ордасы десек, қателеспейтін шығармыз» [1. 168] – деген сөздерінен бүгінгі театрдың көрерменге берер функциясы өзгергенін байқауға болады. Дегенмен де, әр қойылым көрерменге тек эстетикалық ләззатты ұсынбай, сонымен қатар өз заманының өзекті мәселелерімен үндесіп жатуы да заңдылық.

Орыстың әйгілі жазушысы Николай Васильевич Гогольдің шығармашылығын замандастары көп түсіне қоймай, классицизм драматургиясының заңдылықтарын бұзушы ретінде, тілінің қарабайырлығын, қисынсыз сюжеттерін бетіне басып, көркем сөзінің поэтикасын түсінбегендер аз болмады. Тек ХХ ғасырдан бастап қана оның шығармаларына қызуғышылық арта түсті. «Үйлену» – пьесасы шыққаннан кейін Чехов пен Достоевскийге дейін орыс ұлтының мәңгілік құндылықтары мен өздеріне ғана мінез-құлықтары дәріптелген шығарманы тек Гоголь жасай алды деген ұғымның сақталуы да тегін болмаса керек. Себебі мұнда орыс халқының жаны мен рухы дәл қалпында суреттеліп, нешеме ғасыр бойы өздерін өзге ұлт алдында дәріптеуге мүмкіндік алып келеді. Аталмыш қойылым әлем театрының тарихында ең алғаш рет 1842 жылы 9 желтоқсан күні Александр театрында сахналанған болатын. Сондықтан да болар, 9 жыл бойы жазылған бұл шығарма орыстың тұңғыш тұрмыстық комедиясы болып саналып келеді.

Сюжет бойынша, кейіпкерлер байлыққа мастанып өздерінің теңін іздейді. Өзімшіл, таяз мінезге ие болып кеткенін өздері де байқамаған олар құндылығын жоғалтпайтын пьесаның өзегіне арқау болып отыр.

1868 жылы қойылым желісі бойынша М. П. Мусоргский опера жазса, 1936 жылы Эраст Гарин мен Хеся Локшина, 1977 жылы режиссёр В.Мельников сюжетін сақтай отырып, фильм экранизациясын жасады.

Н.В.Гогольдың «Үйленуі» М.Әуезов атындағы академиялық театрдың сахнасында алғаш рет 1965

жылы Н.Жантөриннің режиссерлігімен қойылған болатын. Ал соңғы сахналанған екі бөлімді комедиялық қойылымның режиссері – В.И.Захаров. Ол қойылымды орыс психологиялық театрының ұлы заңдылықтарын сақтап, таза классикалық бағытта қойып шықты. «Үйлену» бұл – орыс жанының нағыз энциклопедиясы деген анықтаманы Әуезов сахнасындағы қойылымнан да аңғаруға болады. Себебі түпнұсқа бойынша еш өзгеріссіз, басқа классикалар сынды қазақыланбай, өз мақсатын сақтай отырып сахналанды. Шымылдық ашылғаннан бастап кейіпкерлерсіз-ақ дәл гогольдік дәуірден хабар беретін қара қоңыр қалың ағаштан жасалған жиһаздардан құралған реквизиттер де оның классикалық бағытта ойналатындығынан бірден сыр беріп тұрды.

Режиссер тарапынан пьесаның аздаған қысқартуларға ұшырағанын байқауға болады. Себебі кейіпкерлер санының қысқаруы мен дәл орыс сахнасындай спектакль уақыты сақтала бермейтін театр үшін 2 сағатқа жуық уақыттың өзі біраз ұзақтау көрінді.

Классикалық шығармаларды сахналаудың өзіндік жеңілдігі бар. Ерекшелігін арттыру, өзінің режиссерлік көзқарасын айқындау мақсатында байқаусызда жалпы формасын бұзып алмаса, спектакльдің сәтті шығуына деген мүмкіндік көп. Себебі мұнда еш қиындық туғызбайтын кәсіби драматургия бар. Бір жағынан Қазақстандағы академиялық деңгейі бар театрдың ең талантты актерлер шоғыры болғандықтан да көрерменнің көңілінен шығып, театртанушылардың жоғары бағасына ие болмауға құқығы жоқ. Ең бастысы режиссер пьесаның тұтастығын бұзбауға тырысқан. Өйткені қойылымдағы құнды ойлардың барлығын түпнұсқадан алып, леп белгілермен салмақты акцент жасай алған.

Рөлдерде Агафья Тихонованы – К.Шаяхметова, Арина Пантелеймонованы – М.Омарова, Подколесинді – А.Боранбай, Кочкарёвті Д.Ақмолда жетер жеріне жеткізіп тұрып, жоғары кәсіби шеберлікпен сомдады.

Дворянға күйеуге шығуды армандаған көпес қызы Агафьяға танысуға келген күйеулер небір күлдіргі жағдайларға тап болады. Қыз көруге келген күйеулер Подколесин, Яичница, Анучкин, Жевакин және Стариковты сомдаған Б.Манжигитов, Ж.Толғанбай, Б.Қожа сынды актерлердің әрқайсысы әртүрлі образдарды сомдауда актерлік ойындағы ұтымды шешімдерімен ерекшеленді. Анучкиннің арақ ішкендегі оқыс қимылдары, Жевакиннің биі, Дуняшаның қонақтарды күтіп алуы сынды оқиғалар қойылым барысын барынша аша түсті. Жай ғана үнсіз үй қызметшісі бола тұра Дуняшаның рөлі өзіндік өрнегімен көрермен есінде сақтала білді. Сондықтан да қойылымның сәтті шығуын режиссер В.Захаровтың кейіпкерлерге актерлерді ұтымды таңдай білгенімен байланысты-

руға болады.

Екі басты рольдегі Подколесин мен Агафья Тихоновалар – басынан аяғынан дейін алдын-ала жүйеге түсірілген кейіпкерлер. Тіпті Подколесиннің терезеден секіруі де жай ғана кезекті әрекеті емес, тұрмыс құрсауынан шыға алмай қалған кейіпкер күшінің темпераментті шарықтау шегі еді. Сондай-ақ, мұнда негізінен екі кейіпкер де өздеріне не керек екендерін нақты білмейді, сондықтан да олардың өміріне үшінші кейіпкердің араласуы заңды құбылыс болып көрінді. Нәтижесінде сахнада жай ғана тұрмыс-тіршілік деңгейіндегі комедия ғана емес, бейықтимал логика мен күтпеген әрекеттерге толы фантазмагория шықты.

Мұнда автор жеке шағын отбасындағы интригаларды дамыта отырып, бүкіл бір қаланың өмірін суреттейді. Бұл тәсілі арқылы туындының әлеуметтік аумағын кеңейтіп, діттеген мақсатына жетуін көздейді. Гоголь шығармаларының бір ерекшелігі – қойылымда маңызды роль атқарып, оқиға дамуына тікелей ат салысып отырмаса да ерекше белгілері арқылы есте қаларлық кейіпкерлер галереясын жасай білуі. Акинф Степанович, Жевакин сынды кейіпкерлер соның көрінісі.

Комедиялық спектакльдегі кейіпкерлердің көпшілігі «екіжақты», яғни мұндағы бейнелер жұп болып өнер көрсетеді. Әр жұп өздігінше бірігіп алып, көрермендер тарапынан күлкі шақырады. Агафья Тихоновна мен Подколесин жұбының мақсаттары да оларды байланыстыратын сезімдері де бір. Ол – қорқыныш. Екінші жұп кәсіби жеңгетай Фекла мен Кочкарёвтан құралады. Кочкарёвтің Фёкладан бір айырмашылығы, досын не мақсатта үйлендірейін деп жүргенін өзі де білмейді. Үшінші жұп – Подколесин мен Кочкарёвтан құралған жолы болмайтын адамдардан тұрады. Бұл екі жақтылық параллелизм қойылымдағы әрекеттердің нәтижелілігіне комедиялық ампуалардың бірігіуіне ықпалын тигізеді.

Егер комедиялық қойылымды реализмдік тұрғыда қарастырып көрер болсақ, бірнеше тип бойынша саралап алуға болады. Подколесин өз мақсатына әрекетсіз, тек сөз жүзінде ғана жететін адамның типін құраса, Кочкарёв өз энергиясын өзі де түсінбейтін бос әрекеттерге жұмсайтын типті толықтырып тұр. Сондықтан да Кочкарёв өзінің сағым жоспарына қол жеткізу үшін алдау, ойдан құрастыру әрекеттеріне жол беріп отыр. Оны сомдаған Дулыға Ақмолданың актерлік шеберлігінің арқасында сырт көзге досының бақыты үшін жанталасқан жағымды адам ретінде көрінгенімен, астарында сұрықсыз әрекеттер де қылаң беріп тұрды.

Агафья Тихоновна – өз өміріндегі таңдауды жасай алмайтын бай қалыңдық типі. Оның пайымындағы еш мінсіз күйеу жасау әрекеті комедияның ең өзекті күлкілі сәттерінің бірі. Бұл оқиғалар әсіресе актриса Күнсұлу Тұрғынбекқызының ролінде одан

сайын жанданып, актрисаның тек өзіне ғана тән қылығымен қойылым көркін қыздыра түсті.

Автор бұл пьесасында 20 ғасыр драматургиясында кең таралған өзінің ең сүйікті тәсіліне арқа сүйеген. Ол тәсіл бойынша сюжет оқиғасы мен кейіпкерлерінің әрекеттерін абсурд деңгейіне дейін алып келеді. Кейіпкерлер тарапынан қарағанда терезеден секіретін шешімін қоспасақ, бұл жай ғана күнделікті әрекет ретінде қабылданады. Себебі драматургтің тереземен байланыс орнатуы комедиясының ең тапқыр тұстарының бірі болып саналады.

Бұдан бөлек режиссер әр кейіпкердің дара тұлға ретінде ашылуына барынша назар аударған, сол себепті де актерлік ойын нәтижесі бір-біріне ұқсамайтын образдарды дүниеге алып келді. «Актер самостоятельно создает сценический характер, и в то же время он без режиссера не может завершить сценическую фигуру в общем художественном полотне – спектакле», [2. 316] – дейді белді педагог, театр теоретигі, режиссер А.Попов. Қойылымдағы әр актер өзінше еңбек ететін болса, толыққандылық, ансамбль түзілмесі анық. Осыны жіті түсінген режиссер Захаров кейіпкерлердің барынша ашыла түсуіне, бейне жасаудағы ерекшеліктерін есепке ала отырып, актерлердің мүмкіндіктерін барынша танытуға тырысты. Режиссер спектакльдің бірінші сахнасынан соңғы көрінісіне дейін кейіпкерлердің, актерлердің өсуін, оқиғалардың күрделеніп бара жатқандығын шебер көрсете білді.

Н.В.Гогольдің келесі танымал пьесасы – «Ревизоры» жазылған күнінен бастап сахна төрінен түспей келе жатқан шығармалардың бірі. Бұл шығарма 2016 жылы С.Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық драма театрында Тәжікстандық талантты режиссер Б.Абдуразковтың режиссерлігімен сахналанды. Расында бұл шығармаға ешқандай да уақыт құрығын сала алмады. Себебі «Ревизор» өткен оқиға емес, дәл бүгінгі шындық еді.

Қойылымда айтылатын репликалардың құндылығы мен қажеттілігі арқылы гогольдік сатиралардың қаншама заман өтсе де еш өзгермейтін адамдардың жүрегіне тура бағытталғандығын байқауға болады. Бұл пьесасымен драматург қоғамдағы болып жатқан келеңсіздіктер мен жемқорлықты көрермендер сотына ұсынуды жөн көреді. Негізі олармен күресудің жолдары көп еді. Алайда күлдіру тәсілі ең өнімді тәсіл ретінде қашан да қала бермекші. Көрермендер бастапқы кезде жан-тәнімен күліп отырғанымен, қойылым соңына қарай езуін жиып ойлана бастайды. Себебі олар барлығынан айырылып, мелшиіп отырған күйі катарсис сезімін өткереді. Осылайша, тарихи колориттер мен бүгінгі заманауи логика бірізділікпен реттеліп қана қоймай, гоголь комедиясына жаңаша өң беруімен көрерменді күлдіре отырып ойлантады.

«Мен «Ревизорда» барлық ақымақтықтардың басын қосуға тырыстым» деп Н.В.Гогольдің өзі нұсқап кеткендей, мұнда режиссер Б.Абдуразаков қазақ халқында кездесетін барлық ақымақтықтарды да астарлы түрде көрсетуді жөн көрген. Хлестаковқа қазақша шапан жауып, тақия кигізіп, кейіпкерлерге «Ей, ку арақ», «Мария-Магдалена», «Көтерейік қане достар» әндерін айтқызып билетеді. Диалогтар мен монологтарға бүгінгі күннің негізгі терминдеріне айналған «вилла», «шанель», «бассейн» сөздерін қосу арқылы қазіргінің байларының кейіпін көрсеткісі келеді. Бай болғанда да шектен шықпай, тек сол Хлестаковтың айналасында, яғни, шындықтан алыс, құрғақ сөзбен-ақ өз өтірігіне өзі сенген кейіпкерді шығарады.

Бейнелерді кейіптеуде әсіресе Антон Антоновичтың (актер Б.Шамбетов) әйелі мен қызының мінез-құлқын шеберлікпен таңдаған. Оларды көріп отырып, қай заманда да аңқау байлар мен олардың дабыраға жақын әйелдерінің бейнесі әрқашан көз алдына орала береді. Хлестаков бейнесін артист А.Разиев жарқын бейнелейді. Хлестаков – А.Разиевқа әкесі, қызметшісі, айналасы – бәрі бәрі қарыздар, оның жағдайын жасауға міндетті. Актер ойынынан ортасынан, қоғамнан тек алуды білетін, алып үйренген, бірақ берері жоқ бүгінгі күннің тоғышары да танылады. Спектакльде Хлестаков ортаға, жағдайға тез бейімделгіш, қай жерден қалай алуды жақсы білетін жан.

Б.Абдуразаков басқа режиссерлердің жолына түсіп, спектакльді бастапқы классикалық құндылығынан айырып, тым заманауиландырып жібермейді. Сахна декорациялар мен костюмдердің көмегімен 19 ғасырдың алғашқы жартысындағы николай дәуіріндегі Ресей қоғамынан хабар беріп тұр. Қоюшы суретші де қиялына ерік беріп, автор пьесасында қарастырмаған детальдарды ұтымды ойлап таба білген. Мысалы, пьесада тек «Городничный үйіндегі бөлме» деп қана сілтеме жасалған болса, суретші сахнаны сол кейіпкердің болмысына сай реквизиттармен жабдықтады. «Ал заманауи деп отырғанымыз – спектакль басында Ляпкин-Тяпкин рөліндегі Б.Мамытбековтың сахнаға молда кейпінде шығуы. Өз бөлмесінде отырғанда – жалаңаш қыздардың суретін көруді әдетке айналдырған әзәзіл, ал сыртқа шыққанда дін туралы айтып, жол сілтейтін періштедей көрінген кейіпкердің шындығын өзі секілді шенеуніктер әшкерелегеннен кейін шапаны ар-ұятының символындай болып шешілуі өте ұтымды болғаны анық» [3. 49] – деп премьерадан кейін жас театртанушы Ұ.Токаева жазды.

Режиссерлік шешім бойынша сахнадағы әрекеттер біртіндеп темп алып, айналымға келе бастайды. Тек режиссер дидактикалық құрылымдағы актерлік тәсілдер арқылы гогольдік текстті одан сайын ауырлатып морализаторлық құндылығын арттыруды жөн көрмеген. Себебі, қанша дегенмен

де комедия жанрында болғандықтан ешқандай да ауырлық салмай, оны барынша жеңіл ойнатуға акцент жасады. Бұл шешім актерлік ансамбль тарапынан да қолдауға ие болып, олар дәстүрлі классикалық туындыны сомдау арқылы сахна рахатына бөлене білді.

Қойылымның барлық антуражы жеткілікті деңгейде еріктілікке құрылған. Себебі, бұл – режиссер Б.Абдуразаковтың актерлерге жасаған кеңістігінде ізденуге мүмкіндік берді. Әр актер өздігінше ізденіп, өз танымы бойынша кейіпкерін шығарып ортаға салады, кейінен ғана режиссер тарапынан толықтырулар мен қысқартуларға ұшырап, бейнелер ұштала бастайды. Қызықты сюжет пен интригалар, оқиғалардың күтпеген жерден теріс айналулары шоғырланған нағыз драматургияға сусап жүрген актерлер сахнада армансыз өнер көрсетті.

Режиссер Хлестаковқа тура Гогольдың көзқарасы бойынша қараған. Өте кішкентай, бос орын мен қуыс кеуде. Бұл тенеулер дәл Хлестаковқа бағытталған болатын. Алайда, сол бос орынды сомдау, оны рольмен толтыру оңай болмайтыны анық. Бос орынды ойлау жүйесі арқылы бүгінде нағыз «маңызды» адам болып отырған символикалық бос орындармен толтыра білу шеберлігі тіптен қиын. Бұл қиындықты актер режиссердің тікелей көмегі арқылы еңсере білген. Мұнда да Хлестаков көптеген басқа қойылымдардағыдай секендеп, жеңілтек болып ойнағанымен өзіне сай салмақты арқалап алып шықты.

Дәлелденгені классикалық қойылымға деген көзқарас әртүрлі болып келеді. Тіпті әр көрерменнің қойылым туралы өзіндік көзқарасы мен күтетін нәтижелері болады. Қай кейіпкер өзін қалай ұстауы керек, қай жерде қалай сөйлеуі керек деген сұрақтар тұрғысында алдын-ала оқылған пьеса бойынша барлығы біліп алатындықтан, театр кеңістігінде пікірлердің үлкен қақтығысы орын алатындығы белгілі. Ал бұл нағыз классикалық қойылымға тән белгілердің бірі.

Б.Абдуразаков қазақ театры үшін үлкен жаңалықтың бірі – сахнаға актерлермен қатар музыканттарды да шығарғанында. Камералық оркестр үш сағатқа созылған қойылымды сүйемелдеп отыруы шығарманың мазмұнын аша түсті. Режиссерлік өнер көркем туындының бірінғай гармониялық

толыққандылығын жасауды мақсат ете отырып, спектакльдегі барлық элементтермен шығармашылық ұйым құрады. Бұл мақсатқа режиссер өзінің түпкі ойы арқылы және пьесаның сахналық нұсқасын жасау барысындағы ұжымдық жұмыстың барлық қатысушыларына шығармашылық тұрғыдан көшбасшылық қызметін жүзеге асыру арқылы жетеді. Режиссураның арқасында спектакль толық стилистикалық бірлікке және ортақ идеялық мақсатқа ие болады. Сол себепті де спектакльге қойылған идеялық-эстетикалық талаптардың өсуінен режиссерлік өнер түсінігі мен оның түрлі театр компоненттеріндегі рөлі үздіксіз өсіп отырады. Б.Абдуразаковтың бұл қойылымы көрермендерін негізінен ойлантуға емес, көңілін көтеруге бағытталып жүрген театр үшін сөзсіз жетістік болды. Себебі, Б.Абдуразаков мұнда екі ортаны да ұстай білді. Көрермендер оқиғаның даму барысына дейін жай ғана оқиғаға тамсанып күліп отырса, оқиғаның шешіміне қарай терең ойлануға кірісті. Яғни, ұлы драматургтің бастапқы ұлы миссиясы орындалды.

Жоғарыда қарастырылған «Үйлену» мен «Ревизор» қойылымдары қазақ сахнасында қойылғанымен де, екеуінің де режиссері шетелден шақыртылған мамандар. В.И.Захаров Ресейдің, Б.Абдуразаков Тәжікстанның бетке ұстар режиссерлары. Олардың қазақ актерларымен шетел драматургиясын сахналауы ұлттық өнеріміздің көркемдік деңгейін көтеріп, басқа ұлт режиссерларының жұмыс істеу мәнерімен таныстырады. Қазақ актерлары үшін бұндай тәжірибе алмасу үлкен мектеп. Өйткені, осындай мамандардың арқасында бүгінгі заманауи шешімдер мен тәсілдердің көркемдігін бағалап, халықаралық театр аренасына шығуына мүмкіндік алады.

Қолданған әдебиеттер:

1. Т.Әл Тарази. Наз: (Ғұмырнамалық хикаят, қаз қалпындағы құжаттар, мақала портреттер). – Алматы: Нұрлы Әлем, 2001. – 288 б.
2. Попов А.Д. Художественная целостность спектакля. – М.: ВТО, 1979. – 519 с.
3. Тоқаева Ұ. Қызылжарда «Ревизор» жаңаша сөйледі // Театр.kz. – 2015 – № 5.

Уразбаева Шарипа

«Кино теориясы мен тарихы» кафедрасының 3-курс докторанты PhD
Т. Жүргенов атындағы ҚазҰОА, e-mail: shari.11@mail.ru

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ КӨРІНІС ТАБУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Резюме. Статъя на тему: «Особенности отражения гендерных проблем в современном казахском кино» посвящена исследованию особенностей данного вопроса в истории мировой философии и казахской литературе. А также автор данной статьи показывает, как раскрывается данная тематика в современном казахском кино.

Summary. Article named: “Features of the reflection of gender problems in modern Kazakh cinema” is devoted to the research of the peculiarities of this matter in the history of world philosophy and the Kazakh literature. And also the author of this article shows, how this subject reveals in the modern Kazakh cinema.

Түйін. Бұл «Заманауи қазақ киносындағы гендерлік мәселелердің көрініс табу ерекшеліктері» тақырыбында жазылған мақала осы мәселенің әлемдік философия тарихында және қазақ әдебиетінде көрініс табу ерекшеліктеріне арналған. Автор осы мәселенің қазіргі қазақ киносындағы көрініс табу ерекшеліктерін ашып көрсеткен.

Қазіргі заманғы әлемдік үдерістер кезеңінде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және саяси өзгерістер қоғамда жыныстық рөлдердің өзара қатынастарын «маскулистік» және «феминистік» мәдени-әлеуметтік стереотиптерінің трансформациясына айтарлықтай өзгерістер әкелуде. Солардың әсерінен қазіргі қоғамда жыныс мәселесінің өзектілігі жеке өмір аясында ғана қызығушылық танытып қоймай, сонымен қатар өнер, ғылым саласында және саяси қоғамда сананың гендерлік парадигмасының орын алуына әкеп соқтырып, екі жыныстың серіктестігі мен ынтымақтастығына ауысу жағына бірте-бірте өзгеруін көрсетеді. Сондықтан да әйел және ер адам тұрғыда бір визуалдық жүйенің екіншісіне өту кезеңінде гендерлік бірегей репрезентация өсіңкілігін бақылау өте маңызды. Осы тұста визуальды қалыптасқан бейнелер мен мүдделердің объективті және субъективті шындық көзқарастың қалыптасуына әсерін айшықтау қажет. Сонымен қатар ер және әйел адам арасындағы қарым-қатынастың зерделенуі, әлеуметтік рөлдердің айырым белгісі, барабарлық және жеңсіздік «жыныс», «гендер» түсінігінің дифференциалдық ізденушілерінің аясында, ғылыми тұрғыда жаһандық тендерлік ізденістердің қалыптасуында бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін зорлықсыз өмір сүрудің идеалдарын, барлық адамзатқа ортақ құндылықтық негіздерін іздеу қажетті-

гі туып отыр. Осындай жағдайда гендер мәселесін дәстүрлі дүнитаным шеңберінде қарастырып, зерделеп, гендерлік қырларын тарихи-философиялық тұрғыда зерттеудің мәні зор. Жыныстардың қоғамдық рөлі, үрдістер мен стереотиптер ұрпақтан ұрпаққа дәстүр бойынша жалғасып келе жатқандықтан, тамыры тереңге кеткен түсініктер негізінде қалыптасқан гендерлік қатынастарға байланысты түсініктерінің эволюциялық жолын түсіну аса маңызды.

Философия тарихында жалпы «еркек», «әйел» деп аталатын түсініктер категориялары философиялық сөздік құрамына кірмей, шындықты игерудің пәлсапалық деңгейі ретінде мифологиялық дүнитаным үлесі болып саналды. Жыныстық бастау туралы ойлар Аристотель, Платон сияқты ежелгі антик мәдениетінің ойшылдарының еңбектерінде де жиі кездеседі. Одан бөртін келе ортағасырларда жыныстық қатынастар мәселесі ауқымдана түсіп діни концепциялар негізінде қарастырыла бастады. Жыныс арасындағы теңдік мәселесі марксизм кезеңінде де көрініс тауып, капиталистік эксплуатацияны сынаумен қатар қоғамда әйел мәселесін көтерумен де айықтанды. XIX ғасыр кезеңінде индустриалдық капитализмнің өркендеуі, сонымен қоса жаңа парадигмалардың пайда болуы салдарынан Америка, Еуропа елдерінде әйелдердің еркектермен бірдей құқықтарын талап еткен феминизм идеологиясы пайда болды. Өткен ғасырдың басында «Әйел теңдігі» мәселесі қазақ жазушыларының көптеген шығармаларының өзекті тақырыбына да айналды. Оны біз, М. Жұмабаевтың, С. Мұқановтың, Ғ. Мүсіреповтың шығармаларынан айқын көре аламыз. Сонымен қатар көгілдір экран бетінде «Райхан» (реж. Моисей Левин, Сергей Бартенев, 1940), «Дала кызы» (реж. Ш. Айманов, К. Геккел, 1954), «Ботагөз» (реж. Ефим Арон, 1957) және т.б. кеңестік кезең кезіндегі қазақ киносында да «қазақ әйелінің» мәселесі кең ауқымда көрсетіліп, әйелдің теңсіздігі мен ауыр тұрмысы жайлы баяндалды.

XX ғасырдың 70-шы жылдарында «Гендер» түсінігі пайда болып, жыныстың әлеуметтік теориясы қалыптаса бастады. «Гендер» ұғымы ағылшын тілінен аударылғанда «тек» деген мағына беріп, «әйел», «еркек» екі биологиялық жыныс және екі әлеуметтік құрастырылым екенін көрсетеді. Гендер тақырыбы сондай-ақ, жаңа заман философияларының: И. Канттың, Г.В.Ф. Гегельдің, А. Шопенгауэрдің, З. Фрейдтің және т.б. шығармаларында

сөз болды. Сонымен қатар жыныстың әлеуметтік теориясының дамуына К.Г. Юнг пен А. Адлер тәрізді психоаналитиктердің, сондай-ақ Э. Бадинтер, Э. Берн, Дж. Бернхард, М. Мид, С. де Бовуар, Б. Фридан, К. Миллет сияқты феминист-зерттеушілердің, В.Е. Коган, И.С. Кон, У. Мастерс, К. Хорни секілді ғалымдардың және де М. Фуко, Ж. Лакан, Ж. Деррида, Ж. Делез, Ф. Гваттари сияқты постмодернистердің еңбектері де үлкен үлес қосты. XX ғасырдың 70-шы жылдарына феменистік зерттеулер кеңінен өріс алып, 80-90 жылдары гендерлік ілім – жыныстың әлеуметтік теориясы барлық қоғамдық ғылымдарға кеңінен тарала бастады. Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін ТМД елдерінде гендер мәселесі көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналып, ғылымның бірнеше саласында психологияда, тарихта, философияда, этнологияда, саясаттануда, әлеуметтануда, экономикада, әдебиеттануда, лингвистикада қолданыла бастады.

Қазақстан жерінде «гендер» мәселесін зерттеу ең жас сала болып табылады және бұл қоғамда кеңінен көтеріліп дамуы XX ғасырдың соңына тұспа тұс келеді. Елімізде гендерлік зерттеулердің өрістеуіне үлкен үлес қосқан көрнекті ғалымдар: Н.А. Усачёва [1], З.М. Кодар [2], З.А. Мукашев [3].

Ұлттық ғылым академиясының академигі Ә.Н. Нысанбаев айтуынша: «Соңғы он шақты жылда «гендер» терминін ғалымдар да, практиктер де кең қолданып жүр. Бірақ, солай бола тұрса да, осы терминнің дұрыс түсінілуі ылғи кездесе бермейді. Біреулер оны «биологиялық жыныс» сөзінің синонимі деп түсінеді. Біреулер «гендер» терминін әлеуметтік өмірдің тек қана әйелдерге қатысты әр түрлі қырлары мен қатынастарымен сәйкестендіреді. Бірақ гендердің осы түсініктемелерінің ешқайсысы дұрыс емес, себебі екеуінде де ең басты екі элемент – еркек пен қоғам түсіп қалған. Біз түсінеміз бе, жоқ па, бірақ гендер біздің қоғамдарымыздың ең басты іргетастық ұйымдастырушылық принциптерінің бірі болып табылады. Сондықтан, гендердің дұрыс түсінілуі біздің өзімізді еркектер мен әйелдерді жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Биологиялық табиғатына сәйкес адам жыныстық қатынаста тек еркек немесе әйел болады. Әр жыныс ұрпақ келтіруде тек өзіне табиғаттан берілген функциясын орындайды. Жыныс адамның туа болған, адам өмірінде өзгермейтін сипаты болып табылады. Ал енді белгілі бір қоғамда еркек немесе әйел болу деген не екенін қарастырсақ, біз гендерлік зерттеулер саласына түсеміз» [4] деген пікірі көңіл аударуды қажет етеді.

Кино өнері «ер азамат» немесе «әйел» деп бөлінбейді, бірақ дегенменде кино тарихында «режиссура» әйел адам мамандығы емес, нағыз ер азаматтарға тән мамандық деген түсінік қалыптасқан. Соған қарамастан қазіргі таңда көптеген Батыс елдері гендерлік теңдік сақтауға тырысып еңбек

ресурсының 50 пайызын әйел адамдарға беруге тырысып бағуда. Ал қазақ киносы тарихындағы ең алғашқы әйел режиссер КСРО кинематографының үздігі, Қазақстанға еңбек сіңірген өнер қайраткері Дариға Тналина болды. Ол Мәскеудегі Мемлекеттік Кинематографистер институтында (ВГИК) актер шеберлігі мамандығын бітіріп, ең алғаш өзінің кинодағы жолын 1941 жылы режиссері Марк Донскийдің «Романтики» фильмінде Тинь-Тинь деп аталатын басты рөл сомдаумен бастаған. Ұлы Отан соғысы жылдары Біріккен Киностудиялар Орталығында (ЦОКС) режиссерлік мамандыққа бет бұрып, 1956 жылы Дариға Тналина режиссер Александр Птушконың «Илья Муромец» фильмінде екінші режиссер ретінде қызметке қабылданды. Оның режиссер ретінде өз бетінше түсірген «И в шутку, и всерьез» атты алғашқы көркемсуретті фильмі 1963 жылы экранға шыққан. Бұл фильм қызық оқиғаға толы, көңілді, адамгершілігі мол үш новелладан тұрады. Дариға Тналина Қырғызстан, Өзбекстан, Украина елдерінде көптеген фильмдер түсірілімдеріне қатысқан. Атақты режиссер Александр Довженко Дариға Тналинаны өз оқушысы санап, оны Кеңестік Орталық Азия елдерінің ең алғашқы әйел-режиссері деп атаған. 1964 жылынан бастап Тналина «Қазақфильм» киностудиясында көптеген фильмдерді қазақ тіліне дубляж жасау қызметімен айналысқан.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап қазақ киносында әйел-режиссерлер түсірген фильмдер экранға шығып, көркемдік бейнелеу барысында қызықты формалар қалыптасып, кинематографиялық қолтаңбалары ізденіс үстінде екені көріне бастады. Деректі фильм түсірумен айналысып жүрген режиссер Әсия Сулеева 1986 жылы өзінің «Ауылым көктөбенің бөктерінде» деп аталатын ең алғашқы көркемсуретті фильмін түсіреді. Балалар тақырыбына арналған бұл фильм көптеген халықаралық кинофестивальдарға қатысып, соның ішінде КСРО Жастар комитетінің жұлдесін жеңіп алған. Фильм желісі бойынша басты кейіпкер Арман қазақтың кең даласында туып, өскен бала. Оның басты арманы шопаншы болу. Әкесі оны қалаға бірінші сыныпқа интернатқа береді. Алайда кең даланың ауасын тыныстап, емін-еркін өскен Арман қаланың өміріне үйренісе алмайды. Интернатта оқып жүргенде актер Димаш Құдайбергенов сомдаған Ғұбайдулланың жаңадан алған «Жигули» маркалы көлігін оқыста зақымдап алып, ауылына қашып кетеді. Аяқ асты үйге қайтып келген баласының бір нәрсе бұлдіріп келгенін түсінген әкесі көліктің жөндей ақысына деп бір қойды салып, оны қалаға интернатқа қайта әкеледі. Әкесі кетісімен Арман Ғұбайдулланың ауласында байлаулы тұрған қойын жетелеп, жаяулап ауылға жолға шығады. «Егер балалар фильмінің басты мақсаты – жас ұрпаққа эстетикалық тәлім берер мүмкіндіктері десек, Әсия Сулееваның «Ауылым көктөбенің

бөктерінде» фильмінде осы басты бағыт ұлттық ерекшелікпен аса шебер үйлесімділік тапқан» деп жазады белгілі сыншылар [5, 253 б.] Әсия Сулева 1994 жылы «Бақыт іздеушілер» деп аталатын сериал, 2001 жылы «Волшебный спонсор» атты көркемсуретті фильм түсірген. Ал 2013 жылы Әсия Сулева балалар тақырыбына қайта оралып, «Жеңіс семсері» деп аталатын қиял – ғажайып ертегі жанрында түсірілген туындысын көрермендерге ұсынады.

Сексенінші жылдар ортасында кинодағы шығармашылық жолын қоюшы режиссер ретінде бастаған Лейла Аранышеваның «Тройной прыжок пантеры» (1986) фильмі Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналды. Фильм желісі бойынша Қазақстан жері арқылы өтетін неміс диверсанттарын қолға түсіру мақсатында командир Абдрахманов бастаған жауынгерлердің жасаған ерліктері көрсетілген. Соғыс тақырыбына арналған фильмдерінің бірі – 2000 жылы продюсер Саин Ғабдуллиннің қолдауымен түсірген «Әуе тарландары» фильмінде сержант Алексей Буров бастаған әуе қорғаныс күштерінің бір бөлімшесі жауынгерлерінің шекараны заңсыз өткелі жатқан наркотик сатушыларды құрықтау операциясы баяндалады. Лейла Аранышева сонымен қатар өзге жанрдағы «Бірге» (1988), «И увидел во сне» (1995) атты туындыларын көрермендер назарына ұсынған.

90-жылдар кезеңінде кинотуындыларда әлеуметтік тақырыптар аса маңызды рөл атқарып, жеке адамның қоғамдағы орны, оған деген көзқарасы тақырыбында түсірілген фильмдер экранға шыға бастады. Жазушы Дулат Исабековтың «Тіршілік» деп аталатын повестінің желісі бойынша түсірілген Ұлжан Қолдауованың «Намыс» атты фильмде құлдырап бара жатқан қоғам көрінісін көрсетті. 1994 жылы жеке студияда түсірілген бұл фильм АҚШ пен бірлесе түсірген ең алғашқы туындылардың бірі болды. Бұл фильмде қоғамдағы бай мен кедей арасындағы күрделі қарым-қатынас көрініс орын табады. Оқиға бойынша бір рудың бай отбасының отағасы өз қызын өзге рудағы байдың баласына күйеуге беруден бас тартады. Кек алу мақсатында байдың баласы Кьонкул есімді бойжеткенді алдап зорлап кетеді, абыройынан айырылған қызын үйдің отағасы шаңырағынан қуып жібереді. Осы кезде кедей отбасынан шыққан Мокдаразіл атты бозбала өз сүйіктісі Кьонкулдың арын ақтауға тырысып, өзгелермен күреске шығады. Ұлжан Қолдауова қоюшы режиссер ретінде 1997 жылы «Сағыныш» атты екінші толықметражды фильмін түсірген.

2000 жылдардың басында қазақ киносы тарихында фильм өндірісінің технологиясы өзгере бастады. Бұған дейін режиссерлердің бәрі өз туындыларын фототехникалық пленкаға түсіріп келсе, енді арзан әрі сапалы сандық көрсеткіш, яғни видео камераларға түсіру тәжірибесін шыңдауға

кірісті. Осы тұста 2004 жылы алғашқылардың бірі боп «Қазақфильм» киностудиясында «Түнгі блюз» деп аталған мелодрама жанрындағы туындысын видеокамераға түсірген режиссер Айхан Чатаева болды. Жаңа мыңжылдықтағы әлеуметтік өзгерістер, жастар арасындағы қарым-қатынас, адамдардың бірін-бірі түсінбеушілігі бейнеленген бұл фильм жеке кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесіне тереңдей бойлау арқылы көрсетілген.

14 жасында Сергей Бодровтың 1984 жылы Қазақстанда түсірген «Сладкий сок внутри травы» деп аталатын фильмінде басты рөл сомдаған актриса Гүлшат Омарова 2004 жылы «Шиза» атты алғашқы көркемсуретті режиссерлік дебют жұмысын экранға шығарды. Жасөспірімнің психологиясын, кейіпкердің ішкі жан күйзелісін сипаттау арқылы бұл фильм қоғамдағы өзекті тақырыптарды қамтиды. Осы жылы Копенгаген қаласында өткен Халықаралық кинофестивальде «Шиза» фильмі үшін Гүлшат Омарова «Ең үздік әйел-режиссер» категориясында Алиса жүлдесін жеңіп алған.

Бүгінгі кино өндірісінде әртүрлі жанрда ізденіс танытып жүрген, өз шығармашылық жолын «Қараой» деп аталатын фильмнен бастаған режиссер Жанна Исабаеваның фильмдерін ашық түрдегі қоғамның экрандағы бейнесі деуге болады. Оның әрбір жасаған кинотуындылары әлеуметтік желілерде үлкен тартыс туғызады. «Ол екі-үш жылдың алдында ғана «Ойпырым-ай» деген картина жасап көптің қазақ киносына деген таза көңілін лайлап еді. Жуырда «Алматыда пәктігінен айырылу» фильмін шығарып, өзі де абыройдан біржола айырылды, картинасы кинотеатрларда көрсетілуге тыйым салынды. Мұның бәрі қазаққа, оның салт-дәстүріне қарсы жасалып жатқан дүниелер» деп жазды Шығыс Қазақстанның басты сайты [6] Режиссер Жанна Исабаева өз берген сұхбатында былай деген: «Бұл – таза күйіндегі авторлық тәжірибе. Мен осы жобаға қатысқандардың бәріне алғыс айтамын, себебі іс басталмас бұрын-ақ үлкен тәуекелге бел буғанамыз анық болды. Алайда, мені осы жұмыстың нәтижесі қатты таң қалдырды. Кино шықты, оны мойындау керек. Фильм біреуге ұнап, біреуге ұнамауы мүмкін, алайда мен оның «өз көрермендері» барына сенімдімін» [7] Арт хаус жанрында түсірілген «Нағима» атты фильмі Европа елдерінде көптеген кинофестивальдарға қатысып, соның ішінде Давиль қаласындағы азия елдерінің киносы фестивалінде Гран-при бас жүлдесін жеңіп алды. Фильмде қоғамдағы ең басты қасірет жетім балалар, олардың тағдыры баяндалады. Автордың әлеуметтің боямасыз бейнесін экранда шынайы берудегі режиссерлік шешімі тұрпайы, тіпті плакаттық түрде көрсетілуі көрермендерді есеңгіретіп тастайды.

Деректі кино режиссурасында шығармашылық мүмкіндіктерін сынға салып жүрген Асия Байғожина, оның шәкірті Жанана Рахымбердиеваның

жұмыстары өзіндік қолтаңбасы, қозғайтын әлеуметтік тақырыбымен ерекшеленеді, онда көрсетілген мәселелер бізге бұл мәселеге нақтырақ көңіл бөлуді талап етеді.

Қорыта айтқанда, біздің ұлттық кинематограф тарихы өрлеу және тоқырау кезеңінің алмасып отыруы заңдылық. Сонымен қатар қазіргі заманауи қазақ киносында жастардың өзіндік стилинің, режиссерлік қолтаңбасының қалыптасуы, дәстүрлі мектеп жаңғырығы, шығармашылық ізденістің болуы қалыпты жағдай, осы шығармашылықтың ізденістік өрнектерінде гендерлік мәселелердің ерекше орны бар екендігі, бұл мақаланың басты мәселесі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Усачёва Н.А. *Гендерное измерение культуры*. – Дисс. на соиск. уч. степ. д.ф.н. – Караганда. – 2000. – 282 с.

2. Кодар З.М. *Интерпретация понятия «гендер» с мировоззренческо-методологических позиций // Гендерологиялық мәселелер. (Научное издание: коллективная монография)*. – Алматы: Қыздар университеті, 2014. – 283 с.

3. Мукашев З.А. *Женские образы как символы культуры*. – Алматы: Ғылым, 2004. – 318 с.

4. Нысанбаев Ә.Н. *Тәуелсіздік. Демократия. Гуманизм*. – Алматы: Философия және саясаттану институты. – 2006 ж. – 223 б.

5. *Қазақ киносының тарихы*. Б.Р. Нөгербек, Г.К. Наурызбекова, Н.Р. Мұқышева. – Алматы: ИздатМаркет, 2005. – 253 б.

6. *Altaynews. Шығыс Қазақстанның басты сайты*. 27 сәуір. – 2012 ж.

7. «Жанна Исабаева «Алматыда пәктігінен айырылу» фильмін не үшін түсіргенін айтты» *Нұр.кз әлеуметтік желі*. – 5 сәуір. 2012 ж.

Маулет Ардаби

Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА PhD докторанты,
ҚР ұлттық музейінің ғылыми қызметкері, mr.ardabi@mail.ru

КҮЙШІ ТЕРГЕУСІЗ БӘЛЕКЕЙҰЛЫ

Түйін. Бұл мақалада осы уақытқа дейін бізге беймәлім болып келген, қытайдағы күйшілік өнердің ірі тұлғаларының бірі – Тергеусіз Бәлекейұлының өмірі мен шығармашылығы жан-жақты зерттелді. Сондай-ақ сол топырақтағы рухани ортадағы Тергеусіз Бәлекейұлының шығармашылығы туралы тың деректер берілген. Бұл қазақ даласындағы күйтану ғылымына қосылған тың деректер болмақ.

Резюме. Данная статья подробно исследует жизнь и творчество одного из значительных представителей искусства кюя в Китае, чье имя нам ничего не говорило до сегодняшнего дня - Тергеусиза Балекейұлы. Предоставлен ценный материал о творчестве Тергеусиза Балекейұлы, развившемся в духовной среде той земли. Таким образом, научное познание кюя дополнено ранее неизвестной, новой информацией.

Summary. This article explores the life and work of one of the most significant representatives of kuy art in China, whose name has been unfamiliar to us so far - Tergeusiz Balekeiuly. The article provides a valuable material about the work of Tergeusiz Balekeiuly, that has developed in the spiritual environment of that land. Thus, scientific knowledge about kuy is supplemented by previously unknown, new information.

Қытайдағы қазақтарда сақталған күйшілік мектеп ескіден келе жатқан аймақтық- орындаушылық ерекшелігін таза сақтап дамыған. Ол жақтағы күйшілік мектеп туралы алғаш белгілі күйші-зерттеуші Уәли Бекенов Іле, Алтай, Тарбағатай аймақтарындағы күйшілік өнердің арыдағы өкілдері Әшім Дүңшіұлы, Қайрақбай Шәлекенұлы, Бейсенбі Дөненбайұлы, Мүкей, қатарлы күйшілердің артына қалдырған күйшілік мұрасы жайында сөз қозғап, сол өңірдің біраз күйлерін қазақ сахнасында алып шыққан. Мыне осыдан бастап Шыңжаң өңіріндегі күйлер біртіндеп қазақ даласына насихаттала бастады. Дегенмен Шыңжаң өңірінде бұл ірі күйшілерден басқада көптеген күйшілер өткен, солардың ішіндегі есімі аталмай жүрген күйшілердің бірі Тергеусіз Бәлекейұлы. (1886-1947)

Іле аймағы күйшілік мектебінің ірі тұлғаларының бірі Тергеусіз Бәлекейұлы 1886 жылы ҚХР ШУАР Іле қазақ автономиялы облысы Текес ауданының Қарағанты деген жерінде қарапайым малшы отбасында дүниеге келген. Тергеусіз дүниеге келгеннен кейін көп ұзамай рулы ел, Өртекестен[1] Қорғастың Сарбұлақ ауылына қоныс тебеді. Тергеусіздің балалық шағы Сарбұлақ ауылында өтеді.

Әкесі Бәлекей аздап домбырашы әрі өрімші кісі болған. Тергеусіз Найманның Қызай ішіндегі Көрпеш аталығынан тараған. Тергеусіз бала жастан өте қағылез, зерек болып ержетеді.



Тергеусіз Бәлекейұлы. (1886-1947)

5, 6 жасынан бастап әкесінен бірді екілі күй үйреніп тартады. 7 жасқа толғанда Тергеусіздің талантын байқаған әкесі нағашы ағасы Нұрыбектің ауылына шәкірттікке береді. Нағашысы Нұрбек халық арасында домбырашы, әрі ақын кісі болған. Нағашысының ауылында бір жылдай тұрып домбыра үйренген Тергеусіз, аз уақыттың ішінде Нұрбектің қолынан бірнеше халық күйлерін үйреніп тартады. Ауыл молдасынан ескіше оқып сауатын ашады. Көп ұзамай ауыл арасында бала домбырашы атанады. Оның күйші болып қалыптасуына әйгілі ақын, әнші, композитор Әсет Найманбайұлының ұстаздығы үлкен әсер етеді. Тергеусіз ұрпақтарының айтуынша Әсет Найманбайұлы 1920 жылдары Тарбағатайдан Ілеге жолға шығып, жол бойы қазіргі Бұратала Монғол облысына қарасты Арасан ауданының Мыңшұңқыр деген жеріндегі Қаби қажы ауылында бірнеше күн қонақ болады. Осы кезде Бұратала жерінде мал қыстатып жатқан, әйгілі Мешпет ақын[2] қасына балуан Қырықбай мен күйші Тергеусізді және құсбегі Егінбайды ертіп нағашысы Қаби қажының ауылына барады. Үш жүзге аты мәлім ақын Әсетті бір көруді армандап жүрген Мешпет ақын ағынан ақтарылып, жолдастарын Әсетке таныстырады. Шәй құйыла бастасымен Әсет төрдегі домбыраны алдырып, Тергеусізге ұсынады. Тергеусіз тартынбастан домбыраны қолына алып, атын атап бірнеше күй шертеді. Күйге қатты толқыған Әсет ақын:

Күмбірлі күй толқыды перне бойлап,
Шебер саусақ сағымдай құйғып ойнап.
Бота боздап ,қой қоздап көк жаңғырды,
Көңілдің құлынтайы салды ойнақ.
Мен неге бұған толқып құбылмайын,
Мен неге тереңімнен тұнымайын.
Құйылған қоңыр күйдің құрметіне,
Шуақтап балбырайын, жылынайын. – деп Тергеусіздің орындаған күйлерне өз тебіренісін білдіреді[3].

Қаби ауылында Әсет пен бірге бірнеше күн бірге болған Тергеусіз ақынның өнерін тамашалап, қасына еріп жүріп шәкірт болады. Бұл Тергеусіздің Әсет пен алғашқы кездесуі еді. Әсет 1921 жылдың жазында Іленің Көкқамыр жайлауына келіп, Мешпет ақынның ауылында болады. Тергеусіз Әсеттің келгенін естіп арнайы іздеп барып, біраз уақыт сауық-сайран құрып қасында болады. Екінші кездесуі 1922 жылдың шілде айында Әсет Текестегі Қозыбай ауылына арнайы шақырыла-

ды[4]. Мұны естіген Тергеусіз жоба-жолдастары мен Текестің Қаражон-Қапсалаң деген жеріне Әсетті іздеп барады. Әсет пен Тергеусіздің келгенінен хабар алған Өртекестегі күйші, ақалақшы Мазак дереу кісі жіберіп, Әсет пен Тергеусізді ауылына алдырып айырықша құрмет көрсетеді. Мазак ақалақшының ауылында Әсет құйқұлжыта ән салса, Тергеусіз күмбірлі күйге басып 10 неше күн сауық-сайран құрады. Бұл отырысқа әйгілі күйші Қожекенің баласы Рақышта шақырылып Тергеусіздер мен бірге болады. Осы кездесуде Тергеусіз ұстазы Әсеттің «Кертөлғау», және «Әсеттің ән-күйі» қатарлы күйлерін үйреніп қалады. Осы сауық-сайрандағы Әсет пен Тергеусіздің өнеріне Өртекес халқы дән риза болады.Әрі Мазак ақалақшы, үстіндегі мәуті (бағалы кездемеден тігілген) шекпенын шешіп тергеусіздің иығына жабады. Өртекес халқы мен Мазақтың сый-сияпатына риза болған Тергеусіз сол жолы «Арнау», «Өртекес» қатарлы күйлерін шығарады[5].



Тергеусіздің күйлерін жеткізуші Мәлік Әлиақынұлы (1936-2016)

1942 жылы күзде Күре жамбылына[6] қарасты аудандар арасында күйшілер жарысы мен ақындар айтысы өтеді, бұған Қорғастан Тергеусіз, Күнестен Әшім қатысып өнер көрсетіп, үлкен марапатқа ие болады. Әшімнің өнерін жоғары бағалаған Тергеусіз Сарбұлаққа шақырып, шапан жауып кайтарады. Осы жылдары ақиық ақын Таңжарық Жолдыұлы Көкқамыр жайлауына келіп, Тергеусізбен біраз күн бірге болып, күйшінің өнерінен сусындаған ақын бір өлеңінде:

Шіденің[7] кер тасынан тарттық бері,
Көтерді төбесіне торғай елі.

Тергеусіздің «Сайрамдай» күйі толқып,
Желпіді көк жайлаудың майда желі. –

деп күй құдіретін жырлайды. Жолын қуса Тергеусіз күйшінің кызы болып келетін, жастайынан Тергеусізді ұстаз тұтып, алдында өскен қазақтың

біртуар ақыны Әппак Майтабанқызы[8] бір өлеңінде бабасы Тергеусіздің өнерін былай жырлайды:

Ел-жұрттың өнерге іңкәр, ән құмарын,
Әлпештеп соңына ерткен арғымағын.
Көңілін ел-жұртының күйге бөлеп,
Есте қалар елеулі сән құрғаның.
Күйменен көңілін ашқан ел-жұртының,
Қайда бар Тергеусіздей нар тұлғалым. –
деп, Текеңнің өнерін жоғары бағалаған.

Ақылына таланты сай Тергеусізді, ел ағалары жастайынан ел басқару ісіне баулиды. Ол 1928 жылдан 1933 жылға дейін зәңгі[9] болып, 1933 жылдан 1947 жылға дейін ақалақшы[10]болып халықтың саяси өміріне белсене араласады. Өзі басқарған Бессарбұлақ, Ақсу, Бес ағаш, Ноғайты, Ойманбұлақ қатарлы жерлердегі көптеген жер дауы, жесір дауы сияқты халық арасындағы

қайшылықтарға әділ төрелік етіп отырған. Кейбір деректерде Тергеусіз 1930 жылдары Бейжіңде ашылған құрылтайға өкіл болып барып, қазақ балалары оқып білім алатын мектеп салуын, сонымен қатар аз ұлт жастарын әскер қатарына алу туралы жарлық шығаруын, сол кездегі үкімет басшыларына баяндайды. Соның нәтижесінде көп кешікпей өзі ақалақшы болған өңірде жаппай мектеп ашып, қазақ балаларын білім алуға шақырады. Тіпті атқа мінер ел ағаларының басын қосып:

Тауда туып тауда өстік,
Кең сахара шөлде өстік.
Мақсат, ниет, тілеуміз,
Көбейсе өссе мал дестік.
Бар өмірді малға арнап,
Мұз жамылып қар кештік.
Осылай жиған малымыз,
Жұт болса, болар бір кештік.
Абай айтқан оқы деп,
Не жағдай бар сенбестік.



Күй асықпай толғана басталып, негізгі әуен екінші тактіде астыңғы ішек «ми мен фа» дыбысынан басталып жоқтау сарында өрбиді. Осы ноталарда яғни сол әуенде қолданылатын «лига» бұл зарлы әуендердің үзілмей отыруын бейнелейді.

Тергеусіз өз жанынан күй шығару мен қатар ұстазы Әсеттің екі күйін және ел арасында көнеден тартылып келе жатқан тарихта аты белгілі Қызыл Мойын Қуандық күйшінің екі күйін кейінге жеткізуші. Бұл қазақтың күй қорына қосылған баға жетпес байлығымыз. Тергеусіздің күйлері балалары Дәуіт, Ыбырай, Қуанышбай, шәкәрттері Нұрсейіт, Бекболат, Мәлік, және немересі Сатыбалды Ыбырайұлы арқылы бізге жетті. Тергеусіздің орындауындағы күйлердің ескі нұсқасы баласы Қуанышбай мен ізін жалғастырушы шәкірті Мәлік Әлиақынұлы арқылы бізге жеткенін айырықша айта кеткеніміз абзал. Олай дейтініміз Тергеусіз мұрасын жинау барысында Қуанышбайдың орындауындағы 30 жылға жуық сақталған 15 ке тарта күйдің үн таспасы табылды[12]. Сонымен қатар Тергеусіздің күйшілігі туралы алғашқы зерттеулерді белгілі фолклор танушы ғалым Талиға Беккожина өз еңбектерінде атап көрсеткен[13]. Күйші Тергеусіз Бәлекейұлы 1947 жылдың аяғында Сар-



Ойлап ойды кеңейтіп,
Басқалар мен теңесіп.
Арылайық жат ойдан,
Оқуға бала берместік. –

деп ақылия сөз айтып ұрпақ тағырына үлкен жол сілтейді. Тергеусіз халық арасындағы саяси мәселелерге барынша араласса да, домбыраны қолынан бір сәт тастаған емес. «Өрелі кер», «Ерулік кеңес», «Бурылшаның күйі», «Теріс қақпай», «Арнау», «Өртеkes», «Арман-ай», «Көкқамыр», «Жылжып өткен дүние», «Қос төбе» қатарлы 20 дан астам күй шығарған. Тергеусіз күйлері нәубет жылдардағы халық тұрмысынан сыр шертетіндіктен, мұңлы-зарлы келеді. «Мұң-зар» күйінде 1947 күйшінің ауылынан бір қыста үлкенді-кішілі 20 тарта адам сүзек ауыруынан көз жұмады. Халықтың басына түскен қаралы күнді өз көзі мен көрген күйші жақындарынан айырылып еңіреген халықтың мұң-зарын күй тілімен жеткізген. Мысалы, «Мұң-зар» күйінде:

бұлақ ауылында қайтыс болды. Өзі дүниеден өтседе күйшінің халқына жасалған қамқорлығымен мол мұрасы болашақ ұрпақтың санасында мәңгі қала бермек.

Сілтемелер

1. *Іленің Текес өзенінің жоғарғы жағы яғни Мұңғылкүре ауданына қарасты жағын Өртеkes деп атаған.*
2. *Мешпет Лабаұлы 1871-1933 жылдар аралығында Іле аймағында өмір сүрген, ел құрметтеген ақын, турашыл адам болған.*
3. *С. Тоқтабаев. Дала дарабоздарының екі реткі кездесуі /Іле газеті, 2008 ж., 15 ақпан.*
4. *Тергеусіздің Әсетпен екінші жүздесуі жайында күйшінің немересі Құлжа қаласында Сатыбалды Ыбырайұлы әңгімелеп берді.*
5. *Іле тарихи материалдары. 2004 ж. Іле халық баспасы.*
6. *Күре жамбылы - ҚХР егемендік алмай тұрған уақыттағы Гоминдаң (партиясы) уақытша үкіметінің Іледегі орталық қорғаны (жамбыл), қазыргі Қорғас ауданының орталығы Сүйдің қалашығы.*



Тергеусіз ақалақшы болып ел ісіне араласқандағы істеткен мөрінің көшірмесі. Мөр басылған жазулар ескі Шағатай тілі бұхардың сүйретпе жазуымен жазылған. (Ортада тұрған үлкен мөрде тергеусіздің аты ойылып жазылған. Қалғандары Тергеусіздің орындбасарлары зәңгі, күнделердің мөрі) [11].

7. Найманның қызай елінен шыққан қалмақ соғысында ел қорғаған батыр.

8. Іле қазақ автономиялы облысының Қорғас ауданы Сарыбұлақ ауылында өмір сүрген халық композиторы. Әйгілі «Көк өзен» әнінің авторы

9. Зәңгі – шамамен 500 түтінге басшылық ететін Чиң үкіметінің Іле қазақтарына берген мансап аты.

10. Ақалақшы – шамамен 1000 түтінге басшы. Чиң үкіметінің Іле қазақтарына берген мансап аты.

11. Тергеусіздің ақалақшы болғанда істеткен мөрінің көшірмесі, күйшінің немересі Құлжа қаласында Сатыбалды Ыбырайұлынан алынды.

12. Бұл күйлер Тергеусіздің немересі Сатыбалды Ыбырайұлының қолынан алынды.

Аухадиев Ильзат Ришатович

магистрант 2-курса кафедры «Педагогика хореографии» КазНАИ имени Т. К. Жургенова,
солист Государственного академического театра танца Республики Казахстан,
г. Алматы, email: ilzataukhadiyev@gmail.com

Жуйкова Людмила Антоновна

кандидат искусствоведения, профессор КазНАИ им. Т. К. Жургенова,
кавалер ордена Православной церкви святых мучениц Веры, Надежды, Любви и Софии,
член Союза композиторов РК

**К ИСТОРИИ СОЗДАНИЯ СПЕКТАКЛЯ Б. Г. АЮХАНОВА
«ПРЕСТУПЛЕНИЕ И НАКАЗАНИЕ» НА МУЗЫКУ Д. Д. ШОСТАКОВИЧА**

Резюме. *Статья посвящена историческому обзору распространения романа Ф. М. Достоевского «Преступление и наказание» в мировой культуре и предпосылкам к созданию одноименного балета Б. Г. Аюханова на музыку Д. Д. Шостаковича. Проведен анализ мотивов, побудивших хореографа к постановке спектакля, а также причин выбора Четвертой симфонии Шостаковича в качестве музыкальной основы балета.*

Ключевые слова: *Достоевский, Шостакович, Аюханов, литература, музыка, хореография, искусство.*

Summary. *The article is devoted to a historical review of the spread of Dostoevsky's novel «Crime and Punishment» in world culture and a prerequisite to the creation of Ayuhanov's ballet which based on the music of Shostakovich.*

Keywords: *Dostoevsky, Shostakovich, Ayukhanov, literature, music, choreography, art.*

Түйін. *Мақалада Ф. М. Достоевскийдің «Қылмыс пен Жаза» атты жұмысының әлемдік мәдениетте таралуы және Б. Г. Аюхановтың «Қылмыс пен Жаза» балетінің пайда болуының алғышарттары талқыланады. жылы таралу тарихи қайта қарауға арналған. Хореографты балет қоюға талаптандырған себептер талданады. Шостаковичтің Төртінші симфониясын таңдау себептері ашылады.*

Кілт сөздер: *Достоевский, Шостакович, Аюханов, әдебиет, музыка, хореография, өнер.*

Выход в свет романа Ф. М. Достоевского «Преступление и наказание» (1866) стал одним из ярчайших событий в истории мировой литературы второй половины XIX века. Произведение, за следующие 20 лет после издания, было переведено на многие европейские языки и повлекло за собой появление различных подражаний: фабулу, образы и мотивы из «Преступления и наказания» использовали Андре Жид, Альбер Камю, Луиджи Капуана, Франц Кафка и многие другие. «Преступление и наказание», поднимающее социальные, философские, психологические и другие вопросы вызвало интерес со стороны и итальянских криминалистов (Энрико Ферри и Рафаэле Гарофало), и

русских философов (М. М. Бахтин, Н. А. Бердяев, Л. И. Шестов).

На драматической сцене первым воплощением «Преступления и наказания» явился спектакль, поставленный в парижском театре «Одеон» в 1888 году. Режиссерами-постановщиками выступили Поль Жинисти и Гюг ле Ру. Через два года сценическая версия романа была представлена в Германии, авторами сценической адаптации стали Е. Цабель и Э. Коппель. Среди постановок, осуществленных в России, можно отметить моноспектакли Василия Андреева-Бурлака (1880-е), инсценировка А. Я. Плющика-Плющевского в Театре Литературно-художественного общества (1899), спектакль Ю. А. Завадского «Петербургские сновидения» в Государственном академическом театре имени Моссовета (1969), «Преступление и наказание» (1979) Ю. П. Любимова в Театре на Таганке.

Кроме писателей, литературных критиков, философов, криминологов и театральных режиссеров, к производству Достоевского обращались кинорежиссеры. Из известных экранизаций романа особенно выделим «Преступление и наказание» (1909) В. М. Гончарова, два одинаково названных фильма «Crime et Chatiment» французских режиссеров Пьера Шеняля и Жоржа Лампена (1934-го и 1956-го гг. соответственно), двухсерийный фильм «Преступление и наказание» Л. А. Кулиджанова (1969), телевизионный фильм из восьми серий «Преступление и наказание» (2007) Д. И. Светозарова.

К роману Достоевского обращались композиторы Генрих Зутермайстер, написавший двухактную оперу «Раскольников», премьера которой состоялась в Стокгольме в 1948 году; Эмиль Петрович, который написал оперу «Преступление и наказание» (1969), представленную на суд зрителя в Будапеште. А в 2016 году в московском «Театре мюзикла» состоялась премьера рок-оперы «Преступление и наказание» на музыку композитора Э. Н. Артемьева.

Ярко, необычно и плодотворно творчество Достоевского выразилось в хореографическом искусстве. К произведениям писателя обращались балетмейстеры Б. Я. Эйфман, Н. С. Калинина, Б. И.

Мягков, Б. Г. Аюханов и другие. Подчеркнем тот факт, что хореографической интерпретацией «Преступления и наказания» из перечисленных балетмейстеров не занимался никто кроме Аюханова. В рамках нашего исследования остановимся на хореографических интерпретациях двух последних хореографов в приведенном списке, чтобы был плавный и логичный переход.

Одной из первых балетных постановок по мотивам произведений Достоевского является дипломный спектакль Бориса Мягкова – «Игрок» (1978) на музыку симфонической сюиты «Четыре портрета и развязка из оперы “Игрок”» С. С. Прокофьева. Постановка была осуществлена в ансамбле Аюханова «Молодой балет Алма-Аты». Спустя 10 лет после премьеры, известный казахстанский хореограф в своих воспоминаниях напишет: «“Игрок” был впервые поставлен в Советском Союзе у нас. Его не ставили прежде и на Западе. Так что мы могли гордиться и радоваться, что такой спектакль родился в нашем коллективе ... Своеобразный талант балетмейстера Б. Мягкова раскрыл индивидуальность первых исполнителей, от которых всегда зависит характер рождаемых образов. Труппа с интересом отнеслась к новой постановке» [1, с. 80]. Так, впервые в танцевальном коллективе «Молодой балет Алма-Аты» прозвучала тема Достоевского. Данный спектакль сыграл историческую и ключевую роль в создании Булатом Аюхановым балетной интерпретации «Преступления и наказания».

Возвращаясь к роману «Преступление и наказание», добавим то, что он получал все большее и большее распространение в мировом культурном пространстве. Это произведение Достоевского получило свое первое хореографическое воплощение в ансамбле «Молодой балет Алма-Аты» в 1978 году. Его осуществил балетмейстер Булат Аюханов. «В 70-х годах я подумывал о создании балета по роману Достоевского. Я долго подступался к произведению писателя, — пишет Аюханов, — затем написал сценарий к балету, следуя буквально канве романа» [2, с. 176]. И действительно хореограф долго ждал особого стечения обстоятельств, чтобы осуществить свои замыслы. Аюханову удалось это сделать благодаря появлению Мягкова в труппе. Его постановка дала импульс казахстанскому балетмейстеру для его собственной интерпретации, в результате чего появился двухактный балет «Наваждения» на музыку Четвертой симфонии Д. Д. Шостаковича. Именно так назвал свою работу тогда балетмейстер. Сам Аюханов утверждает: «Я ставил “Преступление и наказание” параллельно с Борисом Мягковым, чтобы провести сравнительный анализ своей балетмейстерской деятельности. Это помогало мне расти как постановщику» [3]. Отметим при этом то, что характеру Аюханова свойственно «творческое соревнование», которое

выразилось в «гонке» с Мягковым.

В качестве музыкальной основы спектакля была выбрана Четвертая симфония Д. Д. Шостаковича. Вопрос соотношения в балете произведений художников — писателя и композитора — двух разных эпох не случаен. Очень емко его в своем труде «Достоевский и музыка» (1971) обозначил музыковед и театровед А. А. Гозенпуд, считавший Шостаковича одним из самых близких к Достоевскому по таланту среди советских композиторов. «Шостаковичу близки пламенный гуманизм писателя, — пишет А. А. Гозенпуд, — ненависть к силам, поработавшим человека, любовь и сострадание, свободные от сентиментальной жалостливости, беспощадная правдивость в изображении жестокого и страшного, несравненный дар психологического анализа» [4, с. 152]. Подхватывая идею дара Шостаковича «психологического анализа», добавим то, что С. М. Хентова, исследуя творчество композитора, заключила, что Шостаковичу удалось ощутить признаки сближения литературы и музыки 30-х годов XX века и «начинавшегося в советской музыке неуклонного движения к лирико-психологическому симфонизму» [5, с. 421]. Сам композитор считал Четвертую симфонию *credo* собственной творческой работы. Давая пояснения о задачах, которые он поставил перед собой при работе над симфонией, Шостакович говорит: «Я понял ту простую истину, что музыка является сильнейшим видом искусства, способным передавать самые разнообразные переживания и чувства» [6, с. 50].

Во времена работы над «Наваждениями» Аюханов был уже опытным балетмейстером, имевшим за плечами более десяти лет постановочных работ. При выборе музыкального материала для своих спектаклей и концертных номеров он часто обращался к музыковедам за профессиональной помощью. Среди них были Т. М. Сапаргалиева и Л. А. Жуйкова. Хореограф в своей первой книге «Мой балет» (1988) рассказывает, что обращался к Сапаргалиевой за консультацией, когда подбирал музыку для «Наваждений». Она проводила музыкальный анализ Четвертой симфонии Шостаковича по просьбе Аюханова. Не обошлось здесь и без преемственности взглядов на творчество композитора. Так, например, музыковед Жуйкова и балетмейстер Аюханов считают Шостаковича «музыкальным летописцем своей эпохи». Такое сходство взглядов возникало между ними благодаря тесному общению и дружбе. Вспоминая свои консультации по поводу музыки с Жуйковой, хореограф писал: «Мы ей доверяли, поэтому я брался за такие вещи, которые раньше на балет не рассчитывались» [7, с. 79]. Вспоминая времена перед постановочной работой «Наваждений», известный искусствовед говорит о молодости так: «Булат Газизович приходил к нам с Виктором Викторовичем [Муж Жуйковой.

— И. А.] в гости. Мы могли часами слушать музыку, следя за партитурой» [8]. Отметим то, что для Аюханова ключевую роль играет подбор музыки при постановке балета. Так хореограф пишет, что «обращаясь к музыкальному произведению композитора, стараюсь сначала глубже понять его, чтобы иметь право рассказать это произведение языком танца».

Аюханов, создавая свою балетную интерпретацию «Преступления и наказания», стремился раскрыть в нем психологический внутренний мир Раскольникова, как это сделал Достоевский. Ведь изначально роман задумывался как психологический отчет одного преступления. Писатель ставит главного героя романа в центр неразрешимых ситуаций, раскрывая душевные муки человека от безысходности обстоятельств и создавая мотив, побудивший Раскольникова пойти на преступление. В музыке Шостаковича прослеживаются сходные тенденции. М. Д. Сабина, изучая Четвертую симфонию композитора, приходит к выводу, что «контрасты стали здесь конфликтами, острота столкновений доведена до небывалого уровня, трагизм противопоставления жизни и смерти превратился в трагическое неприятие отталкивающих сторон жизненной действительности» [9, с. 99]. Хореограф объясняет выбор Четвертой симфонии Шостаковича тем, что «она насыщена страстями шекспировского масштаба, неожиданна в смене музыкальных эпизодов, постоянно держащих слушателей в напряжении. Человеческая судьба подвергается давлению извне, угнетается какой-то злой неостановимой силой» [2, с. 178]. Здесь прослеживается созвучность взглядов хореографа с музыковедом Г. А. Орловым. Он считал, что в Четвертой симфонии Шостаковича «единственной реальностью оказывается одинокая, раздираемая жесточайшими противоречиями, ослепленная страданием человеческая душа» [10, с. 60]. Именно эту «одинокую, раздираемую противоречиями душу» Раскольникова Аюханов поместит в центр своего балета. Таким образом мы прослеживаем сходство в замыслах Достоевского, Шостаковича и Аюханова.

Впервые спектакль «Наваждения» был показан в 1978 году во время гастролей ансамбля «Молодой балет Алма-Аты» в Ленинграде. По словам первой исполнительницы партии Авдотьи Раскольниковой заслуженной артистки КазССР Н. Л. Гончаровой: «Тогда это был “эскиз” балета. Некоторые персонажи спектакля нуждались в доработке» [11]. Показ чернового варианта балета был организован для ленинградского художника, который должен был заняться оформлением спектакля. Узнавшие об этом мероприятии Константин Сергеев и Наталья Дудинская тоже пришли посмотреть. Им было интересно увидеть работу своего друга и т. д. «В первом варианте балета, — пишет Аюханов, — я

пошел по пути прямой иллюстрации событий. Это была ошибка: ведь в балете невозможно представить всех героев романа» [1, с. 62]. В недавнем интервью хореограф рассказал: «К. М. Сергеев и Н. М. Дудинская, присутствовавшие на показе балета, посоветовали отказаться от прямой иллюстрации сюжета романа» [12]. Благодаря этому вторая редакция 1990 года и третья версия 2009 года стали одноактными. Для постановки двух последних вариантов балета Аюханов использовал только I часть Четвертой симфонии. Подробный сравнительный анализ трех версий балета не входит в данную работу, поскольку не заявлен в названии статьи.

Таким образом, в данной статье представлен ретроспективный взгляд на спектакль Аюханова «Преступление и наказание» на музыку Шостаковича, где балетмейстер ставит перед собой главной задачей раскрытие внутреннего мира человека и противопоставление его жесточайшей действительности. Статья является частью исследования, которое планируется провести, потому что Аюханов — выдающийся казахстанский балетмейстер позднее творчество которого освещено в науке лишь отчасти.

Список литературы:

1. Аюханов Б. Г. *Мой балет*. — Алма-Ата: Онер, 1988. — 104 с.
2. Аюханов Б. Г. *Биография чувств*. — Алматы: Фонд Сорос-Казахстан, 2002. — 336 с.
3. Аухадиев И. Р. *Интервью с Б. Г. Аюхановым*. — Алматы, 2016. 15 дек. Личный архив автора.
4. Гозенпуд А. А. *Достоевский и музыка*. — Л.: Музыка, 1971. — 173 с.
5. Хентова С. М. Д. *Шостакович. Жизнь и творчество: Монография. В 2-х книгах, книга 2*. — Л.: Советский композитор, 1985. — 544 с. с ил.
6. Шостакович Д. Д. *О времени и о себе: 1926–1975 / Сост. М. Яковлев*. — М.: Советский композитор, 1980. — 376 с.
7. *Неповторимые слова: К юбилею Людмилы Антоновны Жуйковой / Автор-сост. Д. Д. Уразымбетов*. — Алматы: Книжный легион, 2016. — 96 с.: ил.
8. Аухадиев И. Р. *Интервью с Л. А. Жуйковой*. — Алматы, 2017. 20 янв. Личный архив автора.
9. Сабина М. Д. *Шостакович — симфонист. Драматургия, эстетика, стиль*. — М.: Музыка, 1976. — 477 с., 8 л. ил.
10. Орлов Г. А. *Симфонии Шостаковича*. — Л.: Музгиз, 1961. — 330 с.
11. Аухадиев И. Р. *Интервью с Н. Л. Гончаровой*. — Алматы, 2017. 20 янв. Личный архив автора.
12. Аухадиев И. Р. *Интервью с Б. Г. Аюхановым*. — Алматы, 2017. 20 янв. Личный архив автора.

Блэл Аида Қуатқызы

Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының магистранты, Aiko1994@mail.ru

Айт Бұлбұл Ақанқызы

Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының магистранты, Lady91@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК ПЛАКАТ ЖҮЙЕСІНДЕ ГРАФИКАЛЫҚ ДИЗАЙНЕРЛЕРДІ ОҚИТУ

Түйін. Бұл мақалада графикалық жобалаудағы шетелдік тәжірибенің оқу әдістемелік тәсілдері қарастырылған. Әлеуметтік жарнама плакатының жобалау мысалында жобаның қағидасы мен стратегиясын әзірлеу тұжырымдамасын үйрену.

Кілтті сөздер: Дизайн, графикалық дизайн, әлеуметтік жарнама, плакат.

Резюме. В данной статье рассматривается зарубежный опыт методических приемов графического проектирования плакатов. На примере создания плаката социальной рекламы изучаются принципы и стратегии разработки концепции проекта.

Ключевые слова: Дизайн, графический дизайн, социальная реклама, плакат.

Summary. This article examines the international experience of teaching techniques of graphic design posters. On the principles and strategies of the draft concept of an example of the creation of social advertising poster studied.

Keywords: Design, graphic design, social advertising, poster.

Қазақстандық әлеуметтік плакаттардың графикалық дизайн бағытындағы зерттеу барысы, әлеуметтік жарнамалардың тақырыбтарын талдаумен тығыз байланысты. Әр мемлекеттің әлеуметтік саясаты азаматтардың өмір сапасын жоғарлатуға бағытталған. Бұл мәселенің орындалуында әлеуметтік жарнаманың маңызы зор. Әлеуметтік жарнама адамдардың санасына үлкен әсерін тигізіп, дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

Қазіргі кезеңде біздің елімізде заманына сай тақырыбты жарнамалар пайда болуда. Олардың басты мақсаты, адамдардың сауаттылығын арттыру. Әсіресе соңғы кездері кең тараған тұрғын үй салуға үлес қосушылардың сауатын ашу. Сонымен қатар, еңбек мамандықтарын жарнамалау бағыттары да сырт қалмауда. Мұндай шаралар жастардың мамандықты дұрыс таңдауларына көмектеседі. Әлеуметтік жарнамалар балардың психикасына зияның тигізетін ақпараттық бағдарламалардан қорғау істерінде үлкен көмек көрсетеді.

Жалпы Қазақстандық плакаттың даму үрдістері, жалпы кеңес Одағындағы барлық елдерге тән болып табылады. Алайда, ондаған жылдар бойынша әлеуметтік жарнамаларды таратып ке-

леген басқа дамыған елдермен салыстырғанда, Қазақстанда әлеуметтік жарнаманың рөлі, әсіресе оның әлеуметтік мәселерді шешу қызметіндегі тыйымдылығы әлі аз зерттелген. Сондықтан кәсіби мамандарды дайындау әрекеттеріне көңіл бөліп, оқу бағдарламалық пысықтау өте өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осыған орай нақты жұмыстың көлемінде Ресейлік кәсіби оқу бағдарламасына енгізілген жаңаша әдістер қарастырылады.

Ресейдегі әлеуметтік жарнаманың рөлі мен маңызы мемлекеттік деңгейде ғана емес, сонымен қатар ресейлік бизнес өкілдері, кәсіби жарнамалық қоғамдастық өкілдері арасында да күн санап саналы түрде айқындалып келеді. Жарнамалаушылардың ең үздік әлеуметтік-жауапты бөлігін құрайтын дизайнерлер әлеуметтік жарнаманың маңыздылығы мен шығармашылық тартымдылығын әлдеқашан түсінді.

Графикалық дизайнның жанрлық түрі болып табылатын әлеуметтік жарнама плакаты қалыптасу тарихының тамыры тереңде жатыр. Плакат өнерінің қалыптасуы кезінде – он тоғызыншы ғасырдың соңында жиырмасыншы ғасырдың басында – плакат маңызды жарнама таратушы болды, масс-медианың аса маңызды әрі тиімді элементі саналды (сол жылдардағы мерзімді басылымдарымен тең тұрды). Жалпы, «плакат» деген сөз он тоғызыншы ғасырдың соңында немістің «das Plakat» сөзінің калькасы ретінде пайда болды, Англия мен АҚШ-та «пошта» деген сөзден шыққан «poster» атауы қолданылған, бұл елдерде ұқсас парақтар, ең алдымен, шамамен адам көп жүретін пошта станцияларында басылып жүрді, ал Францияда афиша деген сөз орнықты [6].

Ондаған жылдар бойы ресейлік жоғары көркем-жобалау білім беру саласында, мейлі ол сәулеттік, көркемдік немесе дизайнерлік мамандандырудың басқа түрлері болсын, плакат кәсіби шеберлікті ұстартатын берекелі әрі сүйіп орындайтын оқу жаттығуларының бірі болып қала береді. Плакаттың маңыздылығы туралы графикалық дизайн зерттеуші Сергей Серовтың сөздері куәландырады: «Дизайнерлік кәсіпте плакат оқшау тұрады. Бір жағынан, ол графикалық дизайнның орнықты формасы іспеттес, дербес шығармашылық сала. Екінші жағынан, плакат графикалық дизайнның өзегінде жатыр. Мұнда жобалық қиял дамиды, көзбен көру тілі жетіледі. Плакат –дизай-

нерлер үшін кәсіби өмірінің тұрақты серігі. Бұл – бірінші курстағы оқу тапсырмасы, және еркін шығармашылықтың шыңы. Сондықтан плакатты жанр ретінде сақтау – жобалық мәдениеттің экологиялық мәселесі. Графикалық дизайн плакат көрінісінен болашақта барлық мүмкіндіктерінен айырылатын болса, онда графикалық дизайн майдаланып, жойылып кетпек" [2, 23 б.].

Осы мақалада әлеуметтік жарнаманы жобалау әдістерінің қолданбалы нысандарының бірі қарастырылады. Бұл жобалық әдісті шартты түрде «кентавр – проблемалар шешімінің әдісі» деп атайық, бірақ оның мәнін, жобалау процесін іске асырудың түрлері мен ерекшеліктерін сипаттамастан бұрын, әлеуметтік жарнаманы оқытумен және жобалаумен, оның кез келген басқа да объектілермен қатар жүретін негізгі мәселелерін де қарастырған жөн.

Шынайы өмірде бұл нысандар ауқымы, жанры және «дизайн-сыйымдылығы» бойынша: көп элементті жарнамалық кампаниялар, жарнамалық-полиграфиялық кешендер мен әлеуметтік (коммерциялық) брендтердің айдентика жүйелерінен бастап – жоғары курстарда бұл кешенді тақырыптар курстық және дипломдық жобалау оқыту барысында пайдаланылады, қарапайым, "түпкілікті" өзге де жарнамаға дейін – плакат, ашықхат, үндеулер, кітапшаларға дейін мүлдем әр түрлі болуы мүмкін, әдетте, мұндай объектілер қандай да бір әлеуметтік проблемаға арналады және нақты, жергілікті пайдалану мақсаты болады, сондықтан, олар сондай-ақ, оқытушыларға шағын, аралық кіріспе жаттығулар ретінде дизайнерлерді графикаға оқыту жүйесіндегі әр түрлі оқу пәндерінде қолданылуы жағынан танымал.

Жобалау әдістемелерін меңгеру және жобалау процесін басқару әсіресе, жарнама дизайніне аса қажет. Күнделікті өмірдегі өндірістік жарнамалық процесте дизайнер әр түрлі рольдерді атқаруы әрі әр түрлі мәртебеге ие болуы мүмкін: шығармашылық жобалау тобының басқа қатысушылары жарнамалық идея мен мәтіндік бөлігін әзірлейген жағдайда ол графика-иллюстратордың атқарушылық функцияларын орындай алады; дизайнер жобалау процесін толық соңына дейін өзі орындап шыға алады – алдын ала дайындалған маркетингтік мәліметтерден түпнұсқа макетке дейін; дизайнер ол тек концептуалды жобалаушы ғана, ол шығармалық тұжырым мен жарнамалық идеяларды жасаумен айналысады, жұмыс барысында дизайнер фотографтардың, иллюстраторлардың, мәтін құрушылардың, бағдарламашылардың және басқалардың жұмысына жүгінуі мүмкін.

Білім беру процесінде дизайнердің практикалық қызметінің шынайы болмысын, жобалаушы кәсібінің нарықта алуан функциялары мен жан-жақтылығы тұрғысынан сұранысқа ие екенін ескеруге міндетті, сондықтан графикалық дизайнның

жобалау әдістемелеріне оқытуды оқытушылар өз тараптарынан ерекше маңызды деп түсінеді.

Әлеуметтік жарнама дизайн туралы айтқанда, дизайн - жобалаудағы «кентавр-проблемалары әдісінің шешімі» деп аталатын бір қарапайым және тиімді әдістемелік тәсілдердің бірін сипаттай кеткен дұрыс. Ежелгі мифология бойынша кентаврлар – күшті, жұмбақ және бірбеткей бас жағы адам және денесі жылқы тәрізді, кентавр бейнесі – жобалауда жарқын әрі түсінуге, метафоралануға жеңіл. «Кентавризмді» егжей-тегжейлі зерттеу және сипаттау өмір сүру феноменінің көріністері ретінде, мысалы, кез-келген жеке тұлғаның өзіне тән ерекшеліктерін көрсетеді, сондай-ақ көптеген әлеуметтік жүйелер мен құбылыстарда кездестіруге болады, "Парадоксалды адам" кітабында, оның авторы - әлеуметтанушы Ж. Т. Тощенко [3]. Автор атап көрсеткендей, кентавр дерексіз-ғылыми көріністе - бұл қайшылықтардың ерекше нысаны, парадокстың ерекше көрінісі, ол функционалды және өмірге бейім, әлеуметтік аспектіде кентавризм – бұл адам немесе әлеуметтік топ санасында өзара қайшы бейімделген ерекше селбесу болып табылады.

Тарихи кентавр-тұлғалардан көрнекілік үшін, мысал келтірейік: бірі утопиялық социализмнің жарқын тұлғасы Томас Мор, Англия канцлері бола жүріп (1529-1532 жж.) әрі басқа да маңызды мемлекеттік билікте қызметте отырып, оның мәртебесіне сай келмейтін уағыздық идеялармен айналысқан, немесе Иоанн Дамаскин - христиан жанашыры, көптеген православ әндерінің авторы, ол сегізінші ғасырда өмір сүрген, бір мезгілде мұсылман-халифтің министрі болған, ол оны өте бағалады және Иоанн шөл далаға монахтық өмірге кеткенде үлкен қимастықпен қоштасқан [3, 110 б.]. Қарапайым тілмен кентавризмді тсіндірер болсақ, кентавризм адамның санасы мен мінез-құлқында - бұл екіжүзділік, құбылмалылық немесе «екі жақты» өмір, және өзара қабылданбайтын екі затты бір мезгілде қабылдау.

Кентавр-проблемасы адам санасы мен өміріне ғана тән емес, сондай-ақ дизайн-жобалауға да тән, себебі жобалау - бұл да өзара бір-бірін жоққа шығаратын, полярлық факторлар мен параметрлері бар бір үрдіс. Бұл жобалау проблемасы – жобалаудың «қорытындысын» талап ететін қолайсыздықты анық сезетін нүкте болып саналады, яғни көптеген белгісіз жағдайға көңілі толмау және одан шығатын көптеген жолдарды болжайды [1, 209 б.]. Жобалаушы міндетті түрде жағдайды талдап, жобалық мәселелерді негізге ала отырып дағдыларды меңгеруі тиіс.

Дизайндағы "проблематизация" деген кәсіби жобалау термині бар, ол алдын ала дизайнер қойған міндеттерге ойша, кең көлемдегі, мағыналық контексте бастапқы дайындықты білдіреді және оның стереотиптік, қалыпты шешімдер кеңістік-

тігінен стандартты емес проблемалық жағдайды шешу жағына ауысуын көрсетеді [1, 209 б.].

Қолда бар жағдайды байқап әрі кентавр-мәселесін қалыптастырып, ізделген стандартсыздыққа қол жеткізуге болады, яғни осындай жобалау проблемасын қамтитын қарама-қарсы (полярылы) қарама-қайшы факторлар немесе бір жағдайдың сипаттамалары, сонымен қатар, жобалық шешімде, бір-бірімен қандай да бір принципте өмір сүруге, көбінесе бірегей және парадоксальды принципте өмір сүруге қабілетті.

Өйткені, бұл қарама-қарсы факторларында (кентавр элементтері) әр түрлі сипаттамалары болуы мүмкін әрі түрлі жағдайда жатуы мүмкін, онда оларды бір арнаға біріктіру тәсілдері де әр түрлі болуы мүмкін. Осы кентавр-проблеманың тәсілдері немесе принциптерінің шешімдері бірнеше:

- қосымша принцип (сәйкестік);
- Конвергенция тұжырымдамасын пайдалану;
- дуализм, антиномия негізде шешу;
- консенсус әдісі;
- мәмілеге келу әдісі [3, 112-115 бб.].

Жобалау кезінде әлеуметтік жарнама дизайнерлері кентавр-мәселесін үнемі сезінеді, себебі, өнімі бастапқыда пайдалы жиынтыққа, «ізгілікті» қасиеттерге ие коммерциялық жарнамаға қарағанда, әлеуметтік жарнаманың айырмашылығы сол: онда өнім - бұл шұғыл, бет-жүзіне қарамай, кейде қауіпті проблема. Көптеген жарнамашылар, әсер әлеуметтік жарнамада тіпті нашар және қауіпті әңгіме туралы болғанда да, оң, өмірлік дәлелдер мен бейнелер арқылы әсер ету керек деп санайды. Мұнда әлеуметтік жарнаманың ең айқын парадоксы, жүз пайыздық кентавр-проблема бар: тұтынушыны қорқытып алмай, уайымға салдырмай-ақ, сұмдықтар туралы қалай айтуға болады, керісінше, өмірлік, жағымды бейнелермен жарнамалық және көркем міндетті шешу керек, өйткені, бұл жерде маңыздылығы мен салмақтылығы жойылып кетпеу керек.

Мұндай жағдайда жоғарыда аталған тәсілдер немесе стратегиялар шешім біздің кентавр-проблемаға қалай көмектесе алады, қысқаша қарастырайық.

Қосымша принцип (сәйкестік) – кентавр бейнесінде көрсетілгендей адам мен жылқы бір-бірін толықтырып тұрады. Бұл кейпі мүлдем жаңа, оның екі бөлігін санамағанда, сонымен қатар, ол дербес мағынасы бар және өз алдына өмір сүреді. Бұл қосымша принцип бойынша бастапқы қарама-қайшы элементтер болады, алайда олар бір тұтас бүтіннің ішінде бір элемент екінші элементтің қасиетін толықтырып, қарама-қайшылық мәндерін жойып, бастапқы элементтерге қарағанда басқа сипаттарға ие болады [3, 112 б.].

Конвергенция тұжырымдамасын пайдалану әдісі – егер екі көпкомпонентті, күрделі жүйелердің қосылымы ретінде қарастырса түсінікті болады,

принципі кентаврдың өмір сүруі мүмкіндігі әр түрлі жүйелердің өзара кірігу, бір-бірін байыту мен жақындастырудың нұсқасы ретінде сипатталады. «Конвергенция» ұғымы жаратылыстану ғылымдарында кеңінен қолданылады, және тек соңғы кездері – қоғамдық ғылымдарда қолданылып жүр. Қоғамдық санаға қатысты, мысалы, социалистік және либералдық көзқарастарды біріктірген жағдайда, бұл принципті былай пайымдауға болады: сана екі түрлі жүйенің жалпы оң сәттеріне назар аударуы мүмкін - мысалы, бастамаларын тану, техникалық прогресс іздеу, сену және сол сияқты. Содан кейін, социализм және либерализмді біріктіретін қандай да бір нәрсенің бар екені түсініліп, қарастырылғанда, адам сол бірлік параметрлерін әрі қарай толықтырады, оларды ұтымды, маңызды және пайдалы деп санайды, екі жүйенің нәтижесінде, яғни үшінші нәрсе пайда болады.

Дуализм, антиномия негізде проблеманы шешу – қарама-қайшы пайымдаулардың екеуі де шынайы, екеуі де дәлелдене алғанда мойындалады. Бұл жер бетінде жүрген жақсылық мен жамандық тәрізді. Қарама-қарсы құбылыстар бір уақытта жұмыс істеген кезде, ойдағыдай өмір сүрулері мүмкін. Ж. Т. Тощенко бұл принципті былай түсіндіреді, мысалы: "Ғылыми білім, адамның ақыл-ойының ұлылығына және биіктігіне қарамастан, ол сансыз қайғы да әкелуі мүмкін... Бұл қорытынды белгілі бір дәрежеде көне Өсиетте айтылғанды қайталайды «көп даналық көп қайғы әкеледі; кімнің танымы кеңейсе, қайғы жұтады» [3, 114 б.].

Проблеманы консенсус әдісі бойынша шешу - барлық қатысушылар (олардың көзқарасы бойынша) бірауызды шешімге келген қайшылықтардың ымыралы шешімінің түрі. Бұл принцип азшылықты көпшілікпен бас емесе, бір көзқарасты басқа екіншісімен басу емес, барлық қатысушылардың қандай да бір келісімге келуі. Бірақ осы принципті іске асыру өте күрделі және қарама-қайшылығы да бар, бірақ, тәжірибе көрсеткендей, өте жемісті болды және екі полярлық пікірдің тоғысқан ең өркениетті жағдайы [сол жерде].

Мәмілеге келу әдісі – кейде консенсуспен шатастырады, бірақ оны дербес мағынасы бар, өйткені өзінің басты ерекшелігі бар. Мәмілеге келу әдісінің мақсаты – өзара жол беру арқылы келісімге келу. Алдыңғы әдістен айырмашылығы сол: барлығына қолайлы келісімге әрқашан және барлығына қол жеткізе бермейді, бірақ солай бола тұра ымыраға қол жеткізуге бағытталған. Болжам бойынша, мұнда дау тудыратын проблема немесе мәселенің шамалы бөлігі, "кадрдан тыс" қалуы мүмкін, талқыланбауы немесе кейінге қалдырылуы мүмкін, бірақ тараптар келісетін принципті мәселелерге ешбір жағдайда нұқсан келтірмейді. Бұл екі тараптар бір-біріне жол беруге тырысады, нәтижесінде өзге, жаңа позицияны бірге әзірлейді, ол туралы бастапқы да мәлімделген болатын. Ымыраға келу

өнерінде тараптардың бірде-бірінің құқықтары аяққа тапталып, шектеліп қалмайды [3, 115 б.]. Жобалау тәжірибесінде, әдетте, елеусіз қасиеттерден, функциялардан, параметрлерден бас тарту есебінен ымыраға қол жеткізіледі, халық даналығы бойынша: «өгіз де өлмейді, арба да сынбайды».

Евгений Розенблюм «Көркемдік жобалау: стратегиясы мен тактикасы» атты мақаласында жобалық екі стратегия - ымыра стратегиясы және ымырасыз стратегиясы туралы былай деп жазды. Оның біріншісі былай сипатталады, мысалы: шиеленісті жағдайларды еңсеру әдісі «оңтайлы ымыраны» іздеуге қызмет етеді, техникалық жүйенің тұтастығына қол жеткізу үшін маңызы аз жобалық алғышарттарды құрбан етуге тура келеді: «Әрбір ұшақ сомасы кірігіп ұшатын компромисс сомасын білдіреді» (Джон Тейлор) [4, 987 б.].

Сөз соңында кентавр-проблемасын шешу әдісінің жобалық түсіну және пайдалануда жан-жақты екенін атап өткім келеді. Жобалаушы кентавр-проблемасын кез келген нысанды жобалай

отырып әрі оны дизайн-жобалаудың әр түрлі кезеңдерінде пайдалана отырып, барлық жерде қолданып, түрлендіре алады. Әлеуметтік жарнама бұл мақалада тек көрнекілік, көрнекі оқиға тұрғысынан алынды. Жоғарыда сипатталған құрал-саймандардың типологиялық түрлері кентавр-проблемасын шешу әдісін жобалық процесінде қолдану үшін мол мүмкіндігін береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Розенсон И. А. Основы теории дизайна: Учебник для вузов. - СПб.: Питер, 2007 - 219 с.: ил.
2. Серов С. И. Московский концептуальный плакат 1990-х годов. - М.: Линия График, 2004.
3. Тощенко Ж. Т. Парадоксальный человек. - М.: Гардарики, 2001. - 398 с.
4. Хрестоматия по дизайну. - Тюмень: Институт дизайна, 2005. - 1056 с.: ил.

Қосанова Гулназ Берсугирқызы

Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының магистранты, a.n.gul@mail.ru

Кенжебаева Лейла Абдыганиевна

Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының магистранты, Leyla.abdygani@mail.ru

ҚАНАПИЯ ОСПАНОВТЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ӨЗІНДІК ҚОЛТАҢБАСЫ

Түйін. Мақалада танымал суретші Қанапия Оспановтың жеке шығармашылық көрмесі жайлы сөз қозғалады. Онда суретші, монументалды кескіндеме өнерінің шебері Оспанов Қанапия Бөженұлының көркем шығармашылық еңбектеріндегі жетістіктері жан-жақты қарастырылады. Көрмеде ұсынылған суретші шығармашылығындағы бейнелеу өнерінің түрлі саласы: графика, монументалды кескіндеме, көркем витраж және гобелен кәсібін меңгеруіндегі өзіндік құндылығы талқыланады. Қылқалам иесінің бейнелеу өнері жолындағы ізденістері мен жетістіктеріне тоқтала отыра кейінгі шығармашылық еңбектеріне жалпылама шолу жасалынады.

Кілт сөздер: монументалды кескіндеме, гобелен, суретші, тұлға, шығармашылық көрме, бейнелеу өнері, туынды.

Резюме. В данной статье рассматривается персональная выставка известного художника Канапии Боженулы Оспанова. На юбилейной выставке были представлены работы художника обхватывающие различные виды изобразительного искусства; графика, монументальная живопись, гобелен и художественный витраж. А так же дается подробный искусствоведческий анализ по отдельным видам работ художника.

Ключевые слова: монументальная живопись, гобелен, художник, личность, творческая выставка, изобразительное искусство, произведение.

Summary: This article shows creation and Kazakh art professional achievements of Ospanov Kanapiya Bozhenuli. And given analysis of art expert on the another works of artist.

Keywords: monumental painting, exhibitions, art, tapestry, image, personality, creative exhibition, fine art, work.

2016 жылдың желтоқсан айында Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының «Кескіндеме» кафедрасында қызмет ететін дәрежелі профессор, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Оспанов Қанафия Бөженұлының «ҚР жас ұрпақты тәрбиелеуде елеулі табыстары үшін Ы.Алтынсарин» төс белгісімен, «ҚР білім беру үздігі» атағымен марапатталған 75 жылдық мерей тойына қарсы және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына сәйкес «Қабыл ал балаңның...» (Рахыш

анама арнау) атты жеке шығармашылық көрмесі ашылды. Мұндағы қылқалам иесінің кескіндеме, графика, көркем витраж және гобеленде орындаған жалпылама жетпіске жуық шығармалары көрермен назарына ұсынылды.

Көрмеге өнер сүйер қауыммен қатар суретшінің әріптестері, студенттер мен арнайы келген қонақтар қатысты. Өнер академиясына келген қонақтар арасында суретшінің қызы Назигүл Қанапьяқызы көрме ашылымының көзайымы болды.

Шығармашылық көрменің кезекті алғы сөзінде Өнер академиясының ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры филос. ғ.д., профессор Қабыл Халықов юбиляр-суретшінің шығармашылығындағы даналығы өнерімен толысқандығы, шығармашылығындағы ой тәжірибесінің мәні туралы және бүгінгі көрменің ерекше арнауға ие екеніне тоқталды. Көрменің ашылуы Республикамыз Тәуелсіздігінің 25 жылдығына сәйкес келуі, суретшінің шығармашылық өмірінен естеліктермен айшықталады. Осындай мерейтойлар қарсаңында мәдени өміріміздің белестерін дәстүрлі көрсетумен қатар, автор шығармашылық ізденістерінің әлі де кейінгі көрмелерде көрстеуге қабілетті екендігін дәлелдендей. Келешекке оны тағы да елуден астам жұмыстармен жалғастыруды тілейді. Автор академиядағы ғұмыры шығармашылығымен қатар ұстаздық етуден жалықпайтын, ерекше тәлімгерлігін атайды. Қанапия Оспановпен әріптестері монументалды, станокты өнер саласында және кафедрада Байтұрсын Есжанұлы, Әлібай Бапанов, Жұмақын Қайранбаевтармен бірге өткізген еңбек жолына мән береді. Олардың бейнелеу өнеріне қатысты факультеттерді ашып, осы күнге ізбасар дайындауға үлес қосқаны қозғалады. «Асыл да қымбат өнер ешқашан ұмытылмайды» дей отыра, дәуірлер мен формациялар, идеологиялар және алуан түрлі мүмкіндіктердің суретші қызметіне, мәңгілік миссиясына керектігі аталады. Кейде, суретші «тұлға ретінде қоғамды құрайды, шығармашыл тұлға екендігімен өз дәуірінде бедер қалдыра да біледі» деп сөзін сабақтап, юблярға зор тілегін білдірді.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, профессор Өмірбеков Байтұрсын Есжанұлы суретшіге Қазақ мәдениетінің дамуына үлес қосқан үлкен суреткер, үлкен шебер деген баға берді. Бүгінгі көрменің ашылуы

Қанапия Бөженұлының өмірге деген құлшынысының нәтижесі деп сөзін жалғастырды. Әріптестері әр уақытта оның өз араларында жүргенін қалайтынын айтып, суретшінің көрмесіне келген туған қызы Назигүл Қанапияқызына зор алғысын білдірді. Сөз соңында мерейтой иесін ашылған көрмесімен құттықтап, болашақта жоғарғы деңгейлерден көріне беруіне тілек білдірді.

ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, профессор Қайранбаев Жұмақын Қожағұлұлы суретшіні қазақ бейнелеу өнерінің көшбасшы ақсақалы ретінде танып, құрметтейтінін ерекше жандардың біріне теңеді. Бұл сөзін Қанапия Бөженұлын араларында жүрген «сегіз қырлы, бір сырлы азаматымыз» деп толықтырды. Сондай-ақ Қанапия Оспановты бейнелеу өнеріндегі ұлттық мектептің алдыңғы буын өкілі және оның шеберханасынан дәріс алған шәкірттері бүгін де өнер саласында беделді суретшілер қатарын толықтырып отырғанын сөз етті.

ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, «Монументалды өнер» кафедрасының меңгерушісі Болат Тұрғынбайөзін Қанапия Бөженұлының жетекшілігімен диплом қорғап өнер жолына тәрбиеленіп шыққан шәкірттерінің бірі болғанын айтып кетті. Ол ұстазын қиын замандарда өнерде ұлттық мәдениетімізді, қолтаңбамызды, жолымызды табуда күресе білген жандардың қатарына жатқызды. Әр салада осындай батыл да батыр ағаларымыздың арқасында егемендікке жеткендігімізді айта отыра, суретшінің шығармашылығының жалғаса беруіне тілек білдірді.

Қанапия Бөженұлы өз сөзінде: «Мен өзім халықтың арасынан шыққан адам болғандықтан ұлтымызға тән тақырыпты әр дайым қолдадым. Халықтың әр-бір қайғы қасыретін жан тәніммен ұғынып барып бейнеледім. Елімнің дәрежесін көтеру парызым деп санадым. Біздің тарихымыз бен ұлттық мәдениетімізде мақтан тұтарлық дүнелеріміз аз емес. Қазақтан хан да, батыр да, ғалым да шыққан. Менің әрбір шығармамда казаки үлгідегі элементтердің шынайы көрініс табуына ерекше мән бердім. Әрдайым ұлттық құндылықтарды дәріптеуден шаршамаймын. Қазақ ұлтының бет бейнесін, басқа ұлтқа ұқсамайтын мінез-құлқы мен өзіндік түр келбетінің бар екенін әлемге көрсеткім келді және сол жолда аянбай еңбек етемін» -деп сөзін қортындылап көрмеге келген көрермендеріне алғысын білдірді.

Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі, Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның профессоры Оспанов Қанафия Бөженұлы 1941 жылы 23 қарашада Көкшетау облысы, Зеренді ауданы, Қараөткел ауылында дүниеге келген. 1964-1967 жылдар аралығында Алматы көркемсурет училищесінде білім алып, одан кейін 1967-1972 жылдары Мәскеулік технология институтының «Көркемсурет» факультетінде кәсіби білімін шыңдатады.

Өз шығармашылығында 1972 жылдың ортасынан бастап ұлттық тақырыпқа байланысты кескіндемені

сулы бояумен, сондай-ақ графика, монументалды кескіндемеде сыбағалы салмақты өнер туындыларын орындаса, gobelen саласында ою-өрнекті айқындай түседі. 1975-ші жылдары республикалық, аймақтық, халықаралық көркемсурет көрмелерінде, өнер фестивалдарында, симпозиумдарында белсенді қатысып, ҚСРО және Қазақстан Суретшілер Одағы президиумының шешімімен монументалды өнер секциясына қабылданады. Оспанов Қанафия Бөженұлы Ресей жеріндегі Мәскеу қаласының монументалды өнер секциясында қызметін жетілдіре, өзіне үлкен тәжірибе жинақтаған. Суретші ұлттық бейнедегі батырлар мен қазақ аруларының келбетін өз шығармаларында жиі бейнелейді. Бүгінгі күнде кезекті жұмыстары қылқалам шеберінің жеке көрмесінде орын алып отыр.

Қанапия Оспановтың өз бойындағы еңбек сүйгіштік қасиеті суретшінің өнер жолына да көп әсерін тигізді. Оның қаламынан туындаған шынайы көркем шығармалар ұлттың жанды құбылысы. Қылқалам шеберінің қаймағы бұзылмаған туындыларына қарап ұлтына деген адалдықты көруге болады. Әсіресе монументалды өнер жолында қазақ халқының салт-дәстүрлерін сипаттаған үлкен жобалар қолға алынды.

Қазақ тарихы мен мәдениетіндегі тұлғалардың бейнесін сомдау бұл суретшінің өнер жолы болып табылады. Әсіресе, халық композиторы Н.Тілендиевтің портретін бейнелеуде оның жан-дүниесін ашуға зор әрекет жасаған. Суреткер осы тұста терең ойды, шығармашылық тапқырлықты әдемі үйлестіре білген. Кейіпкер ойлы көзбен назарын алысқа сермеген қалпында құдды бір келесі шығармасын көрерменге ұсынуға асыққандай. Мұнда суретші сазгер Нұрғиса Тілендиевтің бет-бейнесін мейлінше ұқсас етіп бейнелеуге тырысқаны байқалып ақ тұр.

Өнер иесінің шығармашылық жолы - еліміздегі бейнелеу өнерінің жарқын беті іспетті. Туған жеріне, еліне деген терең де нәзік сүйіспеншілік өз халқының мұң-мұқтажын жан-тәнімен ұғынып, өткен тарихи дәстүрлер негізінде, болашақ ұлт ұрпақтарын биік руханият талабы дәрежесінде тәрбиелеу – суретшінің ең басты ұстамдарының бірі деуге болады.

Қанапия Оспановтың өнерінің өміршеңдігі еліне сыйлаған туындыларымен өлшенеді. Оның монументалды – безендіру жұмыстары республикамыздың көптеген аймақтары мен аудандарында орналасқан қоғамдық ғимараттардың көркіне сәнін кіргізерлік көркем дүниелерге айналған. Алматы шаһарындағы (КИМЭП) «Дала балладасы», Оңтүстік Қазақстандағы (Главрисхоз) «Еңбек», «Қазақстан медицинасының тарихы» (Республикалық санэпидстанция, Алматы), «Туған далам» (Арқалықтағы мәдениет сарайы) және оның т.б. өнер туындылары аса жоғары талаптарға сай құнды дүниелер болып табылады. Суреткердің жарып шыққан туындыларынан қазақы қалыптың тұтас

тұлғасын көруге болады. Қоршаған орта, айналамыз толы – әсемдік. Оның бәрі табиғат құдіреті, табиғат байлығы. Адамзат қолымен жасалған сан алуан ғажап бұйымдар, тамаша таңба, өрнек, өнер музыка туындыларының өмірге келуіне шалқар шабыт, таусылмас қуат беретін де ең алдымен тылсым табиғат күші, соның игі әсері. Қоршаған табиғаттың бұлағы сыр шертсе, ормандары желмен шайқалып күй төгеді, ерке өзендерінің сазы әуенге ұқсайды. Суретші табиғат бейнесін айнытпай салуда жусанды даланы, кеңістікті терең сезінеді. Жарық пен ауа реңін бейнелейтін қоңыр, көгілдір түсті бояуларды шебер пайдаланады.

Суретші шығармашылығындағы басты бағыттардың бірі – гобелен өнері. Бұл реттегі суретші шеберлігі биік профессионалдық сатыға көтеріліп, өзінің қайталанбас композициялық және колориттік шешімдерімен көз арбап, көңіл толқытады. Олар әлдеқашан қоғамдық қазынаға қосылып әлеуметке кеңінен танылып, мұражай қорларын толықтыра түсіп, көптеген мемлекеттік мекемелердің өз меншіктеріне айналып үлгерген. Осындай ізденісте ұлттық деңгейдегі қазақ гобелен өнерінің ерекшелігін шығармашылық туындыларымен дәлелдеп келеді. Соның бірі «Еңбек және бақыт» атты гобелендік туындысында айқын байқалады (5 сурет). Гобелен композициясында болашағы жарқын, ынтымағы жарасқан қазақ елінің жастары бейнеленген. Мұндағы кейіпкерлер бақыттың барлығы еңбекпенкелетінін түсіндіргендей әсер береді. Суретші гобелендік шығармасын толықтай жылы түстік реңдермен үйлестіре орындап шыққан. Туындының тәрбиелік маңызы да зор деуге болады.

Ұлттық тақырыпта орындалған «Менің Қазақстаным» («Қазақстан» қонақ үйі, Алматы), «Қажымұқан» (Көкшетаудағы орта мектеп) «Әуен», «Поэзия» атты гобелендер сериялары Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайының көркіне айналған. Олардың композициялық құрлымы, ұлттық тақырыптағы мазмұнға сай. «Шопанның әні» атты гобелендік шығармасы ұлтымызға тән өміршең көркем туынды болып табылады. Гобеленнің композициялық құрлымындағы желілік суретті шешімдер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен, өмір салтынан, салт-дәстүрінен сыр шертеді.

Сондай-ақ, оның көптеген графикалық, акварельдік сызбалары тұнық лиризмге толы қалпында, өзінің камералық жинақылығымен автор мен көрерменнің эстетикалық эмоциялар үндестігін руханият әлеміне паш етіп, мәдени кеңістіктер көкжиегін тоlassыз кеңейте түсері ақиқат.

Жемісті шығармашылық жұмысымен бірге Қ.Б.Оспанов 1978 жылдан бастап бұрынғы театр және кино институты қазіргі Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясында ұстаздық қызметін атқаруда. Дәл сол жылдары Қазақ ССР Министірлер кеңесінің отызыншы мамырдағы қаулысына сәйкес Алматыда «Кескіндеме және мүсін» факультетінің негізі қаланды.

Онда атақты суретшілер мен педагог-ғалымдар Е.Серкебаев, Б.Өмірбеков, Д.Сүлеев, Қ.Тыныбеков, Ж.Қайранбаев және тағы басқа мамандармен бірге Қ.Оспанов та сабақ береді. Алғашында 35 студент оқуға қабылданды [1,116].

Төл өнерге деген дүниетанымдық көзқарас қалыптастыру, талантын даралау – әрбір дарынды ұстаздың ісі. Қ.Оспановта осындай жандардың бірі. Оның шеберханасынан түлеп ұшқан шәкірттері бүгінде қазақ бейнелеу өнерінің қара шаңырағын берік ұстаған суретшілер қатарын толықтыруда.

Өнерді туғызатын өмір мен қоршаған орта. Бүгінде көптеген ізгі бастамалармен жаһандану дәуірінде ұлттық, мәдени және рухани құндылықтарды жоғары қоя отырып, білім беру мәселесі ерекше қолға алынуда. Мәдени мұралар мен рухани құндылықтардың көркем өнер арқылы шәкірт тәрбиелеуде, олардың интеллектуалдық мәдениетін дамытуда өзекті мәселелердің бірі болып есептелетіні сөзсіз. Ата-бабамыздан жалғасын тапқан өнер туындыларының фәлсафалық мән-мағанасын талдап, ашып көрсету, оны студенттердің өз мүмкіндіктерінше бойыңа сіңіру үлкен жауапкершілікті талап етеді [2,656]. Қазақ бейнелеу өнерінің қарқынын өз Отанында дамытуға қылқалам иесі аянбай тер төгуде. Сондықтан ұлттық сана өнерден басталады демекпін.

Қ.Б.Оспановтың шығармалары Оңтүстік Корея, Жапония, Италия, Америка елдерінің жеке жинақ мұражайларында қойылғандығын үлкен мақтанышпен айта аламыз. Қанапия Оспанов – бейнелеу өнерінде әлемдік деңгейдегі өзіндік орны бар, дарынды суретші екендігін әлде қашан дәлелдеген.

Қазіргі кезде суретшінің шығармашылық, ұстаздық еңбектері ескеріліп «Қазақстан тәуелсіздігінің он жылдығы» меделі мен «Білім үздігі» белгісіне ие болып отыр. Бүгін де Оспанов Қанафия Бөженұлы 75 жасқа толса да нағыз шалқар шабытында. Қылқалам иесінің көрерменнің сүйіспеншілігіне бөленген әсем туындылары қазақ бейнелеу өнерінің мәртебесін әлі де асқақтатарына кәміл сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Айна Төлеутаева. // Бейнелеу өнерінің өркендеуіне үлес қосқан шебер // АНІСКА. Международная газета Туретского этнокультурного центра РК. 31 Екім 2014 sayı: 40 (537), 116.

2. Қожазұлова А.Т. // «Бейнелеу өнерінің тарихы» Пәнінің аумағындағы мәселелерге жеке көзқарас. ҚР Суретшілер Одағының 80 жыылдығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, Алматы 2013. 64-65 б. ISBN 978-601-06-0580-0

3. Байжігітов Б. «Бейнелеу өнерінің теориялық мәселелері», 36-37б. Ақтөбе 2003.

Вечерний Алматы // Указ Президента РК о награждении юбилейной медалью «ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл» // 13.12.2001. с 3-4.



ФИЛОЛОГИЯ

PHILOLOGY

Танжарыкова Алуа Василийқызы

Абай атындағы ҚазҰПУ Филология және көптілді білім беру институты, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының докторы, alua1973@mail.ru

БЕЙБІТ САРЫБАЙДЫҢ «БІЗДІҢ ЗАМАННЫҢ ШЫҒАЙБАЙЛАРЫ» АТТЫ ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫНДАР

Түйін. Бейбіт Сарыбайдың «Біздің Заманның Шығайбайлары» атты әңгімесінде қазақтың ежелгі ата кәсібі малшылықтың қыры мен сыры адам бойындағы сараңдық, дүниеқоңыздық секілді келеңсіз жайттардың көрінісін, елсіз иен далада жападан-жалғыз мал соңында өмірін өткізген Жүрсін шалдың тағдыры арқылы береді. Мұндай образдар қазақ фольклорының әр түрлі жанрында бейнеленген. Сараңдықтың типтік бейнесі болып қазақ ұғымында танылған образдың ғасырлар өте келе қазіргі қазақ прозасында көрінуі шығарманың фольклорлық мәнін айғақтап тұр. Әсіресе, шығарманың атауы үлкен жүкті арқалап тұр. Жазушы мал бағып, оның бейнеті мен зейнетін көргендермен бірге малмен бірге адамдық қасиетін жоғалтып дүниеқоңыздыққа берілген кейіпкердің типтік образын сомдайды.

Резюме. В рассказе Бейбит Сарыбай «Шығайбай нашего времени» Бейбит Сарыбай через образ старика Журсин, который всю свою одинокую жизнь провел в безлюдной степи занимаясь скотоводством, передает особенности тяжелого труда скотовода, описывает присущие людям такие качества, как жадность, скупердяйство. Такие образы можно встретить в разных жанрах казахского фольклора. Появление через века в современной прозе такого собирательного образа скупого и жадного человека показывает фольклорное значение произведения. Особенно, название произведения несет в себе большой груз. Писатель строит образ не только трудолюбивого, человеческого скотовода, но и типовой образ человека превратившего свою жизнь в скотство жадного скупердяя.

Summary. In the story «Shygybay of our time» by Beibit Sarybai, Beibit Sarybai through the image of the old man Zhursin, who spent his lonely life in the desolate steppes engaged in cattle breeding, especially transfers the toil cattleman, Beibit Sarybai describes the intrinsic quality of people such as greed, cupidity. Such portrayals can be found in the different genres of Kazakh folklore. The appearance over the centuries in the modern prose of the collective image of miserly and greedy person shows folklore significance of the work. Especially, the theme of a work carries a big burden in itself. The writer makes the image of not only hard-working, humane cattleman, but also a typical image of a man to turn his life into bestiality greedy penny-father.

Бейбіт Сарыбайдың «Біздің Заманның Шығайбайлары» атты әңгімесінде қазақтың ежелгі ата кәсібі малшылықтың қыры мен сыры адам бойындағы сараңдық, дүниеқоңыздық секілді келеңсіз жайттардың көрінісін, елсіз иен далада жападан-жалғыз мал соңында өмірін өткізген Жүрсін шалдың тағдыры арқылы беріледі. Қу жанын қуырдақ қылып, жақын-жуығынан безінген жанның мұрат мақсаты – тек қана көрсоқыр дүниеқоңыздық пен сараңдық. Мұндай образдар қазақ фольклорының әр түрлі жанрында бейнеленген. Сараңдықтың типтік бейнесі болып қазақ ұғымында танылған образдың ғасырлар өте келе қазіргі қазақ прозасында көрінуі-реминисценцияның негізгі көрінісі болып табылады. Шығарманың атауы үлкен жүкті арқалап тұр. Жазушы мал бағып, оның бейнеті мен зейнетін көргендермен бірге малмен бірге адамдық қасиетін жоғалтып дүниеқоңыздыққа берілген кейіпкерлер образын сомдайды.

Әңгіме кіріспесіндегі «малды мал қылған малшылар да, малы мал қылған малшылар да бар» дейтін сөйлемге шығарманың негізгі идеясы сидырылған.

«Бүгінгі сөз малы мал қылған малшылар жайында болмақ. Кезінде аудан бойынша да, тіпті облыс бойынша да қызыл туды қолдарынан бермеген «Ленин» колхозының шопандары бұл күнде де ырыс пен берекенің негізгі иегерлері саналады. Бәрі де сол төрт түліктің игілігін көрген жандар. Ал солардың ішінде мыңғырған малдың соңында адамдығын жоғалтып алған екі бірдей қойшы болды. Оның бірі – Әбжан болса, екіншісі – Әділжан еді. Бір қызығы екеуі де тамырларын бір атадан тартатын ағайынды кісілер еді» – деп басталатын әңгіме экспозициясындағы мазмұн басқаша арнаға бет бұрады. Ол ата кәсібін ардақтаған малсақтық емес, малын жанынан артық көрген сараңдық мінез.

Жүрсін шалдың жанынан артық көретін мал-мүлкі оның ішкі дүниесіндегі образдықты ашудың көркемдік тәсілі.

«Қозы Көрпеш Баян сұлудағы» Қарабай образын талдай келе М.О.Әуезов: «Сараңдық, дүниеқорлық адам баласының өнерлі-өнерсіздігіне, бай, кедейлігіне еркек, әйелі деген айырмыстарына қарамайтын барлығына бірдей, бірінде көп, бірінде аз болып келетін қарғыс атқан мінездің біреуі. Барлық адам баласына азды көпті болса да махаббат

деген нәрсе қаншалық ортақ болса, сараңдық та сондай ортақ мінез. Сондықтан бұл мінез адам баласының өзге жан иесіне бөлек ерекше болып біткен ақыл сезімінің ішінде сұлу туысының табиғаттан ала кірген бір бұраң сияқты. Сараңдық сыртқы өмірдің қалпынан тумайды. Сыртқы өмір сараңның дертіне не ұлғайып, не кішірейтіп кемітерлік ғана әсер етеді» [1, 239], – деп тұжырымдаған болатын.

Әңгіменің «Әдірем қалған дүние» тарауында әке мен баланың жаттану проблемасы қозғалған. Қаншалықты қатыгез болса да Жүрсін шалдың перзентіне деген сезімі бар. Ол сезімнің өзі де дүниеқұмарлық тасасында көмескіленген. Бір қарағанда елден безінуінің негізгі себебі: әке сарындығы сияқты болғанымен Арман бойында заман талабын түсіну бар.

Әңгіменің сағиралық сипаты мыңғыртып мал айдағаны мен ой-өрісі таяз, бейнетінің іс-әрекеттерін суреттейтін тұстарда тереңдей түседі. Автордың көңіл аудартып отырған мәселесі қазақ ұғымына жат перзенттің әкеден безінуі, туып өсіп, кіндік қаны тамған жерден аулақ қоныс тебуі.

Халық әдебиетіндегі тағы бір тамаша үрдістің бірі баланы жасынан табиғатты сүйуге, аялауға, оны тануға, білуге баулуын, сол арқылы еліне, жеріне сүйіспеншілік сезімін арттырған.

Ал біз талдап отырған әңгімедегі «жалғыз ұлдың» жаттану себебін жазушы әке сараңдығы мен қатыгездігіне тоғыстырған. «Баласының ауылға оралмасын сезген Жүрсін қарт соңғы уақыттарда көңілсіздіктен арыла алмады. Бұрындары «есі кіргенде келер» деп жүретін еді. Енді ол үмітінің ақталмасына көзі жетті. Сонда «осы дүние, мына мыңғырған жылқы мен табын сиыр, отар қойдың барлығы не үшін, кім үшін керек?» деп ойлаған. Осы дүниенің барлығының иесіз қалатындығын ойлағанда, іші удай ашитын. О дүниеге арқалап кете алмасы тағы анық. Әгерәки құдыретті күштің иесі адам баласына бұл дүниеде жиған тергендерін ана жаққа арқалап кетуге мүмкіндік берсе, Жүрсін міндетті түрде бүкіл малын алдына салып айдап кете бармақ. Күпірлік болса тілім жазықты, жұмақтың төрінде малын бағып бақи ғұмыр кешкісі келетіні де бар. Ал оның мүмкін еместігін сезіп, баянсыз тіршіліктегі осы бір пәтуасыз жиған малын «ақыры ит пен құсқа жем болатын мал екен, өйтіп қор қылғанша ел-жұртыма таратып берсем қалай болады?» деп бір ойлаған. Бірақ, артынша ол ойынан да айнып қалды. Өйткені Жүрсін қарт сараң еді. Ізгі ойынан айнытқан да сол сараңдық болса керек. Тіпті, баласынан айырған да осы тарлығы еді. Арман соншалықты байдың баласы бола тұра, өз қатарластары құсап туған күн кешін жасап көрген емес. Әскерге аттанғанда да достарына дастарқан жайып бере алмаған. Тіпті, үйлену тойын да дұрыс өткізе алмады.

Сөйтіп әкесінің сараңдығынан шаршаған Арман өз күнін өзі көруге бел буып, Алматыға ат-

танған. Әкесінің жиған дүниесіне қол тигізбеуге бел байлаған. Міне, сол сараңдықпен жинаған мал-мүлкіне ие боларлық ешкімнің жоқ екеніне көзі жеткен Жүрсіннің кеудесін өкініш билеген. Артынша қасарысқан мінезіне салып «өлгенімше бағамын, мен өлгеннен кейін талап алар, әркім өз керегін» деп ойлаған [2, 95].

Авторлық баяндау арқылы кейіпкердің ішкі психологиясы бүге-шігесіне дейін баяндалады. Жүрсін шалдың мінезін сипаттай отырып, осы тектес жандар болмысын сомдаған. Мінез – адамның ішкі бітімі болғанда, тип – сом тұлғасы екені мәлім. Осылардың нақтылану сырының біз айтқаннан басқа да көп-көп қырлары, яки нақтылау тәсілдері бар.

«Мұрагерсіз байлықтың, «арғы жаққа» арқалап кете алмайтын дүниенің қызығы кеткен шағында Жүрсін біраз малын сағып, қаладан арнайы алып келген сәулетшіге өз атасының атымен аталатын Көктас сайының кіреберісіне кілең қара мәрмөрдан үлкен құлпытас орнатты. Құлпытасқа жеті атасының атын жазып, өзімен аяқтады. Осы сайды ертең басқа пенденің жайлайтынын, басқа адамның малы жайылып жүретінін сезген көңілдің қызғанышы еді бұл. Соларға деген ескертпесі, ескерткіші еді».

Мұндағы өзіне-өзі арнап соғылған құлпытас көркемдігі деталь ретінде аса бағалы рөл атқарып тұр деуге болады. Ол адам жанының ең бір жиіркенішті сипаты дүниеқоңыздық пен сараңдық дәлеліндей әсер береді. «Себебі, детальдың басты бағалылығы – дәлдігінде. Дәлдік деген не? Дәлдік – шындыққа жанасымдылық. Әдетте, осылай түсіндіреміз. Жоқ, бұл жеткіліксіз. Сөзбен жасалған суретке көз алдыңызда жан бітіп, тіріліп түрегелсе, сіз оны жансыз сурет емес, тура жанды нәрседей қабылдасаңыз, кітап беті қатар түзеген әріп қана емес, қым-қиғаш қимылға айналып кетсе, сіз бұл қимылға енжар қарамай, еліге тербеліп қалсаңыз, – детальдың дәлдігі сол! Автор шеберлігі оқиға бояуын қалыңдата түсіп, кейіпкерінің жан әлемін одан да тереңірек ашуға бағыттауында» [3, 183].

«Сол құлпытас орнатылған күні артында мұрагері қалғандай, ата-бабасы жайлаған жерді өз ұрпағына қалдырғандай, сәл де болса масайраған. Қолы қалт ете қалған кездің бәрінде де сол құлпытастың қасынан табылатын. Қарап отырып ойға бататын. Бар өмірінің мал соңында өткеніне, ешқандай мәні жоқ екеніне, артында ешқандай із қалмағанына өкінетін. Сол кезде осы құлпытасқа қарап отырып жұбанатын. Жалғыз жұбанышы осы еді. Өлер шағында да сол құлпытастың басына барып өлген. Демі бітіп бара жатып, өткен өміріне, жүрген жеріне қарады.

Ең соңғы рет артына бұрылып қарағанда ештеңе де көре алмады. Бос екен. Өмірі босқа өткен екен. Көзіне бір ілінгені – өзі орнатқан құлпытас болды.

Сосын иесіз шұбырып, қамсыз-мұңсыз жайылып жүрген малдары ғана көрінді. Ол мақұлықтарға бәрібір еді.

Жаны шығып бара жатқанда, ең соңғы сәтте біздің заманның Шығайбайы «осы малдар үшін баламнан да, бақытымнан да, денсаулығымнан да айырылдым. Ал бұлар мен өлгеніммен ештеңесін жоғалтқан жоқ. Мен өмірімді неге арнадым?» деп ойлаған. Өкініші өзегін өртеген. Опасыз жалған... Арсыз тіршілік... [2, 98].

Мұндай кесірлі мінездің ұрпаққа тигізер зардабын жазушы жалғыз ұлының әкесінен безінуі арқылы, «не ексең соны орасың» дейтін халық мәтелін тереңдете түседі. Өз жанын өзі аямай, көрсоқыр дүниеқоңыздық пен сараңдықтың құрбаны болған жанның өлгеннен кейінгі мал-мүлкі мен көңіліне демеу еткен құлыптасын суреттеу арқылы автор осы кесірлі мінезден жирендіреді. Оқырманын ойландырады.

Ал әңгіменің «Қор тірлік» деп аталатын 2-бөлімінде «Миллионерлер келеді, кетеді, миллиондар қалады» деген мәтелді малшылар келеді, кетеді, малдар қалады деп өзгертіп қолданады. «Кең далада алаңсыз жайылған төрт түлік ғасырлар бойына солай жайылып жүре бермек. Тек олардың иелері ғана өзгеріп отырмақ. Тіпті кейбір қойшылар мен жылқышылар сол қой мен жылқының иесі емес қызметшісі сынды ғұмыр кешеді. Өмір бойына соны бағумен өтеді де, өмірінің соңында келесі адамға табыстап кете барады. Ал оны өзінің ұрпағына табыстасаң жақсы, қай-қайдағы біреудің қолына өтсе ол тіпті сорақы болмай ма», – дей отырып, автор мал баққан жандардың әртүрлі типін суреттейді. Әрі сарандық мінезді әшкерелейді.

Жас жазушы танымында ежелгі кәсіп мал шаруашылығымен айналысу ұрпақтың игілігі үшін болу керек, ашкөзділік, дүниеқоңыздық мінездер ешбір адамға қайыр бермейді. Ол бұрын да солай, қай заманда да солай бола бермек деген ойды айтады. Әсіресе бұл мінез адам жасының ұлғайып, жастық дәуреннен көп алыстаған тұста адам бойында пайда болса өзіне де, ұрпағына да жақсылық әкелмейді деген ойды уағыздайды. Сол үшін фольклорлық типтік бейне Қарабайды еске түсіреді.

М.О.Әуезов «Қозы Көрпеш-Баян сұлудағы» Қарабай бейнесін талдай келе, барлық адамда сарандық деген мінез кәрінің ішінде ерекше, артық көрінетіндігін айтады.

«Бұрынғы суретті кейіпкер болған сарандарды алсақ, барлығы да кәріден шыққан сарандар. Жас күнде адам сезіммен іс қылып, көп тілек қиялымен өмірін сүрген уақытта дүние қорлық, мал құмарлық сияқты нәрсеге оңай тоқтап, байланып қалмайды. Онда туыста бірге біткен сарандық болса да, көбінесе оны бұзып кетіп отыратын қызулы жастық тілектері болмақ. Қартайған адам қиялдан арылған. Өткені мен келешегін анық түсініп,

сынап, солғын, салқын қанмен күндегі өмірді күнделік жүдеу күйінде ғана түсінеді. Сондықтан алдыңғы өмір алыстығы тұманды қиялмен елестеген болып мұны алдай алмайды. Ол бүгінгі көз алдыңғы барымен тіршілік етеді.

Сондықтан қартайып, алдынан үміт үзіле бастаған сайын қолындағысын жабысып қатып, мықты ұстап, бауырына басып, сүйеді. Оның көңілі басқа тілекке бөліне алмайтын күн болып, кеуіп қалған көңіл болады. Мұндай кезде адамның тілегі мен үміті бала болуға мүмкін. Соның тіршілігімен барлық кәртайған, қажыған әкеге жаңа бір сүйеу, жаңғырту сияқты болуы мүмкін» – дейді» [1, 240]. Талданып отырған шығармадағы «ұлын ұяға, қызын қияға қондыруды» мұрат етудің орнына мал-мүлкінің шығынын есептеп өзіне келетін пайданы көкसेген қатал да, сараң әке бейнесі осы қарабайлық мінездің бүгінгі күнге дейін жеткен сірілігін көрсетсе керек.

«Қызын да күйеуге бермес пе еді, құдасы бұл ауылдағы 50 мың теңгелік үкіні 70 мың етіп әкелмегенде? Жетпіс мың теңге келгенде тіпті күйеу баласының шалдықұйлы есерсоқтау екендігіне де қараған жоқ. Кемпірі: «Қызымыздың таңдаған байының есі онша дұрыс емес көрінеді, кеше Айтбайдың асына барғанда Күләнда айтты. Бүкіл ел «Өзінің көзі қитар, басы кіп-кішкене, аурушаң адам» деп отыр. Осыған келіспей-ақ қойсақ қайтеді?» – деген. Бұл болса «Біреудің есі дұрыс емес болса да еркелетіп өсірген жалғыз екен, қызымыз қор болмас» деді. Кемпірі байғұс «Қызымыздың есалаңға кетіп бара жатқаны да сенің кесірің, әйтпесе әп-әдемі болып өсіп еді, сенің сараңдығыңнан қашып, әйтеуір біреуге кетіп барады» деп зар жылап қалды. Шалдың есінде тек 70 мың теңге мен ертеңгі елдің «құдасы елу мың емес, жетпіс мың теңгемен келіпті» деген сөзі тұрды. Кеудесін мақтаныш кернеді. Сөйтіп екі ұлдың арасындағы жалғыз қызы да көлденең кездескен көк аттының етегінен ұстап кете берген.

Үлкен ұлы отыздан жасы асса да әлі күнге бойдақ деген атынан арылмаған». Жазушы адам мінезінің бір қырын шегіне жеткізе суреттейді. Яғни, Л.О.Гинзбург айтқандай, «Жан түкпірінің соңғы нүктесіне жетеді» [4, 213].

«Өссек деген, өнсек деген екі ұл да сарандық пен надандықтың құрбаны болып кете барды. Ел-жұрт гу-гу әңгіме қылған. Өсектің өрті өршіп-ақ тұр. Бас такырып – Әділжан. Әділжан да ауылға келуді біржола қойған. Ара-тұра қант, шай алуға келеді де ешкімге тіл қатпаған күйі тауына тайып тұрады. Кемпір байғұс күн санап шөгіп барады.

«Көзіңді шел баспасын де. Басса қиын-ақ екен. Құдай басқа салмасын екі бірдей қайғыны бастан кешіп, әбден қартайған шағында ұрпақсыз қалған адамның ойында не болуы мүмкін. Ал мына Әділжаныңыз адамның жанын түршіктіреді.

Кейіпкер тіршілігі өз пенделік қадір – қасиетіне, мінез – құлқына, үміт – ынтасына, іс-әрекетіне қарай бір қою уақиғалар қомында бейнеленбейді. Әдетте авторлық баяндау арқылы оның тек қарекет – мінез қорытындысы ғана мәлім боп тынады. Адам психологиясы, айну – абыржу, толқу – тебірену, өмір жолындағы бұралаң – бұлтарысының қисынды құбылысы көрінбейді. Қоянды жолындай сайрап жатқан бір сүрлеу бар. О бастан не ойласа – сол, жақсылық болса – жақсылықпен, жамандық болса – жамандықпен бір – ақ шешіледі.

Қаламгер сараңдық пен дүниеқоңыздық жоқшылықтағы малқұмарлықтан мүлде бөлек нәрсе екендігін екі баласының қазасына сойылған малды есептеген әкенің әрекеті арқылы ғажап бере білген. Ондай адамнан не үміт, не қайыр. Алайда автор мұнымен шектелмейді. Үдетпелі градация арқылы, ел-жұрт, бала-шағаны былай қойғанда өзінен-өзі аяп, қабан шошқа атам деп құздан құлаған құлқын иесінің өмірін таусуға дейін жеткізеді. Оның мұнан басқа жазасы да, оқиғаның өзге шешімі болуы да қисынсыз.

«Екі ұлдың қазасына деп екі бірдей ірі қара мен бірнеше қой кетті. Биылғы жыл соғым соймай-ақ қояйын деп бұғы-марал атып алмаққа қарашаның сұрғылт күндерінің бірінде мылтығын асынып таудың биік шатқалдарына жолға шықты. Аң қуып жүріп, таудың қия жартасына қалай шығып кеткенін де байқамай қалды. Түн қараңғысында қабан шошқаны сүйреп түсіп келе жатып, аяғы тастан тайып, биік құздан құлап кетті. Ойпырмай ауырып жатып өлген адамда арман жоқ шығар. Мына бір шорт өлім, Әділжанға ештеңе ойлатып үлгермеді. Жазушылар жазып жататындай, қас қағым сәтте бүкіл өмірі көз алдынан өткен де жоқ. Енді не болады деп ойлап үлгерген де жоқ. Тіпті, өкінді ме, қайғырды ма ол жағы да белгісіз. Ең құрымаса айғайлап та үлгермеді.

Келді. Кетті. Бітті. Мал, мал, мал!!!

«Қызғанғаны қызыл итке бұйырып, өзгеге де, өзіне де бұйырмаған малдың жаңа иесінің аузына боқтық сөз салу арқылы бүкіл уақиға өрісі түйінделеді. Дүние- мал қызығың, жан рахатың үшін жаратуға пайдалансаң қайырлы, әйтпесе «Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кеткен алдамшы бақ қана!

Шалдың қырқы өткен күннің ертеңіне ауыл азан-қазан болды. Кісінеген үйірлі жылқы, мөңіреген табын сиыр, маңыраған отарлы қой. Ауылдың шаңын аспанға көтеріп бара жатты. Айдап бара жатқан адам Әділжанның әлгі есерсоқ күйеу баласы екен.

Ары-бері шапқылап малға ие бола алмай артұра ысқырып қолындағы қамшысын басынан асыра айналдырып: – Өй, әкеңнің аузын ұрайын арам қатқырдың малдары, – деп боқтап бара жатты. Несін айтасың арам қатқырдың малдары талайды арам қатырды ғой. Неше заманнан бері. Ғалым, жазушы М.О.Әуезовтің: «Сараңдық мінез жалпы адам баласына түгелімен ортақ үлгі. Өнерлі ел, өнерсіз елдің екеуінің ішінде де бар адам. Жан сипатының ерекше дерті», – дейтін пікірін фольклорлық дәстүрді терең игеру арқылы шебер кестелеген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. *Әдебиет тарихы*. – Алматы: «Ғылым», 1927. – 240 б.
2. Сарыбай Б. *Рауған ерте гүлдейді*. – Алматы: «Жалын», 2009. – 498 б.
3. Қабдолов З. *Сөз өнері*. – Алматы: «Санат», 2007. – 360 б.
4. Гинзбург Л. *О психологической прозе*. М: «Intrada», 1999

Бейсембаева Салтанат .Б.

к.ф.н., и.о. доцента кафедры мировых языков МКТУ им. Х.А. Ясави
Saltanat_RB@mail.ru, моб. тел. 87025090916--

Карпыкбаева А.С.

к.п.н., и.о. доцента кафедры мировых языков МКТУ им. Х.А. Ясави

КУЛЬТУРА И ЯЗЫК: АСПЕКТЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК В ДИАЛОГЕ КУЛЬТУР

Резюме: В данной статье рассматриваются проблемы изучения русского языка в диалоге культур, в русле лингвокультурологической концепции обучения языкам.

Ключевые слова: культура, лингвистика, культурология, концепция, лингвокультурология, аспект, язык, коммуникация.

Түйін: Бұл мақалада тіл үйренудегі лингвомәдени концепция арнасында мәдени диалогта орыс тілін зерттеу мәселелері қарастырылады.

Кілт сөздер: мәдениет, лингвистика, мәдениеттану, концепт, лингвомәдениеттану, аспект, тіл, арақатынас.

Summary: This article discusses the problems of studying Russian language culture in a dialogue, in line with the linguistic and cultural conception of language teaching.

Key words: culture, linguistic, cultural, concept, cultural linguistics, aspect, language, communication.

Новая реальность, в которой оказалось человечество на пороге третьего тысячелетия, обусловленная усилением тенденций глобализации в ключевых областях деятельности (экономике, политике, языковой сфере, культуре и т.д.) в целом ряде отношений определяется проявлением различных противоречий и именно языковая коммуникация есть способ услышать друг друга, чтобы разобраться в условиях возникших противоречий, выявить механизмы их реализации.

Огромный поток иностранной лексики охватил многие слои нашего общества. Среди деятелей культуры распространились всяческие презентации, номинации и т.д. На телевидении царствуют киллеры, триллеры, блокбастеры и т.д. Сегодняшние истоки этого явления понятны. Страна наша, как и многие другие, под влиянием процессов глобализации переживает вторжение широкого пласта чужеземной, прежде всего американской культуры. И дело не только в Интернете, вся рабочая терминология которого основана на английском. Телевидение наше насыщено программами, скопированными с американских. Московские дикторы говорят с интонациями своих коллег по Би-би-си и Си-эн-эн. Примером проблемы расшатывания норм литературного языка могут служить резкие изменения в газетно-публицистическом стиле. Выполняя двуединую функцию - информативную

и экспрессивно-воздействующую, - этот стиль всегда прибегал к разнообразным средствам усиления экспрессии, обеспечивающим выражение авторского отношения к описываемой ситуации и определенное воздействие автора на адресата - массового читателя и слушателя. Однако в доперестроечное время использование экспрессивных средств ограничивалось ресурсами литературного языка, «снижение стиля» в экспрессивных целях не шло дальше разговорных элементов. В последние же годы фактически все ограничения оказались снятыми. Газетчики (по крайней мере, ряда изданий) употребляют и внелитературное просторечие, и жаргонизмы, и даже бранную и инвективную лексику. Таким образом, старая норма разрушается, а новая только ещё формируется. Наряду с неоправданным использованием нелитературных элементов, о расшатывании литературной нормы свидетельствуют многочисленные лексические, грамматические, логико-смысловые ошибки в речи современных журналистов, политиков, работников радио и телевидения - факт хорошо известный и не нуждающийся в подтверждении. Всё это, безусловно, отражается на культурном уровне общества, актуализируя необходимость продуктивного сопряжения проблем языка и культуры, формирования их реального взаимодействия, взаимообогащения и взаимовлияния.

Как известно, язык - это зеркало национальной культуры, огромная культурная и интеллектуальная ценность. Кроме того, язык - важнейшее средство человеческого общения. Без него не было бы человечества. Между тем у людей, владеющих языком, может создаться иллюзия, что знания устройства и функционирования языка вовсе не обязательны. Человек выражает свои мысли, общие и профессиональные, и этого как будто бы достаточно. Язык сродни воздуху: мы им дышим, заняты своими делами, обычно не замечаем или, во всяком случае, не думая о своем дыхании. Конечно, вне экстремальных условий. В то же время трудно найти другое явление общества, которое так привлекало бы к себе внимание людей, как язык. Вспомним, что в первом ряду требований каждой страны, возникшей на постсоветском пространстве, оказалась проблема развития и функционирования родных языков. И это не случайно. Язык - тысячелетнее творчество народа, тут его характер и душа, свобо-

да и память, философская система. Если бы язык был бы лишь средством общения между людьми, народы давно бы использовали с этой целью латынь, санскрит или эсперанто. Однако любое общество осознаёт органическую связь своей цивилизованности с родным языком. Сколько языков в мире, столько и цивилизаций на земле.

Известно, что язык - один из важнейших признаков нации, он органически связан с культурой, он развивается в ней и выражает ее. В науке существует около 500 определений культуры. Проявления духовного мира человека - слово, музыка, живопись - составные части культуры. Но этим сложное понятие культуры не исчерпывается. В более широком смысле культура - это качественная характеристика результатов человеческой деятельности. На слуху: классическая культура, культура труда, культура управления, политическая культура, культура поведения, культура нации, культура человека, человечества. Во всех этих словосочетаниях содержится масса различных оттенков в понимании культуры. По нашему мнению, одну из оригинальных точек зрения на данный вопрос имел Андрей Платонов, который называл культуру духовным опытом народа. Словарь русского языка С.И. Ожегова определяет культуру как совокупность достижений человечества в производственном, общественном и умственном отношении. Культура может рассматриваться и как единство стили во всех проявлениях нации.

Лингвистика XXI в. активно разрабатывает направление, в котором язык рассматривается как культурный код нации, а не просто орудие коммуникации и познания. Фундаментальные основы такого подхода были заложены трудами В. Гумбольдта, А.А. Потебни и других ученых, утверждающих тезис о том, что границы языка нации означают границы мировоззрения конкретного человека, ибо человек только тогда становится человеком, когда он с детства усваивает язык и вместе с ним культуру своего народа. Все тонкости культуры народа отражаются в его языке, который специфичен и уникален, так как по-разному фиксирует в себе мир и человека в нём.

Проблема соотношения и взаимосвязи языка, культуры, этноса есть междисциплинарная проблема, решение которой возможно только усилиями нескольких наук - от философии и социологии до этнолингвистики и лингвокультурологии. Например, вопросы этнического языкового мышления - это прерогатива лингвистической философии. Специфику этнического, социального или группового общения в языковом аспекте изучает психоллингвистика.

Лингвокультурология, новая наука, которую можно считать самостоятельным междисциплинарным направлением, оформившимся в 90-е годы XX в., своим предметом считает и язык, и культуру, находящихся в постоянном «диалоге», когни-

тивнопрагматическом взаимодействии. Общеизвестно, что культурология исследует самосознание человека по отношению к природе, обществу, истории, искусству и другим сферам его социального и культурного бытия, а языковедение рассматривает мировоззрение, которое отображается и фиксируется в языке в виде ментальных моделей языковой картины мира. Картина, которую являет собой в настоящее время соотношение культуры и языка, чрезвычайно сложна и многоаспектна.

Традиционная система обучения русскому языку долгое время характеризовалась односторонним подходом к объекту обучения - языку, рассмотрением его преимущественно в системно-структурном аспекте, в отстранении от человека - носителя языка, члена общества, в котором язык функционирует, культуры, которую он выражает и развитию которой способствует. При таком подходе культурноносная, духовная, "человекоформирующая" сущность языка оставалась вне поля зрения.

Поиски эффективных путей обучения языкам привели к разработке лингвокультурологического подхода к лингвистическому образованию, в центре которого лежит идея взаимосвязанного изучения языка и культуры. Соизучение языка и культуры, выработка не только языковой, но и коммуникативно-культурологической компетенции личности становится основной линией обучения русскому языку, как в русских, так и в национальных школах.

В свете сказанного, необходимо акцентирование внимания на взаимосвязи русского языка с родной русской культурой с последующей проекцией на взаимосвязи с другими языками и культурами вполне приемлем в русской школе при изучении русского языка как родного. В нерусских школах русский язык и отображаемая им русская культура рассматриваются в плане сопоставления с родными языками и культурами учащихся, в плане функционирования русского языка в поликультурной среде. В том и другом случае решаются проблемы межкультурной коммуникации.

Лингвокультурология изучает национально-культурную семантику языковых единиц с целью понимания их во всей полноте содержания и оттенков, в степени, максимально приближенной к их восприятию носителями данного языка и данной культуры. При таком подходе лингвокультурология - это аспект языковедения, изучающий проблему отражения национальной культуры в языке и проблему речевой деятельности в условиях межкультурной коммуникации.

Изучение русского языка в диалоге культур выполняется в русле лингвокультурологической концепции обучения языкам, суть которой во взаимосвязанном обучении языка и культуры. Намечаются следующие аспекты проблемы:

1. Овладение культурой общения, или речевой культурой; выработка языковой, коммуника-

тивной и культурологической компетенции обучаемых, т.е. овладение системой языка, правилами его функционирования (нормами речевого общения) и правилами коммуникации, в том числе межкультурной коммуникации.

2. Осознание языка как феномена культуры, как культурно-исторической среды, воплощающей в себе историю, культуру, обычаи народа. Язык как сокровищница культуры способствует познанию мира, хранению и передаче познанного от поколения к поколению. Следы культуры запечатлеваются в национально-культурном компоненте значения языковых единиц, преимущественно в лексике, фразеологии, афористике, текстах. Представление о языке как хранителе культуры, умение осознать и вычленять национально-культурный компонент значения языковых единиц - важнейший аспект культурологически ориентированного спецкурса

3. Восприятие языка в его эстетической функции как средства создания художественной литературы - искусство слова, лингвокультурологический анализ художественных текстов.

Формирование новой, лингвокультурологической концепции обучения языкам, в т.ч. русскому, вносит существенные коррективы в профессиональную подготовку студентов-филологов. Задача формирования языковой личности учителя-словесника не может ограничиться языковой и лингвистической компетенцией (практическое владение языком и основами науки о языке - лингвистики). Наряду с компетенцией коммуникативной (решение коммуникативных задач с помощью языка, культура общения, речевая культура) не вызывает сомнения необходимость формирования лингвокультурологической компетенции (осознание языка как феномена культуры, культурно-исторической среды, национальной специфики языковой картины мира, национально-культурного компонента значения языковых единиц). В какой-то мере эти вопросы раскрываются в лингвистических курсах и прежде всего в курсах общего языкознания, истории языка и современного русского языка.

Вместе с тем совершенно очевидна необходимость специальных лингвокультурологически ориентированных курсов. В программе этих спецкурсов предусматривается изложение следующего круга вопросов по проблемам:

1. Лингвокультурологическая концепция обучения языкам. Формирование билингвальной языковой личности в поликультурной среде.

2. Взаимосвязь языка и культуры: лингводидактический аспект проблемы (лингвокультурология как комплексная научная дисциплина, изучающая язык и культуру в их взаимодействии; национальная языковая личность; национально-культурная специфика языковой картины мира (языкового сознания) и речевого поведения; овладение нормами межкультурного общения и т.д.

3. Описание лексической системы русского и родного языков в аспекте национально-культурной семантики слова (лингвокультурологическая теория слова, слово в языковом сознании народа и личности, ассоциативный эксперимент как способ выявления ментального лексикона личности и этноса, систематизация лексики с точки зрения национально-культурной специфики: лексика безэквивалентная, фоновая, коннотативная, ключевые слова, символы, концепты русской и родной культуры.

4. Фразеология и афористика в национально-культурном аспекте.

5. Текст как явление культуры (прагматические и прецедентные тексты, текстовые реминисценции, лингвокультурологические лакуны в тексте, лингвокультурологический комментарий художественных текстов).

6. Лексикографическое описание национально-культурного компонента лексики, фразеологии и афористики (основы коммуникативных и лингвокультурологических словарей).

7. Межкультурная коммуникация.

Диалог культур понимается как межкультурная коммуникация, осуществляемая прежде всего с помощью языка. Языковая коммуникация является необходимым условием существования и развития человеческой культуры, она обеспечивает единство культурных процессов в рамках данной общности, хранение и передачу культурных ценностей. Таким образом, коммуникативная деятельность оказывается тем звеном, в котором пересекаются и взаимодействуют язык как система знаковых единиц разных уровней и культура, в которой он существует и необходимым компонентом которой является.

Сопоставительное описание речевого поведения, реалий культуры, лексики с национально-культурным компонентом значения в русском и родном языках и культурах позволит "проникнуть" в языковую картину мира иной лингвокультурной общности и усвоить национально-культурную специфику языковых средств, обслуживающих общение и культурные потребности человека, поможет создать когнитивную базу - необходимый для общения фонд знаний о культуре, что будет способствовать совершенствованию обучения как родному, так и русскому языку, предупреждая не только языковую, но и межкультурную интерференцию.

Литература

1. Воробьев В.В. *Лингвокультурология (Теория и методы)*. - М., 1997.

2. Караулов Ю.Н. *Русский язык и языковая личность*. / Отв. ред. Д.Н.Шмелев. - М., 1987.

3. Муллағалиева Л.К. *Реалии русской культуры: Лингвокультурологический словарь*. / Под ред. проф. Л.Г.Саяховой. - Уфа, 2001.

4. *Языковая личность: Лингвокультурология. Лингводидактика. Лексикография* / Под ред. В.В.Воробьева, Л.Г.Саяховой. - Уфа, 2001.

Торохтий Людмила Семеновна

доцент Казахского национального университета имени аль-Фараби, e-mail: valtoro45@mail.ru

Саденова Айгуль Ескермесовна

доцент Казахского национального университета имени аль-Фараби, e-mail: sadenovaa@mail.ru

Койлыбаева Салтанат Сакпановна

магистр Казахского национального университета имени аль-Фараби, saltanat.c@yandex.kz.

ФОРМИРОВАНИЕ ЯЗЫКОВОЙ БАЗЫ У ИНОСТРАННЫХ УЧАЩИХСЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ ВТОРОМУ ЯЗЫКУ

Резюме. В данной статье рассматриваются вопросы, связанные с формированием у иностранных учащихся языковой базы при обучении второму языку, о создании условий, которые способствуют обогащению речи учащихся.

Ключевые слова: функционально-речевые образцы, речевые навыки, интенсификация, синтаксическая упрощенность, сознательно-практический метод, метод погружения, речемыслительная деятельность, спонтанная речь.

Summary. This article discusses issues related to the formation of students of foreign language base for teaching a second language, the creation of conditions that contribute to the enrichment of students' speech.

Keywords: functional speech patterns, language skills, intensity, syntactic simplicity, conscious and practical method, immersion method, rechemyslitelnoj activity, spontaneous speech.

Коммуникативная компетенция рассматривается как совокупность нескольких компетенций, обеспечивающих общение. Она позволяет осознать процесс обучения иностранному языку как обучение посредством данного языка. Студенты должны получить возможность выразить свои собственные чувства и мысли на изучаемом языке. Это предполагает формирование навыков построения высказываний композиционно завершённых, грамотно организованных логически и синтаксически.

Основополагающим фактором полноценного овладения языком как средством общения является формирование у учащихся осознанной языковой базы. Конечные цели обучения определяют содержание обучения и реализуются поэтапно в учебном процессе.

- Examples of spelling. first, second, third, fourth, fifth, sixth, seventh, eighth, ninth, tenth (1st, 2nd, 3rd, 4th, 5th, 6th, 7th, 8th, 9th, 10th);– Бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы;

- eleventh, twelfth, thirteenth, fourteenth, fifteenth, sixteenth, seventeenth, nineteenth (11th, 12th, 13th, 14th, 15th, 16th, 17th, 18th, 19th); – он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы;

- twentieth, thirty-seventh, forty-second, fifty-first, sixty-fifth, seventieth, eighty-third, ninety-eighth (20th, 37th, 42nd, 51st, 65th, 70th, 83rd, 98th);– жиырма-сыншы, отыз жетінші, қырық екінші, елу бесінші, алпыс бесінші, жетпісінші, сексен үшінші, тоқсан сегізінші;

- one hundred eighty-sixth (186th); three hundred fortieth (340th); five hundred third (503rd); eight hundred twelfth (812th);– жүз сексен алтыншы, үш жүз қырықыншы, бес жүз үшінші; сегіз жүз он екінші;

- one thousand six hundred seventy-ninth (1,679th); nine thousand eight hundred fiftieth (9,850th);– бір мың алты жүз жетпіс тоғыз, тоғыз мың сегіз жүз елу;

- two hundredth (200th); three thousandth (3,000th); five millionth (5,000,000th)– Екі жүзінші; үш мыңыншы; бес миллионыншы.

Generally, ordinal numerals are used as adjectives and stand before nouns. An ordinal numeral is usually preceded by the definite article "the".

- The first story was interesting.– The second was dull.– Бірінші әңгіме қызық болды. Ал екінші әңгіме онша қызық болмады.

- The thousandth visitor received a prize.– Мыңыншы келуші сыйлық алды.

- John Kennedy was the 35th president of the United States– Джон Кеннеди Америка Құрама Штатының 35-ші президенті. Джон Кеннеди Американың 35-ші президенті.

An ordinal numeral may have the meaning "another, one more", in which case it is preceded by the indefinite article "a".

- We sent them two letters, but they didn't answer. We are going to send them a third letter today.– Біз оған екі хат жібердік, алайда олар жауап жазбады. Енді біз оған бүгін үшінші хатты жібермекшіміз.

Note the following typical constructions with ordinal and cardinal numerals: the second lesson – Lesson 2 (pronounced "lesson two"); the fifth unit – Unit 5 (pronounced "unit five"); the tenth chapter – Chapter 10 (pronounced "chapter ten").

Note the use of Roman numerals (pronounced as ordinal numerals) with the names of kings: Henry V (Henry the Fifth); Richard III (Richard the Third).

Difficult spellings

Pay attention to the differences in the spelling and pronunciation of the following cardinal and ordinal numerals.

- two, twelve, twenty, twenty-two – second, twelfth, twentieth, twenty-second;– екі, он екі, жиырма, жиырма екі – екінші, он екінші, жиырма, жиырма екінші;

- three, thirteen, thirty, thirty-three – third, thirteenth, thirtieth, thirty-third;– үш, он үш, отыз үш,– үшінші, он үшінші, отыз үшінші;

- four, fourteen, forty, forty-four – fourth, fourteenth, fortieth, forty-fourth;– төрт, он төрт, қырық, қырық төрт – төртінші, он төртінші, қырықынші, қырық төртінші

- five, fifteen, fifty, fifty-five – fifth, fifteenth, fiftieth, fifty-fifth;– бес, он бес, елу бес – бесінші, он бесінші, елу бесінші

- eight, eighteen, eighty, eighty-eight – eighth, eighteenth, eightieth, eighty-eighth;– сегіз, он сегіз, сексен сегіз – сегізінші, он сегізінші, сексен сегізінші

- nine, nineteen, ninety, ninety-nine – ninth, nineteenth, ninetieth, ninety-ninth;– тоғыз, он тоғыз, тоқсан тоғыз – тоғызыншы, он тоғызыншы, тоқсан тоғызыншы;

Note the pronunciation of "five, fifth" and "nine, ninth": five [faiv] – fifth [fifθ]; nine [nain] – ninth [nainθ].

Numerals like "eighteen" have two stresses: sixteen ['siks'ti:n]; eighteen ['ei'ti:n]. Depending on the position of the numeral in the sentence, primary stress may fall on the first or on the last syllable. For example:

- He has SIXteen BOOKS. How many? – SixTEEN.– Оның он алты кітабы бар. Қанша? – Он алты.

Numerals like "eighty" have one stress on the first syllable: twenty ['twenti]; sixty ['siks'ti]; eighty ['eiti].

Note the pronunciation of ordinal numerals like "twentieth": twentieth ['twentiiθ]; fortieth ['fo:rtiiθ]; fiftieth ['fiftiiθ]; seventieth ['seventiiθ]; ninetieth ['naintiiθ].

fiftieth ['fiftiiθ]; seventieth ['seventiiθ]; ninetieth ['naintiiθ].

The numerator of the fraction is expressed by a cardinal numeral, and the denominator is expressed by an ordinal numeral. The suffixes "rd, th, ths" are not written in the denominator of the fractions written in figures (1/3; 1/5; 3/7), but such fractions are pronounced in the same way as fractions written in words (one-third; one-fifth; three-sevenths).

Common fractions are usually written out in words. Mixed numbers may be written out in words if short but are often written in figures.

Fractions are generally hyphenated, except in those cases where the numerator or the denominator is already hyphenated: "one-fifth" but "one twenty-fifth" [2].

Some manuals of style recommend writing without a hyphen fractions in the meaning of nouns: a half / one half; one third; two thirds; three fourths / three quarters; four fifths.

Examples of spelling

1/2 – one-half / a half; 1/3 – one-third;– Екіден бірі /жартысы; үштен бірі;

1/4 – one-fourth / a quarter;– Төрттен бірі

1/5 – one-fifth; 1/8 – one-eighth;– Бестен бірі; сегізден бірі;

1/9 – one-ninth; 1/10 – one-tenth;–одна девятая; одна десятая;

1/12 – one-twelfth; 1/20 – one twentieth;– Он екіден бір; жиырмадан бір;

1/32 – one thirty-second;– Отыз екіден бір;

1/100 – one-hundredth;– Жүзден бір одна сотая;

1/1000 – one-thousandth;– Мыңнан бір;

2/3 – two-thirds; 4/5 – four-fifths;– две третьих; четыре пятых;

3/4 – three-fourths / three-quarters;– Төрттен бір

5/8 – five-eighths; 9/10 – nine-tenths;– Сегізден бес; оннан тоғыз;

7/36 – seven thirty-sixths;– Отыз алтыдан жеті;

33/100 – thirty-three hundredths;– Жүзден отыз үш;

65/1000 – sixty-five thousandths;– Мыңнан алпыс бес;

1 1/2 – one and a half;– Бір бүтін екіден бір;

1 1/4 – one and a quarter;– Бір бүтін төрттен бір;

3 2/5 – three and two-fifths;– Үш бүтін бестен екі;

6 3/7 – six and three-sevenths.– Алты бүтін жетіден үш.

Examples in sentences

- This box weighs two-thirds of a kilogram.– Мына жәшіктің салмағы келінің үштен бірін құрайды.

- He has already written three-quarters of his new novel.– Ол жазып жатқан жаңа романының төрттен үш бөлігін бітірді.

- A cent is one hundredth part of a dollar.– Цент – доллардың жүзден бір бөлігі.

- A milliliter is one thousandth of a liter.– Миллилитр –литрдің мыңнан бір бөлігі.

The use of "half"

- Add one-half cup of sugar to the mixture.– Оның үстіне жарты кесе қант қосыңыз.

- The park is half a mile from here.– Осы жерден саябаққа деін жарты миль.

- I had to wait for an hour and a half.– Маған жарты сағат күтуге тура келді.

- The fence was one and a half meters high.– Қабырғаның биіктігі бір жарым метр еді.

- I spent three and a half weeks there.– Мен ол жакта үш жарым апта болдым.

Decimal fractions

The decimal point (not a comma) separates the whole from the fraction in decimal fractions in English. Decimals are written in figures.

The digits to the left of the decimal point are usually read as a cardinal number, and the digits to the right of the decimal point are usually read as separate digits. For example, 546.132 can be read as "five hundred forty-six point one-three-two" [3].

Examples of spelling and pronunciation

- 0.2 (pronounced "zero-point-two"); 0.001 (zero-point-zero-zero-one);

- 1.3 (pronounced "one-point-three"); 2.5 (two-point-five); 3.6 (three-point-six);

- 6.57 (pronounced "six-point-five-seven"); 8.024 (eight-point-zero-two-four);

- 17.84 (pronounced "seventeen-point-eight-four"); 99.99 (ninety-nine-point-nine-nine);

- 2056.831 (pronounced "two-thousand-fifty-six-point-eight-three-one").

If the whole before the decimal point equals zero, the zero is sometimes omitted in writing and not pronounced: 0.5 or .5 ("zero-point-five" or "point-five"); 0.029 or .029 ("zero-point-zero-two-nine" or "point-zero-two-nine"). It is advisable to write the zero before the decimal point in such cases.

In British English, a zero is usually read as "nought": 1.03 (one-point-nought-three); 5.206 (five-point-two-nought-six); 0.5 (nought-point-five); 0.001 (nought-point-nought-nought-one).

It is considered preferable to use decimal fractions with the words "million, billion" instead of the numerals with several zeros. Compare:

- 1,500,000 – 1.5 million (pronounced "one-point-five million"); 16,400,000 – 16.4 million (pronounced "sixteen-point-four million"); 3,200,000,000 – 3.2 billion (pronounced "three-point-two billion").

Examples in sentences

Generally, plural nouns are used after decimal fractions in English. Pay attention to the difference in the use of the decimal point (English) and a comma (Kazakh).

- One meter equals 3.28 feet.– Бір метр 3,28 футқа тең.

- The distance between these objects is 23.6 miles.– The distance between these lines is 0.8 centimeters.

When calculations are said aloud, the verb is generally used in the singular, for example, "two plus two is four; two plus two equals four; two plus two makes four". The verb "to equal" in this case is a little more formal than the verbs "to be, to make". Examples:

- 3 + 4 = 7 (pronounced "three plus four is/equals seven")

- 10 – 6 = 4 (pronounced "ten minus six is/equals four")

- 5 x 4 = 20 (pronounced "five multiplied by four is/equals twenty")

- 30 : 6 = 5 (pronounced "thirty divided by six is/equals five")

In the case of addition, the plural form of the verb is also used, for example, "two and two are four; two and two equal four; two and two make four; two plus two make four".

- A singular verb is used when referring to amounts in the following way:

- Three-fifths of a mile is a little less than one kilometer.

- How much is 35 percent of 470?– Сколько будет 35 процентов от 470?

- Fifteen hours of waiting is too much.

In other cases, the choice of a singular or plural verb depends on the noun that follows the numeral. If the noun is singular or uncountable, the singular form of the verb is used. If a plural noun stands after the numeral, the plural form of the verb is used. Compare these examples:

- Half of the house is occupied by his library.– Половина дома занята его библиотекой.

- Half of his books are about children.– Половина его книг – о детях.

- A third (or One-third) of the equipment was replaced last month.– Треть (или Одна треть) оборудования была заменена в прошлом месяце.

- A third (or One-third) of the cars were bought on credit.

- Треть (или Одна треть) автомобилей были куплены в кредит.

- About 60 percent of the sum was provided by a sponsor.– Около 60 процентов суммы было предоставлено спонсором.

- About 60 percent of the students were absent on that day.–Около 60 процентов студентов отсутствовали в тот день.

Hundred, thousand, million

According to Gordon the words "hundred, thousand, million" can be used with "one" or "a" (if "one" is meant). But only "one" is used before these words if they are followed by numerals in order to express an exact number [39, p.117].

Compare these examples:

- I saw about a hundred people there.–Мен ол жактан жүздеген адам көрдім.

- The lake is about a hundred and fifty miles from the nearest city.– Көлге ең жақын қала шамамен жүз елу милдей жерде орналасқан.

- The lake is at a distance of one hundred fifty-two miles from the nearest city.– Көлге ең жақын қала шамамен жүз елу екі милдей жерде орналасқан.

- Their house is almost a hundred and ten years old.– Олардың үйінің салынғанына жүз он жыл болған.

- A picture is worth a thousand words.– Жүз рет естігенше бір рет көрген жақсы.

- She wrote exactly one thousand words– Can they pay a million dollars?

The words "hundred, thousand, million" do not take the plural ending "s" when they are preceded by numerals in order to express an exact number. But the words "hundred, thousand, million" can take the plural ending "s" when they are followed by "of" + noun, in which case they have the meaning "a great number, a lot of". Compare these examples: We need three hundred volunteers. – We saw hundreds of people there.

To sum up, we distinguish 6 types of numerals in

Kazakh: Есептік сан есімдер (Cardinal numerals), Реттік сан есімдер (Ordinal numerals), Топтық сан есімдер, Жинақтық сан есімдер (No equivalent in English), Болжалдық сан есімдер (No equivalent in English), Бөлшектік сан есімдер (Fractions and decimals), while in English there are only three: Cardinal numerals, Ordinal numerals, Fractions and decimals.

English numerals include all numbers, whether as words or as digits. They may be divided into two major types. Cardinal numerals include words like: nought, zero, one, two, 3, fifty-six, 100, a thousand. Ordinal numerals include: first, 2nd, third, fourth, 500th

Numerals are classified as a subclass of nouns because in certain circumstances they can take plurals: five twos are ten. They may also take the: the fourth of July a product of the 1960s. And some plural numerals can take an adjective before them, just like other nouns: the house was built in the late 1960s; he's in his early twenties; the temperature is in the high nineties. In each of our examples, the numerals occur independently, that is, without a noun following them. In these positions, we can classify them as a type of noun because they behave in much the same way as nouns do. Notice, for example, that we can replace the numerals in our examples with common nouns: He is in his eighties; the fourth of July; a product of the 1960s

Numerals do not always occur independently. They often occur before a noun, as in one day; three pages; the fourth day of July.

the second lesson – Lesson 2 (pronounced "lesson two");

As for Kazakh in such case only ordinal numeral is used.

the fifth unit – Unit 5 (pronounced "unit five");

the tenth chapter – Chapter 10 (pronounced "chapter ten").

the use of Roman numerals (pronounced as ordinal numerals) with the names of kings: Henry V (Henry the Fifth);

Richard III (Richard the Third).

My room is (number) thirteen. – Менің бөлмемнің номері- он үш.

My room number is thirteenth. => Мен он үшінші бөлмеде тұрамын [4].

References:

1. Farzad Sharifian *Globalisation and developing metacultural competence in learning English as an International Language. Multilingual Education 2013 3:7. doi:10.1186/2191-5059-3-7*

2. Kauspanskaya V.L. *grammar of the English language (practice book) L.. Prosvespenie 1967.*

3. Ganspina and Vasilevskaya N. *English Grammar M., 1953.*

4. *Қазақ тілі әдістемесі.- Алматы, 2001.*

Бақраденова Алтын

педагогика ғылымдарының кандидаты,

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, altyn.bakradenova@mail.ru

Мухатаева Қоңыр

филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультеті баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының доценті, e-mail tantal.km@mail.ru

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮДЕРІСТЕГІ ИНТОНАЦИЯЛЫҚ МӘНЕРЛІЛІК ТУРАЛЫ

Түйін. Мақалада ақындардың шығармашылық шабыты сөз болады. Кең құлашты поэтикалық стильдің майталмандары Иса Байзақов пен Илияс Жансүгіровтердің тарихи тақырыпқа жазылған дастандары салыстырылып, шығармашылық үдерісте туындаған авторлық сөз қолданыстары, кейіпкер сөзіндегі интонациялық мәнерлілік мәселелері қарастырылған.

Түйін сөз: поэма, жыршы, лингвостилистика, шеешендік өнер, аллитерациялау, ассонанс, интонациялық мәнерлік

Резюме. В статье сопоставляются творческие порывы акынов Исы Байзакова и Илияса Жансугурова в процессе создания исторических поэм. Авторы лингвостилистическим методом раскрывают многогранный поэтический стиль каждого из них: выразительность речи лирических героев, так же своеобразное авторское мастерство, примененное в процессе творения.

Ключевые слово: поэма, сказитель, лингвостилистика, красноречие, аллитерация, выразительный интонация.

Summary. V article compares creative impulses akyns Isa Baizakova and Ilias Zhansugurov in the process of creating a historical poems. The authors disclose the method Lingvostilisticheskyy mnogogranny poetic style of each of them: the expressiveness of lyrical speech, as a kind of author's skill primenennoev process of creation.

Keyword: the poem, the narrator, linguistic stylistics, eloquence, alliteration, expressive intonation.

Суырып салмалық қабілетімен Арқаға аты мәшһүр Иса Байзақовтың алғашқы «Құралай сұлу» дастаны 1925 жылдан жұртты елең еткізіп, жыр сүйгіш қауымның ілтипатына бөленген болатын, ал Илияс Жансүгіровтің 1928 жылы жарияланған «Күй» дастанына кейіпкер ретінде алынған Молькбай тарихта болған қобызшы Байсақтың баласы. Өзін айналасындағыларға «Жоңғарлармен жекпе-жекте үш рет жеңіске жетіп, Абылай ханнан бата алған Ер Тоқмамбеттің ұрпағымын» деп таныстырады екен.

Аталған шығармалардың тарихи маңызы дәлелденіп, авторларымен бірге әдеби ортаға өз нұсқаларында оралғаны ел мәдениеті мен әдебиеті үшін үлкен табыс болды. Мазмұны, тілдік құрылысы жағынан өзара үндес екі дастанды халқына жақын еткен шеберлік сырларын іздегенімізде, олардың әрбірінде ақындардың халықтық озық поэзияға тән «ұлттық элементтеріндегі – ұшқыр да бай поэтикалық қолданыстардан қарапайым сөйлеу тіліне дей-

інгі тілдік формаларды, ұлт тілінің бар айшығын» байқататын әдеби әрі халықтық тіл құралдарын шеберлікпен қолданғандығын байқадық [1,13]. «Көркем әдебиет стилінде басқа стильдер де ұшырасады, көркем әдебиет тілінде эстетикалық қызмет қана емес, коммуникативтік қызмет те болатынын естен шығаруға болмайды» [1,178] деген тілші ғалымның сөзіне сүйене отырып, екі шығармадағы стильдік ұқсастықтарды және шығармашылық үдерісте туындаған бейнелеу-мәнерлеуге қатысты ерекшеліктерді қарастыруға тура келді.

«Құралай сұлу» поэмасының кіріспе бөлімін Иса ақын:

«Ойласаң өткен күнді айтады жыр,

Тыңдасаң: Естіледі бір терең сыр.

Ой өліп, өмір сөніп көп соғылған

Суреті өткен күннің алдымда тұр», -

деп бастаған [2,9].

«Қазақ елінің төбесінен кара өлең қасиетті құс болып жақынырақ қалықтап ұшқан» деген аңызға сүйенсек, аталған туындылар сол аңызды шындыққа жақындата түседі. Илияс та, Иса да өнер адамдарын бейне-образдарға айналдырған. Олар туралы сөз кестелерін оқығанда мәтіннен оқырман да, тыңдарман да ерекше көңіл-күйді сезінуі тиіс. Алдымен жазылған «Құралай сұлу» дастанында Иса Байзақов халықтық дәстүрлі соқпақты сақтай отырып, ондағы тіл маржандарын өзінше тере жазған:

Қабакты, кара торы, ұзын бойлы,

Кірпікті, буырыл сақал, терең ойлы

Бұрылып үлкен мұрын, ойлы түспен

Халқына бір бұрылып қарап қойды.

Әрі-бері ойға кетіп отырды жәй,

Жұрт күтті не болды деп, қимылдамай,

Күрсініп жерден басын алды дағы,

Сөйледі жұртқа қарап содан былай: [2,11]

Көз алдымызға ел ежелден сыйлайтын шешен-билер бейнесі тұра қалады: қарапайым, артық ауыз сөзі жоқ, ойланып барып сөйлейтін Монтай би бейнесін Иса Байзақов осылай суреттеген. Жаны қасиетті жырымен бірге ақын кәдімгі кара өлең үлгісінде Монтай бидің сөзін «Уа, жұртым!» деген қарапқа сөзбен салмақты бастатқан да, әрі қарай дарындарға тән нөпірлі төкпелілік сарынымен 7-8 буынды арнау сөз үлгісімен жалғастырған. Ел ақылшысының ойын кесіп айтуы («Ер туса, елден тумас...»), толғанып, мақалдап, толғай сөйлеуі

(«Ер туып, жоқ елді бар қыла алмайды. Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды»), айтар ойын ескерте жеткізуі («Тұсында әр заманның бір сұрқылтай...») бір шумақ өлеңге мақал-мәтел, нақыл сөздер түрінде кіріктірілген. Бұл туралы «Өлеңнің өнегелі өрнектері» деген мақаласында тіл қамқоршысы, танымал ғалым Өмірзақ Айтбаев: «Абайдан үлгі алып, сөзді Абайша түрлендіре түскендер бар. Иса-сөз түрлендіру, тіл ұстарту жағынан осы қатарға жататын ерекше тұлға...Мағынасы терең, ойландырмай, толғандырмай кетпейтін мұндай аталы сөздер ұмытылмақ емес» деп бағаланған.[3,55]

Түйдектеле берілген нақыл сөздер лирикалық кейіпкердің ішіндегі зардың, шердің қара тұманын көрсеткендей болса, халыққа қарата қарапайым тілмен жеделдете айтылған сөзге ауысқан тұста бидің өзіне де, елге де басу айтуы бар және ол сөзді өз мәнерімен оқи жөнелсеңіз, би қабағындағы қара бұлт сөйіліп жүре береді. Ақындық шабыттан туған поэтикалық стиль оқырманына эстетикалық қуат беріп, поэманың мазмұнына қызықтыра түседі.

Лингвостилистика ғылымында интонациялық мәнерлілікті зерттеушілер, оның екі кезені болатынын: алдымен ақынның шығармашылық үдеріс сәтінде пайда болатын мәтіннің интонациялық мәнерін зерттеп, түсіне білу, кейін мәтін оқушының мәтінге жан бітіре оқи білуге үйрену екенін ескертеді. Иса Байзақовтың «Құралай сұлу» дастанын оқи бастағаннан-ақ, әр жолынан лирикалық кейіпкердің даусын естігендей боласың, сонымен қатар І. Жансүгіровтің «Күй» поэмасының ырғағы мен күні кетіп бара жатқан Мольқбай бейнесі еріксіз еске оралады. Иса, Ілияс атты пайғамбарлардың атымен аталған қос дүлдүл ақындардың өнер адамдарын өрнектеулері ерекше интонациялық мәнерге ие: олар жайлы жыр жолдары әуенінде поэзия тұлпарына мінгендей оқырманға ерекше әсер бар және олар поэзия тұлпарларына жәй мінбеген, ерттеп мінген. Ерттеп мінген де шапқан, шапқан сайын қыза түскен. Ілияс Жансүгіровтің басты кейіпкері:

Қобызшы –Мольқбай шал Матайдағы,

Матайда, Кеже,Тұңғат, Сақайдағы.

Қазақта қобызшының қалғаны сол,

Жорға еді маймаңдаған бақайшағы...

Еңкейіп екіндідей күні кеткен,

Жұқарып, нашарланып күйі кеткен.

Қобызшы ол «Ақ көбікті» аңыратқан,

Боздатып «Боз інгенді» күңіреткен.

Қобызшы ол «Көк көбекті» күңілдеткен,

«Дүлдүлін» Ер Әлінің дүңілдеткен.

«Онсан мен Орманбеттің айрылғанын»

«Жыласқан ноғай-қазақ» күйін шерткен.

Қобызшы ол «Қорамжанның күйін» тартқан,

Зарлы ол қыр қиялын қиындатқан.

Қалыпты қолда қоңыр көне қобыз,

О баста сырмайлатқан, күміс шапқан.[4,46]

Дастандардағы Монтай бидің қатулы қабағы мен Мольқбайдың кеңестік кезеңдегі хал-күйі ұлт басы-

на төнген ауыр кезеңдерден хабар береді. «Саятшы Сартай не күйде?», «Қайықшы Қалтай не күйде?» деп қайырып, олардың жәйін мана көнекке теңеген Ілияс Жансүгіров құр ойын-сауықтың қажеті шамалы екендігін, өнер өрден, биіктен көрінуін ауыл ақыны бола жүріп қолдаған еді. 1928 жылы Мәскеуден журналистік мамандыққа оқып қайтысымен жазған «Күй» поэмасы арқылы ақын Мольқбай қобызшыға өз дастанымен мәңгілік ескерткіш орнатты. 1979 жылы І.Жансүгіров аты берілген Талдықорған мемлекеттік педагогикалық институтында ақынның 85 жылдық мерейтойына арналып ақын музейі ашылды. Сол музейге алғаш рет Ақсу ауданы, «Үлгілі» ауылында тұрған Бөрбек ақсақалдың бәйбішесі Адамасқан әжеден институт ректоры қолдауымен қобызшының көне қобызы алдырылып, мұражайға қойылды. Сол қобыздың шанағынан төгілген қаншама мұң-қайғыны ақындар жыр мәнерінде ұрпаққа қалдырды. «Бай», «қулактар» делініп, қазақ елінің жақсылары қудаланғаны тарихи шындық. Ел ішіндегі жыр сәйгүліктері жайында алып-қашпа сөздерден сақтану мақсатында Иса мен Ілияс ақындардың тарихи аңыздарға, маңызды тарихи оқиғаларға шынайы жүректерімен тақырып арнағандықтары қазіргі тәуелсіздік заманда тереңнен зерделенуде.

Мыңдаған оркестрді, көргем топты,

Жырлаған жаңа өмірдің күйін соқты.

Жуылған жүректен у сол күйменен

Аршығам көңілімді басқан тотты...

Сонымен сол барғаннан кейін қайтқам,

Мен дағы жаңа тапқан күйді тартқам.

Бағыстап жарлы жұртқа жүрек жырын,

Байқамай, жыр айтам деп, сырымды айтқам.

[4,9-60]

Исadan жазылу кезені сәл кейін І.Жансүгіровтің дастанында кеудені кере сипатталған қуаныш лебі жоқ. Мақсат – құдіретті күйдің тауды, тасты бұзатын, шындықты жасыра алмайтын күшін көрсетуінде. Осындай астарлы ойды жоғарыда келтірілген үзіндінің соңғы жолдарынан байқаймыз. Қазақ елінің тұрмысына салқыны тиіп жатқан саясаттан бойын аулақ ұстаса да,ақын «қобыздан құздың күйін, мұздың күйін» сезгеніне дән риза.

Жарияланбаған туындылары толықтырылған соңғы өлеңдер жинағында І.Жансүгіровтің «Толғау» атты өлеңі беріліпті. Онда:

«Көңілдің күйі келмесе,

Көп мылжынға мен саран.

Көңілдің күйі кернесе,

Көтерілем ән салам», -[4,18] деген жолдар бар.

Азулы ақындар саясаттың аумалы – төкпелі болып тұрған сәттерінде ойларын өздері айтпай, кейіпкерлеріне айтқызып, бұған қоса байқайтынымыз – екі ақын шығармаларында да ішкі мәнерінен, сөйлеу ырғағынан, дауыстың күші мен қарқынынан түсінілетін астарлы ойлар көп.

Поэмада аз көрінсе де, Иса ақынның сөз-образбен суреттеген Монтай би бейнесіне тағы оралайық. Оның әрі толғай, әрі арнай сөйленетін сөзінде бір басына жинаған қаншама тұңғыық, таза тұжырымдар, философиялық пайымдаулар тұр. Оқушы жастар мәтіндердің интонациялық мәнерін келтіре зерделей оқыса, қаншама дидактикалық ақыл-кеңестер түюге болады. Ескеретін жайт – осы дастан жазылған уақытта Иса Байзақов та Қызылордада оқып жүрген, «Сыр елі – жыр елі» аталатын мекенде Монтай би туралы аңызды қағып алып, дастанға айналдыруы – сезімтал жүректі ақынның ғана қол жеткізетін табысы. Шешендік өнер – өнердің ең биігі десек, өнер адамдары жайында алғашқы суретті образды бейне жасаған – Иса ақын деуге болады.

«Үйірінен бөлінсе,
Құланның күйі болар ма?
Өз тобынан бөлінсе,
Батырдың бағы жанар ма?
Қара басын қайырса,
Биде әділдік болар ма?»[2,12]

Шартты бағыныңқы сөйлем құрылымымен берілген өлең тармақтары орта шеніне дейін риторикалық сұраулы сөйлемдерімен мәтінге жағымды экспрессиялық, яғни сезімдік реңк беріп тұр. Бұл тәсіл арқылы ел кеңесшісінің ойын ойып айтатын, сөйлесе, сөздерін жеткізе сөйлейтін мінезі ашылған. Қысқа да нұсқалы қайырылған жолдар қайталау аллитерациялау, ассонанс тәсілдерімен құлпыра түскен. Мысалы: Елінің «қамын жеу», «салтынан айырылмау», «мұндана еруден, қамсыз қайғыдан сақ болу» сияқты афоризмді тіркестерді аузына сала отырып, Иса Байзақов би, шешен бейнесінің қалтқысыз қатал қалпын сомдайды:

«Қартайғанда басқан ой
Қарабастың қамы емес.
Көңілді серпіп ашпас ой
Мұндана беру сән емес».[2,12]

«Қ» дыбысын ойната жеткізілуі мен алдыңғы тұжырым кесіп айтылса, соңғы тармақтағы пікірді қабылдау үшін, «ашпас» сөзіне «а» дыбысын қосып, «ашпаса» деп оқу сұралып тұр. Әрі қарай мәтінде қай заманда да, қандай да болмасын, мұң шалған адамды сергітіп тастайтын жолдар тізілген:

«Мұндана беру сән емес,
Қамсыз қайғы қапалық
О да ақылдың заңы емес».[2,12]

Ақын осылайша кейіпкерінің әр сөзін салмақтап, келелі, түйдек-түйдек ойлар айтқан. Осы жолдарда «қапалы» сөзінің соңына «к» дыбысын жалғап, жол бойы аллитерация жасаған. Дәстүрлі қолданыста «қапалық» сөзі болмаса да, бұл тіркесте ерсі көрініп тұрған жоқ, қайта «Қайғының» ащылығын «қамсыз» сөзінің мағынасына үстемелетіп, онымен бірдей күрделі эпитетке айналған. Дыбыстық үйлесімдер арқылы туындаған осы интонациядан, бейнелі мәнерден экстроллингвистикалық қолданыстардың мәтін мазмұнын мәнерлі жеткізудегі маңызы байқа-

лады. Монтай бидің сөзінің соңғы жолдары:

«Арманы жоқ ел көрсем,
Арымастай болар ем.
Азбайтын тату ел көрсем,
Тұғырға қайта қонар ем», - деп аяқталады.[2,12]

«Арман» сөзіне ұйқастырылып «арымастай» делініп алынған теңеу мәтінде ұғынылатын окказионал сөз. Ол «шаршамайтын», «шалдықпайтын» деген сөздер мағынасында емес, «іштегі аурудан тазалану, ауырмау» деген мағынада жұмсалған. Монтайға параллель алынған кейіпкер Келден – ақын тілінде «шыбын жанын қайғымен күйреткен» батыр кейіпкер. Келденді арманда қалдырған Құралайды алайық, қалмақтар басып алған қазақ жерін, қиналған, шашылған, сендей соғылысқан қазақ елін алайық, барлығы – Иса ақынның тек жан сезімін, толғанысын жеткізетін сөз-образдармен ашылған бейнелер. Дастан аңыз түрінде Келденнің атынан айтылатын әңгімеден басталады да, ауызекі тілдегі «бір тайпы ел», «үзілтіп ән салу», «мал иіру», «ағыз», «шабу, омақата жығылу», «қалбақ ойнау», «құл мен құтан», «қарлық іске долдану» деген халықтық қолданыстарға бай келеді. Бұл қолданыстар арқылы қазақ халқының ат құлағында ойнаған ері, оның ерлік әрекеттері әсерлі жеткізіледі.

«Өкітіп өшпес қайғы уын берді,
Дариға-ай ұмытайын сондай жерді.
Жасты жаспен ағызып жуа бердім,
Шыдатар әйел күйі қандай ерді?»[2,31]

Бұл – қалмақтың қазақ әйелінен туған Құралай сұлу атты қызының босатуымен азат болған Келденнің көңіл шері. Бостандықты, махабатты, әділдікті бүкіл табиғат коштағандай. Иса ақын бұл көріністі «күн қолтығы тасалады», «тас құлағын салғандай бұқты», «қараңғы түн жығылып», «таулар бас иеді тәжім ғылып», «сылдыраған бұлақтың даусы», «жел бетті желпіп, сүйіп тұр» деген бейнелі тіркестермен жасалған егіздеу, яғни параллельдеу тәсілдерімен жасалған суреттеулерде жеткізеді.

Анасы махаббаттың жер құлпырды,
Нұр түгіл жер-жаһанға күн құлпырды,
Теңбіл аспан тесіле қарағандай,
Далада тағыға еріп кім құлпырды?
Жұмбағын сол күндердің жұтып өткен,
Құлдары махаббаттың жас құлпырды.
Адам деп соны да мен ойлармын ба,
Түсініп тыңдамаса мұндай сырды...[2,33]

Келден – елін қалмақ шапқыншылығынан қорғау үстінде қолға түсіп, тұтқын болады. Тері қапшықта буулы тұрып, батырлық айбатынан қайтпайды, жауының алдында жығылмайды. Осыдай қазақ батырын Құралай сұлудың сүймеске лажды жоқ және шешесінің аманаты бар. Екі жас тағылы тауда, далада қосылады. Бірақ адам тағыларынан қашып, Құралай дала тағысына жем болады.

Аңыз оқиға болса да, поэманың сезім қылын шертер осы тұстары И.Байзақовтың шығармашылық үдерісі үстінде туындаған интонациялық

мәнерлік арқылы айшықтала жеткізіліп, аңыз кейіпкерлерінің сөзімен поэманың соңына таман барып барып үзілуі байқалады. Мектеп оқушылары мен жоғары оқу орны тәлімгерлерін поэмадағы кейіпкер үніне қосалқы дауыс сарындарын ескере оқуға үйретіп, интонациялық мәнерлілікке баулу – тіл-әдебиет маманының, шеберлілік шиырына тәрбиеленетін журналистердің басты міндеті.

Композициялық құрылысы мен тіл мәнерлілігі жағынан «Құралай сұлу» мен І.Жансүгіровтің «Күй» поэмасының өзектестігі: дастандарда қайғылы оқиғаны баяндауға себепкер болған лирикалық кейіпкерлерінің, яғни ақындардың «мен» атынан заман оқиғаларына әрдайым алаңдаулы образдар болуында. Бұл – бір, екіншіден, «Құралай сұлуда» Монтай бидің шерін тыңдасақ, «Күйде» сипатталатын лирикалық кейіпкерлердің бейне-образдарынан Мольқбайдың қобыз шанағынан төгілген замана зарын естігендей сезімнің жеткізілуін сеземіз. Мәтінді тыңдаушылар осыны дәл қабылдауы тиіс. Иса Байзақов:

«Өмірдің алды жарық, соңы қара,
Талайға түсірді ғой бітпес жара.
Келденнің арманына ой жіберіп,
Менің де жүрегім пара-пара!» [2,18], - деп толғаса, Илияс Жансүгіров:

«Көп жүрген көңілім жүдеп, жаным жадап,
Жабыққам, жатырқағам, тартқам азап.
Сонау күй жүрегімді тыншытпаған
Пышағын кейде салып, кейде қадап», - деп [4,57], жүректеріне түскен сезім жараларына ем болар амал-күй күтеді. Поэзияның қос дүлдүлінің сөз кестелері өздері сияқты қиянатқа қарсы тұра білетін, кейіпкерлерімен бірге қиналған мазмұнды жеткізген.

Қоңыр жел күліп келіп бетті сүйед,
Лебінен сүйген сайын жалын тиед.
Кей кезде жұмбақ бір ел еске түсіп,
Өз жанын өзі ұға алмай, от боп күйед.
«Шіркін-ай, шыдамайды-ау, жаны құрғыр,
Елестеп өткенді айтсаң, бір терең сыр.
Өткенге ой бөлмей-ақ қояр едім,
Жанымды жегі еткен осындай жыр» [2,27]

Иса ақын өткеннің қанды уақиғасынан сырт қала алмағанын айтса, Илияс ақын өмірі күйік болып өткен өнер адамының сырын ашуға ашық түрде ниет білдіреді:

«Ол ма еді күйі күйік зарлы заман?
Жаншыған зарлы ма еді зар жылаған?
Күйініп, күйін тартып, күйдірген шал,
Кім еді? Білмей тұрып кіналаман». [4,56]
Ал «Құралай сұлу» дастанын И.Байзақов:
«Жазалы кім, жазасызды күйдірген кім?
Тексерші өткендердің әр бір ізін», - деп, [4,42] дастанды антифразисті мәнерлі жолдармен күрт аяқтайды.

Мұндай авторлық шегініс бүгіндері әдебиет әлеміне, мәдениет биігіне көтерілген қазақтың би шешендерінің мол мұрасының ортамызға өз аттарымен оралатынына деген сенімін ақынның ашық айтпағанын байқатады. Олар мегзеген философиялық ойлар ұрпағына халқымызда бар мәдени мұраны табыстап, «Ашындар, қазындар!» деп тұрғандай.

Біздің ойымызша, Илияс Жансүгіровпен қатар поэзия шыңына еркін құлаш ұрған Иса ақын кеңес дәуірінің ықпалымен кеңес заманы тұсындағы саясатты кеңес сахнасында насихаттауға мәжбүр болмағанда, кең сахара аспанында еркін қалықтар еді, сал-серілік нышандары мол шығармаларынан келесі ғасыр ұрпағы да талай сусындар еді. Ақындардың кейіпкерлерінің тағдырлары да, бүгінгі заман көзімен қарағанда, осыны байқатады. «Сабаз ақындарымыз-ай, жандардың қандай таза еді?» - деп сүйсінеміз.

1930 жылдардың орта шенінде І.Жансүгіровтің өнер адамдары туралы осы «Күй» (1928), «Күйші», «Құлагер» атты поэмаларына қатысты айтыс-тыртыстыр болды, кеңестік саясат қыспағымен ақынға жөнсіз «жолбике ақын» деген атақ та тағылды. Осындай қатердің алдын-алып «Байқамай жыр айттам деп, сыр айтып қойған...» ақынның лирикалық кейіпкері өз қазанын өзі жаба ұстады, дегенмен, шындық бүгіндері ашылып отыр. Дүлдүл ақындар қашанда сыршыл, турашыл, шынайы сөз шеберлері күйінде есте сақталады. Ақындардың асыл дүниелерді жазу кезіндегі, лирикалық үдеріс үстіндегі толғаныста туған ақындық ішкі интонациялық мәнерді оқырмандары сондай сезіммен қабылдап, түсіне оқуы керек.

Әдебиеттер:

1. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. - Астана: Л.Н.Гумилов атындағы ЕҰУ, 2006. - 369 б.
2. Байзақов И. Ақбөпе. - Астана: Елорда, 2000. - 366 б.
3. Ақын Иса. Жинақ. - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 160 б.
4. Қазақ совет поэзиясының антологиясы. Бірінші том. - Алматы: Жазушы, 1977. - 565 б.
5. Кәкішев Т. 1920 жылдардағы әдеби сын / Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.7. - Алматы, 2004. - 462б.
6. Ысқақов Д. 1930 жылдардағы әдеби сын / Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.7. - Алматы, 2004. - 462 б.
7. Әуезов М. Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.1. Бірінші кітап. - Алматы, 1960. - 737 б.

Бекбосынова Асия Хасанқызы

филология ғылымдарының кандидаты, Қостанай педагогикалық институтының доценті,
Қостанай қ, e-mail: assia-bek@mail.ru

СЕНТЕНЦИЯ - ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ПОЭЗИЯДАҒЫ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйін. Мақалада сентенция-теңеулердің поэзиядағы қолданыс ерекшелігі талданып, стильдік қызметі сараланады. Сентенция-теңеулер – қаламгердің жеке қолданысынан туған, оқырманға ой салатын, ақыл-уағыз түрінде келген қанатты сөздер қатарынан орын алуға мүмкіншілігі зор тілдік құбылыс екендігі нақты мысалдармен дәлелденеді.

Резюме. В статье рассматриваются особенности сравнений-сентенций в поэзии и их стилистические функции. На основе примеров доказано, что сравнения-сентенции могут занять достойное место наряду с афоризмами, которые являются личным произведением автора, имеющий глубокий смысл и пример для подражания.

Summary. This article focuses on the use of comparison-sentences in poetry, as well as its stylistic feature. On the basis of the examples it proved that the comparison-sentences can take its rightful place alongside aphorisms, which are the product of the author's own, has a deep meaning and an example to follow.

Кез келген суреткер өз ойы мен көзқарасын оқырманға әсерлі әрі бейнелі етіп жеткізу үшін тілдің экспрессивті құралдарын мейлінше уәжді қолдануға тырысады. Көркем шығармадағы теңеулер адамның сезіміне ерекше әсер етіп, түрлі стильдік қызметте қолданылуымен құнды болып келеді. Теңеулер заттар мен құбылыстарды салыстыруға ғана негізделмей, сол салыстыру нәтижесінде зат пен құбылыс туралы өзіндік ой туады, оған автор тарапынан баға беріледі. Мұндай теңеулер автордың айтар ойының салмағын арттырып, ойды нақтылайды, ал оқырманды ойлануға жетелейді. С. Мәуленов қолданған теңеулер ұлттың таным-түсінігін білдірумен бірге терең мазмұнды, ой-тұжырымды болып келген. Афористік қасиеті өте жоғары өлеңдерінде теңеулер ерекше қызмет атқарған. Салиқалы ой айтып, салмақты ой түйген мұндай теңеулер ақын өлеңдерінде мол кездеседі. “Ұлттың ділінде тіл арқылы берілетін ғибрат түрінде айтылатын бейнелі сөздер экспрессивті мағына жүктеп отырады. ... мұндай сөздер «ділмәр сөз», «қанатты сөз», «мәнерлі сөз» деп аталып жүр. Ділмәр сөздің мақал-мәтелдерден ерекшелігі – оның белгілі бір авторы болады. Ділмәр сөзде ой барынша терең мәнді аймақтарымен өрнектеліп, өткір мәнерлілікке негізделеді” [1, 314]. Өлемнің тілдік бейнесін жасауда теңеулердегі сентенция құбылысының танымдық сипаты айрықша деуге болады.

“Адам жанына әсер етерлік шындықтың эстетикалық маңызын сипаттайтын, қаламгердің дүниетанымын, парасат-пайымын көрсететін тілдік құбылыстардың бірі – сентенция құбылысы” [2, 80]. Қадыр Мырза Әлі шығармаларындағы сентенция құбылысын зерттеген А. Әділова “Сентенция дегеніміз – белгілі авторы бар, адам, қоғам өмірінің сан алуан қырын қамтитын, терең мазмұнды, көркем, әсерлі, кітаби-жазба әдебиетте ұшырасатын, мәні контексте ашылатын ықшам сөйлем (синтаксистік бірлік)” [3, 12] – деген анықтама береді. Мысалы:

Айтылған сөз қисынсыз,

Қаңғыбастай үй-күйсіз.

Қисынды сөз іздейміз

Күндіз-түні ұйқысыз.

“Айтылған сөз қисынсыз”.

Бұлар – қаламгердің жеке қолданысынан туған, оқырманға ой салатын, ақыл-уағыз түрінде келген қанатты сөздер қатарынан орын алуға мүмкіншілігі зор тілдік құбылыс. А. Әділова сентенцияның тілдік қолданысқа ену мүмкіншілігі жайында былай деп ой түйеді: “Сонымен сентенция, негізінен, белгілі бір әдеби контексте пайда болатындықтан, оның әрі қарай қолданысқа түсіп, халық қазынасына айналуы көбіне оқырманға байланысты, өйткені әрбір жаңа сентенциямен әрі интеллектуалдық, әрі эстетикалық информация (ақпар) үнемді де ықшам түрде беріле алатындықтан, оның соны, тосын, ерекше, әсерлі, бейнелі анықтама, дәйектеме, сілтеме ретінде қолданылу мүмкіндігін пайдаланатын – сол оқырман” [3, 26]. Ақын қолданған теңеулік құрылымдағы мұндай құбылыс белгілі бір оқиғаның түйіні мен қорытындысы болып келген. Күрделі теңеуде теңеудің заты – қисынсыз айтылған сөз үш сөзден жасалған, образы – қаңғыбас, белгісі – үй-күйсіз. Қисынсыз айтылған сөз қаңғыбасқа теңеліп, жай сурет нақтыланған. Теңеулік құрылымдағы оқиға түйіні: сөз қадірін білу, сөз қадірін кетірмеу.

Тіл білімінде қаламгер шығармаларында кездесетін сентенцияны максима және гнома деген түрлерге бөліп қарастырады. Гномада философиялық мазмұн басым болса, максимада дидактикалық мән басым болады. “Максима ...белгілі бір автордың ықшам, басы артық сөзден ада, терең мағыналы, тұжырымды ойы. Максимумның негізгі ерекшелігі оның семантикасының 1) белгілі бір тәртіпке бейімдейтінімен; 2) ондағы ой әркімнің өз-қимылы барысында басшылыққа алатын этикалық ұстанымды білдіруімен айқындалады” [4, 277].

Өткен күннің бәрі ойда сақталады,
Айырамыз есептеп ақ, қараны.
Күншілдік пен жауыздық күлге айналып,
Асыл сөздей жақсылық жатталады.

“Өткен күннің бәрі ойда сақталады”.

Теңеулік құрылымда теңеудің заты – жақсылық, теңеу образы сөз сын есіммен қабыса байланысып күрделі теңеу болып тұр, осының нәтижесінде образдың сапасы біршама нақтыланып, жай сурет көріктене түскен, адамға жасаған жақсылығын адам жадында сақталатын асыл сөзге теңелген, теңеу белгісі – жатталады. Жалпы тілдік қолданыста адамның жасаған жақсылығы ғана жүректерде сақталады деп айтылады. Ал асыл сөздей теңеуінің мағынасы “мәнді, ойлы, саналы айтылған сөз” тәрізді болуы қажет. Сөз қадірін түсінген ақын асыл сөз бен жақсылықты осы белгілеріне қарап теңестірген. Ақын адамға жасаған жақсы іс ешқашан өлмейді дей отырып, адамдарды тек жақсы, игі іс жасауға шақырады. Ақын адамдар арасындағы достық пен қарым-қатынасқа қатысты да тұжырымды ойлар айтады. Ақын қолданысынан туған мұндай теңеулер эстетикалық әсер берумен құнды болып келген.

1. Ұлы жолда өзгеріп бір құбылмай,
Келе жатыр достығымыз суынбай.
Тілек таза мөлдір бұлақ суындай,
Жүрек таза таңның аппақ нұрындай.
(Онкүндік соңында).

2. Жақсы адамның алақаны аялы,
Жақсы адам жасыл емен саялы.
Жұлдыздардай шақырады биікке
Жақсы адамның жарқын өмірбаяны.
 (“Жақсы адамның аты жылдар жаңғырып”).

Тілектің бұлақ суына, жүректің таңның ақ нұрына ұқсатылуы олардың ішкі қасиетіне, сапасына негізделген. Бұлақ суының мөлдір, таза болатыны және тілектің шын ниетпен айтылуы, осыдан келіп жүректің таңның аппақ нұрындай болуы достар арасындағы адалдықты білдіріп тұр. Екінші өлеңдегі теңеулік құрылымда да жақсы адамның жарқын өмірбаяны өзгеге үлгі болумен және аспандағы жұлдыздай биікке шақыруымен өлшенген. Әсіресе достыққа қатысты айтылған тұжырымдар шындықтың эстетикалық маңызын сипаттауымен құнды болып келген. Өсек тасыған дос сынаптай сырғымалы күрделі теңеуінде ақын шынайы достықты басқаға үлгі тұтады. Жаны адал, ақ жарқын адамдарды жанына жақын тартады. Сыныптай сырғымалы дос – ақын қолданысынан туған тың теңеу.

1. Кетті дос өсек тасыған
Сырғымалы сынаптай.
Қия-құздардың басынан
Келеді шын дос құлатпай.
 “Жалғызбын ата-анадан”.

2. Кеудемде тау оты бар атылмаған,
Кеудемде бұлт оты бар шатырлаған.

Кей кезде кейбіреуден қатар жүрген
Сәулелі ашық аспан жақын маған.
 “Кеудемде тау оты бар атылмаған”.

3. Жауған бұлттан жауқазын боп із қалды,
Бірі жаумай жерден нұрын қызғанды.
Сол бір бұлттай адамдар бар ойласақ,
Өмірінде сыр ашпайтын ызғарлы.
 “Екі шоғыр бұлт аспанға шықты ойнап”.

Біздіңше, сентенциялық құбылыстың біразы теңеулік құрылым көмегімен жүзеге асатын тәрізді. Себебі айнала қоршаған ортадағы зат пен құбылысты салыстыру, теңеу арқылы ғана оның сапасы мен қасиетін бір-бірінен ажыратып, бағалауға, ой-түйін жасауға болады.

Күлкілерде тұрғандай уақыт күліп,
Күлкілерде жатқандай бақыттылық.
Бірақ, бірақ күлкі бар көлгірситін,
Адам ұлын дарға асып, атып тұрып.

Іштен үңгіп адамның жанын жейтін,
Күлкілер бар адамды жәбірлейтін.
Адал ойдың ақ, ашық сәулесіндей
Менің күлкім шын күлкі қадірлейтін.
(Күлкі).

Ақын түрлі күлкінің ішінен адам жанын жадырататын, жаныңа жылы шуағын төгетін – шын күлкіні қалайды. Шын күлкі – көңілі таза, ниеті түзу адамның күлкісі. Ақын танымында – шын күлкі бақытқа баланған, тіпті шын күлкіде уақыттың да күлкісі тұрғандай. Теңеулік образ ретінде алынған – адал ой, ашық сәуле сөздері шын күлкінің мағынасын терең түсінуге қызмет етіп тұр. Шын күлу – теңеу затының семасы – жасанды іс-әрекет жасамай, шын ниетпен күлу дегенді білдіреді. Мұндай құбылыстардың бір тобы шығыс септігі арқылы жасалған. Шығыс септігінің қазақ тіліндегі басты мағынасы қимыл іс-әрекеттің неден, қайдан шыққанын, басталғанын білдіру екені белгілі. Ғалым С. Исаев бұл жалғаудың сапалық, сындық сипаттағы сөздердің салыстырма мәнін білдіретінін атап көрсетеді [5, 84]. Т. Қоңыров та осы жалғаудың теңеу жасаудағы қызметіне ерекше тоқталады. Бұл тәсілдің көмегімен сапалық ұғымдар бір-бірімен салыстырылып, сол салыстыру нәтижесінде теңеулік образ жасалады дейді [6, 17].

1. Тас мейір кейбір адамнан,
Ақжарқын жүзді гүл артық.
Сыйлыққа бола жаралған
Гүл тұрар жанды қуантып.
 “Тас мейір кейбір адамнан”.

2. Қайырымсыз деме қойтасты,
Одан да жерде қатты көп.
Болса да тердей кейде ащы,
Өмірден артық тәтті жоқ.
 “Дүниенің түбіне”.

3. Бос күлкіден
Жас селі жақсы,

Дос түлкіден
Аш бөрі жақсы.

(Жеке шумақтар).

Шығыс септігінің қатысуымен жасалған мұндай теңеулер саны ақын өлеңдерінде өте жиі кездеседі. Мұндай тәсілмен жасалған теңеулер адам ойында тез сақталуымен, тіпті еріксіз жатталып қалуымен ерекшеленеді. Шығыс септігі арқылы жасалған теңеулерден көбіне абстракті затты нақты затпен салыстырудың нәтижесінде сипатталушы заттың белгісі барынша нақтылана түсетінін байқауға болады. Адамға ғана тән абстракті зат – ақылдың кереметтігін ақын мынадай сентенция-теңеумен береді.

Найзадан күшті,
Найзағайдан ұшқыр,
Оқтан сұсты,
Керемет күшті
Адамда ақыл бар.

(Ақыл).

Мұнда теңеудің сипатталушы мүшесі дерексіз зат – ақыл сөзіне бірнеше образ қатарынан алынып, адам ақылының кереметтігі найза, найзағай, оқ сияқты деректі ұғыммен салыстырылған. Адам мінезіне қатысты ой-тұжырымдар да теңеулік құрылыммен өте әсерлі етіп берілген. Кейбір жолдарды – құлап қалған мас адамға теңеу арқылы ақын жолдарды емес, адам мінезіне қатысты ой толғайды.

Кейбір жолдар шықпай қалған тасадан,
Секілді бір құлап қалған мас адам.
Жолдар, жолдар мінездері адамның,
Сол жолдарды адамдар ғой жасаған.

(Өмір жолы).

Мұндай құбылыстың бір тобы шығыс септігімен бірге теңеу жасайтын – тең сын есімінің қатысуымен жүзеге асқан. Өзін өзгелерден жоғарымын деп санайтын кейбір адамдарды ақын өз өлеңдерімен былай деп түйрейді.

Келсе де бой теңескің
Таудан биік емессің.

Келсе-дағы егескің,
Желден күшті емессің.

Теңізден терең емессің,
Жерден жомарт емессің.
Салыстырып оларға,
Тең тұтпайды сені ешкім.

“Келсе де бой теңескің”.

Теңеулік құрылым болымсыздық формада жүзеге асқан. Теңеулік құрылымда теңеу мүшелері бір-біріне қарама-қарсы болып көрінгенімен, болымсыздық мағынаның көмегімен теңеу затындағы ой барынша айқындала түскенін байқауға болады.

Түйіндей келгенде, С. Мәуленов өлеңдеріндегі сентенция-теңеулер ақынның дүниетанымын, парасат-пайымын көрсетіп, барынша әсерлі болып, адам ойына, санасына әсер етуімен, белгілі бір ойдың түйінін жасауымен құнды болып, өлеңнің бейнелілігін арттыра түскен.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қоянбекова С. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері. – Алматы: “КИЕ” лингво-елтану инновациялық орталығы, 2007. – 392 б.

2. Саткенова Ж.Б. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б.Соқпақбаев шығармалары бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2005. – 127 б.

3. Әділова А.С. Сентенцияның тілдік табиғаты және стильдік қызметі (Қадыр Мырза Әли шығармашылығы негізінде): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Қарағанды, 1998. – 26 б.

4. Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2009. – 303 б.

5. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 144 б.

6. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 192 б.

Әбдуәліұлы Бекжан

ф.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
Астана қ., e-mail: bekzhan_a7@mail.ru

Сағидолда Гүлғайша

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
ф.ғ.д., Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, Астана қ., e-mail: asem963@mail.ru

Жылқыбай Гүлімжан

ф.ғ.к., Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті,
Түркістан қ., e-mail: zerek24@mail.ru

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК ҰҒЫМЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЛЕКСИКА

Түйін: Мақалада қазақ тіліндегі жекпе-жек сөзінің мағынасына және оның даму ерекшеліктеріне талдаулар жасалады. Сонымен қатар жекпе-жек ұғымына қатысты сөздердің байырғы мағынасын ашу үшін батырлар жырларындағы қолданыстарына назар аударылады. Бабалар ұғымындағы батырлық рух пен қазіргі ұлттық рухтың өзара сабақтастығына мән беріледі. Мәтін ішіндегікөне қолданыстар арқылы жеткен түрлі ақпараттардың сырларын аша отырып, талдауларға негіз болған сөздердің мүмкіндігін айқындалады және бүгінгі күннің қажетіне жарату туралы ұсыныстар айтылады. Мақала мазмұнында теориялық тұжырымдармен қатар, қолданбалылық мәселелері де қамтылған.

Түйін сөздер: жекпе-жек, әскер басы, сайыс, қақтығыс, қарсылас, единоборство, поединок, рух, аруақ, Ер Дәуіт, жеті кәміл пір, аруағы асу, мысы басу, құты қашу, пірлері таю, жеті пір, жаңылу.

Резюме: В этой статье проводятся анализы к значению слова казахского языка *дуэль* и к особенностям развития этого слова. В то же время, чтобы раскрыть древнее значение слов, связанных с понятием *дуэль*, обращается внимание на использование этих слов в героических эпосах. Дается значение к непрерывности героического духа и нынешнего национального духа в понятиях предков. Определяются возможности слов, являющихся основой для анализа, а также выдвинуты предложения об использовании этих слов в потребностях сегодняшнего дня. В содержании статьи вместе с теоритическими обоснованиями, охвачены вопросы их использования.

Ключевые слова: *дуэль, глава армии, состязание, столкновение, противник, дух, Ер Дауыт, вдохновляться, испугаться, семь святых, ошшиться.*

Summary: This article analyses the Kazakh meaning of the word *a duel* and development feature of this word. At the same time, in order to open the ancient word meaning, connected with the concept '*a duel*', the attention is paid the use of these words in heroic epodes. The continuity of heroic spirit and present national spirit in concepts of ancestors is also

considered. Possibilities of the words which are a basis for the analysis are defined and also proposals on use of these words are made in requirements of today. In the contents of the article questions of their use are captured together with theoretical justifications.

Keywords: *a duel, head of army, a competition, collision, an opponent, spirit, ER Dauyt, to be inspired, to be frightened, seven shrines, to be mistaken.*

Жекпе-жек қазақ тілінде ертеден бар сөз, ертеден келе жатқан ұғым. Намыстың, ерліктің, әділеттің көрсеткіші. Олай болатыны жекпе-жек айқастың өз ережесі, өз тәртібі бар. Намысты ерлер ол ережеден аттамайды, аттаса – оның жеңісі жеңіске бағаланбайды. Енді жекпе-жектің тілдік сипатына назар аударып көрелік. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» жекпе-жек сөзінің мағынасы былайша түсіндіріледі: «Екі адамның бірме-бір айқасы. Сол көне замандардағы соғыста, жекпе-жек, яғни әскер басылардың бірме-бірге шығып сайысулары орын алған» (ҚӘТС). Алғашқыда жекпе-жек сөзі жеке батырлардың бір-бірімен жеке сайысы деген ұғымды білдірсе, келе-келе бұл сөз ауыс мағыналарға ие болып, қолданылу аясы кеңейе берді.

Мазмұнында ерекшелік болса да, ақын-жазушылардың тілінде, орыс тіліндегі *дуэльдің* аудармасы ретінде қолданылды: Бір сөз үшін жекпе-жекке шақырған Қайсар Пушкин Дантесті (М.Шаханов. Ғасырлар.). Жекпе-жектің ішкі ережелерін салыстыра қарағанда екі тілдегі мазмұндарында елеулі өзгешеліктер бар. Жекпе-жекте ерлер ерлік, қайсарлық, күштілік, айлалылық және бір-біріне кезек беру – жауына да құрмет көрсету секілді мәрттік қасиеттер т.б. сынға түссе, *дуэльде* бұл аталған шарттардың бәрі қамтылмайды. Тілді танымдық тұрғыдан зерттеуші ғалымдар тарапынан әр тілдегі сөздердің ұлттық болмысында өзіндік ерекшеліктері болатынын айтса да [1, 232-233], жекпе-жек сөзінің болмысындағы өзгерістерден орыс тіліндегі ұғымдардың сөз мағынасы арқылы қазақ тіліне ене бастағанын байқаймыз. Жаһандану үдерісінің қоғамның әр саласынан көрініп жатқан ықпалын, осы секілді сөз мағынасының дамуынан, яғни бір тілдің екінші тілге әсерінен де көруге болады.

Ғалымдар оны ертеректен-ақ байқаған. Мысалы, «Орысша перо деген сөз қауырсын емес, қаламұшты білдіреді. Себебі ол жазудың құралына айналған. Косилканы орақ деуіміз де осыдан. Демек, заттың аты оның атқаратын қызметіне қарай қойылады», – дейді Қ.Жұбанұлы[2, 495]. Кейінірек туынды мағынасы дами келе ешқандай қарусыз екі адамның «бірме-бір, бетпе-бет, қарама-қарсы» келуі түрінде де қолданылды. Танымайтын жігіттер арасында Жұма мен Зейнегүл жекпе-жек қалды (С.Мыңжасарова, Қыз қызы) (ҚӨТС). Қазір единоборство, поединок деген сөздердің барлығы жекпе-жек ұғымынан алыс тұрмайды. Осы негізбен келіп, тілімізде спорттық термин ретінде қалыптасып отыр – бұл ұғым аясында қазіргі замандағы екі спортшының бірме-бір айқасының барлығы қарастырылады, яғни осы терминмен аталады. Мағыналық даму сатылары мен жаңа заман сұраныстарына бейімделуінен бұл сөздің қолданбалылық сипаты көрініс береді.

Жекпе-жек сөзінің ішкі мазмұнына үңілсек мағынасы екі адамның арасында өтетін тартысты білдіреді. Бұл өте қатерлі қақтығыс, негізінен екі қарсыластың бірінің ажалымен аяқталады. Түпнұсқа мағынасымен батырлар жырында ғана қолданылады. Қазіргі заманда ондай қақтығысқа жол берілмейді, сондықтан ол көненің қалдығы ретінде лексикалық қорымыздағы белсенділігін де жоғалту керек еді, алайда мағынаның кейбір элементтері (екі адамның бетпе-бет келуі) арқылы жаңа заманның сұранысына сәйкес сақталып қалып отыр. Бұл тұрғыдан алғанда ол әрі көне, әрі жаңа мағыналы сөз болып табылады. Лингвистикалық зерттеулерде сөздің қандай мағынада жұмсалып тұрғанын білу үшін мәтіннің қажет екені айтылады [1, 162]. Мақалада сөздің көне қолданысына және оны қайта жаңғыртуға, яғни сөздің қолданылу тарихына және жекпе-жек ұғымының аясына топтасатын лексикаға қатысты мәселелер сөз болады, сондықтан бастапқы мағынасын анықтау үшін мәтінге жүгінеміз.

Белгілі ғалым Р.Сыздық «Лексикалық ескі бірліктер» бағытындағы зерттеулерінде көнерген және ескірген лексикалық бірліктердің сақталатын жерлерінің бірі ретінде ауыз әдебиеті үлгілерін көрсетеді [3, 213]. Осы ғылыми-зерттеу тұжырымын негізге ала отырып, батырлар жырындағы жекпе-жек ұғымының аясына топтасатын немесе оған қатысты кей атаулар мен ұғым-түсініктерге тоқталып көрелік. Біріншіден, қазақ әдебиетінде жекпе-жекке қатысты көптеген аңыздар мен тарихи оқиғалар кездеседі, соның ішінде зерделей қарағанда оның ережелері де, өзіне тән лексикасы да қатар қамтылады. Мысалы, қазақ ауыз әдебиетінің сүбелі бөлігі «Батырлар жырында» басты қаһарман негізінен жауын жекпе-жекте мұқатады. Ал екі жақтың бірінің жекпе-жекке шығатын батырының болмауы немесе жеңілуі сарбаздар рухын жасыта-

тын оқиға, керісінше жеңіске жетуі соғыста рухтарын асырады. Жеңіс артынан жеңіске жететінге үміттендіріп, жігер береді. Осы тұрғыдан келгенде, жекпе-жек – шайқастан бұрын биік рухтың мәселесі, өйткені жекпе-жекке шығу үшін де батырда жүрек, биік рух болуы тиіс. Жырларда да рух мәселесі арнайы назарға алынады. Қазіргі тілімізде «рух» деп атағанымызбен, жырларда ол Аруақ, Ер Дәуіт, Жеті кәміл пір немесе баба т.б. түрінде аталады. Қобыланды батырдың Көбіктің тұтқынына түсіп қалу себебін батырдың «жеті кәміл бабасын» еске алмауынан деп түсіндіреді:

«Алланы алмай аузына...

Екі батыр жөнелген

Сыйынбай пірге, жаңылып» (ҚБ). Осыдан соң Қобыланды ұйықтап қалып, Қараманның ерлік көрсетуге шамасы келмей Көбіктің қорлығына ұшырайды: «Қараман ерлік бастады,

Ерлігін Алла қоспады...

Ұмтылумен Көбікті

Қараманды ұстады,

Желкесінен қысады,

Күшіктейін шыңғыртып...» (ҚБ).

«Алланың қоспау» себебі пірлерден медет тілемей өз күштеріне сеніп шыққан. Қазақ халқының дін туралы түсінігінде көне тәңірлік дін мен исламның шарттары қатар өмір сүріп келгені белгілі. Бұл сенім бойынша пірлерінен медет тілемеген пендені Алласы да қолдамайды.

Ал рух (аруақ) мәселесі «Алпамыс батыр» жырында былайша баяндалады:

«Жекелесіп қалады,

Қарсыласып барады,

Аруағы асады.

Алпамыштың аруағы

Тайшықтың үстін басады.

Қалаға қарап қашады,

Қақпасының аузында

Қуып жетіп Алпамыс,

Тайшық ханды шаншады (АБ). Жауы қанша қарсыласқанмен, аруағы асқан батыр қалай да жеңіске жетеді. Тіліміздегі «аруағы асу», «мысы басу» секілді тіркестердің мағынасы осындай жолдар арқылы да ашыла түседі. Қазақ халқының дәстүрлі танымындағы «рух», «аруақ» ұғымдарының астарында сонымен қатар үлкен философиялық мән бары байқалады. Жеке батырдың биік рухы артынан ерген қолдың да, елдің де рухын арттырып, еңсесін көтереді. Сондықтан, жекпе-жек ұғымының аясында аруағы асу, мысы басу, құты қашу, пірлері таю, жеті пірден жаңылу т.б. осы секілді лексикалық бірліктердің мағынасына халықтық ұғымға қатысты үлкен мазмұн жүктелген деп түсінген абзал.

Екіншіден, ерлерге тән ерекше дәстүр бетпе-бет келіп, өмір мен өлімнің арасында тұрғанда да шайқастың шарттарына қарсы келмейді. «Батырлар жырындағы» баяндауларда, екі батыр кездескенде бір-бірімен алдағы күш сынасудың тәртібін

келісіп алады. Әсіресе садақ атысуда бірінші кезек кімдікі екенін анықтау жиірек кездеседі. Жекпе-жек алдындағы тілдесу әртүрлі мазмұнда өтуі мүмкін. Танысу, жөн сұрасу т.б. секілді мысалы, «Өзің жап-жас баласың, жарқыным, қайда барасың» т.б. сыпайы сөздермен басталып, артынан бір-біріне қазір маскара болып өлетіні туралы қорқыту, мысын басу немесе кінәлау, жасап отырған ісіне сын тағу мағынасындағы сөздер айтылады. Негізінен екі батырға дөң айбағ көрсету тән болып келеді. Бұл тілдесуде де жекпе-жекке қатысты лексика қолданылады.

Келе қалмақ сөйледі:

– Мұның қалай, жас бала,
Қайратқа сенген, мас бала?
Сірә, бір кезек бермедің,
Ерлердің жолын білмедің.
Сенің мұның маскара!
Батыр болсаң, кезек бер,

Басыңа қалқан ұста да (АБ). Бұндай екі батырға тән сөз саптаулар кей жырларда қайталанып келеді. Осы жолдардағы «қайратқа сену», «кезек беру», «ерлердің жолы», «басына қалқан ұстау» т.б. тіркестер жекпе-жекке тікелей қатысты қоладаныстар екені сөзсіз. Сөз саптаулар жай ғана ақындық шабыттың әсерінен туындаған бейнелі тіркестер емес, мұнда жекпе-жектің шарттары, оның ерекшеліктері туралы да ақпараттар жатыр.

Үшіншіден, жекпе-жектің барысы, оның қалай өтіп жатқаны туралы сипаттаулар да белгілі бір лексикалық бірліктер арқылы беріледі. Жекпе-жек ұғымы аясында қалыптасқан көптеген сөздер жырлар тілімен жалғасып бүгінгі күнге жетіп отыр. Олар жекелей де, сөйлем ішінде де жаңаша мағынаға ие болу арқылы осы өнерді суреттеуге қызмет етеді. «Батырлар жырында» негізінен батырдың бірі өз күшімен, айқын басымдығымен жеңіске жетеді. Көркем шығарма болғандықтан, әрине, әсірелеу, көркем тіркестермен сипаттау орын алатыны белгілі. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырындағы Қазанмен болған жекпе-жек былайша суреттеледі:

«Ырғай сапты сүңгіні
Ырғай, ырғай салысты,
Итерісіп тұрысты,
Найза қанға майысты,
Ат тізесін бүгісті,
Бүгісе, бүгісе тұрысты...
Қанжарменен қармасты,
Семсерменен серместі.
Сол уақыттар болғанда,
Артық туған Қобыланды
Найзасын ырғап ендірді,
Қазанды аттан төндірді
Ат көтіне міндірді.
Ту жығылар айшықты,
Ақ денеден қан шықты,
Шауып еді, жан шықты.

Ер Қазанның аузына
Қобыландыдай батырын
Толтырады балшықты.
Қазан аттан құлады,
Көріп елі жылады» (ҚБ).

Осы жолдардағы біраз сөз негізгі ұғым атауларымен бірігіп, жекпе-жектің барысын сипаттауға арналса, енді біршамасы негізгі ұғым атаулары ретінде қолданылады. «Ырғай-ырғай салысу», «найзасын ырғап ендіру», «итерісіп тұрысу», «найза қанға майысу», «ат тізесін бүгісу», «бүгісе-бүгісе тұрысу», «қанжарменен қармасу», «семсерменен сермесу», «Қазанды аттан төндіру», «ат көтіне міндіру» секілді тіркестер жекпе-жектің шартына сәйкес келеді, яғни жекпе-жек мазмұнындағы бірліктер. Ал «Сол уақыттар болғанда, артық туған Қобыланды, ту жығылар айшықты, ақ денеден қан шықты, шауып еді, жан шықты. Ер Қазанның аузына Қобыландыдай батырың толтырады балшықты. Қазан аттан құлады, көріп елі жылады», - дейтін тіркестер мағыналық жағынан алғанда жекпе-жектің барысы мен сипатын айшықтауға, көркемдік дәрежесін арттыруға арналған қолданыстар, әрі бұнда жекпе-жектің нәтижесі басымырақ сипатта көрінеді. Намыс үшін жан алысып, жан беріскен сәттерді сипаттағанда осыған ұқсас «қақырығы қан татып, түкірігі жын татып немесе қақырғанда қан ішті, түкіргенде жын ішті, ерлер жаннан түңілді» т.б. секілді тіркестер жекпе-жек майданының қызған сәтін бейнелейді. Бір ерекшелігі бұндай қолданыстар басқа жырларда да қайталанып келіп отырады. Мысалы, «Алпамыс батырда» қанжарменен қармасты, семсерменен серместі. Қанжар қалды қайысып, семсер қалды майысып деп келеді.

Батырлар жырында жекпе-жектің түрлері – қанжарласу, семсерлесу, садақ атысу, найзаласу (сүңгілесу), қылыштасу, жағаласу, күресу, ат үстінен аудару т.б. секілденіп келеді. Мысалы, «Жағасынан ұстады, буындырып қалмақты, ат үстінен мұштады. Тағы да шапты қылышпен. Ақ қанжарын суырып, атыменен қалмақты екі бөліп тастады. Өтіп кетті бір жерде, бір-бір қамшы салысып» т.б. тіркестер құрамындағы лексикалық бірліктердің мағынасынан жекпе-жектің түрлері, сонымен қатар шайқасу кезінде қолданылған қарудың түрлері көрінеді. Атау сөздермен қатар, жағасынан ұстау, буындыру, мұштау, қылышпен шабу, қанжар суыру, екі бөліп тастау, қамшымен салып өту секілді сөздер мен сөз тіркестерінің құрамындағы етістіктердің жекпе-жек өнерінің жай-күйін, оқиғаны көркемдей жеткізу ерекшеліктерін арттыруға өзіндік үлесі үлкен.

Жекпе-жек батырдың күшімен қатар оның тәсілге жетіктігін де көрсетеді. Жауының қапысын табу, осал жерінен соққы беріп айласын асыру қақтығыс үстінде шектелмейді, керісінше айралы ер жекпе-жектің шебері ретінде бағаланады. Сондықтан, Қалт бергенде, жалт беріп немесе Жасқа-

найын дегенде, Қолын ұрып сындырды. (Алпамыс батыр). Міне кей тұстарда батырдың соғыс өнеріне жетіктігі мен жауынан айла асыру шеберлігі осындай тіркестер арқылы беріледі.

Батырлар шайқасы мен оның қылыштасу, найзаласу, садақ атысу т.б. секілді түрлері негізінен өткен дәуірлерге тән болғандықтан, заманына сай қолданылған ұғым атаулары қазіргі тілімізде кездеспейді. Екіншіден, ол кезде жекпе-жек түрлерін батырлар негізінен ат үстінде тұрып орындаған. Сондықтан, қазіргі кезде сол атаумен аталатын кей спорт түрлері (семсерлесу) болғанмен, олардың табиғатында өзіндік ерекшеліктер бар – жерде тұрып орындалады және олар белгілі бір ережелерге бағындырылып, өзіндік қалыбы белгіленген. Сондықтан, мұндағы қолданылатын лексикалық бірліктердің беретін мағынасы мен білдіретін ұғымдары арасында да айырмашылық үлкен. Алайда тілдегі жекпе-жекке қатысты ұғым-түсініктерді білдіретін әрбір лексикалық бірлік заман өзгергенмен көнермеуі тиіс. Бүгінгі күннің қажетіне жаратылуы, ішкі мазмұны мен мағынасына талдаулар жасай отырып, мемлекеттік тілдің дамуына өзіндік үлес болып қосылуы аса маңызды. Мысалы, тіресу, итерісу, ұстасу, сілкілеу, жағадан алу, тап беру, шап беру, кезек беру, заманасын қуыру, аруағы асу, қапысын табу, күші асу, айласы асу, ителгідей жұтыну, ұмтылып жетіп келу, қаршығадай қайрылу т.б. көптеген сөздер мен сөз тіркестері көнеден келе жатқан тіліміздегі жекпе-жекке қатысты лексика. Олардың біразы қазіргі спортта қолданыста болса, енді біразы әлі де біздің спорт комментаторларымыздың лексикасынан орын ала алмай келеді. Сондықтан, мамандарымызға, соның ішінде спорт журналистеріне қазақ халқының ауыз әдебиетінен жекпе-жек өнеріне қатысты көптеген сөздерді бүгінгі күннің қажетіне жаратуға болатыны туралы ұсыныс айтар едік. Бұл сөздер мен сөз тіркестері орайын тауып қолданылса, спорт тілінің шырайын кіргізуге аса үлкен үлес болып қосылмақ, егер өйт-

пегенде көнерген сөздердің қатарынан орын алып, ұмтылып қала беруі мүмкін. Сондықтан, өткен мен бүгінгінің арасын жалғап, дәстүрлі тілдік қолданыстарды жаңғырту мақсатында журналистер мен тілшілер бірлесе еңбек етсе ләзім.

Бабалар ұғымындағы батырлық рух дегеніміз қазіргі ұлттық рухтың баламасы іспетті. Сол рухты қайта тірілтіп, елдігіміздің мерейін асқақтату үшін сол заманмен жалғастыратын тетікті іздестіруіміз керек. Жекпе-жек өнері сол рухпен табысудың бір көзі болып табылады. Ал оның төрт мүшесі түгел, толыққанды болуы үшін, тілі ұлттық болуы тиіс. Сондықтан, батырлар жырындағы және жалпы қазақ әдебиетіндегі батырлық, ерлік, жауынгерлік рухты баяндайтын лексиканы жинастырып, қазіргі спорттың тілін шұрайландыруымыз керек. Өткенімізді түгендеп, қалтарыста қалған тілдік қазынаны жандандырғанда ғана ол әрі тарихи, әрі жаңа заманға сай сипат алмақ. Қазіргі қазақ тілінің қолданбалы бағытта дамуына бұл секілді ізденістердің қосары мол. Лексикалық қорымызды байытуды түрлі салалар бойынша тарихи дереккөздермен байланыста қарастыра отырып, көне сөздерге жан бітіру арқылы жүзеге асыруға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қасым Б. *Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалы аспектісі.* – Алматы: «ЖКК Волкова А.В.», 2010. – 371 б.
2. Жұбанұлы Қ. *Қазақ тіл білімінің мәселелері.* – Алматы: «Абзал-Ай», 2013. – 640 бет.
3. Сыздықова Р. *Сөздер сөйлейді. Көптомдық шығармалар жинағы (4-том).* – Алматы: «Елшежіре», 2014. – 412 бет.

Қысқарған сөздер:

- АБ – «Алпамыс батыр» жыры.
ҚБ – «Қобыланды батыр» жыры.
ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі

Абдуова Баян Серікбайқызы

ф.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Bayan1968@mail.ru

ЭССЕ ЖАЗУ – ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШІ

Резюме: *Написание эссе чрезвычайно полезно, поскольку это позволяет автору научиться четко и грамотно формулировать мысли, структурировать информацию, использовать основные понятия, выделять причинно-следственные связи, иллюстрировать опыт соответствующими примерами, аргументировать свои выводы.*

Ключевые слова: *социальная и когнитивная компетенция, культурная грамотность, навыки общения, инновационные подходы.*

Қазір жоғары оқу орындарында ғана емес, мектептің бастауыш сыныптарында-ақ оқушыларды жазба жұмыстарына баулу, сөйлесім әрекеттерінің түрлеріне бейімдеу жақсы жолға қойылған. Әр сынып деңгейіне қарай тиісті лексика-грамматикалық тақырып көлемі бекітіліп, жазылым бойынша орындалатын тапсырмалар дайындалады. Қазақ сыныптарында ғана емес, орыс тілді топтарда да бұл талап сақталады. Дегенмен, жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің көбі шығарма, мазмұндама, эссе жазуда айтарлықтай нәтиже көрсете алмайды. Көбі жаттанды сөз, қарапайым қолданыстар, дайын оралымдармен шектеледі. Тіпті кейбір оқытушылардың өздері де мақала, тезис, баяндама жазу барысында бұрынғы жазғандарын азырақ өзгертіп, «жаңалап», бір айтылғанды қайталап дегендей, тың дүние ұсынуға тырыспайтыны қынжылтады. Бұның себептерін уақыттың жоқтығынан, «бәрі айтылып, жазылып қойған» деген үстіртін пікірге сенетіндіктерінен, мақала жазу керек деген талапқа амалсыз көнгендігінен іздесек болады. Ал шындығында кей ұстаздардың өздері де нені жазу, қалай жазу, нені мақсат ету, неге қол жеткізу, қалай тұжырымдау керектігін білмейді. Мақала жазу «алынбас қамал» секілді қиын шаруа деп санайды.

Шындығында, белгілі бір тақырып бойынша ғаламтор желісіне сұрау салсаңыз, бір-біріне өте ұқсас еңбектерді көресіз. Бір ыдыстағы суды басқа бір ыдысқа құйып қойғандай әсерде боласыз. Оқытушылар өз тәжірибесіндегі жағдайларды ортаға сап, білім алушылардың қол жеткізген табыстарын жариялап жатса, одан басқа мұғалімдердің алатын қазынасы мол болмақ.

Ұлы ғалым А.Байтұрсынов «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» дегендей, қазақ тілін үйретуде оқытушылар нәтижелі болатын әдістерді сұрыптап пайдаланғандары абзал. Өйткені, сабақтың тартымды өтуі ұтымды тәсілдерді дұрыс қолдана білуден, көп ізденістен пайда болады.

Қазіргі таңдағы қазақ тілі оқытушыларының міндеті – студенттің бойында шығармашылық қабілетті шыңдау, дамыту. Жазба жұмыстарындағы жаттығу – білімді бекіту мақсатындағы студенттің белгілі бір тапсырманы орындауы. Мәтін бойынша орындалатын жаттығулар алуан түрлі болып келеді. Мысалы олар түсірілген сөздерді табу, сөйлемдерді өзгерту, сөйлемді аяқтау, сөйлемді кеңейту, сөйлемді тарылту, көп нүктенің орнына тілдік тұлғаларды қою, сурет бойынша әңгіме құрастыру, сөйлемді толықтыру, синонимдерін табу, кестені толтыру, шын немесе жалған екенін ажырату т.б. секілді жұмыс түрлері болуы мүмкін. Жаттығу жұмыстарын жүргізу арқылы студенттердің қазақша сөйлеу қабілетін дамытуға болады. Шығарма, мазмұндама, эссе секілді жазба жұмыстары арқылы білім алушылардың өмірге деген көзқарасы қалыптасады. Шығарма – студенттердің жазба тілін дамытуда жүргізілетін негізгі жұмыстардың бірі. Жоғары оқу орындарының орыс бөлімінде оқитын студенттерді шығарма жазуға төселдіру үшін олармен үнемі жүйелі жұмыс жүргізіп отыру керек. Қыркүйек айында жазылған жұмыс мамыр айындағы жазба жұмысында айна-қатесіз көрініс таппауы қажет. Сондай-ақ оқу жылының соңында жазылатын шығарманың көлемі жыл басындағы шығарманың көлеміне қарағанда ауқымды, мазмұны жағынан терең болуы шарт. Жазба жұмыстары оқу бағдарламасына сәйкес белгілі бір тақырыпқа жазылады. Жазылым тақырыбын ашу үшін студент тақырыпқа қажетті сөздерді меңгеруі керек. Олар өздерінің сөздік қорына қосылған сөздер негізінде шығарма, эссе, мазмұндама, т.б. жазады.

Кей жағдайда қазақ тілінде сөздердің аудармасын есіне түсіре алмаған немесе ұмытып қалған жағдайда аударма және түсіндірме сөздіктерді пайдалануға рұқсат етіледі. Н.Оралбаева мен К.Жақсылықова шығарма жаздырудың төмендегідей тәсілін ұсынады:

- Оқушы шығарма тақырыбымен, жұмыстың мақсатымен таныстырылады;
- Шығарма тақырыбы туралы оқушыға түсініктеме беріледі;
- Жоспар жасалады;
- 2-3 оқушы тақырып бойынша ауызша әңгімелейді;
- Кейбір қиын сөздер тақтаға жазылады;
- Оқушылар өздерінше шығарма жазады [1, 20 б.]

Шығарма мен эссе жазу үрдісінде білім алушының тілі жаттығып әрі логикалық ойы жетіледі. Себебі шығарма жазуда мазмұндамадағыдай біреудің айтқанын айтып беріп қана қоймайды, фактілерді өз беттерімен реттестіріп алып, айтқан сөздеріне

тиісті дәлелдер келтіріп отырады. Ал, дәлелдер келтіру үшін жақ-сы-лап ойлану, өзіндегі тілдік деректерді жүйелеу керек болады. ЖОО студенттері эссе жазу машығына бейімделіп, аралық, ағымдық бақылау кезеңдерінде алған білімдерін көрсетуі тиіс. Ал эссе талабы қалай болмақ?

Студент өз мүмкіндігін басшылыққа алып, эссе тақырыбы мен атауын таңдайды. «Эссе жазу оның өз ойын дәл және сауатты жеткізуге үйретеді, ақпаратты жүйелеуге, талдаудың негізгі категорияларын қолдануға, себеп-салдар байланыстарын бөлу, қажетті мысал келтіру, өз қорытындыларын дәлелдеу, сөйлеудің ғылыми стилін үйренуге баулиды. Эссе мазмұны қойылған мәселе бойынша нақты баяндалады. Эссе жазу бұл – дәлелдеудің классикалық жүйеге негізделген, сұраққа жауап немесе тақырыпты ашу болып табылады. Ойды ашық және дәл білдіруге тырысыңыз, эсседе сөз тіркестері мен фразалар іріктелген және нақты болу қажет. Эсседе барлық жазба жұмыстардағыдай ішкі логика болуы тиіс. Эссе – бұл қандай да болмасын мәселе бойынша ойланып-толғану. Эссе – бұл өз тілімен және стилімен жазылған өздік жұмыс, сондықтан цитаттың аз болғаны да жақсы» [2] дегендей, эссе – студенттің өзіндік «менін» көрсететін шығармашылық жұмыс. Мысалға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен типтік бағдарламаға сәйкес спорт саласына арналған тақырып негізінде «Спорт деген бір сиқыр» атты эссе ұсынайық. Ол үшін алдымен жоспар қажет болады. Жоспар құру аналитикалық ойлауды талап етеді, яғни мәтіннің тақырыбын және оның басты ойын түсінуге, мәтінді логикалық бөліктерге бөлуге мүмкіндік береді. Жоспар арқылы ойдың себеп-салдарлық, мезгілдік-мекендік байланыстылығы меңгеріледі. Осыған байланысты студент сөз қолдану, сөйлем құрау шеберлігін арттырады, алдыңғы оймен соңғылардың байланысын сақтап жазуға жаттығады. Яғни жоспар құру – жүйелі жазудың, дұрыс сөйлем құраудың негізі. Содан кейін негізгі мәтін тезисін бекітуге көмектесетін басты үш ойды анықтау қажет. Әрбір көзқарас мысал және дәлелдермен бекітілуі тиіс. Қысқаша эсседе әрбір абзац бір ойды білдіреді. Көлемді эсседе көзқарасты негіздеу үшін бір бет қажет болады. Онда өз жоспарыңызды сақтаңыз, сөйлемдеріңізді логикалық тәртіпке келтіріңіз. Барлық негізгі идеяларды жазып болған соң, барлық үзінділерді байланыстыратын сөйлемдермен жазыңыз. Ең соңында қорытындылау қажет. «Қорытынды – тақырып бойынша дәлелді қорытынды мен жинақтау. Эссені қорытындылайды немесе негізгі бөлімде айтылғанды мәні мен мағынасын тағы да анықтайды. Қорытындыны құрастыру үшін ұсынылатын әдістер: қайталау, суреттеу, цитата, әсерлі дәлелдеу. Қорытынды эссені толықтыратын өте маңызды элементті ұстауы мүмкін, басқа мәселелермен байланысын жоққа шығармай, зерттеудің

(импликация) қолдануына сілтеме сияқты. Қорытындыда «Эссенің басында айтылған мәселе бойынша не деуге болады?» деген сұраққа жауап болу қажет. Эсседе зерттеген мәселе бойынша қатысы, оны дәлелдеу, өзіндік қасиет және жаңаша ойлау бағаланады» [3].

Студенттердің мемлекеттік тілді білу деңгейіне орай тақырыпты дұрыс таңдау қажет. Сондықтан алдымен үлгі көрсету немесе тірек жоба беру арқылы шығарма жазуға үйрету тиімді. Енді үлгіге назар аударайық:

Спорт деген бір сиқыр

1-тапсырма

Тақырыптың мазмұнын ашатын жоспарды толықтырыңыз немесе үлгі негізінде басқаша жоспар құрыңыз.

1. Саламатты жол таңда

2. Тән саулығы – жан саулығына апарар

а) Әлем мойындаған спортшылар

ә) Спорт – жаман әдеттен арылтар ұлы күш

3. Спортшы болу – қиын, спортты сүю – өнер

2-тапсырма

Жоспарға сәйкес эссе жазыңыз. Эссе мазмұнының логикалық желіде біртұтастықпен құрылуы үшін қыстырма құрылымдар мен шылаулар, тірек сөздер мен сөз тіркестерін пайдалану қажет.

Эссе жазу уақыты – 20-25 мин.

Эссе көлемі 20-25 сөйлемнен кем болмауы тиіс.

Тірек сөздер мен сөз тіркестері: Спорт – жан мен тән саулығына бастайды, ең алғашқы спорт ойындары, Ежелгі Грек жерінен бастау алған олимпиада жарыстары, спорт – қазақ халқы үшін етене жақын өнер, ат құлағында ойнау, мықтылықты, төзімділікті көрсету, асқан мергендік, күрес түрлері, жауырыны жерге тимеу, дене мүмкіншілігі шектеулі жандарға арналған спорт түрлері бар, спортты сүю – жабырқаудан, мазасыздықтан, күйгелектіктен құтқарады, әлем елдерін мойындатқан танымал спортшылар, жастар солардай болуға ұмтылады, мемлекет жастарды қолдайды, т.б.

Қыстырма құрылымдар: Әлбетте, неге десеміз, расында, ең алдымен, меніңше, сөз жоқ, олай дейтініміз, амал қанша, мүмкін.

Шылаулар: алайда, немесе, сол себепті, кейде, не болмаса, өйткені, біресе, әйтпегенде, ғана, тек, сондықтан, т.с.с.

Студенттердің кейбіріне үлгіге берілген тірек сөздердегі етене жақын, ат құлағында ойнау, жауырыны жерге тимеу, мүмкіншілігі шектеулі, күйгелектіктен құтқару, әлемді мойындатқан секілді фразеологизмдер таныс болмауы мүмкін. Оқытушы ондай сөздерді түсіндіріп бере отырып, әрбір білім алушының шығармашылық қабілетіне сай сөздерді таңдауына мүмкіндік бергені абзал. Қарапайым тілдік қолданыстарға қарағанда тұрақты тіркестер мен метафоралы, перифразалы, эпитетті тіркестердің экспрессивті әсері күшті болатынын ескертуі қажет. Теңеулерді дұрыс балама-

мен бере алса, ондай эссенің мазмұны тартымды болатынын түсіндіру шарт.

Тағы бір үлгіге назар салайық:

Тірек сөздерді толық қолдана отырып, берілген жағдаятқа диалог құрастырыңыз.

Тапсырманы орындау уақыты – 5 мин.

Сіз банктен несиені алмақ болып шештіңіз. Банктегі менеджерге жолығып, қандай құжаттар қажет екенін сұрадыңыз. Ол сіздің қойған сұрақтарыңызға жауап берді және банк шарттары туралы да айтты. Осы диалогты жазыңыз.

Тірек сөздер:

1) Алынатын теңге мөлшері;
2) Жалақы жөніндегі, зейнеткерлік қор сомасы туралы анықтама;

3) Алынған несиені қайтару мерзімі және төлеуге қатысты жеңілдіктер;

Тақырыпқа сәйкес арнайы жаттығу жұмыстарын жүргізу олардың шығармашылық қабілетін дамытуға игі ықпалын тигізеді. Білім алушылардың жұмысын тексеру барысында үнемі қолдап, жақсы тіркестерін, жүйелі сөйлемдерін мақтап отыру да олардың шығармашылық шабыт пен өзіндік ойын қанаттандырады, алға дамуына сеп болады. Олар келесі жолғы шығарма, эссе жазу үстінде шығармашылық еңбектің қуанышына кенеліп, өзінің ойын бейнелі, көркем сөзбен жеткізуге талпынады, қазақ тілінің асылындай саналатын мақал-мәтел, қанатты сөздерді орнымен қолданатын болады. Солайша тілдің көркемдік кестесін молынан меңгерудің қажеттілігін саналы түрде ұғынады. Эссе жазуда тақырыптың тартымды шығуы үшін сөздік қорды молайтып, тіл мәдениетін меңгерудің қажеттігін сезінеді.

В.С.Шубинский шығармашылықтың сатыла-рын, әрбір сатының өзіндік ерекшелігі мен сол

сатыда қалыптасатын шығармашылық қасиеттерді кешенді жүйе тұрғысынан қарастырады:

Бірінші кезең – жаңаны, тың дүниені сезе білу, шығармашылық ой-талдауға бейімділік, жан дүниесінде ішкі тартысты оята білу қабілеті, танымдық қызығушылық;

Екінші кезең – интуиция, шығармашылық қиял, әдемілікті сезіне білу, сөз ұшқырлығы, қайшылықтарды түсіну, ой қызметінің ерекшелігі, батылдық, шығармашылыққа деген құштарлық;

Үшінші кезең – өзіндік сын, бастаған ісін соңына дейін жеткізу, дәлелдеме, дәйекте-мемелер ұсынып, оның формаларын таба білу [4,36 б.].

Демек, ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, түрлі әдістерді қолдана отырып, студенттің жазуға деген қабілетін дамыту – оқытушылардың басты міндеті. Қазақ тіліндегі жазба жұмыстары студенттерге қиындық емес, қызығушылық пен тартымдылық, тіл мәдениетіне деген құрметін қалыптастыруы қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Ана тілі, 1996. –210 б.

2. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. –208 б.

3. Абдразахова Ф.Ж. Қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі (жоғары оқу орындарының филология факультетіне арналған): пед.ғыл.канд. автореф. – Алматы, 2003. –29 б.

4. Шубинский В.С. Педагогика творчества учащихся. –М.: Знание, 1998. –79 с.

Dzhamalova Saida Almazovna

Master-teacher of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, saida_75@list.ru

GLOBALIZATION OF ENGLISH IN A MULTICULTURAL ENVIRONMENT

Түйін. Мақалада ағылшын тілінің әлемде жаһандану себептері мен дәйектері қарастырылады

Резюме. В данной статье рассматриваются причины и факты глобализации английского языка в мире

Summary. This article deals with the reasons and facts of the globalization of the English language in the world.

The globalization of English and the dynamics of increased contact between people from different cultural backgrounds, or transcultural mobility, call for new notions of ‘competence’ to be applied to successful intercultural communication. English is popular throughout the world as the global international community language. Today, English occupies a very special position, and turns into a lingua franca - a language of international communication of all mankind. But half a century ago, English was the only one of international languages, along with other accepted among the languages of communication in the United Nations.

As the biblical legend states, the construction of the grand tower of Babel ceased due to a lack of mutual understanding between the people speaking in different languages. It seems that today humanity has a chance to appear again to find a common unified language, the role of which serves already the English language to a large part of the world's population. More precisely, not real English, but simplified global English, since most of those who today enjoy a global English language, have never been in countries where English is the native language.

Initially, English was widely used in all parts of the world due to the expansion of influence and colonial conquests of the mighty British Empire. However, in the twentieth century, English became even more significant international status because of the growing influence and power of the United States. The English language was taken by British emigrants to North America and other parts of the world. In addition, England extended its language in all the conquered countries, former colonies of the British Empire. Figuratively speaking, England reached the cultural and linguistic bridge across the ocean, connecting the continents.

But the United States established immigrants not only from the UK. In this country people were pulled from all over Europe and from other countries. New nation needed a unifying element that would help to overcome national and linguistic differences. This role was performed by English. Despite this, the native

languages of immigrants were able to transform the original English language, making it more flexible and open to change. This new language, commonly called "American English", crossed the Atlantic and returned back to Europe in the twentieth century, mainly after the Second World War.

This is the new face of the language acquired for a 150-year history of the continuing emigration to the United States. Nowadays, American English is the language of the economic, political and military superpower. Over time, American influence has only intensified. The globalization of trade, the economy and the spread of the American way of life - what is called the "Americanization" - contributed to the globalization of American English. In other languages, borrowing from the US began to appear.

Nowadays, English is a recognized as an international language, the language of today's global economy, the language of advanced science and high technology. English is the main language not only in the United States, the United Kingdom, Ireland, Canada, Australia and New Zealand, but also the main official language of many countries in Africa and the Caribbean, on the islands of the Indian, Pacific and Atlantic oceans. English is the second official language of India.

Certainly, due to the broad geographical spread, there are many local differences in pronunciation and vocabulary of different versions of the English language in different parts of the world. However, these differences are usually not deep enough to speak English that speakers in English cannot understand each other. New Zealanders are free to communicate with the Indians, and the Scots easily understand Kenyans.

As Farzad Sharifian states the last two decades have witnessed the development of an ever more complex relationship between the English language and globalization. Graddol's argues that economic globalization has encouraged the global spread of English, while the global spread of English has also encouraged globalization. In a more recent publication, he goes on to observe that "English is now redefining national and individual identities worldwide, shifting political fault lines, creating new global patterns of wealth and social exclusion, and suggesting new notions of human rights and responsibilities of citizenship" [1].

Increasingly, as globalisation and the new technology continue to bring people from different cultural and linguistic backgrounds closer together, the default form of communication in everyday life

for many people is becoming instances of intercultural communication. This phenomenon has attracted a significant degree of scholarly attention, leading to various proposals for the 'competencies' that are now required for successful intercultural communication. In particular in the area of foreign language education, scholars have realised that the main goal in teaching languages should shift away from its focus on the development of native-speaker competence towards more realistic competencies to facilitate communication between speakers from a wide range of cultural backgrounds.

Moreover, the speed of propagation of the English language on the planet today is great that English belongs to all mankind, but it is not a "linguistic colonialism" of countries from where the origin of the English language comes from and inhabited by speakers of that language. As a result of the use of English mainly in countries where that language is not native, it will inevitably lead to changes of the global English language (apparently in the direction of simplification) that soon it will have little to do with the original English roots. However, it is important to bear in mind that ignorance of the global English may soon prove to be a serious obstacle to social adaptation and personality development in the new global world. So global English is becoming the most widely spoken language on the planet and probably will soon become the second language of all mankind.

We note that the global or international, English is very different from British English. It turns out that it is not an official language of any European country. At the same time, ironically, the international English delinked the British in Europe; they seem to have dropped out of a general European context. Most of the British because they speak the universal language, is rarely tempted, and even less need, to learn any European language. And in fact, multilingualism and cultural diversity is the essence of Europe, ...

According to Thierry Kakuridisa and Myrna Maniyan, for Europeans the arguments about the globalization of English and assigned of the international status to it is not idle chatter. Many questions still remain open. Is the modern English the best tool for communication between people of different nationalities? Or has it become a threat to the diversity of national cultures and languages? Are there other ways (languages) to communicate in the international community? Doesn't "more primitive" communication of people of different nationalities appear due to inaccuracies, misunderstandings and the inability to express all my thoughts and desires in a foreign language? Interestingly, the term "global" in relation to the English language is used only in English! This fact underlines the uniqueness of the English language. But it does not mean that it should be the same for all. Note that the global or international, English is very different from the British English.

It turns out that it is not an official language of any European country. At the same time, ironically, the international English delinked the British in Europe, they seem to have dropped out of a general European context. Most of the British because they speak the universal language, is rarely tempted, and even less need, to learn any European language [2].

With regard to "the international English", it remains only to be surprised and wonder why, in spite of the modern historical, political and economic context in Europe, it has become a universal language. Its dominance is so strong that even the eternally resisting France was forced to admit that English is no longer regarded as a foreign language.

Following the global markets and a global network of entertainment and travel, a global communication comes in an international language. E-mail and the Internet are now used all over the world, and it is certainly a very convenient, rapid and efficient means of communication. People in different countries have to adapt to the language and features of electronic means of communication, which were created naturally by the English language. To communicate in another language, they have to resort to various technical tricks. For example, adopted in different European languages superscript characters cannot be used in most e-mail programs, the same applies to the non-Latin alphabets (Russian, Greek, Chinese, Japanese, and others.). These innovations divide people, leaving behind those who do not understand English.

To find out which languages are most popular today and are considered the most popular, the site survey was conducted i-langs.com, which was attended by 1000 translators around the world. According to the survey, the most common source of the target language, i.e. the language from which the translation is performed, can be called English - 72%, but with regard to the most common target language, i.e. the language in which the translation is done, the primacy belongs to Spanish - 18%, Italian - 15%, English - 11%, France - 9%, Chinese - 4% and Arabic - 4%.

The results of other statistics state that the World Wide Web has created more than 156 million web sites. Today 1.4 billion people use the Internet and 430 million of them read in English. The world's population now stands at 6.7 billion.

English is the first global lingua franca. It is the mother tongue of 500 million people in 12 countries around the world. But another 600 million speak English as a second language. And a few hundred million have some knowledge of English, which has official or semi-official status in about 62 countries. And its use is growing rapidly.

Today, there are about 1.5 billion people in the world, speaking in English. In 90 countries, English is a second language or widely studied. In France in the public schools, it is compulsory for pupils to study English or German within four years, the majority,

at least 85% choose English. In Japan, students must study English for six years before graduating from high school. In Russia, where foreign language learning for children is compulsory, most learn English. In Norway, Sweden and Denmark are sure to learn English. Of all European countries, except the UK, the Netherlands is in first place in the number of English-speaking. Since Portugal joined the European Community, the demand for English classes replaced the demand for French language classes.

In Kazakhstan, the English language gets more and more use, one of the languages of intercultural communication in the field of business communication as in the world. Currently, knowledge of the English language in Kazakhstan is not only in the list of mandatory conditions for studying abroad, but also a determining element of competitiveness of the young specialist in the labor market, both at home and abroad .

Proficiency in the English language, along with the Kazakh and Russian languages, which have the status of state language and official languages according to the Constitution of Kazakhstan, is respectively now the task of national importance. More recently, the English language is designated as a condition for successful entry into the global economy and has been considered as one of the main priorities of state policy.

This is witnessed by the developed policy documents in recent years (State program of functioning and development of languages for 2011-2020., and others.), where the need to address the widespread learning of English and other foreign languages as a means of business international communication was emphasized.

In Kazakhstan in recent years, due to the growth of business activity of the population and the expansion of foreign economic relations of the subjects of the market economy, there is a high demand in the labor market for specialists who speak English. For example, according to research conducted M.Sh.Sarybay, knowledge of English has become a requirement in 98 advertisements (out of 101) in the position of manager, engineer, operator, secretary, accountant and administrator.

Moreover, 40% of the ad placed in the newspaper in 2003 were published in English. The activities of more than 50 embassies and representative offices of foreign affiliates, 700 foreign enterprises and 1,500 representative offices of foreign companies were due

to business communications in English. Increased number of professionals who speak English and translators are explained by the scale international cooperation in Kazakhstan. The English language in this case serves as a lingua franca in intercultural business communication between local and foreign experts.

More often, English is used in business correspondence (e-mails, business letters), as well as during trips abroad, for presentations, conferences, briefings and others. In addition, respondents noted a number of difficulties in the use of the English language, with which they had meet in their professional activities, and a number of other important points that must be considered, in addition to language proficiency. Thus, 64.3% of respondents had difficulties in communicating with foreign partners in English due to the lack of knowledge of a word and phraseologism, 42.6% - because of the difficult-to-understand accent interlocutor and 39.3% - due to national and cultural differences.

Certainly, the study does not cover the full range of issues before us. We were limited to a few very important and urgent issues to identify the degree of functioning of business English in the sociolinguistic space of the world and Kazakhstan. The findings are the basis for further study of the Kazakh intercultural business communication. However, the surest factor in accelerating the development of a universal way of life is the spread of the English language. If English becomes the primary language of communication, the consequences of this are obvious: the culture of English speaking countries will be dominant in the world.

References

1. *Farzad Sharifian Globalisation and developing metacultural competence in learning English as an International Language. Multilingual Education 2013 3:7. doi:10.1186/2191-5059-3-7*
2. *www.google.Krasikova E.N. (Ph.D., Associate Professor, Department of Romance and Germanic linguistics and intercultural communication of the North Caucasus Federal University, Stavropol)*
3. *www.google. А. А. Аймолдина. Особенности функционирования английского языка в современном казахстанском деловом сообществе*

Ислам Досбол Амангелдіұлы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы,
қауымдастырылған профессор, ф.ғ.к. Түркістан қ., e-mail:dosbol-75@mail.ru

ӨЛЕҢДЕГІ АҚЫН ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Түйін: Кейде, жеке бір өлеңнің бойында интеллектуальды поэзияға тән алғышарттардың көркемдік жүйесі табылады. Ақынның дүниетанымдық аспектілері өлеңдегі метафоралық ойлау негізінде суреттеледі.

Резюме: Иногда в одном лишь стихотворении отражается вся образная система, присущая интеллектуальной поэзии. Описывается аспекты мировоззрения на основе использования метафор в произведении.

Summary: Sometimes the whole figurative system inherent in intellectual poetry is reproduced in a mere poem. The world-view aspects on application of metaphor are displayed in poems.

Өмір-өлең дегенді оның бірі түсіне алмауы мүмкін. Керісінше өлең-өмір дегенді де сол оның жартысы түсінбесі анық. Адамның дүниеге іңгәлап келуінде де, жылатып қоштасарында да тылсым ырғақ барын түсінбеске түсіндіре алмайсың. Әйтпесе, екі ғасыр арасында «бас ақынның айтқанын ұғынса» әуелі қазақ ұғынар еді. Көп қазақ Абайдан әлі алыс жүр. Ары қашқанды қалай жақындатсақ керек. Абайға, Абайдан қалған «Өлең сөздің патшасы-сөз сарасына» жақындатудағы мақсат не? Адам баласы, ең болмаса, өмір мәнін, өмірге келіп-кетудегі өз міндетін дұрыс түсініп өтсе дейтін адал пейілден шығар. Абайдың да ақ пейілі сол болар. Абайдан кейінгілердікі де. Себебі, сөз сарасы өлеңнің бір жаратылысы болса, ол, ар, ұят, иман, обал емес пе? Бұрын қазақ өлең оқитын, тыңдайтын. Арғы ғасырларға бармай-ақ кеңес кезеңінде өлеңді партияның идеологиясына қызмет еттірді. Кеңес идеологиясына қайшы келетін өлеңді цензура қайшылап отырды. Яғни, өлең кеңестік жүйенің тәрбие құралы болды. Өлеңнің, әдебиеттің күшін білгендіктен, мойындағандықтан солай еткен. Сол кезде тыңдаушы қауымының көпшілігі кеңестік биліктің айтқанына иланды. Илануына әдебиет те себепші болды. Тәуелсіздікке қол жеткізгелі әдебиет мемлекеттік идеологиядан тысқары қалды. Нарыққа бет алған тұста материалдық жоқты түгендеуге көштік. Экономикалық жағынан біраз кемелденген шығармыз. Есесіне рухани азығымыз жұтаңдады. Адам баласының рухани азықсыз өмір сүре алмайтынын ескермедік. Руханияты ашыққан халықты жат елдің идеологиясы тамақтандыра білді. Дін арқылы халықты ішкі бірлігінен ажыратарлық әрекеттер жүргізілді. Отарлау саясатының жабық, жымысқы түрде жүргізілетін мұндай қарекеттерін талай

ғасыр бастан кешіргеніміз тарихтан белгілі. Сол тарихтан, тарихи шындықтан біздер қорытынды шығармадық. Тарихи қателіктерді қайталадық. Әр дәуірдің тынысын дәл суреттеген ақын-жыраулар мұраларынан тағылым алмадық. Түркілік – ұлттық дүниетаным философиясымен жазылған құндылықтарды мемлекет тарапынан бағалап, идеологиялық құрал ретінде пайдаланбаудан сананы жат ағымдардың билеуіне жол бердік. Салдары терактілер... Демек, өмір – өлең немесе өлең – өмір дейтін ой түйінінде қарапайым өмір сүру шындығының «басталу-аяқталу жолы» жатыр. Адам баласы ол қазақ па, орыс па, ағылшын ба бәрібір «өмір – өлең жолында» руханиятсыз мән-мағынаға қол жеткізгені жоқ. Адам баласының өмір жолындағы мән-мағынаны тануының өзегі сөзде, «өлең-сөздің патшасы-сөз сарасында». Өлең арқылы өмірді, уақыт тынысын, өзіңді тануға болады. Өлең танумен өміртану, өміртанумен адамтанудың бір тұтас ұғымдарға айналатыны да сондықтан. Өмірдің өзі өлеңге айналып, өлеңнен өмір бейнесі тіл қатып тұрса тыңдап үйренген жөн. Мына бір өлеңді оқысақ:

« Жымиып қана қош айтып өткен жылдарға,
Жолаушы жүрек жолдарға қарап тұрғанда,
Бейімделуім керек-ақ шығар бұл күнге
Кейін келуім керек-ақ шығар бұл маңға.
Басынан бұлтты, қасынан жұртты өткеріп,
О, талай сезім таң атар тұста кетті өліп ...
Әлдебір жанға алғашқы сәттей ғашық боп,
Әлдебір жанды ақырғы сәттей жек көріп,
Әр сәтке, міне, ескерткіш қойып өлеңмен,
Ескерткіштерге Өмір деп есім берем мен!
Өлең жазуды өзімнен артық білсем де,
Өмір сүруді үйрене алмай келем мен! [1, 29].

Адам өмірінің әр сәтіне өлеңмен ескерткіш қойып, ескерткіштерге өмір деп есім беретін лирикалық кейіпкердің бір көңіл толқынынан туған ой. Өмір ескерткіштерге айналып өлең болып сөйлейді. Түсініксіз ештеңе жоқ, бәрі түсінікті айтылған. Өлеңді түсіндіріп, талдап берудің өзі кейде қажеттілік тудырмайды. Бұл да сондай өлең қатарынан. Бірақ, оқырман өлеңді шұбырта оқып келеді де 1 шумақтың 3-4, 2 шумақтың 1-2 тармақтарын іштей қайталап оқуы мүмкін. Мұнда автор сұлбасы айқын көрініп те тұр. Ақындық «мен» атынан сөйлеуші лирикалық кейіпкердің өмірбаянына тиесілі екенін де сезіп отырарсың. «Автобиографиялық деректермен жанасатын күнде де мұндағы «меннің» сипаты жеке бастықтан гөрі жалпыламалық сипатқа көшкен» [2, 162]. Мұны 3 шумақтың соңғы тармақтарындағы

қарағанда қалыпты жағдай. Сондықтан соңғы шумақты қайта оқып зерделейік. Егер поездың жылжуын өмір қозғалысы деп, өмірді поезбен алмастырып қарасақ қалай болады? Өмір-поездан түсіп қалу деп қабылдайықшы. Өмір өліммен кездесер алдында кімнің жүрегі суылдамас? Өмір-поездан түсіп « тыныштыққа сіңемін»-деу адам баласы мойындауға асықпайтын шындық. Демек, өлеңді өлең етіп тұрған да соңғы шумақ-ау. Кез-келген туындының әсері болуы керек. Шығарма сізді де ойландыра алса бекер жазылмағаны. Бір ғана «сіңемін» - сөзінен өлеңнің өн бойындағы көңіл әуені бірден басқа ырғақ тудырды. «Тыныштыққа сіңемін»-нен сөздің ойнауын көреміз. Бір ғана «сіңемін» -сөзі мәтін ішінен мәтін тудырып тұр. Өмір поездан түсіп қалған адамның «тыныштыққа сіңіп» кетуі ауыр да болса нанымды. Мұны, ақын сөзді ойнату арқылы философиялық оймен түйіндеуді мақсат еткен деп әсірелеудің де қажеті аз. Ақын туындыны солай жазып аяқтайын деген ойда болмаған да шығар. Өлеңнен туындайтын тура мән-мағына да солай деуімізге негіз. Өлеңнің « сөз сарасының» құдіреті де осынысында. Әйтпесе , соңғы шумақтың 2-тармағындағы «жүрегім» сөзіне соңғы тармақтағы «сіңемін» сөзін ұйқас тудырып тұр деп қабылдар едік. Өлеңнің ішкі әлем даусынан жазылатыны, бір тылсымның қозғауымен ойдың оянып, сөздің жылы ағысымен құйылатыны адам еркінен тыс «шабыттың» шаруасы. Адам еркін билеп, шабыт тудырмаққа қанша оқталса да сөздің жылы ағысқа түсе қоймайтыны тағы аян. Ендеше «тыныштыққа сіңемін»-ді лирикалық кейіпкердің ішкі даусынан жеткен , өмір философиясының мәні деп тыңдамасқа лаж қалар ма?Лирикалық кейіпкер психологиясының ашылуы да «Кешкі вокзалдың» соңғы шумағына құндақталғанын айта отырсақ. Әр оқырман лирикалық кейіпкер орнына өзін қойып, поезд жолаушысы болған сәтін еске ала қойғанымен, өмір – поезд философиясына дендей қоймасы анық.Бұл жерде, лирикалық кейіпкер психологиясын бейнелеуші авторға лирикалық «меннің» философиялық дүниетаным концепциясы көмекке келген. Нәтижесінде, оқырман үшін лирикалық кейіпкердің өз сөзі секілді әсер береді. Оқырман лирикалық «мен», лирикалық кейіпкер арақатынасын ажыратып жатпайды. Оқырман үшін өлең ақын сөзі. Айтпағымыз, ақын сөзін оқырман өз сөзіндей айта алатын өлең баянында лирикалық кейіпкер оқырман-кейіпкерді алмастырады. Лирикалық кейіпкер психологиясын бейнелеудің басты алғышарты да осында. Оқырман-кейіпкер психологиясына әсер ету. Оқырман-кейіпкерді әдебиеттану ғылымында қалыптасқан тыңдаушы категориясымен бірлікте қарастыруға болады. Бүгінгі оқырман айтушыдан тыңдаушы ретінде естіп қана қоймай, сындарлы ой талғамын жасайтын интелект иесі екенін де ескерсек. Оның үстіне лири-

калық шығармалар үшін оқырман оқырман-кейіпкерге айналып, өлеңдегі жағдаятты психологиялық қабылдаудан өткізе алатын күйде. Сондықтан да, жеке өлеңдерді талдағанда оқырман-кейіпкер ұғымы нақтырақ әрі заттырақ болады деп ойлаймыз. Алғашқы тармағы «Алдымнан менің керілген жұмбақ жол күтті-ау»-деп басталатын келесі өлең лирикалық «мен» ұғымымен барынша сәйкеседі. Оқырман үшін лирикалық «мен» ұғымы ақын бейнесі болып танылатыны түсінікті . Ақын өмірбаянымен таныс оқырман өлеңдегі автобиографиялық детальдар арқылы лирикалық «менді» ақын «менімен» бірлікте қабылдайды. «Алдымнан менің керілген жұмбақ жол күтті-ау»- автобиографиялық өлең.

«Алдымнан менің керілген жұмбақ
жол күтті-ау,
Бес белден астық...
мұнартқан асу қорқытты-ау.
Көзіме оттай басылған қайран
туған ел,
Көңіл құрғырды тағы да,
тағы толқытты-ау.

Алқына бердім,
алдымнан таныс қыр шықты,
Кіршіксіз мөлдір
көңілде сезім тұншықты.
Анаммен бірге қоршаған
бақты,
шарбақтар,
Көзімнің жасын еріксіз қалай ыршытты.

Шұлғаумен орап аяққа киген етікті,
Бала кез біздің бастан да мәңгі өтіпті.
Жандарбек,
Елғон,
Иманбайлармен ойнаған,
Қалың тоғайдың ағашы сиреп кетіпті

Сары қыз қайда,
ұмытқам бүгін басқаны,
Есімнен шықпай
балалық шақтың дастаны.
Айдарбек ағай әліппе оқытқан мектептің,
Орыны жатыр аспанға ұшып ақ шаңы...»[2,5].

Өлең 11 шумақты болғандықтан үзінді берумен ғана шектелдік. Мәтіндегі кісі есімдерінің ақынның балалық шағымен байланыстылығын сезіп отырасың да « Ерімбет бала екеуіміз жазған өлеңді»-тармағындағы ғұмырбаяндық дерекпен-ақ лирикалық «меннің» ақын «менінен»- жаратылғанын тани қоясың . Бұл жерде лирикалық «менді» ақын «мені» - категориясының бір бөлшегі ретінде қарастырамыз. Себебі, ақын «менінің» көтерер жүгі лирикалық «менге» қарағанда әлдеқайда

салмақты келеді. Ақын «мені» ақындық дүниетаным интеллектісінен хабардар берсе, лирикалық «мен» ақынның жеке басына қатысты болғанымен көңіл-күйдің бір сәтінен туындайды. Ақын «мені» бүтінге тиесілі де, лирикалық «мені» бүтіннің бөлшегіне тиесілі деп ұғынсақ болар. Өлең сюжеті ақынның туған жеріне оралуындағы көңіл-күй әуенін құрайды. Алғашқы шумақтың 1,2-тармақтарында ауылға бет алған лирикалық «меннің» толғанысы алдағы өмір жайында ойланған жанның сырындай естіледі. Ендігі қалған өмір жолын «мұнартақан асу қорқытуы»- кім-кімді де болса ойландырады. Өлеңдегі Жандарбек, Елғон, Иманбай, Ерімбет, Бағира, Аманбай, Айдарбек секілді кісі есімдері ғұмырбаяндық дерек ретінде алынып оқиға желісін құрайды. Әрбір кісі есімінен лирикалық «меннің» жастық шағынан хабардар ететін түрлі жағдаяттың сыры туындайды. Әр-қайсысы балалық күннің бастан өткерген маңызды оқиғасын оятып өмір шындығын сөйлетеді. Адам есімдері лирикалық «меннің» ақын, «менімен» бірлікте көрінуіне, ақын бейнесінің сұлбалануына да ықпал еткен. Әр есім жеке-жеке оқиғалық желінің бастауы. Бірі-біріне құндақталған оқиғалық желілер тұтаса келе, адам өмірінің бір кезеңінен «психологиялық қойылым» жасайды. Психологиялық қойылым өз кезегінде оқырман санасында да психологиялық хәл тудырады. Психологиялық күйге түскен оқырман да лирикалық «мен» секілді өткен өмір белестерімен қауышары сөзсіз. Мұнда лирикалық «мен» психологиясының бейнелі ашылуын

танытып тұрған басты нәрсе туған жер, өскен орта болып табылады. Туған жер, өскен орта жалпыға ортақ болғандықтан да лирикалық «мен» ұғымындағы жалқы психологиясымен-ақ әсер ете алады. Кісі есімдері бар әр шумақтың өзінде жалпыға ортақ детальдар жалқы психологиясына да тиесілі екенін ескеру керек. Мәселен, 3-шумақтың соңғы тармағындағы балалық шақта Иманбайлармен ойнаған қалың тоғайдың ағашының сиреп кетуі оқырман психологиясындағы шындықпен қабысады. Бұл ауылда өскен, есейген әр оқырман үшін таныс әрі қымбат сәттердің өшпес бояуы. Адам психикасына жағымды әсер беретін мұндай қымбатты-сәттер өлеңнің 4,5,6-шумақтарында да тұнып тұр. Ал, өлеңдегі Ақсары, Серт, Үлгілі, Бабайқорған тәрізді елді-мекен аттары ақын «менінің» ғұмырбаяндық көрінісі ретінде ғана алынбаған. «Күттің бе мені үлгілі, Алыста жүрген Бабайқорғанның боласын» - деп келетін тұстарда ұлттық дүниетаным философиясымен сабақтасқан көркемдік түйін бар. Түйін - адам баласы айға ұшып кетсе де, туған жерге тағзым етерлік ақиқатты айтады.

Әдебиеттер:

1. Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек: зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. - 256 б.
2. Бегманов Қ. Күреңбел. - Алматы: Дәстүр, 2013. - 450 б.

Дүйсенбаева Райхан Исатайқызы

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, e-mail: raihan-kz@mail.ru

Р. НҮРҒАЛИ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ОЙЛАУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Мақалада ғалым Р.Нұрғалидың қазақ әдебиетінің теориялық мәселелерін жаңаша зерттеп, қазақ әдебиетіне қосқан үлесі қарастырылады. Сонымен қатар әлемдік әдебиеттануда қалыптасқан теориялық тұжырымдар табиғатын ұлттық әдеби ерекшелікпен үйлестіре зерттегені туралы баяндалады.

Резюме. В статье рассматривается вклад ученого Р.Нурғалиева в казахскую литературу, исследованием по новому теоретических проблем казахской литературы. А так же рассказывается об исследовании природы теоретических заключений сформулированной в мировой литературоведении в сочетании с особенностью национальной литературы.

Summary. The article discusses the contribution of the scientist R.Nurgaliev in the Kazakh literature by researching theoretical problems of Kazakh literature under a new perspective. The following work also describes the research regarding the nature of theoretical conclusions, formulated in the world of criticism in the literary sphere and finally the combination with the feature of the national literature.

ҚР Мемлекеттік және Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтардың лауреаты, ҚР ҰҒА академигі, Ш. Айтматов атындағы халықаралық академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рымғали Нұрғали – қазақ әдебиеттану ғылымына аса бағалы еңбектерімен зор үлес қосқан, әдеби жанр мәселелерін зерттеп, республиканың, ТМД елдерінің ғылыми қауымына өте мәлім көрнекті тұлға.

Энциклопедист-ғалымның зерделі еңбектері қазақ әдебиеттануының тұтастай бір кезеңін қамтиды. Ғалым мұрасы сан салалы. Біріншіден, ол-қазақ драматургиясының тарихын зерттесе, екіншіден, ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің дамуын зерделеді. Ғалым зерттеулерінің арналы бір саласы - Алаш қайраткерлерінің әдеби мұрасын тануға арналған еңбектері. Сондай-ақ Р. Нұрғали әдебиеттің теориялық мәселелерін жаңаша көзқарас тұрғысынан қарастырды, ғылым үшін маңызды тұжырымдар жасады. Сондықтан ғалымның әр жылдары жарық көрген зерттеу еңбектерінің маңызды бөлігі әдебиеттанудың теориялық мәселелерін құрайды. Бұл тұжырымдар соңғы жылдары жинақталып, қайта қаралып, өңделіп, ертеректе «Телағыс» монографиясына, сосын «Арқау» жинағының екінші томына, кейін «Сөз өнерінің эстетикасы» атты кітапқа топтастырылды.

Әдебиеттің теориялық мәселелеріне тоқталған ғалым ұлттық ерекшелік мәселесіне көбірек көңіл аударады. «Көркемдік ойлаудың ұлттық ерекшеліктері негізінде қалыптасқан әр халықтың әдеби дәстүрі - үнемі өзгеріп, түлеп, байып отыратын рухани игілік. Әдеби дәстүр мен әдеби даму - әдеби қозғалыстың ажырамас тығыз диалектикалық байланыстағы құрамдас қайнарлары», - деп, теориялық талдауларға негіз болатын ұғымдарға тоқталады [1, 3].

Ғалым әлемдік әдебиеттануда қалыптасқан теориялық тұжырымдар табиғатын ұлттық әдеби ерекшелікпен үйлестіре зерттейді. Әдеби дәстүр мен әдеби даму, әдеби тұлға, әдеби байланыс және әдеби процесс турасында ойларын жүйелеп, жекелей жасалған талдауларды бір арнаға тоғыстырып, тұтас ой қорытады. Заманауи әдебиетке қажеттілігі – өмірлік шындық пен көркемдік шындық, жазушы дүниетанымы мен шығармашылық, нақты дерек пен қиял қарым-қатынасын таныта отырып, бұлардың әсер-ықпалын көрсету, заңдылықтарын зерделеу екенін ерекше атап көрсетеді.

Филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының доценті Ж. Ө. Айтмұхамбет өзінің «Рымғали Нұрғали зерттеулеріндегі теориялық әдебиеттану мәселелері» атты мақаласында мынадай тұжырымдар жасайды. Р.Нұрғали Аристотельдің әйгілі «Поэтикасына» да тоқталып, бұл еңбектегі теориялық тұжырымдардың табиғатын талдайды. Бұл көне дәуір жәдігерін «эстетиканың алғашқы сатысы» десе, қайта өрлеу дәуіріндегі француз Никола Буалонның «Поэтикалық өнер», неміс топырағында туған Лессингтің «Лаокоон немесе кескін өнері мен поэзияның шекарасы туралы» еңбектеріне де тоқталып өтеді. Өзінің теориялық тұжырымдарын жасамас бұрын аталған еңбектердегі пайымдарды саралап, салыстырады. Академик орыс сыншысы В.Г. Белинский мен Чернышевский еңбектеріне ерекше назар аударып, теориялық пайым-пікірлерін ерекше бағалайды. Чернышевскийдің «Өнердің болмысқа эстетикалық қатынасы» атты диссертациясындағы аса бағалы тұжырымдарды көрсетеді.

Р.Нұрғалидың теориялық мәселелерді қарастыруын төмендегідей жүйемен сипаттауға болады:

а) өнер табиғаты, оның даму кезеңдері туралы құнды ойлар айтады;

ә) өнердің даралық сипаты, құдыреті – образда дей отырып, осы образ табиғатын танытады;

б) әдеби-теориялық тұжырымдардың бастау көздеріне үңіле отырып, олардың мән-мағынасына тоқталады;

в) әдебиеттану ғылымындағы мектептер мен олардың негізгі ұстанымдары, бағыт-бағдарларын таразыға салады;

г) әдеби байланыста маңызды орынға ие көркем аударма теориясын саралайды;

ғ) көркем туындыны дүниеге әкелуші шығармашылық тұлға хақында тұжырымдар жасайды.

Ғалым әдеби қозғалыстың диалектикалық бірліктегі екі арнасы әдеби дәстүр мен әдеби дамуды қарастырып, ұлттық әдебиетіміздің інжу-маржандарын сыншылық терең талғаммен талдап береді. Дәстүр жалғастығы, әдебиеттің әлемдік өнер қазынасынан,

ғасырлар тудырған ұлттық рухани игіліктерден үлгі ала отырып, классикалық туындылар берген туған әдебиетіміздің көрнекті тұлғалары жайында танымды толғамдар жасады.

Ғалым әдебиеттің халықтық мәселесін қарастыруда өткен ғасырлардағы зерттеулерге ден қояды. XX ғасырдың басында әлеуметтік күреске араласқан қазақ оқымыстыларының ішінде М.Әуезов 1918 жылы жазған «Ғылым тілі» мақаласында «Ғылымда мән жоқ, пайда жоқ» деген пікірге қарсы болады. Немістің ұлы ғалымы Ш.Руссоның концепциясына қосылмай, халық пен өнерді табыстыру үшін халықты биік эстетикалық өреге көтеру керек десе, Гегель ғылымдағы диалектиканы қолдағанмен идеализмді жақтап, халықтық сипаттағы көркем шығарманы, творчествоны бағалаудың басты крейтері идеализм дегенді айтады. Осы пікірлерге тоқтала келіп ғалым XIX ғасырдағы революцияшыл-демократтар зерттеген мәселесі әдебиеттің азаттық күреспен байланыстылығына тоқталады. Сыншы В.Белинскийдің жазушы Гоголь шығармаларын талдағанда: «Плюшкин, Манилов, Чичиковтарды орыс халқының жарасы деп, шын суреткерді жеңісті шақтардың, салтанатты күндердің жыршысы емес, кінәраттың сыншысы, аурудың емшісі» десе, Добролюбовтың «Орыс әдебиетінің дамуында халықтың қатыс дәрежесі жайлы» еңбегінде өмір ешқашан теорияның сүрелері, қағидалары ізімен жүрмейтіндігін, керісінше әдебиет өмірге қарап бой түзейтіндігі туралы дәлелдерін растайды. Ғалым әдебиеттің халықтық сипатын анықтап, оны екі арнаға бөледі. Біріншісіне – елдің өз ішінде, халықтың арман тілегінен туған фольклорлық шығармаларды, екіншісіне-дара творчестволық тұлғалардың ана тілінде өз халқының өмірін, тұрмысын психологиясын рухын бейнелеуін жатқызады. Сондай-ақ, халықтық сипат белгілі бір елдің әдеби тілі үшін күресуі кезінде басталып белен алатынын басып айтады. Ғалым ана тілі – ананың ақ сүті, сондықтан да әдебиеттің халықтық сипаты ана тілімен бірлесіп, небір образдың көркемі, ана тілінде ғана ашылатынына зор көңіл бөледі. Бұның дәлеліне Шекспир шығармаларындағы Ренессанс заманының мәселелері, Лев Толстой шығармаларындағы орыс халқының тағдыры, ащы шындығы алынып, көркем шешім табатынын келтіреді. Әдебиеттегі байланыс, бір біріне әсер ету, ықпал жасау мәселелеріне ден қойып қарастырады.

«Әуелгі кезде өрлеген, өскен әдебиет кенже әдебиетті көбіне еліктеу арнасына түсіретіні рас. Бұдан кейін сыртқы пішін ғана емес, ішкі мазмұнды игеру басталмақ. Халық жан-жағына қарайды, басқада бармен өзінде барды салыстырады. Болашақ өткелдерін іздеу үшін өзінің өткеніне қарайды» [1. 126] дей келіп, осы үрдіске мән берген қазақтың күрескер ақындары С.Сейфуллин мен І.Жансүгіров шығармаларында өз елінің тарихи шежіресін жасауды алдарына мақсат етіп қойғандарын айтады.

Ғалым қазақ әдебиетіндегі көркемдік шындық пен өмірлік шындықтың, дүниетаным мен шығар-

машылық, дерек пен қиял арасындағы қарым-қатынасты ашып, өнердің бір-біріне әсерін, ықпалын, өсуін көрсетіп, таразылайды. Қазақ әдебиетінің даму барысына, сан жағынан, сапа жөнінен өсуіне, жанрлық формалардың, шеберліктің баюына, қазіргі заман адамдарының бейнесінің жасалуына көз салып, әдебиетіміздегі жаңадан туып жатқан қарым-қатынасты бейнелеп көрсету үшін, әлі де талай ізденістің, күш жұмылдырудың қажет екендігін баса айтады.

Ғалым архитектураның техникамен, қоғамның экономикалық қарым-қатынастарымен өте тығыз байланысып жатқанын, бұл өнердің кеңістікке қатысты екенін, оның табиғатпен, таумен, жермен, халықтың ұлттық ерекшеліктерімен тамырластығы, ондағы тарих іздерінің сайрап жатқандығы жайында әдемі суреттейді. Оған мысал ретінде қазақ топырағындағы әйгілі Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен сол жерде сүйегі жатқан түркі тілдес әдебиеттер тарихының өкілі ақын,философ Қожа Ахмет Яссауи өмірі мен шығармашылығын алып, зерделі ойларды алдыңызға жайып салады. Р.Нұрғали дәстүр мен жалғастық, халықтардың байланыстары тұрғысындағы методологиялық тұжырымдарға сүйене отырып, әртүрлі жанрлардағы дүниежүзілік және қазақ сөз өнерінің байланыстарының мәнін ашады. Ғалымның ерекше қарастыратын мәселесі - әрбір халықтың жазба әдебиеті, оның ішінде поэзия, проза, драматургиядан, ежелгі мәдени мұралардан бастау алатындығы.

Ғалым зерттеулерінің тағы бір құндылығы - өнердің табиғаты, қоғамдық қызметі, пәні атты мәселелерді зерттеудің тарихына баға беруі. Сонымен бірге ғалым мүсін, живопись, музыка өнер түрлеріне тоқталады.

Мүсін өнері адамның рухани байлығын дене сұлулығы арқылы танытса, живопись әрекетті бір сәт, бір көрініс арқылы ғана бейнелесе, музыкада нақтылық аз болғанымен сезімге сәуле береді деп өнер табиғатының қасиеттерін аша талдайды. Бетховеннің үшінші симфониясындағы, Хачатурянның «Спартак» балетіндегі, қазақ күйлеріндегі ырғақтарды тудыратын көне дәстүр, әдет-ғұрыптар, халықтың әлеуметтік өмірі, өз топырағы, тау –тасы болғанын айтады. Осы өнер түрлерінен театр өнерін бөліп алып қарастырады. Театрдың - құрама өнер екендігіне, мұнда әдебиет те, музыка да, живопись те қатар жүретініне ерекше көңіл бөледі. Драманың туу тарихына үңіліп, оны халықтың азаматтық тарихымен, рухани дамуымен байланыстылығын айтады. Қоғамда болып жатқан қақтығыстар, әлеуметтік тартыстар, жаңғырулар, төңкерістердің нәтижесінде драманың шырқап өсетіндігін айтады. Драманың жанрлық табиғатын, бітім сипатын тану үшін, «Драмалық тартыс, драма композициясы, драма мен театр байланысы» деп үшке бөледі. Ғалым драманың объектілеріне тоқталады. Тартысты өмірдегі қайшылықтардың көрінісі десе, конфликтіні драмалық формалық ерекшеліктерді анықтайтын түрі екенін айтады. Ю.Айхенвальдтың «Театрды жоққа шығару» деген мақаласындағы

тұжырымына қарсы болады. Шекспирдің, Гетенің, Чеховтың осы жанрға жауапкершілікпен қарағанын жазады. Сонымен бірге суреткерлер тағдыры театрмен, драматургиямен бірлікте болғанына классиктерден Шекспирді, Гетены, Мольерді, Шиллерді келтірсе, қазақ саңлақтарынан Ж. Шанинді, М.Әуезовті, Ш.Хұсайыновты мысалға келтіреді. Ғалым синтетикалық ерекшеліктерімен көрінетін театр, кино, теледидардың мүмкіндіктеріне жеке-жеке тоқталып, қызметтеріне баға береді. Р.Нұрғали театрдың шығу тегінің тануға Шығыстың көне мәдениетіне зер салады. Ал грек өнерінің Европа театрларының туып, өркендеуіне негіз болғанын жазады. Грек театрының шығу тегін тарата айтып, ғылыми дәйектемелер келтіреді. Грек театрының, драма өнерінің шарап, жеміс, молшылық құдайы–Дионис құрметіне құрбандық шалу салттары кезінде басталғаны жайында М.Әуезов «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген еңбегінде жазды. Р.Нұрғали батыс Европадағы театрдың туу тарихы жөніндегі ғылыми деректерге тоқталады. Зерттеушілер Батыс Европада театр мен драма өнеріне діннің ие болып, адам санасына ықпал ету үшін пайдаланып, литургиялық қойылымдар көрсетілгенін жазды. Ғалым осы зерттеулердегі литургиялық драматургияның Миракль, Мистерия, Моралите, Фарс деп аталатын формаларының әрқайсына түсінік бере талдайды. Орта ғасырлардағы театрдың даму тенденциясы халықтық арналарға жақындап, пьесалардың өзегі өмірден алынған оқиғалар, қарапайым тіршілік иелері бола бастады да бұл сарындар Ренессанс, қайта өрлеу заманындағы әдебиеттің негізі болды. Орта ғасырларда Грек мәдениетінен көп озық үлгілерді қабылдаған Италиядағы «Дель арте» театрының тарихына тоқталады: бұл театр импровизациялық, суырыпсалма дәстүріндегі театр екенін, дайын мәтіннің болмауы, тек жоба мен сценарийдың болатынын, әр әртістің өз сөзін өзі ойлап табуы керек екенін айта келе, «Дель арте» театрын типологиялық жағынан қазақтың айтысына ұқсастырады. «Қазір бұл жанр фолклордың бір нұсқасы ретінде зерттеліп жүр, негізінде айтыс өнері ұлттық драма мен театрдың ежелгі үлгісі ретінде зерттеліп, тексерілуі керек» деген дәйекті тұжырымдама жасайды.

Орыс оқырмандарына Шекспирді жеткізген орыс аудармашыларымен бірге, қазақ топырағында тұңғыш сөйлеткен Мәжит Дәулетбаевты ерекше ағайды. Қазақ жерінде жоғарыда айтылғандай театр да, драматургия да болмағаны анық. Сол уақыттағы болып жатқан қоғамдық қарым-қатынастар нәтижесінде Орал, Орынбор, Семей, Қызылжар шаһарларында кейбір үйірмелер жұмыс істей бастады. Семинария, гимназия, школалардан оқыған қазақ жастары Европа театры, драматургия тарихын оқып, біліп жүріп, өз халқының тұрмысынан, салт-санасы, фолклорынан соларға ұқсас формаларды іздеп, тапты. Бұған мысал ретінде М. Әуезовтің пікірлерін, 1914 жылы Семейде Абайға арналған кеште «Біржан мен Сараның» қойылымын, К.Тоғысовтың «Надандық құрбаны» деп

аталатын тұңғыш пьесасын алады. Қазақтың тұңғыш режиссер драматургі Ж. Шанин театрдың туып қалыптасуына көшбасшы болғанына тоқталады. Қ. Қуанышбаев, И. Байзақов, Ә. Қашаубаев, С. Қожамқұлов, Е. Өмірзақов, Ш. Айманов секілді өнерпаздар үлес қосты. Сонымен бірге драматургияның өрлеуіне Ж. Шаниннің, М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Ә. Тәжібаевтың, Ә. Әбішевтің, Ш. Хұсайыновтың, Қ. Мұхамеджановтың, Т. Ахтановтардың еңбектерінің ерекше болғанын ғалым зерттеуінен көреміз.

Ғалым «Қашанда театр сахнасы – күрес сахнасы, әлеуметтік күрес, моральдық күрес, психологиялық күрес» деп, театр өнерінің ерекшелігін баса көрсетеді. Бұдан ары сахна өнерінің бір түрі балет жайында сыр шертеді. Бұл сахна өнерінің көркем идеяны музыкалық-хореграфиялық образ арқылы ашатынын, жазушының, сазгердің, балетмейстердің, суретшінің еңбегінің тоғысатынын айтады. Балет өнерінің өзегі би екенін, би үлгілері негізінде қойылған неше түрлі спектакльдердің тарихын баяндайды. Би өнерінің адамзат тарихымен бірге жасап келе жатқандығын, ежелгі мәдениет ордасы болған Қытай, Индия, Мысыр елдерінде билеу техникасының шарықтай дамығанына тоқталады. Ал Европада Ренессанс заманында бұл өнер түрінің өркендегенін, балет өнерінің тарихындағы жаңа кезең Парижде 1661 жылы Корольдік би Академиясының құрылуымен, өмірге опера-балет, комедия-балеттің келгенін жазады. Ұлы драматург Мольердің «Мылжындар», «Еріксіз үй болу» комедия балеттерін, Ж. Навер Корнельдің «Балет жайлы хаттар» еңбегіне зор баға береді. «Бүгінгі дүние жүзілік балет өнерінде әртүрлі философиялық-эстетикалық ағымдар әсері көрінбей қалған жоқ. Абстракциялық жипопись ықпалымен қойылған спектакльдерде пластикалық, әсем би орнына арсы-күрсі механикалық қозғалыс, әсіре қызыл акробатикалық қимыл басым, формалистік ізденістерді ғана сипаттай алатын дүниелер туды» [1 с.386-410] Орыс балет өнерінің бастау тарихына да көз жүгіртіп, XIX ғасырдың алғашқы жартысында орыс балеті ұлттық өнердің бір саласы болып, әбден қалыптасқанын айтады. Аз уақыт ішінде биікке көтеріле білген қазақ балетінің тарихында тұңғыш қазақ режиссері Ж.Шанин ұлттық балеттің негізін салып, «Қоян бүркіт», «Киіз басу», «Өрмек би», «Шашу» сияқты билерді сахнаға шығарғанын мақтана жазады. Ұлтымыздың ұлттық, даралық ерекшелігін айқындайтын, дала әуендері, қобыз, домбыра ырғақтарымен өрнектелген «Қамбар-Назым», «Достық жолымен», «Аққұс туралы аңыз» балеттерінің даму заңдылықтарын ашып көрсетіп береді. Зерттеулерді зерделей келе ғалым эстетиканың бір бұтағы-әдебиеттану ғылымының үш саласын көрсетеді: әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны. Әдебиет теориясының қарастыратыны – көркем әдебиеттің әлеуметтік мәні, таптық сипаты, қоғамға жасайтын ықпалы. Ол ғылыми зерттеудің методологиялық негіздерін ұсынады, талдаудың принциптерін көрсетеді. Ғалым әдебиет теориясын әдебиеттану

ғылымының көшбасшысы деп қорытады. Ал әдебиет тарихы бір халықтың әдебиетін тарихи процесс ретінде алып зерттейтінін айта келіп: Мұнда жеке фактілер ғана емес, негізінен әдебиеттегі күрделі құбылыстар, ағым, бағыттар тексерілімек. әдебиет тарихы қашанда халықтың қоғамдық, азаматтық тарихымен сабақтас, әдебиет тарихының жасалуы-халықтың марқаюы, халықтың өрге шығуы, халықтың кәмілетке шығуының белгісі. Әдебиетінің тарихы жоқ халық- ержетпеген, марқаймаған халық деп ой түйеді. Ғалым әдебиет сыны жайында толғалы пікірлер айтып кетеді. Әдебиеттанудың үш саласын бір – біріне қарама-қарсы қоюшыларға қарсы шыға отырып ғалым, әдебиет тарихы, сыны, теориясы «айдынға келіп құятын үш өзен іспетті, олардың тоғысар, табысар жері – бір. Олар өз ара нәр береді, бояу қосады, ажар кіргізеді»-дейді.

Әдебиеттану ғылымының қосалқы салаларына библиография, историография, текстологияны жатқыза келіп, бұлардың ішіндегі текстологияға ерекше мән беріп, оның қызметіне, мақсатына тоқталады. Әдебиеттану ғылымының тарихында белгілі мектептер мен үлкен ағымдар болғанын айта келіп, олардың әрқайсысының қызметін ашып айтады. Р.Нұрғали қазақ өнері жайындағы әңгімесін шығыстың Аристотелі атанған данышпан ғалым Фарабиден бастап, оның әсемдік, көркемдік туралы, гормония заңдары жайындағы ойларын ортаға салады. Ғалым осы Фараби заманынан кейінгі уақыттардағы халқымыздың өнері, әдебиеті туралы әртүрлі елдер ғалымдарының әр кезеңде айтқан пікірлері әлі жүйелі түрде зерттелмегенін ескерте кетеді.

Өнер салаларын саралай талдап берген ғалым бәрінің объектісі, пәні – адам өміріндегі әлеуметтік қарым-қатынастар екенін, өнердің әрқайсысы да өз жүйесінде өмір құбылысын терең жан-жақты бейнелейтінін айтады: «Өнердің әрқайсысы өз жүйесінде өмір құбылысын терең, әрі жан жақты бейнелейді: адам портретін живописьтей дәл беретін сала жоқ; қоғамдық қатынастарды, әлеуметтік тартыстарды, күрестерді, психологиялық құбылыстарды әдебиеттен сенімді көрсететін сала жоқ; нәзік сезім, ыстық жалынды музыкадай жеткізетін сала жоқ.»- деп өнер табиғаттарының өзіндік ерекшеліктерін жүйелейді. «Эпиграмма - өнер, ендеше қарапайым сөз оған неге жатпайды? Новелла - өнер туындысы, ал журнал хроникасындағы кез келген хабар неге қатарда емес? Пейзаж - өнер, топографиялық сурет неге олай емес?» деп [2. 176.] Италия идеалисі рухани өмірдегі ұғымның бәрін өнерге жатқызады. Ғалым бұл байламнан кез келген ұғымның өнерге жататынын, шын өнердің шекарасы жойылып, эстетика мен тіл білімінің бір арнаға түсетіні жайында тұжырымдарын жасайды: Өнердің даралық сипаты, құдіреті образда екенін, айта келіп образды философиялық ұғымда, психологиялық ұғымда, өнердегі ұғымда деп үш түрге бөліп, талдайды. Әрбір әдеби көркем шығарма тәсіл-құралдарды талғап, іріктеп пайдаланудан басталатынын таныған ғалым образдың бір үлгісіне зер салады:

Мен тауда ойнаған қарт марал

Табаным тасқа тиер деп

Сақсынып шыққан қиядан

Бұл ақиық ақын Махамбеттің өлеңінен алынған үзінді. Осы өлең арқылы ғалым жеке сөздердің әр түрлі құбылыстарды қамтып, бірін-бірі айшықтап тұрғанын жазып, «тұтас суретті бөлшектеп көрейік: тау, қарт, марал, табан. Тау биіктіктің, өрлеудің, мәңгіліктің тұлғасы, табиғаттың өзі. Қарт марал - тіршіліктің еңкейген шақтағы адам өмірін еске түсіреді. Марал – сұлулық іспеттес. Қарт марал дегенде жана ұғым туғандай: сфинкс, кентавр сияқты перзент десе ішкен асын жерге қоятын қазақтар кейбір сәтте сәбидің табанынан сүймей ме» деп тебіренеді. «Сөзімде жаз бар шыбынсыз»... деген ұлы Абай өлеңінің үзіндісін келтіріп, «ақын қиялындағы іріктеліп, сұрыпталып жасалған суреті бірнеше құбылыс тың тоғысқан сәтінен пайда болған жаңа дүниені» көз алдыңызға әкеледі. Ғалым образдылық табиғатына, сөздің берілу қасиетіне байланысты зерттеулерді қарастырады. М.Горький атындағы әлем әдебиеті институты ғалымдарының еңбектерін атап өтіп, өткен ғасырдағы украин тілші-әдебиетшісі А. Потебняның әр сөздің шығуын құбылыстар арасындағы ұқсастықпен, іргелестікпен шендестіре қарастырғанын айтады. Оның көрсетуі бойынша, сөзде екі қабат бар: Сыртқы қабат–ұғымдық қабат, ішкі қабат-образдық қабат. Керісінше, сыртқы қабат–проза, ішкі қабат – поэзия. А.Потебня «Сөз – көркем шығарманың барлық қасиетіне ие» деп сөз қасиетін ашып береді. Осыларды мысалға келтіре отырып ғалым өзіміздің ұлттық топырағымыздағы образдың жасалуына, тілге қатысты мәселелерін зерделейді. Қазақтың «үркер», «бақай құрт» сөздерінің, І. Жансүгіровтің «Жерің анау- жасыл жолақ кілемдей, Желін мынау – жігіт айтқан өлеңдей, Көлің анау – той қып жатқан ауылдай, Күнің мынау – елжіреген енеңдей» деп суреттелетін өлеңіндегі құбылысты қатар алып суреттеудегі мәнін, көркем образдың нақтылығын ашып, ұлттық ерекшелікті көрсетеді дей келе: «образға бірінші тән қасиет – ұлттық ерекшелік, ұлттық бояу, сондықтан да ешбір суреткер тілге, ұлттық бояуға зорлық көрсете алмайды. Біз мысалға келтірген жоғарыдағы қарт марал, шыбынсыз жаз, той қылған ауыл дегендер қазақ ұғымдары» - дейді. [1.366.] Р. Нұрғалидың бұл зерттеуі - дүниежүзілік ғылымындағы тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық, тарихи-мәдени байланыстар тұрғысында жазылған, жаңаша бағыттағы іргелі еңбек болды.

Қолданылған әдебиеттер

1. Нұрғали Р. Арқау. 2-томдық шығар. жинағы. 2-том.
2. Гегель Г.В.Ф. Эстетика туралы лекциялар // Әдебиет теориясы. Нұсқалық. Р.Нұрғали. Астана: «Фолиант»,
3. Потебня А.А. Слово и миф. М.: Правда, 1989.
4. Аймұхамбет Ж.Ә Рымғали Нұрғали зерттеулеріндегі теориялық әдебиеттану мәселелері./ Әдебиет порталы, 2014ж.

Афанасьева Алена Сергеевна

докторант PhD 3 курса Казахского национального университета имени аль-Фараби

e-mail: alenchika@mail.ru

Научный руководитель – к.ф.н., доцент Н.К. Сарсекеева

«РОДИНА-ЧУЖБИНА» КАК РЕАЛИЗАЦИЯ АРХЕТИПА «ДОМ»
В РОМАНЕ И. ШУХОВА «ГОРЬКАЯ ЛИНИЯ»

Резюме. Данная статья – попытка сюжетной реконструкции архетипа «ДОМ» на материале романа И. Шухова «Горькая линия». Помимо общего исторического контекста, важного для понимания романа, в статье приводится анализ хронотопа, позволяющий проследить взаимоотношения между двумя разными этносами, этапы сложного освоения казаками нового пространства, процессы отчуждения и обретения Родины.

Ключевые слова: архетип, русскоязычные писатели Казахстана, «СВОЙ vs ЧУЖОЙ».

Summary. This article is an attempt of plot reconstruction of the archetype "home" on the material of Ivan Shukhov's novel "Bitter line". In addition to the general historical context, which is important for an understanding of the novel, the article provides an analysis of the chronotope, which allows to trace the relationship between two different ethnic groups, the complex stages of mastering by the Cossacks of the new space, the processes of alienation and acquisition of the motherland.

Key words: archetype, Russian-speaking writers of Kazakhstan, "YOUR OWN vs FOREIGN"

Түйін. Аталмыш мақала – И.Шуховтың «Горькая линия» шығармасы материалының негізінде «ҮЙ» архетипін сюжеттік қайта құру талпынысы. Романды түсінудің маңыздылығы болып табылатын тарихи мәнмәтіннен басқа, мақалада екі этнос арасындағы қарым-қатынасын, қазақтардың жаңа аумақтарды игерудегі қиындық кезеңдерді, Отаннан айырылу және қайта ие болу үрдістерін анықтауға көмек беретін хронотопқа талдау жасалынады.

Кілт сөздер: архетип, Қазақстанның орыс тілді жазушылары, «Өзінік» және «Өзге».

«Горькая линия» – цепь искусственных укреплений от Яика до Иртыша на Западно-Сибирской окраине, которые были призваны отгородить русское правительство от кочевников «великой и древней степи» [1]. Как и все остальные топосы в романе, Горькая линия одновременно географически достоверна и метафорична. Линия фортовых укреплений выстроена вдоль пресно-горьковских озер, которые не только вертикально расположены по отношению друг к другу, но и имеют характерный горький вкус: «Камышловские озера, кроме линейного расположения, отличаются от других озер составом своей воды, имеющей горько-соленый вкус. Еще академик И.П. Фальк отмечал, что местные

жители вынуждены зимой заготавливать пресный лед и хранить летом во многих погребах для варки пищи и питья. Линия укреплений заслуженно стала называться Горькой или Пресно-горьковской» [2, с. 53]. Картограф Д.Н. Фиалков отмечает:

«Строительство крепостей, их обслуживание требовало много рабочей силы. На работу в крепости направлялись колодники «за преступления, за продерзость против помещиков», ссыльные запорожцы. Горькая линия была связана с горькой судьбой. Одновременно на линии посылались художники и мастеровые люди.

В 1765 году на юг от Горькой линии выделяется запретная для кочевников полоса шириной 10 км, отмечаемая на местности знаками. При каждой крепости формируются предместья, в которых жили отставные и семьи казахов. Между укреплениями образовывались заимки, происходило заселение прилегающих трактов ямскими слободами. Крестьяне, жившие в станицах Горькой и Иртышской линиях в 1847 году, считаются «поверстанными в казаки» и образуют многочисленное казачье сословие, на которое ложатся большие тяготы по обслуживанию укреплений, обязанность защиты обширного края от вторжения и охрана общественного порядка» [2, с.60]. Как видим, Горькая линия была сооружена как граница между своим миром и чуждым – миром кочевников. Архетипическая пара СВОЙ vs ЧУЖОЙ представлена здесь в интенсивной конфронтации. Однако несколько иначе выражено отношение к степи (заведомо ЧУЖОМУ пространству) в романе. Уже в первой его части читаем определение: Степь. Родимые, не знавшие ни конца ни края просторы. Повествователь называет степь великой и древней, отдавая ей дань почтения.

Эпитет родимые, поясняющий степные просторы, позволяет квалифицировать их как СВОЕ ПРОСТРАНСТВО, ДОМ. Степь представлена в первой части в нескольких временных модусах. Первый из них – план настоящего и «вечного настоящего», когда описание пространства происходит в системе номинативных синтаксических конструкций и предложений, предикаты которых наделены значением перманентности, извечной повторяемости определенных событий.

Родимые, не знавшие ни конца ни края просторы. Одинокое ветряки близ пыльных дорог. Неясный, грустно синееющий вдали росчерк березовых перелесков. Горький запах обмытой предрассветным дождем земли. Азиатский ветер, пропитан-

ный дымом кизячных костров. Трубный клич лебедей на рассвете и печальный крик затерявшегося в вечерней мгле чибиса [1].

В подобных «номинативных зарисовках», которые, тем не менее, осложнены дополнительными пропозициями, уже ощущается импрессионистический стиль художника, улавливающего «целое» и передающего это «целое» в неповторимых оттенках цвета, света, эмоционального настроения. Дальнейшие предложения обретают явственную предикативность, которая связана с непосредственным наблюдением героя над здешними землями, со знанием и пониманием их природы:

До боли в глазах сверкают там в знойную летнюю пору ковыли и озера, а зимой – белые, сахарные снега. Гулко гудит на рассвете под некованым конским копытом широкий тракт. Неподвижным и тусклым становится ночью шафранный зрачок зверя, притаившегося в придорожном бурьяне. Бесшумно, медлительными дремотными кругами опускается в предзакатный час на одинокий степной курган орел. Равнодушный и безучастный к великому окрестному безмолвию и покою, он садится на вершину намогильника и долго точит потом об осколки гранитной гробницы свой стальной, окантованный траурной прошвой клюв.

Джигитует в родимых просторах ветер, пропитанный солью степных озер и дыханием далекой пустыни. И плывут, плывут безучастные к жизни и смерти, кочуют из края в край над этой землей легкие, как паруса, облака [1].

Второй раз просторы названы повествователем «родимыми»; более того, земля для рассказчика – «эта», то есть «своя, родная». Исторически за местоимением «этот/эта/это» зафиксировано значение наименьшей отдаленности, им определяют самое дистанционно близкое к говорящему. Вторая степень отдаленности закреплена за местоимением «тот», третья – за местоимением «он».

План прошлого органично вплетается в настоящее, образуя с ним временной синтез:

Жестокие предания, легенды и песни хранит в себе эта степь. Суровые гребни курганов и проросшие ковылем и бессмертником камни древних гробниц напоминают о битвах и сечах воинственных предков, о кровавых маршах диких племен и орд, прошедших с огнем и мечом по этим равнинам [1].

Прошлое-в-настоящем сменяет давнепрошедшее время, главная задача которого – указать читателю на события, которые остались далеко за пределами настоящего и больше не повторяются:

Вдосталь показавала, поатаманила некогда в этом краю и пришлая из Прикаспийских пустынь, с Дона, Волги и Яика казачья вольница. И по полузабытым лихим и тревожным песням ее можно судить о том, как, бывало, отгораживались на Горькой линии частоколом, водой и рвами линейные ка-

заки от немирных своих соседей; как закладывали они лет двести тому назад в этих местах и поныне существующие земляные крепости, маяки и редуты [1].

О том, что пришлая казачья вольница поатаманила в далеком прошлом, свидетельствует местоимение некогда. Усиливает значение давнепрошедших событий глагол бывало и инверсированная дата лет двести, указывающая на неточность памяти, отдаленность описанного. Далекое прошлое как временной модус несет важную смысловую нагрузку, обозначая неактуальность исторических событий для настоящего момента (= «Но все прошло, поросло ковылем-травой»). Крепости существуют и поныне, но отношения к степи как к ЧУЖОМУ, ВРАЖЕСКОМУ пространству у казаков больше нет. Ограды ставились «некогда», как «некогда» царило их немирье с соседями. Время очень важно здесь для понимания трансформации отношения людей к месту: то, что было ЧУЖИМ, стало СВОИМ, т.е. стало ДОМОМ.

Наше пристальное внимание в временному модусу обусловлено стремлением показать, насколько меняется содержание архетипа в зависимости от исторического и человеческого факторов. Повествователь сообщает, что от предков (а вместе с ними – и от их отношения к ЧУЖОМУ) остались полувыровненные временем рвы. Символически наполовину (и это важно: наполовину, но не полностью) выровнена сама граница между двумя архетипическими пространствами.

Действие романа разворачивается в станице Пресновская, которая делится на два непримиримых края: Ермаковский и Соколинский. Причина их вражды – в генетическом (по статусу происхождения) и в материальном неравенстве. Первые знамениты «крестами и грамотами», вторые – «нуждой да песнями» [1]. Особо следует отметить и тот факт, что Соколинскую часть станицы сформировали «иногородние пришельцы из разного люда». Их сословию в романе дана специальная номинация – «приписные казаки», т.е. не исконные, а «приписанные», принятые в казачество по распоряжению правительства. Землю, отданную им в надел, соколинцы вверяют ермаковцам из-за нужды, становясь батраками. Отношение казаков к «приблудным» Шухов изображает на примере «хохла» Дениса Поединка, которого первые принимать не желают:

– Из тебя, слышь, казак, как из моего подживотника тяж! – насмешливо крикнул Поединку школьный попечитель Ефрем Ватутин [1].

Как видим, станица Пресновская – пространство, которое дифференцировано на зоны СВОЕ – ЧУЖОЕ – ЧУЖДОЕ, причем СВОЕ и ЧУЖОЕ сосуществуют в пределах одного локуса, создавая в нем социальное напряжение. Отношение казаков к ЧУЖДОМУ (казахам) не просто враждебно, но

безапелляционно. Примером тому служит сцена романа, когда нечистые на руку казаки решают продать своему одностанчанину сенокосный участок, по праву принадлежащий казахам:

Вся заваyka была в том, что участок этот был не казачий, а принадлежал казахам соседнего аула. Но, по молчаливому согласию между собой, казаки решили продать этот сенокос, выдав его за войсковой надел, а с истинными владельцами его – казахами – поладить потом, как бог приведет [1].

Этот небольшой фрагмент позволяет нам реконструировать «аттитюдный фон» романа, то есть отношение казаков к своим соседям, доминантой которого является пренебрежение, нежелание считаться с другим этносом, подспудное восприятие чужой собственности как своей. Эти черты представляют казаков в резко критическом свете; в свое время М. Горький хвалил Шухова именно за подобную объективность в описании соотечественников. В приведенном отрывке проявлено и «господское» отношение казачества к «имперской колонии» - землям кочевников. С ЧУЖИМ «не стоит считаться», потому что он не вписывается в систему координат родной культуры. Л.Н. Гумилев объясняет это так: «Когда какой-либо народ долго и спокойно живет на своей родине, то его представителям кажется, что их способ жизни, манеры, поведение, вкусы, воззрения и социальные взаимоотношения... единственно возможны и правильны. А если бывают где-нибудь какие-либо отклонения, то это – от «необразованности», под которой понимается просто «непохожесть на себя» [3, с. 22].

По мнению В.В. Колесова, весь мир делится на своих, объединенных культурой, языком, верой, землей, и на чужих – носителей другой культуры, языка, веры, пришельцев из других стран [4, с. 64-65]. Эта оппозиция характерна для всех эпох, для всех стран. Родная культура «естественна», «нормальна», поэтому служит критерием оценки для людей, представляющих иные культуры. По объяснению З.К. Сабитовой, СВОЕ актуализируется в ряде параметров, а именно:

- государственности;
- общей территории;
- языке;
- вере;
- поведении;
- внешности [5, с. 278].

В зажиточных казачьих станицах было распространено слово «инородец», в котором заложено негативное отношение к прибывшим со стороны. В своем романе Шухов изображает несколько уровней «чуждости», из которых наиболее отчетливо проявлено три:

1. «Иные/другие» (не совсем чужие) среди своих, представители того же класса, сословия, этноса. Их гетерогенность может быть выражена в поведении, внешности, гендерном несоответствии

стандартам общества. Красноречивым примером такого несоответствия в романе служит образ соколинского казака Кирьки Караулова. Его отличают «странная несоразмерность» тела («Так, руки у него казались не в меру короткими по сравнению с тощим и длинным телом. Не совсем правильно были приставлены и глаза его шалфейного цвета»), «визгливый бабий голос», неспособность к адекватной самоподаче («И даже в одежде у Кирьки все было не так, как у добрых людей: на одной ноге, скажем, пим, на другой – опорок. То у него, смотришь, штанина одна короче другой, то, глядишь, ворот у малиновой рубахи небесного цвета»). Особенно деструктивным описательным элементом выступает здесь «бабий голос», свидетельствующий о несоответствии персонажа казачьему, «истинно мужественному» стандарту. Такую инаковость можно обозначить как «чуждаватость», которая обществом все-таки признается как «свое», хоть и несколько «неправильное».

2. «Чужие» среди своих, то есть «пришлые», «приписные» казаки, такие, как Денис Поединок.

3. «Чуждые», или соседи, представляющие другой этнос, казахи. В песнях казаки называют соседей «злыми кокандцами», «басурманами». Речь их они воспринимают как «неспокойную, гортанную». Они же пропивают чужую землю, не зная, как объясниться потом с соседями. Парадоксальна в романе сама ситуация соседства. Сосед – априори СВОЙ, близкий. Но в данном случае соседство это вынужденное, соседство-вражда.

Все три уровня инаковости объединены общностью территории, которая призвана служить ДОМОМ, но реализует эту функцию на данном этапе лишь номинально. Внутренняя разрозненность, конфронтационное отношение к соседям, отсутствие духовного единства не позволяют жителям станицы ощущать себя ДОМА в полной мере. Показательна в этом плане судьба Варвары Бушуевой (заметим, что имя это означает «чужестранка»), сироты, чья мать была наложницей-«иноверкой», взятой в жены станичным хорунжим Брандтом. Жизнь плененной проходила в станице за закрытыми ставнями (реализация семантики ДОМ-КРЕПОСТЬ). Казаки люто ненавидели «иноверку», считая ее виновницей всех возможных бед: пожара, падежа скота, голода. После смерти матери и самоубийства отца Варвара оказывается на попечении старика Иконникова. Нелюдимая, дикая девочка, «наследующая» черты характера пушкинской Татьяны, Варвара обретает себя благодаря этническому «символу» - татарским бусам. Украшение, несущее в себе намек на ее чужеземное происхождение, дарует Варваре чувство самости, выполняя функцию самоидентификации. Впервые узрев себя красивой, уверенной, Варвара берет в руки собственную судьбу и очаровывает видного казака Иакова Бушуева, однако этим поступком на-

страивает против себя односельчан. Иаков, будучи помолвленным, разрывает союз с прежней невестой, а «персидская княжна» (как называют в станице Варвару) навсегда становится для местных «ЧУЖОЙ»:

И если Варвара до своего рокового появления в кругу сверстниц имела в станице только недоброжелателей и завистниц, то после этого случая она нажила себе прямых и непримиримых врагов [1].

Беглая чета новобрачных, утратившая покровительство отчего дома, венчается в непогожий час в «холодной и сумрачной церкви».

Еще один из героев романа, Егор Бушуев – тот, кто поначалу стремится изменить собственный статус, завоевать расположение «вражеской» половины станицы Пресновка – ермаковской: «Денно и ночью мечтал он о том, как бы и ему завоевать почет в Ермаковском крае...» Шухов сохраняет русскую литературную традицию «говорящих имен», поэтому для понимания героя дешифровка его имени вполне целесообразна. В имени «Егор», имеющем древнегреческие корни (пер. – «земледелец, пахарь») репрезентировано как рабоче-крестьянское происхождение героя, так и его отношение к земле. Он – труженик, «благоустроитель» земли. Фамилия «Бушуев» намекает на характер героя и революционную функцию его сына Федора (имя которого – «Дар Божий» - эксплицирует мотив будущего спасения, примирения враждующих). Несмотря на то, что Бушуев участвует в незаконной продаже земли ермаковцам, он нравственно ощущает неправильность этого поступка:

Да, дело было нечистое. В душе старик это отлично понимал [Шухов].

Особой витальной силой в романе наделены женские образы, каждый из которых на метафорическом уровне представляет собой природное, степное начало. Ключевые женские характеры, выступающие элементами божественной диады «Мужчина – Женщина» («Муж – Жена»), - это спутницы жизни главных героев: Федора Бушуева, Иакова Бушуева, Алексея Стрепетова. Даша, Варвара и Наташа – «природные сестры», выписанные автором с исключительной повторяемостью внешних и внутренних черт. Все три девушки «лучисты», «пронизаны солнцем», «пахнут степною полынью» и «ветром». Приведем для примера описание Натальи Скуратовой:

Как правило, Наташа появлялась в столовой в белом ситцевом платьице, сияя свежестью, легкостью, чистотой. Яркое полуденное солнце жарко горело в короне золотистых ее волос, дробилось и вспыхивало в прозрачных мочках маленьких ее ушей. И, как всегда, она пахла степными горькими травами, солнцем. Она поднимала на есаула свои большие, насмешливые, притворно холодноватые глаза, и он видел, как мелко трепетали темные ее

ресницы, будто никогда не затихал в них полевой вольный и легкий ветер.

Как и Варвара, чужая по происхождению и в силу жизненных обстоятельств, как Даша, реализующая архетип «заморской царевны», Наташа также наделена семантикой чуждости. Она не-своя в кругу собственной семьи:

Всем, решительно всем смущала его эта девушка: и неяркой своей красотой, и острым умом, и молодостью, и непосредственностью, и тем, что была она удивительно не похожа на своих родителей. Глядя на нее, было странно думать о том, что могла она вырасти здесь такой чужой и далекой от всего, что окружало ее в быту и нравах отцовского дома.

Стрепетов называет Наташу «Степная моя птица».

Федор Бушуев, идеологически несовпадающий ни со своим отцом, ни с казачеством, связывает со степью свою невесту Дашу:

И Федор, сидя в седле, шурясь от солнца, полудремал. Глядя прищуренными глазами на эту полную золотистого света, тепла и покоя окрестную степь, на зеленые джунгли займища, он продолжал сейчас думать о Даше.

Все героини в равной степени ЧУЖИЕ в своем окружении. Каждая из них сравнена со степью через развернутый комплекс изобразительных средств, используемых автором во всем их многообразии: от эпитетов до многоступенчатых сравнений, от метафор до приемов песенного психологического параллелизма. Это не может не натолкнуть нас на мысль о том, что сближение мужских персонажей с героинями есть не что иное, как закодированный мотив их сближения с самой землей, со степью. В русской литературе (как и в других литературах мира) существует традиция отождествления родной земли с Матерью, Женой или Невестой (достаточно вспомнить Россию-Невесту А. Блока). В этом ключе Возлюбленной (Невестой), Женой и Матерью становится для героев сама Степь, воплощенная в женских образах. В выборе героями спутниц жизни актуализирована своего рода авторская стратегия преодоления Чуждости.

Литература

1. Шухов И. Горькая линия // <http://www.100bestbooks.info/txt/?act=89>
2. Фиалков Д.Н. Горькая линия военных укреплений // *Записки по краеведению Омской области. Омск, 1972. С. 52-61.*
3. Гумилев Л.Н. *Этногенез и биосфера Земли.* – М.: АСТ-Астрель, 2006. – 512 с.
4. Колесов В.В. *Древняя Русь: наследие в слове. Мир человека.* – СПб., 2000. – 480 с.
5. Сабитова З.К. *Лингвокультурология. М.: ФЛИНТА: Наука, 2013. – 528 с.*

Намаскулова Мадина

магистрант, Университет иностранных языков и деловой карьеры, mnamaskulova@gmail.com

ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ (НА ПРИМЕРЕ КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА)

Резюме: В данной статье говорится о лингвокультурологическом подходе к обучению иностранных языков, который способствует расширению знаний специфической лексики, знакомит студента с культурой, традициями и обычаями той или иной страны. Рассмотрены основные понятия лингвокультурологии, а также проанализированы прецедентные феномены на примере китайского языка.

Ключевые слова: лингвокультурология, фразеологизм, прецедентный текст, чэньюй.

Түйін: мақалада шет тілдерін оқытудың лингвомәдени аспектіде зерттелуі баяндалған. Лингвомәдени бағыттағы зерттеулер студенттің арнайы лексика қорын ұлғайтуға, сол елдің мәдениеті, салт-дәстүрімен жіті танысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мақалада лингвомәдениеттану ғылымының негізгі ұғымдары және қытай тілінің мысалында прецедентті феномендері талданған.

Түйін сөздер: лингвомәдениеттану, фразеологизм, прецедентті мәтін, чэньюй.

Summary: This article is discussed the lingvokultural approach of teaching foreign languages, which contributes to the expansion of knowledge of specific vocabulary, introduces students to the culture, traditions and customs of a country. It is given the basic concepts of cultural linguistics, as well as analyzes precedent phenomena on the example of the Chinese language.

Keywords: cultural linguistics, idiom, precedent text, chenyyu.

В настоящее время во всех сферах жизнедеятельности мирового сообщества происходит изменение ценностных ориентаций, обусловленных сменой парадигм на рубеже XX – XXI веков, что требует нового подхода к формированию будущего профессионала. Отличительные для нашего времени изменения в характере образования, в его направленности, целях, содержании - все это ориентируют на «свободное развитие человека», на творческую инициативу, самостоятельность обучаемых, конкурентоспособность, мобильность будущих специалистов. Эти накапливающиеся изменения означают процесс смены образовательной парадигмы.

Концепция модернизации казахстанского образования определяет новые социальные требования к формированию жизненных установок личности. Сейчас главной целью обучения иностранным языкам (ИЯ) является формирование новой личности

учащегося, владеющей культурными смыслами не только собственной культуры, но и иностранной. Вводится понятие, которое занимает особое место в системе обучения ИЯ - лингвокультурологическая компетенция.

Лингвокультурологическая компетенция - это система знаний о культуре, личностные качества, приобретаемые в процессе освоения системы культурных ценностей, выраженных в языке и регулирующих коммуникативное поведение этого языка. Лингвокультурология включает в себя лингвокультурологические понятия и единицы. К основным понятиям лингвокультурологии обычно относят следующие:

- культурный концепт. Наиболее распространенным и практически общепризнанным является определение культурного концепта, предложенное Ю.С. Степановым: «Концепт - это как бы сгусток культуры в сознании человека; то, в виде чего культура входит в ментальный мир человека. И, с другой стороны, концепт - это то, посредством чего человек - рядовой, обычный человек, не «творец культурных ценностей» - сам входит в культуру, а в некоторых случаях и влияет на нее» [1, 115];

- константы культуры, то есть устойчивые и постоянные (хотя и не неизменные) концепты, в которых заложены особые ценности культуры.

- культурные установки. По определению И.Г. Ольшанского, это «ментальные образцы», являющиеся продуктом взаимодействия двух и более индивидов и играющие роль своеобразных предписаний (прескрипций) для коммуникативного поведения членов данного национального лингвокультурного сообщества [2, 115];

- код культуры. В.В. Красных рассматривает его как «сетку», которую «культура «набрасывает» на окружающий мир, членит, категоризирует, структурирует и оценивает его» [3, 55];

- культурная коннотация - это когнитивная по своему характеру интерпретация денотативного или образно-мотивированного аспектов значения в терминах и категориях культуры;

- культурное пространство квалифицируется как форма существования культуры в человеческом сознании;

- языковая картина мира понимается З.Д. Поповой и И.А. Стерниним как «совокупность зафиксированных в единицах языка представлений народа о действительности на определенном этапе развития народа» [4, 95];

- языковая личность - личность, проявляющая себя в речевой деятельности. Ученые подчеркива-

ют национальную составляющую в структуре языковой личности.

Что касается основных единиц лингвокультурологического анализа, или лингвокультурем (термин введен В.В. Воробьевым), то к ним относят слова, словосочетания (в основном фразеологического характера) и тексты, имеющие этнокультурную ценность. Лингвокультурема – это комплексная межуровневая единица, которая представляет собой диалектическое единство лингвистического и экстралингвистического. Следует отметить, что различные уровни языка и принадлежащие им единицы обладают разной степенью культурной «насыщенности» и культурной обусловленности.

Наиболее изученными с этой точки зрения оказываются фразеологические единицы, поскольку они во всех языках обладают яркой самобытностью и неповторимостью. В языке закрепляются и фразеологизируются именно те образные выражения, которые ассоциируются с культурно-национальными эталонами, стереотипами, мифологемами и т.п. и которые при употреблении в речи воспроизводят характерный для той или иной лингвокультурной общности менталитет. Самый распространенный тип фразеологизма в китайском языке – это устойчивое фразеологическое сочетание, чаще всего четырехсловное, построенное по нормам вэньяня, семантически единое, с обобщенно переносным значением, носящее экспрессивный характер и являющееся членом предложения.

Важнейшее место в широко разветвленной системе китайских фразеологизмов занимают, образованные по принципу параллельного соотношения частей – чэньюй параллельной конструкции. Численно они составляют примерно половину всего фонда фразеологизмов данного класса. По своему объему они представляют собой четырех морфемные образования. Они состоят из четырех иероглифов (слов, морфем), каждая из которых обычно бывает словом. Морфема имеет параллельное расположение, причем параллелизм представлен разными типами: лексико-семантический (лексико-семантические соответствия), грамматический (аналогичная синтаксическая структура), фонетический (закономерные чередования тонов) и количественный (одинаковое количество слов). В чэньюй параллельной конструкции широко представлены типы параллелизма:

- параллелизм количественный – имеет одинаковое число слов;
- параллелизм лексико-семантический – сходны по лексическому составу;
- параллелизм грамматический – аналогичная синтаксическая структура;
- параллелизм фонетический – закономерные чередования тонов [5].

Особое место в составе лингвокультурологических единиц занимают прецедентные феномены

(ПФ). Большой вклад в исследование ПФ и в разработку теории прецедентности внесли В.В. Красных, Д.Б. Гудков, И.В. Захаренко и др., которые выделяют четыре основных вида ПФ: два вербальных: прецедентное имя и прецедентное высказывание и два – вербализуемых: прецедентная ситуация и прецедентный текст.

Прецедентная ситуация (ПС) – это идеальная ситуация, связанная с набором определенных коннотаций, дифференциальные признаки которой входят в когнитивную базу. Прецедентная ситуация актуальна в когнитивном плане, т.е. имеет инвариант восприятия, в который входят определенные национально-детерминированные знания, представления о самой ситуации, апелляция к которым, как правило, потенциально частотны в коммуникации представителей данного национально-лингвокультурного сообщества.

Прецедентный текст (ПТ) – это законченный и самодостаточный продукт речемыслительной деятельности, сложный знак, сумма значений компонентов которого не равна его смыслу.

Прецедентное имя (ПИ) – индивидуальное имя, связанное или с широко известным текстом или с прецедентной ситуацией.

Прецедентное высказывание (ПВ) – репродуцируемый продукт речемыслительной деятельности, законченная и самодостаточная единица, которая может быть или не быть предикативной.

Покажем действие этой системы на примере ПИ Чжугэ Лян (референт 1 ПИ – историческая личность, знаменитый политик, военный специалист, стратег периода Троецарствия Чжугэ Лян (181-234гг.); референт 2 – центральный персонаж классического романа «Троецарствие» Чжугэ Лян). Для обозначения понятия ПИ здесь вполне подходит термин 典型人物 dianxing renwu ‘прецедентный персонаж’. Хотя это историческая личность, однако в качестве ПИ с инвариантом восприятия «мудрец» и группой поддерживающих это ПИ в дискурсе ПС имя Чжугэ Лян в основном сформировалось в ПТ (典源) классическом романе «Троецарствие». Напомним, что инвариант восприятия ПТ и ПС не может быть в дискурсе вербальным (то есть не может передаваться одним словом или словосочетанием), он может быть только вербализован (описан устно или письменно минимум несколькими предложениями), но в описаниях этих ключевые эпизоды ПТ и ПС часто будут передаваться с использованием ПИ и ПВ. Итак, ПТ в дискурсе может быть представлен только вербальными единицами: ПИ или ПВ. Например, описанная в главе 95 романа ПС (典型事件 dianxing shijian) в КД вербально представлена ПИ2/ПВ1 (典故 diangu) 空城计 (kong cheng ji 1) ист. манёвр с открытым городом (Чжугэ Лян, оказавшийся без войск в пустом городе перед лицом армии Сыма И, приказал раскрыть городские ворота и подметать

улицы; Сыма И, зная хитрость Чжугэ Ляна и боясь попасть в ловушку, отступил; эпоха Троецарствия) 2) театр. «Кун-чэн-цзи» (пекинская муз. драма на тот же сюжет и в театре 西皮 xī pí) 3) обман противника ложной демонстрацией силы (или грозным видом) [6, 80]. Формальное выражение 空城计 лингвисты относят к фразеологизмам типа гуаньюньюй (устойчивые словосочетания, построенные по нормам современного разговорного языка; большинство фразеологизмов данного типа состоят из трёх слогоморфем, но существуют и более чем трёхсложные образования) [7, 166].

В словаре Чэнь Сяньчунь данная ПС представлена в разделе «прецедентные события» с инвариантом восприятия-дескрипцией 内部已经空虚 neibu yijingkongxu ‘внутри уже пусто’, например: 公司连年亏损, 从外表看还是庞然大物, 实际上已经是唱空城计了。Gongsī lian nian kuisun, cong waibiao kan haishi pangran dawu, shijishang yijing shi chang kong cheng ji le. ‘Несколько лет подряд компания терпела убытки, и хотя со стороны она всё также кажется гигантом, на самом деле здесь уже поют оперу «Хитрость с пустой крепостью»’. Причём благодаря большой популярности этого эпизода у местных театров на протяжении веков, это выражение известно в Китае каждому и часто употребляется с глаголом 唱 chang ‘петь’, поэтому даже про пустой голодный желудок китайцы могут сказать 肚子唱空城计了。Duzi chang kong cheng ji le. ‘Живот запел оперу «Хитрость с пустой крепостью»’ [7, 260]. Есть множество ПИ2/ПВ1 (典故 diangu), формально относимых к фразеологизмам разного типа и актуализирующих в КД ПИ1 Чжугэ Лян, например: 三顾[茅庐] san gu [mao lu] трижды посещать [шалаш] (о трехкратном посещении Чжугэ Ляна Лю Бэем; образно в значении: настоятельно просить помощи опытного человека, настоятельно приглашать на службу) – фразеологизм типа чэньюй (ПВ1/ПИ2) как вербальный представитель ПС, ПИ1 и ПТ (37 глава романа «Троецарствие»), 诸葛亮使的空城计——只能一回 Zhuge Liang shi de kong cheng ji – zhi neng yi hui ‘Применённый Чжугэ Ляном манёвр с открытым городом – способ на один раз’ и 诸葛亮住茅庐——怀才不遇 Zhuge Liang zhu mao lu – huai cai bu yu ‘Чжугэ Лян живёт в шалаше – обладая талантами, не имеет случая их использовать’ – фразеологизмы типа сехоуэй [7, 926].

Как видно из вышеприведенных примеров, за прецедентными высказываниями всегда стоит когнитивная феноменологическая структура, формирующая совокупность знаний и представлений о феноменах экстралингвистической и собственно лингвистической природы.

Национально-прецедентные феномены известны любому среднему представителю того или

иного национально-лингвокультурного сообщества. Они являются неотъемлемой единицей речи, однако при изучении ИЯ до сих пор им уделяется недостаточное внимание, хотя и признается, что все виды ПФ, но особенно прецедентные высказывания обладают большим культурологическим потенциалом.

Таким образом, лингвокультурологический подход в обучении ИЯ, является одним из эффективных средств приобщения учащихся к культуре других стран через изучение ИЯ, а также воспитание осознанного отношения и интереса к ИЯ и формирование лингвокультурологической компетенции. Понимание ценности и своеобразия языка и культуры каждого народа способствует формированию так называемой «кросс-культурной грамотности» (сложное системное образование, которое включает в себя знание, понимание, уважение языка, традиций, обычаев и национальной психологии того или иного этноса или народа), признанию многоликости, поликультурности мира. Толерантное отношение к «другому», «чужому», интерес к его особенностям, к его отличиям от «своего», привычного, помогает освободиться от многих стереотипов, мешающих полноценному межкультурному общению.

Список литературы

1. Степанов, Ю. С. Константы : Словарь русской культуры : Изд. 2-е, испр. и доп. - М. : Академический проект, 2001. - 990 с.
2. Ольшанский И.Г. Лингвокультурология в конце XX века: итоги, тенденции, перспективы // Лингвистические исследования в конце XX века. М., 2000.
3. Красных, В. В. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология: Курс лекций / В. В. Красных. - М., 2002. - 69 с.
4. Попова З.Д. Язык и национальная картина мира / З.Д. Попова, И.А. Стернин. - Воронеж: Истоки, 2002. - 60 с.
5. Ныгманова Д.К. Режим доступа: http://www.rusnauka.com/6_PNI_2013/Philologia/3_129920.doc.htm
6. Большой китайско-русский словарь (БКРС) под ред. И.М. Ошанина. Т. 1 - 4. М., 1983 - 1984.
7. Chen Xianchun Zhongguo wenhua zhong de dianxing renwu yu shijian / Chen Xianchun bianzhu. - Beijing: Beijing yuyan wenhua daxue chubanshe, 1999 nian. (Прецедентные персонажи и события в культуре Китая / Сост. Чэнь Сяньчунь. - Пекин: Издательство Пекинского университета языка и культуры, 1999).

Нұрғазина Ақмарал Өсерқызы

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 2-курс магистранты,
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Тымболова А.О.

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Түйін. Мақалада қазақ мақал-мәтелдерінің табиғатына қатысты зерттеулерге қысқаша шолу жасалады. Түркі тілдерінде мәні мен мағынасы жағынан жақын паремиялогиялық бірліктер көп. Мақалада осы ұқсастықтың себептері көрсетіледі және антропоцентристік паремияларда мәдени кодтың бейнелерін бірнеше тип белгілеріне бөліп қарастырылатыны айтылады.

Тірек сөздер: мақал-мәтелдер, паремиялогия, фразеологизм, концепт, антропоцентристік бағыт, мәдени код.

Резюме. В статье речь идет об исследовательских работах по паремиялогии. В тюркских языках много паремиялогических единиц близких по значению и по смыслу. В статье рассматривается причина этих сходств, и также отмечается разделение в антропоцентрических паремиях культурного кода по нескольким типовым признакам.

Ключевые слова: поговорки, паремиялогия, фразеологизм, концепт, антропоцентрическое направление, культурный код.

Summary. The article focuses on research work on paremiology. In many Turkic languages paremiological units close in value and meaning. The article discusses the reason for these similarities. There separation anthropocentric proverbs cultural code in several standard features.

Key Words: proverbs, paremiology, idiom, concept, anthropocentric direction cultural code

Тіл халықтың қоғамдық, әлеуметтік өмірімен тығыз байланыста дамиды, кемелденеді. Сондықтан да қоғам өмірінің даму қарқыны түрлі тарихи дәуірде түрліше деңгейде көрініс табатын болғандықтан, әдеби тілдің де даму деңгейі кеңейіп, толығып отырады. Бұл заңды өзгерістер тілдің барлық деңгейінде болады. Бірақ қандай өзгеріс болмасын ол өзінің адамдар арасындағы қатынас құралы ретіндегі қызметін атқара береді. Әсіресе, қазақ әдеби тілінің бүгінгі кемелденген кезеңінде тілдің атқаратын қызметі орасан зор, себебі тіл неғұрлым кемелденген сайын, тіл мәдениеті, сол тілдің иесі халық менталитеті де соғұрлым жоғары болмақ. Ал бұл әдеби тілдің мәдениетін, байлығын, көркемділігін, бейнелілігін арттыратын лексикалық категория – мақал-мәтелдерге (ММ) де байланысты. Тілдің лексикалық құрамының бөлінбес бір саласы саналатын ММ-дер де ұлт тілінің ғана емес, ұлт мәдениетінің де көрсеткіші болып табылады.

Фразеологиялық тіркестер мен афоризмдердің тілдік образдылық қасиетіне қашаннан бері көңіл

аударылып келеді. ХІ ғасырда жазылған Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғаты» – түркі тілдері сөздігінде де мақал-мәтелдер кездеседі. Қазақ мақал-мәтелдерінің табиғатына қатысты зерттеулерді қысқаша шолып өту артық емес. Бұл құбылысты арнайы зерттеуге байланысты ғылымда қалыптасқан саланы паремиялогия деп атайды. Бұл нысанды зерттеу тіл біліміне қатысты тұрақты тіркестерге жатады. Басқа саланың мамандары да (педагогика, этнография, философия т.б.) бұл саламен шұғылдануда. Сондықтан да паремиялогиялық зерттеулердің ішінде әсіресе тілтанымдық зерттеулер мен ізденістер басым. Қай салада болмасын, мақал-мәтелдер (ММ) жеке тіл, не тіл топтары және жалпы түрде зерттелініп, әрбір саланың өз мүддесіне сәйкес заңдылықтары мен ерекшеліктері прагматикалық және теориялық тұрғыдан қарастырылуда. Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулердің бағыттары жаңа тұрғыда қарастыруға когнитивтік тұрғыдан зерделеуге басым мән берілуде. Түркітануда және қазақ тіл білімінде ММ-дерінің тілдік табиғатын, мағына-мәнін, көркемдік ерекшеліктерін, логика-семантикалық, заттық-тақырыптық топтарға жіктелу заңдылықтарын, т.б. ерекшеліктерін салыстыра-салғастыра қарап, жалпы паремиялогия теориясына үлес қосқан тілші ғалымдар баршылық. І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Ғ.Мұсабаев, Ғ.Қалиев, Р.Сыздық, К.Хұсайын, Н.Уәли, Ж.Манкеева, Ғ.Смағұлова, Б.Қасым, М.Атабаева т.б. ғалымдардың зерттеу қағидалары теориялық-әдіснамалық тұрғыдан басшылыққа алынып, мақалаға ғылыми негіз болды. Сонымен бірге түркітанудағы С.Е.Малов, В.В.Радлов, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, А.М.Щербак, Б.М. Юнусалиев, Г.Азымов, Д.С.Насыров т.б. сияқты ғалымдардың еңбектері мен тұжырымдары негіз болды.

Мәдени-ұлттық дүниетанымның сыры мен ерекшеліктері ұлт тілі арқылы жетіп танылады. Қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісі – ММ-дер қорынан ерекше байқалады. Өйткені қазақ фразеологизмдері – халық өмірінің айнасы. Бұл айнада ұлт менталитеті көрінісі тұтастай қамтылады десек, асыра айтпағандық болар. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер тек сан жағынан ғана емес, сапа, мазмұн тұрғысынан алғанда да алуан түрлі. Оның басты себебі: ұлттық менталитеттің тілдегі ерекше мәнді де маңызды өрнегі болып саналатын ММ-дер қазақ ұлтына тән дүниетаным мен тарихи сананың айқын айғағы, халық даналығы мен философиялық толғанысының, эстетикалық танымы мен тағлым-тәлімнің, өркениетінің, мәдениетінің – барша болмысының қайнар көзі. ММ-дер сан ғасы-

рлар бойы екшеленіп, қырланған мазмұны түрліше сан түрлі тақырыпты қамтумен қатар, адам өмірінде, тұрмыс-тіршілікте, әр қилы қоғамдық жағдайларда кездесетін құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға. Жаңа кезеңде қазақ тіл білімінде, түркітануда, ММ-дердің лексикалық, семантикалық және синтаксистік жақтары ғана емес, сонымен бірге когнитивтік, прагматикалық, функционалдық, олардың тіларалық ұқсастық деңгейлерін, тілдердегі өзіндік айырмашылықтары мен ұқсастықтары қарастырыла бастады. Көптеген зерттеуші ғалымдардың осы уақытқа дейін айтып келгеніндей, түркі халықтарының ерте заманнан бері жасап келе жатқан сөз өрнегінде ұқсастық басым. Соның ішінде, ортақ мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Жеке тілдердегі ММ-дерге бағышталған паремиологиялық зерттеулерді қарастырсақ, олар әр деңгейде әр түрлі мақсатқа, ММ-дер жинағын, не сөздігін жасауға, бұл құбылыстың жеке аспектілерін айқындауға бағытталған.

Мақал-мәтелдердегі түркі әлеміне тән даналықтың ұйытқысы болып саналатын мақал-мәтелдердің шығу төркінін, қалыптасу заңдылығын, жіктелуіндегі, ой-толғанысындағы, қолданысындағы ортақтық пен ұқсастықты айқындауда қажет мағлұматтар. Алдымен қазақ мақал-мәтелдерінің топтастырылып, жинақ ретінде жарияланғандар: паремиологиялық деректерге қарағанда қазақ мақал-мәтелдерін халық арасынан толық болмаса да жинап, әр түрлі басылымдарда жариялау XIX ғасырда көріне бастайды. 1879 ж. алғаш қазақ ММ-дерін жариялаған (Хрестоматия., Орынбор) және 1906 ж. толықтырып, ең таңдаулыларын қайта жариялаған қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин болатын. Одан соң, 1899 ж. өзіне дейінгі жарияланған ММ-ді жинақтап, «Сборник киргизских пословиц» (Оренбург) деген атпенен қазақ тілін алғаш зерттеуші түркологтардың бірі В.В.Кагаринский жариялайды.

Тілшілердің бір тобы түркі мақал-мәтелдеріндегі ұқсастықты халықтың этникалық және тілдік туыстығы ретінде түсіндірсе, екінші топ – шаруашылық, мәдени қарым-қатынас негізінде пайда болған десе, үшіншілері – тарихи тәжірибенің ортақтығымен және қоғамдық дамудың бірдей сатысындағы рухани бірліктің нәтижесі деп ұғындырады. Мысалы, Атаңның баласы болма, адамның баласы бол (Қазақтың мақалдары мен мәтелдері), Жігіттің құны жүз жылқы, Ары мың жылқы (Қазақтың мақалдары мен мәтелдері), Ер бақыттың қонғанын білмейді, Ұшқанын біледі (Қазақтың мақалдары мен мәтелдері), Отызында орда бұзбасаң, Қырқында қырып келдім дегеніне, Ешкім сенбейді (Қазақтың мақалдары мен мәтелдері), Ердің күйін сұрама, Жұрттан сауын сауған соң. Малдың күйін сұрама, Қонысынан ауған соң (Қазақтың мақалдары мен мәтелдері) т.б.

Академик Ә. Қайдар түркі халықтарына тән ортақ мақал-мәтелдердің де әр түрлі арна бойын-

ша қалыптасқандығын айтады. Оның бір арнасы түркі халықтарының генеологиялық шығу тегі мен тарихына, дүниетаным, сезім, қабілетіне, өмір сүрген ортасы мен тіршілік-кәсібіне, тілінің жақындығына байланысты қалыптасқан ортақ халық даналығы болса, мәтел арнасына ғасырлар бойы жиі араласу, өзара етене сіңісу нәтижесінде жүзеге асқан рухани ауыс-түйістер жататындығын және әрбір түркі тілдес халық түркі әлеміне ортақ даналығын да, өзіне ғана тән даналық ұйытқысы мақал-мәтелдерде де өз тілінің ерекшелігіне сәйкес қалыптастырып, баршасын болмаса да, көпшілігін бірдей түсініп, өз тілінде сөйлетіп келетіндігін атап өтеді [1, 98].

«Тіл төңірегіндегі адам» ұстаным, я болмаса антропоцентристік бағыт шетелдік тіл білімінде бұрыннан қалыптасқан. XIX ғасырдың соңында И.А. Бодуэн де Куртенэ «Фонология» (1899) атты еңбегінде антропофониканы ғылым ретінде атап көрсеткен. Соңғы кезеңде бұл ұстаным Н.Д. Арутюнова, А.Вежицкая, Ю.Д. Апресян, В.М. Алпатов және т.б. тілшілердің еңбектерінде негізгі бағыт ретінде ұстанып, когнитивті семантикалық еңбектерінен көрініс тапқан. Антропоцентристік қағидаларын қолдануы когнитивті семантикада аса ерекше маңыздылыққа ие. Антропоцентрикалық парадигманың тұрғысынан адам әлемді өзін жете түсіну арқылы таниды. Әлемді адамның призмасы арқылы көруді түрлі тілдік дәлелдер келтіруге болады. Ол мақал-мәтелдердегі метафоралар: Қылышын сүйреп қыс келеді; Ауру батпанда кіреді, мысқылдап шығады; Бас ауырса жан қорқады; Өр көкірек күліп отырып өледі; Қорқақ қол бастай алмайды; Ер жолдасы – тәуекел; Еңбек – адамның екінші анасы; Көр көрмей көңіл сенбес; Арзан алдайды; Ынтымақтың иығы биік. Мінеки, бұл мақалдарда заттардың жандандыруы, оларға адамның бейнесінің берілуі бізге антропоцентрикалық мәселесін, негізін көрсетеді. Когнитивтік лингвистикада білім ұғымымен бірге таным, ақпарат, сана, ойлау тәрізді ұғымдық категориялар жиі қолданылады. Аса маңызды, мәнді деген деректер жинақталып, концептілік жүйеге түседі [2]. Тіл мен таным процестерінің арақатынасын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді. Тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның арақатынасы адам баласының интеллектуалды өміріне (оған тіл де кіреді) құндылықтар қанша рөл атқаратынын белгілеп береді. Тіл мен танымның ара қатысын сипаттайтын ұғымдар белгілі бір құрылымға түседі. Концептінің жасалуына ұғым емес, заттық бейнелер (заттың образы) негіз болады. Мысалы, Ер қанаты – ат, Ер қаруы – бес қару - дегенде ер азаматқа тән құрал, қарулар жігіттің батырлық қасиеттерін көрсететін негізгі көрсеткіші ақиқат өмірден алынған бейнелер негіз болып тұр. Антропоцентристік паремиологияның маңызды міндеті тілдік бірліктер мәнінің лингвистикалық

және экстралингвистикалық ара қатысының зерттелуі болып табылады. Өйткені паремиологиялық мағынада ойландыратын мәліметтің бір бөлігі ғана кодпен жазылады, ал сол уақытта оның басқа бөлігі адамның психикасында ойлағыштық бейнелер мен және экстралингвистикалық өзгешелік көрініс алады. «Тіл төңірегіндегі адам» деген принципіне негізделген паремиологияның зерттелуі жаңа бағыттың дамуына әкелді, яғни антропоцентристік паремиология. Бұл жерде лингвистиканың антропоцентристік парадигманың негізінде жазылған «антропоцентрикалық» «тіл төңірегіндегі адам» зерттеуінің ұстанымдары қолданылады, тірек – паремиологиядағы адам. Мысалы, «Малы жоқ» деп Ерден түңілме. Егіні жоқ деп Жерден түңілме. Ел үмітін ер ақтар, Ер атағын ел сақтар. Ер – намысының құлы. Ерлік білекте емес, жүректе. Ер қартайса, қазаншы болады, Бүркіт қартайса, тышқаншы болады. Ер жігіт ел үшін туады, Ел үшін өледі. Батыр туса – ел ырысы, Шын ер – жеңсе, тасымас, Жеңілсе, жасымас. Жаңбыр жауса – жер ырысы (Қазақ мақал-мәтелдері. Ө.Тұрманжанов). Жігіттің түрлі қасиеті: батырлығы, жомарттығы, ерлігі, мергендігі, сабырлығы, абыройы, намысы, дәрежесі, кедейлігі т.б. қасиеттері осылайша тілдік ұжымның когнитивтік санасында мағыналар кеңістігі, яғни дүние туралы тілде бекітілген дәстүрлі білімдер түрлері (тип) пайда болады. Әр халық дүние алуандығын өз таным-түсінігінше таптастырып, топтастырады, дүниенің үзіктерін өздерінше атайды. Дүниенің өзіндік жүйеленген бейнесінде жекелік, топтық және ұлттық тәжірибенің белгісі, табы жатады.

Антропоцентристік паремиялардың зерттелуіне орай А.А. Потебня берген ұғым өте мәнді және орынды: «В слове мы различаем: внешнюю форму, то есть членораздельный звук, содержание, объективизируемое посредством звука, и внутреннюю форму, или ближайшее этимологическое значение слова, тот способ, каким выражается содержание. При некотором внимании нет возможности смешать содержание с внутреннею формою» [3]. Қазақ тіліндегі антропоцентристік паремияларының ішкі формасының зерттелуіне этимологиялық аспектісі негіз ретінде алынған.

ММ-дерді қазақ тіл білімінің жеке-дербес жаңа бір саласы – паремиологияның нақты зерттеу нысаны ету, оларды ұлттың рухани мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен, ділімен сабақтастықта жаңа бағытта қарастыру колға алынуға. ММ-дерін когнитивтік, семантикалық, прагматикалық, этнолингвистикалық және этномәдени бірлікте, тұтастықта қарастыру – лингвистиканың жаңа бағыттарына жатады. Мысалы, Ел күйінде күйінген батыр. Ел сүйінде сүйінген батыр. Ерегісте мыңға татыр. Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені. Еменнің иілгені – сынғаны (Қазақ мақал-мәтелдері. Ө.Тұрманжанов). Мәлелен, Е.С.

Кубрякова когнитивті лингвистика саласын, оның ішінде когниция туралы: «В когнитивной науке было сформулировано понятие "когниция". Этот термин достаточно трудно перевести на русский язык, так как с его помощью обозначается как процесс приобретения знаний и опыта ("познание"), так и результат этого процесса, а также мышление как таковое. что "термин "когниция" относится ко всем процессам, в ходе которых сенсорные данные, выступающие в качестве сигналов информации, данные "на входе", трансформируются, поступая для их переработки центральной нервной системой, мозгом, преобразуются в виде ментальных репрезентаций разного типа» - дейді [4].

Мақал-мәтелдердің құрамындағы көмескі сөздердің төркінін ашуда ұстанатын қағида ретінде академик Ө.Қайдардың тұжырымы: «Бүгінгі таңда бізге беймәлім мағынасы күнгірттенген, қолданылуы шектелген сөздердің біркатарын ғасырлар бойы қалыптасып, тұрақтанып, біртұтас болып құрылған фразеологизмдер құрамынан іздегеніміз абзал. Біле-білсек, бұл тәрізді сөздердің мағыналарының күнгірттенуіне де және сол сөздердің құпия-сырын ашып беруге де себебші болатын фразеологизмдердің өздері болмақшы» [5, 295]. Осы ой тұжырымдамасынан ерте замандарда тілдік қолданыста белсенді қолданылған сөздердің сан-қилы замандардан өтсе де, бүгінде белгілі қолданыста пайдалану – тілдің өміршендігінің куәсі.

Қорытындылай келе, тілдің антропоцентристік паремия бейнелерін талдау бізге бейнелер әлемнің көрінісі екенін көрсетеді. Әрі олар мәдени код аясы, шеңберінде талдана-саралана алады. ММ-дегі өзіне тән антропоцентристік паремияларының бейнелерін атап айтуға болады. Паремияларды рухани құндылық деп есептей отырып, зерттелген антропоцентристік паремияларда мәдени кодтың бейнелерін бірнеше тип белгілеріне бөлуге болады: 1) биоморфті мәдени код, жануардың, құстың т.б. бейнелерін көрсететін; 2) аңызды мәдени код, адам туралы діни көріністер, ертегілердегі кейіпкерлердің т.б. бейнелерін көрсетеді. Қазақ тіліндегі антропоцентристік паремиялар бейнесінің коды әнбебеп және олардың ММ-де қолданысы ұлттық мәдени тілдік бірліктер арқылы жүзеге асады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қайдар Ө. Халық даналығы. – Алматы: Тоганай Т, 2004. – 560 б.
2. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл. докт. ... авторефераты. – Алматы, 2007. – 56 б.
3. Потебня А.А. Из записок по теории словесности. – М., 1988. – 140 с.
4. Кубрякова Е.С. и др. Краткий словарь когнитивных терминов. – М.: МГУ, 1996. – 245 с.
5. Қайдар Ө. Қазақ тілінің өзекті мәселелері//Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тіл, 1998. – 304 б.

Дүйсенғазин Дулат Мақсұтұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы, dulat_84_16@mail.ru

ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ӘДЕБИ ТІЛДЕГІ РӨЛІ

Түйін. Шешендік сөздер қашан да халықтың қажетті мұрасы болып табылған. Басқа әдебиеттің түрлері сияқты, шешендік сөздер халық өмірінің айнасы, кешегісі мен бүгінгісі. Сонымен бірге олар - тәрбие құралы. Сондықтан оны қазақ халқының рухани және тарихи тіршілігімен бірге жасасып келе жатқан рухани-қоғамдық елеулі құбылыстың бірі деуге болады.

Резюме. Ораторские слова во все времена являлись неотъемлемой частью народного наследия. Как и другие литературные жанры, ораторское искусство является отражением жизни народа, его прошлого и настоящего. В то же время оно является основным инструментом воспитания. В связи с тесным присутствием ораторского искусства в духовной и исторической сферах и его влиянием, ораторское искусство можно назвать выдающимся духовно-общественным явлением.

Summary. During the whole existence of the humanity the art of oratory was the most needful part of the nation's heritage. Oratory as the others genres of the literature, is a kind of a mirror, reflecting the peoples' life, its past and the present. The art of oratory is also well-known as a main instrument of the upbringing. Because of the strong connection of it with the spiritual and historical spheres and its influence, we can define the oratory as a remarkable social phenomenon.

Шешендік дегеніміз не? Ойшыларға сүйене айтсақ, шешендік - кісі көркі, ақылмен билеу өнері. Тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы. Дидарласушымыздың жүрегі мен ақыл-ойын баурап алуға, оны не нәрсеге болса да сендіруге, иландыруға септесетін бізге берілген сый. Кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері және сонысымен өзгелерді өз ойына ойыстыра білу. Біліктілік пен білімнен, қуатты түйсік пен терең сезімнен, санадағы саңлақтық пен ұшқыр қиялдан, тер төгу мен ой тербелісінен туындай келе, білгірліктен кейін тұрады. Сөз бен ойға негізделеді. Биік дүниетаныммен, ғылым-білімді терең меңгерумен, халықтың тұрмыс-тіршілігін, жөн-жосықтарын жүйрік танумен, жалпы айтқанда, адамзаттың рухани мәдениетінен мол хабардар болуымен, ой өрісінің кеңдігімен тамырлас. Демек, жас тұлғаға қажетті шешендік дегеніміз - тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдардың жарқындылығымен, нақыл, фибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет-қарым, тума қасиет, сондай-ақ өскен ортаның, үлгілі жандардың, ұлағатты туындылардың тағылым-тәрбиесі, өз дүниетанымының нәтижесі.

XXI ғасыр - интеллект, үлкен мәдениет, саналы да сапалы адами ресурс, һәм адам ғасыры. Осы орайда Батыс пен Шығыс өркениеті тоғысу нүктесінде орналасқан Қазақстан үшін, әсіресе қазақ халқы үшін интеллектуалды ұлт қалыптастыруда қандай рухани құндылықтар мен ұстанымдардың маңызы басым

болу керектігін таңдау, талдау мәселесі өзекті-ақ [1, 3].

Бүгінгі адами құндылықтардың мәні мен маңызы, мәртебесі құлдырап бара жатқан постмодернизм жағдайында Қазақстан халқы үшін және жана ғасырдың есігін айқара ашқан қазақ елі үшін, әсіресе жастар үшін өзінің төл рухани құндылықтарын, әдеп жүйесін, моральдық қағидалары мен ережелерін, әлеуметтік-нормативтік ұстанымдарды қалыптастыру мен ұлттық-әлеуметтік бірліктің ішкі логикасы мен технологиясын саралау және оны дәріптеу міндеті менмұндалап тұрғаны - бүгінгі күннің аксиомасы.

Бүгінгі қазақ елінде, туған жерімізде қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, ана тіліміздің қоғамдық қызметі жоғарылаған кезеңде шешендік сөздің әлеуметтік мәнін ұғындыру ісі және мемлекеттік тілде шешен сөйлеу мәдениеті мәселесі аса өзекті. Ал жастарды шешен сөйлеу мәдениетіне баулу ісі - өз алдына мән-мағынасы зор мәселе.

Шешен болу үшін, тек туа біткен талант болу керек, яғни табиғи дарынды сазгер, суретші, ақын сияқты болу керек, ал өзгелердің пешенесіне таңдаулылардың өнеріне тамсану, таңдай қағу ғана жазылған деген ұғым - бүгінгі таңда ақылға сыйымсыз, таяз ойлаудың айғағы. Өріден келе жатқан талас пікірлердің бірі көпшілік қауымға шешендік өнердің даруы я дарымауы мәселесіне осылайша қарсы дау айтуға болар. «Талант болып тумадым» деп өкінудің қажеті шамалы, таланттар сирек болады, ал өз ісінің майталман шебері болу - әркімнің қолында, тек жатып ішер жалқаулықтан сақтасын деңіз. Халық айтады: «Сөйлей-сөйлей шешен боларсың»- деп. Ғұламалар айтады: «Ақын туа қалыптасады, шешен жүре қалыптасады» деп [2, 78]. Дегенмен көп көргеннің бәрі көсем, көп сөйлегеннің бәрі шешен еместігі де аян. Тегін түйіндер емес, астарында термен келер тәжірибе жатыр. Демек, шешендіктің өнер делінуінде шарттылық басым. Шындығында, шешендікке әрбір сауатты адам меңгере алатындай машықтық іс-әрекет жиынтығы тән. Сол себептен де кезкелген мамандықтың толыққанды дәрежесіне сай болуына адамның қабілеті мен ұмтылыс-жүрек қалауының нақты түрде үлкен рөл атқаратыны табиғи қағида. Шешенді оның ерік-жігерінен тыс тәрбиелеу мүмкін емес. Керек десеңіз, ерекше жоғары деңгейдегі қабілет-қарымды да дамыту, өрістете өрбіту, қалыптастыру бағытындағы жүйелі де сатылы іс-әрекеттер жасалмаса, бәрі де бос әурешілік, яғни керемет қабілет-қарым құмға судай сіңіп, далаға ағады.

Аталмыш ғалымдар алғаш рет шешендік сөздерді ғылыми зерттеудің көзі ретінде арнайы қарастырды. Мәселен, А.Байтұрсынов 1926 жылғы «Әдебиеттаныйтқыш» атты еңбегінің «Шешен сөз» деген тарауын-

да шешендік сөздерді бес түрлі ішкі жанрлық үлгілерге жіктеді: а) саясат шешен сөз, ә) билік шешен сөз, б) қошамет шешен сөз, в) білімір шешен сөз, г) уағыз [3, 257].

Бұдан кейінгі кезеңде жалпы шешендік өнер аясында пайда болған шешендік сөздердің құлақ кесті үлгісі ретінде қандай жәдігерлер қарастырылуы, аталуы тиіс деген көкейдегі ойдың пердесін сыпырған, бұл төңіректегі теориялық ой-толғақтың нені шырылауы керектігін Әуезовтен кейін тағы да атап көрсетіп, әдебиет тарихының тұтас бір дәуірін арнаған еңбек С.Сейфуллиннің 1932 жылғы «Қазақ әдебиеті» кітабы болды.

С.Сейфуллиннің еңбектегі ой-зердесі М.Әуезовтің ой-пікірлерімен астасып, шешендік сөздердің негізі ретінде дау-дамайда, талас-тартыста туған билер сөзі алынуы керектігін зерделеген ой-әлемі жанрға «билер сөздері» деген термин - атау ұсынғандығынан аңғарылады. Сондай-ақ С. Сейфуллиннің ғалым ретіндегі ой-тұжырымдарының құндылығының тағы бір қыры мынада: автордың қазақ билерінің болмысының халық өмірінің сан-алуан қырларымен байланыстылығын, билердің көп қырлы функциясын айта алғандылығында.

Әдебиетші ғалым С. Негимов бұл турасында «... бұған қоса ол әрі батыр, әрі әнші-ақын, жыршы, сыншы, сәуегей, шежіреші, ғұлама, бір сөзбен айтқанда, әмбебап дарын екендігін ескертеді» [4, 28], - деп пайымдайды.

Бұдан былайғы тұста айтарлықтай құнды пікірлер берген ғалымның бірі – С.Садырбаев.

«Халық әдебиетінің тарихи негіздері» дейтін еңбегінде зерттеуші: «қазақтардың шешендік өнерін үшке белуге болады: а) салтанатты, екпінді сөздер; ә) нақтылы, қысқа түйінді сөздер; б) майда, биязы, сыпайы сөздер» [5, 240], -деп жіктеп, олардың мәтіндері мен түрлерін де саралайды.

Шешендік өнерге қатысты қазіргі әдебиеттерде шешендерді былайша бөледі: 1) шешендік өнерде пікірдің ойлылығын негізгі тәсіл ретінде алатын шешендер. 2) өзінің эмоционалдығымен әсер ететін шешендер. Академик И.П.Павлов адамда жоғарғы жүйке жүйе қызметінің екі түрі - көркемдік және ойшылдық бар екенін айтқан еді. Жоғарғы жүйке жүйе қызметінің қай түріне жататындығына қарай адам әртүрлі сөйлейді, осыған байланысты эмоционалды сөйлеу немесе логикалы сөйлеу туындайды. Әйтсе де әрбір сөйлеу әрі логикалы, әрі эмоционалды болуы қажет. Егер шешен қызықсыз, ойсыз әңгімені жоғарғы эмоциямен, көтеріңкі пафоспен сөйлесе, тыңдаушылардың ашуын туғызады. Әуелгі кезде тыңдаушыларының назарын өзіне аударуы мүмкін, кейін тыңдаушылары мазмұнында іліп аларлық ешнәрсе болмағандықтан теріс айналады [6, 720].

Иә, шешен тыңдаушыларға әртүрлі жолмен әсер ете алады. Кейбір шешендер тыңдаушыларын дауыс күшімен, айқындылықпен, ойдың тереңдігімен, дәлелдеу шеберлігімен, ойлау логикасымен

баурайды, кейбіреулер өзгеде жоқ эмоционалдылық, экспрессивтік қасиеттермен, образды, көркем сөйлеуімен ерекшеленеді.

Байқасақ, шешендік өнер - тыңдаушының ақылы мен сезіміне әсер ететін субъективті және объективті күрделі даналық тәлім, шығармашылық қалыптағы қатаң ғылыми түйін де. Кезінде атақты төңкерісшіл кеңес шешендерінің бірінен шешен сөйлеу мәдениеті жөнінде оқып үйренуге ден қойдыңыз ба деп сұрағанда: «Ия, сөйлей білу техникасы жөнінде көп оқыдым. Негізгі жұмыс-әрекетіме байланысты мінбелерден жиі сөйлеу қажеттігіне сәйкесті, мен мұны өте жақсы жүзеге асыруға міндеттімін де. Ал ол үшін тынымсыз тер төге оқып-үйрену қажет-ақ» [7, 122] деген екен. Бұл ретте қазақ ғұламалары А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Ғ. Мүсірепов, Қ. Сәтбаев, Қ. Жұбановтардың шешендік тағылымы өз алдында телегей теңіз. Түйін нүктесі болар пікір-қазақ ғұламаларының шешендік қалыптары іркіліссіз ізденіс үстіндегі шәкірттерге таптырмас толымды тағылым. Сөзді көпшілікке таратудың, жұртшылықты сендірудің немесе тәрбиелеу құралы ретінде қолданушы әрбір маман адам шешендік өнердің ғылыми негіздерімен, яғни аудитория алдында түсінікті де ұғынықты, сенімді де иланымды қалыпта сөз сөйлей білу дағдыларын меңгере білуі тиіс. Ал шәкірт атаулыны шешен сөйлеу мәдениетіне баулу жолындағы міндеттер қатарына көпшілікпен жанды қалыпта сөйлесу шеберлігінің, шешендік өнердің мәні хақында белгілі мөлшерде жүйелі түсінік беруді, тілдік қарым-қатынас жасау адам өмірінде кім-кімге де ауадай қажеттігіне саналы қалыпта көз жүгіртуді, шешеннің аудиториямен қарым-қатынасының күрделі үрдісін болашақ маманның көз алдына келтіру, ойша моделін жасау, осы үрдіске орай ілгеріде іс басында ұшырасар мәселелер шоғырын айқындауды; ауызша шешен сөйлеу шеберлігін өз бетімен немесе топтық сабақтар арқылы меңгерушілерге сала бойынша қажетті кешенді білім, білік және дағды жинақтауға көмектесуді қосамыз [8, 93].

Ал қазақ шешендік өнерінің тарихи тармақтары сан қатпарлы. Ұлттық шешендік өнерінің тарамдарын білу - бүгінгі ұтқыр ойлы, шешен тілді ұрпақ тәрбиелеудің кепілі де. Әлемдік шешендіктану ілімінің бір тармағы қазақтың шешендік дәстүрін әлеуметтік феномен тұрғысынан таразылағанда белгілі бір әлеуметтік ортада, қоғамда, қалай да бір адами оқиғаға байланысты қалыптасып, айрықша тапқырлықпен, суырып салмалықпен, көркем тілмен айтылатын озат ойлар мен тәлімді тұжырымдар үрдісі болмақ. Ал қазақтың от ауызды, орақ тілді шешен-билер мұрасының тағылымын рухани байлығымыз ретінде кейінгі ұрпаққа қалай дәріптеп, оның тереңдігіне, тұңғығына қалай бойлап жүрміз? Мәселен, қазақ халқы шешендік мұрасының жас атаулыға жұғысты болар өнегелік-тағылымдық қырларының сапасына, сөздің құдіретті күшке ие екендігін аңғартуын, сөздің өзіндік бояуы, дәмі, адам сезіміне әсер етерлік қоңыр

исі бар екендігін, ал оның күші дауыс ырғағы арқылы берілетіндігін танытуын, шешендіктің ой еркіндігі, сөз еркіндігі, ауызекі тілдегі сөздерді әдемі тізбектеп, оралымды орналастыру, тиімділігін күшейтіп, қисынды ойға сыйғызуды аңғартуын; сөзбен тоқтату, сөзбен жаңылыстыру, қарсыласын сөз тыңдарлық жағдайға түсірудің орасан күшті өнер екендігіне көз жеткізуін, тұспалдап сөйлеуге, меңзеуге, бейнелеуге, символдауға, басқаны айта отырып, нені нысаналап отырғанын жасыра, жұмбақтап айтуға, яғни терең зейінділікпен ойлауына төселтуін, астарлап сөйлеу халқымыздың мәнері екендігін, бұл тек сөйлеу шеберлігімізді ғана емес, сөйлеу мәдениетімізді де танытатын, ойлау қабілетімізді аса тереңдетер құбылыс екендігін аңғартуын, тапқырлыққа, шапшаңдыққа, тез жауап берушілікке баулуын, өзгені тыңдауға, өзгенің өнегелі ісінен тағылым алуға жөн сілтеуін қосар едік.

Бұл ретте қазақ ғалымы, профессор Мәтжан Тілеужановтың: «Сөзбен қаймықтыру, сөзден жаңылыстыру, жауларын сөз тыңдарлық жағдайға түсіру – мықты өнер. Ол қару-жарақтан да күшті. Суырылған қылышты қынабына қайта тықтыру-қарсыласынды қаһарлы сөзіңмен, тапқырлығыңмен, шешендігіңмен иілткенің. Ал бұл ойлау қабілетіңе байланысты, оның күштілігіне, құбылмалылығына байланысты» [2, 163] деуі әбден құптарлық.

Қазақ халқы сөзге сенген, сөз құдыретін таныған – шешен халық. «Ауыздағы сөзге аспандағы бұлт айланады», «Сөзге сөз келгенде айтпаса әкесі өледі», «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады», «Қызыл тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Бас кеспек болсада, тіл кеспек жоқ», «Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге таралады» деген сияқты аталы сөздер және сол сөзге сенгендікті, сөз қадірін білгендікті аңғартады. Халқымыздағы бұл қасиет сонау ертеден бастап қазақ жасаған өңірге келген шетелдік жәһәнгездердің назарын аударған әрі бағасына ие болған. Бұның барлығын олар өз жазбаларында жазып қалдырған. Бұл арада оны бір – бірлеп айтып жатудың қажеті жоқ, оның барлығы зерттермендердің көңіл күмбезінен әлде қашан орын алып болған дүние.

Сөз ойды бейнелеудің, мақсатты түсіндірудің, әрекет қимылды сәйкестендірудің құралы. Бұл барлық халыққа ортақ заңдылық, әйтседе, сөз арқылы жарыққа шығатын жасампаздықтың халықтық дәстүрдің аясында даралық сипат алатындығы дау туғызбайды. Осыған орай қазақ халқын көбінде ақын халық, ақын жанды халық деп айтысады. Бұны ұлы ақын Абай Құнанбайұлы да өз өлеңінде:

«туғанда дүние есігін ашады өлең,
өлеңмен жер қойнына кірер денең,

өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен... [9, 58]- деп өз өмірінің көзімен көрген шындығынан тұжырым жасаған. Бұл халқымыздың шешен, ақын, ділмәр, суырыпсалмалық дәстүрге ие халық екендігін жете түсіндіреді. Осыған орай біз әдебиетіміздегі суырыпсалма дәстүрдің негізін шешендік өнер, жыраулық

өнер және ақындық өнер сынды үш қайнардан, оған негіз болған ұлттық салт - дәстүрден, ұлттық психикадан іздеуімізге тура келеді. шешендік өнер, шешендік - адам баласына біткен дарын, талант. Ол қоғамды тану барысында үздіксіз марқайым табады. Қазақ халқының «көре - көре көсем болады, сөйлей - сөйлей шешен болады» деп тұжырымдауы да осыдан. Өз дәуірінде қазақ шешендікті ерекше бағалап, айрықша түсінген. Соған орай мүмкіндік болғанда дүниеге жаңа келген нәрестенің кіндігін шешендерге кестіретін, баланы ауылдағы тіл - жақты адамға бесікке салдыратын, тіпті, үйіне аузы дуалы, ел таныған шешендер келсе, ырымдап баласының аузына түкіртетін де салт болған көрінеді. Бұл қазақ халқындағы шешендік өнердің ұлттық салт – дәстүрмен және ұлттық психологиямен тікелей қатысты екенін аңғартады [10, 148].

Қысқасы, шешендік - ел келешегі жастардың рухын аспандатар, асқақтатар өнер. Ал қазақтың халықтық рухы орасан. Тек рух сақталса ғана, жастар рухын оята білгенде ғана халық мерейі, абыройы қаз қалпында болмақ. Рух тұнған тұста ғана қалыптасу үстіндегі тұлғаны тұтандырар, ілгерілетер идея да күшті. Демек, бүгінде жастардың рухын еселеп жандандыра, жаңғырта түсер кешенді ойлы істер ауадай қажет. Ал ел болашағы - қазақ жастарының рухының биіктігі, жоғарылығы - ұлт тәуелсіздігі сақталуының бірден-бір айғағы. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, шешендік шежіре-рухани байлық көзі. Халқымызға тән шешендік өнер тәліміне кейінгі ұрпақты тәнті етер болсақ, орасан рухани шапағат, парасат сыйлаймыз. Ал рухы зор, рухани бай ұрпақ - еліміздің сенімді келешегі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы // Президент және халық. – 2012. - №5 (335). Б. – 3.
2. Қирабаев. С. Ұлт тәуелсіздігі және Әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001.
3. А. Байтұрсынұлы. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
4. Негимов С. Шешендік өнер.- Алматы: Ана тілі, 1997.
5. Садырбаев. С. Қазақ халық әдебиеті. Алматы: Рауан, 1990. – 240 б.
6. Нұрпейісов. К. Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы. Атамұра. 1995. – 720 б.
7. Н. Төрқұлов. Қазақтың 100 шешені. – Алматы, 1998. – 122 б.
8. Мағауыин. М. Бес гасыр жырлайды. – Алматы, 1989.
9. Құнанбаев. А. Екі томдық шығармалар жинағы. Т.1. Алматы. Жазушы, 1986. – 304 б.
10. Кенжебаев. Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1974.- 148 б.

Arziqul Ulbosyn Kalybekkyzy

Al-Farabi KazNU, Almaty, Master of Translation Studies, ulbosyn1593@mail.ru
scientific adviser Prof. Anuar Tarakov

THE CONCEPT OF LITERARY EXPRESSIVENESS IN ABAI'S TRANSLATION

Summary. *This article deals with the literary expressiveness of translations of Abai's poetry into Russian language. There are a number of discussions on translations in terms of its correspondence with the original. Thus, the literary expressiveness play a crucial role in the process of translation, we investigated that some translations were unfaithful to cover necessary ideas of the source text. Consequently, translators obscure the literary meaning in the translation.*

Key words: *translation, literary expressiveness, free translation, correspondence, target text, source text.*

Резюме. *Эта статья посвящена литературной выразительности переводов поэзии Абая на русский язык. Переводы обсуждаются с точки зрения его соответствия с оригиналом. Таким образом, литературная выразительность играют решающую роль в процессе перевода и мы исследовали, что некоторые переводы были неверны, чтобы выразить необходимые идеи исходного текста. Следовательно, переводчики затемнят литературный смысл в переводе.*

Ключевые слова: *перевод, литературная выразительность, свободный перевод, соответствие, текст перевода, исходный текст.*

